ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

АБАЙ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІ ҮШІН НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ 7-9-СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН ПӘНДЕР БОЙЫНША «ABAI PROGRAM» ӘЗІРЛЕУ

(«Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары)

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы № 2 хаттама; 2025 жылғы 1 тамыздағы № 3 хаттама (атауы қайта мақұлданды)).

Абай ұлттық мектебі үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған пәндер бойынша «Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) әзірлеу. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 400 б.

«Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – Абай ұлттық мектебінің 7–9-сыныптарына арналған жаңартылған білім беру мазмұнына негізделген авторлық бағдарлама. Бағдарлама білім алушылардың ұлттық болмысын, мәдени танымын, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған және Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын негізгі бағдар ретінде ұстанады.

Оқу мазмұны білім алушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығын ескере отырып, пәнаралық байланыс, зерттеу дағдылары, жобалық және тәжірибелік тәсілдерді үйлестіру арқылы құрастырылған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – ұлттық құндылықтар мен әлемдік білім кеңістігінің озық тәжірибелерін үйлестіре отырып, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Осы бағытта Абай ұлттық мектебі заманауи білім беру талаптарына сай келетін, білім алушының танымдық, әлеуметтік және рухани дамуына негіз болатын жаңа мазмұндағы пәндер жүйесін енгізуді көздейді.

Осы мақсатта әзірленген «Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – негізгі орта білім беру деңгейінің (7–9-сыныптар) білім алушыларына арналған бірегей оқу бағдарламалары. Бағдарлама мазмұны Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы мен ағартушылық идеясын тұғыр ете отырып, ұлттық болмыс пен жаһандық білім үрдістерін үйлестіруге бағытталған.

Бағдарлама аясында ұсынылған таңдау пәндері (мысалы, «Кинотану», «Музыка», «Арт-лаборатория», «Ат спорты», «PR өнері» және т.б.) білім алушылардың шығармашылық ойлауын, сыни пайымын, мәдени танымын, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыта отырып, тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Бұл пәндер білім алушылардың өз қызығушылықтарына сай білім алуына мүмкіндік беріп, өмірлік дағдыларын жетілдіру мен кәсіби бағдар алуға жол ашады.

«Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – бұл тек оқу мазмұны ғана емес, сонымен бірге ұлттық тәрбиенің, шығармашылықтың, зерттеушілік мәдениеттің және әлеуметтік белсенділіктің үйлесімді дамуына жағдай жасайтын педагогикалық платформа. Бағдарлама мазмұны білім берудің заманауи әдістері мен технологияларын, жобалық және зерттеушілік тәсілдерді қамти отырып, оқушыларды XXI ғасырдың құзыреттіліктерімен қаруландыруды көздейді.

«Abai Program» бағдарламасының («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) маңызды бағыттарының бірі – оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту. Бұл бағытта оқушылар жауапкершілік, бастамашылдық, шешендік өнер және қоғам алдындағы азаматтық ұстаным секілді тұлғалық қасиеттерді меңгереді. Көшбасшылықты қалыптастыруға бағытталған пәндер мен курстар арқылы оқушылар өзіндік пікір айтуға, топта жұмыс істеуге, әлеуметтік жобалар ұйымдастыруға, мектеп қауымдастығында белсенді болуға дағдыланады. Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла» деген қағидасы – бұл бағыттың рухани негізі.

Бағдарламаның ғылым бағыты білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, ғылыми ойлау мен дәлелдеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағытта оқушылар зерттеу жобаларын әзірлеп, ғылыми конференциялар мен байқауларға қатысу арқылы ғылыми ортада еркін әрекет ету дағдысын қалыптастырады. Абайдың ғылымға үндеген «Ғылым таппай мақтанба» өсиеті бұл бағыттың негізгі ұстанымына айналады.

Шығармашылық – тұлғаның өзін-өзі тануы мен еркін көркем бейнелеуінің негізі. Бағдарламаның бұл бағыты оқушылардың эстетикалық талғамын, өнерге

қызығушылығын, шығармашылық еркіндігін дамытуға арналған. Бұл бағыт оқушының ішкі жан-дүниесін ашуға, көркемдік ойлауын дамытуға ықпал етеді. Абайдың «Өнер алды – қызыл тіл», «Әсемпаз болма әрнеге» секілді эстетикалық дүниетанымы шығармашылық бағыттың іргетасын қалайды.

Осылайша, «Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – Абай ұлттық мектебінің білім беру миссиясына толық сай келетін, ұлттық негізде жаңашыл тұлға қалыптастыруды мақсат еткен келешекке бағдарланған бастама.

1. «ABAI PROGRAM» МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – Абай ұлттық мектебінің негізгі орта білім беру деңгейіне (7–9-сыныптар) арналған, ұлттық құндылықтар мен заманауи білім мазмұнын біріктірген білім беру бағдарламасы.

Мақсаты: білім алушыларды оқу бағдарламалары бойынша терең және жан-жақты даярлау

Міндеттері:

1) Қазақстанның интеллектуалды және мәдени элитасын қалыптастыру
2) Ұлттық контексті қамту негізінде оқу пәндерін тереңдетіп оқыту
3) Дарынды және ынталы білім алушыларға қолдау көрсету
4) Белсенді азаматтық ұстаным мен көшбасшылықты қалыптастыру
5) Халықаралық білім кеңістігіне кірігу

Әзірлеу негіздемесі:

1) Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2) Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасы
3) Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:
4) құндылықтарға негізделген пәндік, метапәндік, түйінді құзыреттіліктер
5) пәндердің мазмұны көшбасшылық, ғылым, шығармашылық бағыттарға негізделген
6) халықаралық стандарт пен бағдарламаларды ескеру
7) бірізділік пен сабақтастықты сақтау
8) базалық мазмұн 38 оқу аптасына шақталған
9) критериалды бағалау жүйесі

Оқу бағдарламасының құрылымы:

Түсінік хат (мақсат, міндеттері)

Оқу процесін ұйымдастыру (оқу жүктемесі, педагогикалық тәсілдер)

Оқу пәнінің мазмұны (пәндік, метапәндік, түйінді құзыреттіліктер, дағдылар)

Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

Ұзақ мерзімді жоспар

Бағалау критерийлері



1-сурет. Бағдарламаларды тереңдету және кеңейту жолдары

Бағдарламаны не арқылы кеңейтуге болады?

Деректер, ақпараттар, оқу материалдары:

Оқу материалдары (мақалалар, блогтар, сұхбаттар, ән мәтіндері, саясаткерлердің сөздері және т.б.)

Түрлі стильдер мен жанрлар (публицистика, ғылыми мақалалар, ауызекі сөйлеу, іскерлік хаттар, т.б.)

Заманауи цифрлық дереккөздер (веб-сайттар, YouTube арналары, подкасттар, қазақ тілінде ақпарат таратын әлеуметтік желілер)

Оқу және ғылыми ресурстар (оқулықтар, ғылыми монографиялар, әдістемелік мақалалар)

Мәдениетаралық және салыстырмалы деректер (қазақ тілінде параллель аудармасы бар басқа тілдердегі аудармалар, мәтіндер)

Деректерді талдау:

Тілдік тенденцияларды анықтау (сөз жиілігін, грамматикалық құрылымдарды, ауызекі және кәсіби сөз тіркестерін талдау)

Тілдік ортаны зерттеу (БАҚ, әлеуметтік желілер, блогтар, жарнамалардағы сөздер мен сөз тіркестер)

Шығармаларды тақырыптық және лексикалық талдау (әртүрлі авторлардың шығармаларындағы ең көп кездесетін тақырыптарды анықтау (мысалы, «азаттық», «туған жер», «туған ел»)

Стильдерді салыстыру (автор тілін талдау)

Көрнекіліктер жасау (тақырыптық графиктер, сөздіктер)

Өмірмен байланыс: қоршаған әлемнен алынған мәліметтерді талдау (сауалнама, қаржы, экология)

Деректерді (кестелер, диаграммалар, графиктер, статистика) түсіндіру

Жобалық әрекеттерді қолдану (нақты деректерге негізделген математикалық зерттеулер)

Кіріктіру (Интеграция):

Пәнаралық байланыстар (мысалы, қазақ тілі + тарих, математика + информатика)

Жобалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекеті (минизерттеу, деректерді жинау және талдау, жобаны қорғау)

Сандық технологияларды кіріктіру (білім беру платформалары, интерактивті тапсырмалар, бейнесабақтар, онлайн курстар)

Саралау және даралау (жоғары деңгейдегі тапсырмалар)
Бағдарламаның негізгі идеялары:
Абайдың құндылықтары мен философиясы
Ұлттық бірегейлік және патриотизм
Сыни және стратегиялық ойлау
Коммуникация және көпшілік алдында сөйлеу
Жобалық және волонтерлік қызмет Халықаралық көшбасшылық
Менторлық және тәлімгерлік
Эмоционалды интеллект және этика
Бағдарламаның негізгі идеялары
Абай мұрасымен байланыс
Пәнаралық тәсіл
Жеке шығармашылық қабілет
Жобалық және мәдени іс-әрекет
Визуалды және цифрлық ойлау
Сыни және креативті ойлау
Халықаралық және мәдениетаралық контент
Шығармашылық арқылы эмоционалды даму
Бағдарламаның негізгі идеялары:
Ғылым – ақиқатты білудің жолы (Абайдың рухани мұрасы)
Ғылыми ойлау
Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеті
Пәнаралық және STEAM тәсілі
Қазақстандық және әлемдік ғылыми контекстпен байланыс
Инновация және кәсіпкерлік
Ғылыми мәдениет және академиялық адалдық
Халықаралық стандарттар және бәсекелестік



2-сурет. Жеке-тұлғалық дамытуға арналған білім беру бағыттары

«Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) Абай ұлттық мектебінің философиясына сай білім алушыны тек білімді ғана емес, елге қызмет ететін азамат ретінде тәрбиелеуді көздейді.

Бағдарлама мектептің миссиясы – ұлттық болмыс пен әлемдік білімді қатар меңгерген ұрпақ тәрбиелеу мақсатына толық сай келеді.

«Abai Program» оқу бағдарламасы («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, оқушының зияткерлік, рухани және шығармашылық дамуына кең өріс ашатын, болашаққа бағытталған білім беру моделі.

Жалпы алғанда, «Abai Program» («Qazaq national school programme» оқу бағдарламалары) – бұл жай ғана пәндер жиынтығы емес, ол халықаралық білім беру стандарттары мен бағдарламаларына сәйкестендірілген ұлттық мектеп моделінің мазмұндық өзегі, білім алушыны тұлға ретінде тануға негізделген оқыту жүйесі. Бұл бағдарлама оқушыларды білімді ғана емес, ойлы, зерделі, ізденімпаз, жауапты әрі шығармашыл азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған.

2. 7-9-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ABAI PROGRAM»

7-9-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама жоғары деңгейдегі тілдік құзыреттіліктерді дамытуға, академиялық қазақ тілін дамытуға, күрделі әдеби, публицистикалық және ғылыми мәтіндерді талдай білуге, әр түрлі жанрдағы өзіндік мәтіндер жасауға бағытталған.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама мақсаты: Абайдың рухани мұрасына және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, қазақ тілін сыни ойлау, ғылыми талдау, шығармашылық өзіндік пікір білдіру мен мәдениетаралық коммуникацияның тиімді құралы ретінде еркін қолдана алатын, жоғары тілдік құзыреттілігі мен мәдениеті қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақ тілін қоғамдық өмірдің барлық саласында еркін, сауатты қолдана білуі үшін білім алушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіру;

2) тілдік құзыреттіліктерді тереңдете дамыту (қазақ тілінде академиялық, публицистикалық және көркем стиль нормаларын ескере отырып, жоғары деңгейдегі мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; қазақ әдеби тілінің грамматикалық, лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық және синтаксистік нормаларын меңгеруін қамтамасыз ету);

3) аналитикалық, сыни және креативті ойлауды дамыту (мәтіндерге интерпретация және түзету жұмыстарын жүргізу, мәтін астарын, автор ұстанымы, уәжі, үні, байламы мен идеялық қабаттарын анықтау қабілеттерін арттыру);

4) ғылыми зерттеу дағдыларына бағыт-бағдар беру (ақпаратты өз бетінше жинауға, зерделеуге, өңдеуге және талдауға машықтандыру; жобалар, баяндамалар мен презентация дайындау);

5) қазіргі саясат пен экономика, әлеуметтік-мәдени контекстпен байланыс (менеджмент, экология, урбанизация, технология, гендерлік мәселелер және т.б.

оқу арқылы қазақ тілінің жаһанданған әлемдегі өзектілігі; қазақ тілін ғылым, бизнес, БАҚ, мәдениет және т.б. салаларда қолдану дағдыларын дамыту);

6) мәдениетаралық коммуникацияны дамыту (қазақ мәдениетінің басқа мәдениеттермен өзара әрекеттесуін түсіндіру, құндылықтарды, ұлтаралық сыйластықты, толеранттылық пен ашықтықты нығайту);

7) көпшілік алдында сөйлеуге машықтандыру (тіл тазалығы, ой жүйелігі, логикалық байланыс, ақпараттың нақтылығы, дереккөз, аргумент, дәйек сөздерді қолдану);

8) тіл арқылы тұлғаны дамыту (өзін-өзі тануды, ұлттық сананы және қазақ тілі мен мәдениетіне деген мақтаныш сезімін ояту; зияткерлік тұрғыда дамуын жетілдіру).

Бағдарламаның мазмұны:

Білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

1) 7-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 152 сағат;

2) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

3) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылықтарға, тұлғаға бағдарланған, сондай-ақ құзыреттілік, сындарлылық, коммуникативтік тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарлама мазмұны ұлттық сана-сезімінің көкжиегі кеңейген, мінез-құлық прагматизмі қалыптасқан, метатанымдық қабілеті, шығармашыл әлеуеті дамыған, көптілді, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу мүмкіндіктеріне бағытталады.

4. Бағдарлама арқылы білім алушылардың бойында төмендегі дағдыларды дамыту көзделген:

– Академиялық деңгейде оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

– Мәтінді талдау, интерпретациялау және түзету жұмыстарын жүргізу, оқу материалдарын салыстыру, саралау, талдай алу дағдыларын дамыту;

– Абай ілімдерінің негізін терең таныту арқылы ұлттық мәдениетті саналы түрде қабылдау;

– Аналитикалық, сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны шиыршық қағидатына сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, сатылай күрделене отырып, тереңдей түседі. Бұл

тәсілдеме оқушылардың білім мен құзыреттілікті тұрақты игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді ғылыми тұрғыда меңгеруіне негізделеді.

6. Қазақ тілі пәнінің мазмұны:

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Коммуникативтік дағдылар: Қазіргі саясат пен экономика, әлеуметтік-мәдени (менеджмент, экология, урбанизация, технология, гендерлік мәселелер және т.б.) тақырыптар аясында диалогтік және монологтік сипаттағы сөйлеу әрекеттері. Жеңіл деңгейдегі ауызша дәйектеу (аргументация).	Коммуникативтік дағдылар: Қазіргі саясат пен экономика, әлеуметтік-мәдени (менеджмент, экология, урбанизация, технология, гендерлік мәселелер және т.б.) тақырыптар аясында дискуссиялар. Дәйектелген (аргументтелген) пікірді қолдау.	Коммуникативтік дағдылар: Қазіргі саясат пен экономика, әлеуметтік-мәдени (менеджмент, экология, урбанизация, технология, гендерлік мәселелер және т.б.) тақырыптар аясында дебаттарға қатысу, қарсылас дәйектемелерін талдау. Презентациялардағы өзекті тақырыптардың талапқа сай болуы (тіл тазалығы және сөйлеу мәдениеті, медиасауаттылық).
Тілдік жүйе: фонетика (интонация, кідіріс, логикалық екпін); лексикалық топтар (қанатты сөздер, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер); морфология негіздері (етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, етіс, жақ, шақ, рай түрлері, шылау, еліктеу сөздер, одағай); қарапайым және кеңейтілген синтаксистік құрылымдар (оқшау сөздер); пунктуация (сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері).	Тілдік жүйе: фонетика (интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс); лексикалық топтар (сөздік қор мен сөздік құрам, этимология, экспрессивті-эмоционалды сөздер); морфология (жалқы есім); синтаксис (сөз тіркесі, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері (жай сөйлем синтаксисі); пунктуация (сөйлем соңында қабаттасып қолданылатын тыныс белгілері).	Тілдік жүйе: стилистика (қазақ әдеби стилінің түрлері: ресми іс-қағаздар стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі, ауызекі стиль); синтаксис (құрмалас сөйлем түрлері: салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем, аралас құрмалас сөйлем жасалу жолдары); пунктуация (құрмалас сөйлемдердің тыныс белгісі, әдеби тіл нормасы).
Мәтінмен жұмыс: автордың көзқарасын қарапайым түрде интерпретациялау. Жоспар құру, әңгімелеу, қысқаша пікір жазу. Бейімделген оқу: Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлының бейімделген мәтіндерін оқу.	Мәтінмен жұмыс: көркем және публицистикалық стильдерді талдау. Екі мәтінді салыстырмалы талдау. Абайдың философиялық үзінділері мен қарасөздеріндегі ойлармен танысу.	Мәтінмен жұмыс: интертекстуалды талдау (Абай және заманауи авторлар). Авторлық идея, мәнмәтін (контекст), символика. Мақала, блог, медиаматериалдарды сыни тұрғыдан талдау.

Жазба тілі: хат, пікір, шағын шығарма жазу. Орфограммалар мен тыныс белгілерін дұрыс қолдану.	Жазба тілі: эссе (ойлану, талдау), хат-өтініш. Тілдік экспрессивтілікті дамытуға арналған жаттығулар.	Жазба тілі: академиялық эссе, аналитикалық есеп, рецензия, сыни мақала.

7. Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Атаулары	Құзыреттіліктер мен құндылықтар
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін түсіну арқылы көшбасшылық қасиеттерді дамыту, халықаралық білім беру стандарттарын меңгеру, оның ішінде: «адалдық және даму, жаһандану және тұрақтылық, тұлғалар және қарым-қатынастар, уақыт пен кеңістіктегі бағдар, жеке және мәдени көзқарас, ғылыми және техникалық инновация» секілді компоненттер қамтылады. Қазақ тілін көптілді және көпмәдениетті ортада қолдану; әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыру; халықаралық деңгейде қазақ тілінің мәртебесін көтеруге үлес қосу.
Тілдік құзыреттілік	Қазақ тілінің грамматикалық және стилистикалық нормаларын меңгеру; фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік нормаларды дұрыс қолдану; сөздік қорды кеңейту және оны әртүрлі жағдайларда тиімді пайдалану.
Коммуникативтік құзыреттілік	Қазақ тілінде ауызша және жазбаша ойын нақты, жүйелі жеткізу; диалог жүргізу, пікірталасқа қатысу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту; ақпаратты түсіну, өңдеу және оны өз көзқарасын білдіру үшін қолдану.
Әдеби-мәдени құзыреттілік	Қазақ әдебиеті мен мәдени мұрасын түсіну және бағалау; әдеби шығармаларды талдау, көркем тілдік құралдарды ажырата білу; қазақ халқының ұлттық құндылықтарын тіл арқылы игеру.
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Ақпарат көздерімен жұмыс істеу, талдау және өз бетінше қорытынды жасау; тілдік құбылыстарды зерттеу және олардың қолданысын талдау; логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту.
Базалық құндылықтар мен мазмұндық концептілері	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат»

8. Пәннің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен Қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, білім алушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

9. «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін қызықты, өзекті, қиын

әрі маңызды мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу негізіндегі бағдарлама тілді зерттеуінде дәйектілік, концептуалды және талқылауға тұрарлық мәселелерді зерттейді.

10. Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық мәнмәтіндері арқылы зерттейді:

1) Сәйкестілік және қатынастар
2) Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау
3) Жеке және мәдени өрнек
4) Ғылыми және техникалық инновациялар
5) Жаһандану және тұрақтылық
6) Әділеттілік және даму

11. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	сөйлеу дағдыларын, олардың қарым-қатынас жағдайына сәйкестігі мен болжанған нәтижеге қол жеткізу табыстылығы тұрғысынан талдау	Қазақ халқының негізгі ұлттық-мәдени құндылықтарының бірі ретінде түсіну, ана тілінің жеке тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттері мен моральдық қасиеттерін дамытудағы рөлін анықтау, оның мектептегі білім алу үрдісіндегі маңыздылығын түсіну	Барлық сөйлеу әрекеттерін меңгеру
Ғылым	Коммуникативті жағдаятта туындайтын қиындықтардың негізгі себептерін түсіну және оларды түсіндіре білу; өз және өзгелердің сөзін дәл, орынды және әсерлі сөз қолдану тұрғысынан бағалау; тілдің әртүрлі әсерлі құралдарын тану	Қазақ тілінің эстетикалық құндылығын түсіну; қазақ тіліне құрметпен қарау, онымен мақтану; қазақ тілінің ұлттық мәдени тазалығын сақтауға баулу; сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ұмтылу	Ақпаратпен жұмыс дағдыларын жетілдіру
Шығармашылық	оқу мақсаттарын тәуелсіз анықтау, жаңа міндеттерді қою, өзіндік оқу мен танымдық қабілетін дамыту	Әдепті сана-сезімді дамыту; моральдік мәселелерді шешу кезінде жеке таңдау бойынша кәсіби қабілеттілік, адамгершілік секілді мінез-құлықты қалыптастыру, өз іс-әрекетіне саналы және	Игерген білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану

		жауапты қатынас жасауға бағыттау; оқуға жауапкершілікпен қарау; еңбекке құрметпен қарау, әлеуметтік маңызы бар еңбекке қатысу тәжірибесін арттыру	

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

12. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

13. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Болжау	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиға желісін композициялық құрылым бойынша болжау	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйеніп, көтерілген мәселені болжау	9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша әртүрлі деңгейлі сұрақ түрлеріне болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру
2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек, мәдениет тақырыбындағы диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, нұсқаулықта) көтерілген мәселені талдау	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени, оқу-кәсіптік тақырыбындағы диалог, монолог, полилогтердегі (көркем шығармадан үзінді) экспрессивті-эмоционалды сөздердің қолданысын мағынасына қарай ажырату, талдау	9.1.2.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндердің (дәріс, баяндама, пікірталас, сұхбат, мақала, тезис) мақсатты аудиториясы мен тілдік, стильдік ерекшеліктерін талдау
3. Мәтіннен ақпаратты анықтау	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннен ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу	8.1.3.1 тыңдалған мәтін мазмұнын сыни тұрғыда саралап, негізгі, астарлы, автор ойын анықтау	9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік, жағдаяттық мәселелермен байланыстыру
4. Негізгі ойды анықтау	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік-саяси) талдап, негізгі, астарлы, автор ойын анықтау	9.1.4.1 мәтіннің тақырыбын (айдары) мақсатымен салыстыру арқылы негізгі ойды анықтау

5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау	7.1.5.1 проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	8.1.5.1 перифраз тәсілдерімен берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты табу, көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасын дәйекпен дәлелдеу, тұжырымдау	9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын дәлелдер арқылы білдіріп, сыни тұрғыдан баға беру
6. Сөйлеу мәдениетін дамыту	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез әрі дұрыс шешім қабылдай білу	8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми деректер, аргумент, факті, терминдерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогте өз ойын дәлелді, жүйелі, релевантты (нақты) жеткізу	9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, монолог дайындау

2) оқылым:

	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Ақпаратты (мәтіндік, цифрлық, графиктік) түсіну	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер), цифрлық ақпаратты интерпретациялау	8.2.1.1 аралас (тұтас мәтін және графиктік мәтін), цифрлық мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру, талдау	9.2.1.1 аралас (тұтас және графиктік мәтін), цифрлық мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру, өңдеу
2.Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, хабардың құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	8.2.2.1 мақала, тезис, аннотация, тірек сөздердің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	9.2.2.1 мақала, тезис, баяндама, жобаның құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату

	7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, очерктің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату		
3.Әртүрлі стильдегі мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	7.2.3.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	8.2.3.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыру, ажырату, талдау	9.2.3.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыру, интерпретациялау, редакциялау, талдау
4.Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру	7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық, сократтық, альтертивтік сұрақтар құрастыру	8.2.4.1 перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша әртүрлі сұрақтар құрастыру	9.2.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның уәжі, үні мен қарым-қатынасын анықтауға арналған әртүрлі талқылау сұрақтарын құрастыру
5.Оқылым стратегияларын қолдану	7.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру,	8.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, іріктеп оқу, талдап оқу	9.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: зерттеп оқу, талдап оқу
6.Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	7.2.6.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	8.2.6.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	9.2.6.1 ғаламтор, блог жазбалар, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау

3)жазылым:

	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Жоспар құру	7.3.1.1 әңгіме, мақала, сұхбат (интервью) құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру	8.3.1.1 тақырып бойынша мақала, әңгіме, сұхбат (интервью) жазу үшін тезистік жоспар құру	9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде ауызша және жазбаша мәтіндер (дәріс, баяндама, мақала, жоба, аннотация, тезис) үшін күрделі ғылыми жоспар құру

2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын мақала, әңгіме, сұхбат (интервью), әңгіме жазу	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік бірліктер мен құрылымды жүйелі қолданып, мақала, әңгіме, сұхбат (интервью) жазу	9.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшелігіне сай жаһандық мәселелердің себептерін, даму тенденцияларын анықтап, баяндама, мақала, тезис, аннотация, жоба, тірек сөздер жазу
3.Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	7.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте, сызба) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтін (шартты белгі, кесте, сызба, диаграмма) түрінде берілген үдерісті (процесті) сипаттап жазу	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте, сызба, сурет) деректерді салыстыру, маңызды тұстарын анықтап жазу
4. Оқылым/тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану	7.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану	8.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану	9.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану
5.Эссе жазу	7.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, дәлелдемелерге сілтеме жасап, тақырыпқа байланысты мәселенің артықшылығы мен кемшілігін талқылап, дискуссивті эссе жазу	8.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазу	9.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылап, өз ойын дәлелдеп жазу (дискуссивті, аргументативті, сараптамалық (аналитикалық), шығармашылық эссе)
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау	9.3.6.1 жазба жұмысын азатжолдар (абзацтар) мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық, стильдік түзетулер енгізу, редакциялау

4) әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік:

1. Орфографиялық норма	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде)	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде)	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде)
2. Орфоэпиялық норма	7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	8.4.2.1 сөйлеу кезіндегі интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	9.4.2.1 сөйлеу кезіндегі интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану	8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану	9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдану
4. Грамматикалық норма	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну. 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану; 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу; 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану	9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану

5. Пунктуациялық норма	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану	8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану	9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану

14. Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

15. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

16. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

17. Ұзақ мерзімді жоспардағы сыныптар бойынша ЖББМС көрсетілген құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілердің реті сақталып, лексикалық бөлім атауы ретінде алынды.

18. Бөлім тақырыбы атауы барлық сыныптар бойынша тұрақты түрде қайталанады. Лексикалық бөлім тақырыптары атауларын шиыршық әдісі бойынша бөлімшелерге бөлуде білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес сыныптың өсуіне қарай күрделеніп, түрлендіріліп беріледі.

19. Лексика-граматикалық бөлімдердің бөлімше тақырыптары тілдік білім негізінде, қазақ тілінің тілдік кодын сақтай отырып сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым), сондай-ақ әдеби тіл нормасы және тілдік құзіреттілік арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

7-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлімдер	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Адам. Фонетика	Орфографиялық норма. Интонация. Кідіріс. Логикалық екпін	Тыңдалым және айтылым	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиға желісін композициялық құрылым бойынша болжау 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау

		Оқылым	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер), цифрлық ақпаратты интерпретациялау; 7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру 7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық, сократтық, альтертивтік сұрақтар құрастыру
		Жазылым	7.3.1.1 әңгіме, мақала, интервью жазу үшін құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру; 7.3.1.1 әңгіме, мақала, сұхбат (интервью) құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру 7.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте, сызба) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде); 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
2. Ар-Ождан. Орфография	Шылаудың емлесі. Орфография лық норма	Тыңдалым және айтылым	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек мәдени тақырыбындағы диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, нұсқаулықтар) көтерілген мәселені талдау; 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез әрі дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, хабардың құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, очерктің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату

			7.2.3.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшелік теріне сай шағын мақала, интервью, әңгіме құрастырып жазу; 7.3.2.1жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын мақала, әңгіме, сұхбат (интервью), әңгіме жазу 7.3.4.1оқылым/тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде)
3. Намыс. Лексика	Қанатты сөздер. Фразеологизм. Мақал-мәтелдер	Тыңдалым және айтылым	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннен ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау 7.1.5.1 проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау
		Оқылым	7.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, іріктеп оқу, зерттеп оқу; 7.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, болжап оқу, баяндай отырып оқу 7.2.6.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	7.3.1.1 әңгіме, мақала, интервью жазу үшін құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру;

			7.3.1.1әңгіме, мақала, сұхбат (интервью) құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру 7.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, дәлелдеме лерге сілтеме жасап, тақырыпқа байланысты мәселенің артықшылығы мен кемшілігін талқылап, дискуссивті эссе жазу
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
2-тоқсан			
4. Отбасы. Морфология	Орфографиялық норма. Етістіктің есімше, көсемше түрлері. Тұйық етістік	Тыңдалым және айтылым	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиға желісін композициялық құрылым бойынша болжау 7.1.5.1 проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау
		Оқылым	7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.2.4.1мәтін бойынша проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтар құрастыру 7.2.6.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын мақала, әңгіме, сұхбат (интервью), әңгіме жазу 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфография-лық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде); 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;
5. Отан. Морфология	Етістіктің шақ түрлері.	Тыңдалым және айтылым	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек мәдениет тақырыбындағы

	Рай түрлері		диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, нұсқаулықтар) көтерілген мәселені талдау; 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау
		Оқылым	7.2.3.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, болжап оқу, баяндай отырып оқу
		Жазылым	7.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, дәлелдеме лерге сілтеме жасап, тақырыпқа байла нысты мәселенің артықшылығы мен кемшілігін талқылап, дискуссивті эссе жазу; 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану
3-тоқсан			
6. Тіл. Морфология	Орфографиялық норма Шылау түрлері. Шылау емлесі	Тыңдалым және айтылым	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннен ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.1.6.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез әрі дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер), цифрлық ақпаратты интерпретациялау;

			7.2.3.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	7.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте, сызба) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 7.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфография-лық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде); 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану
7. Мәдениет. Морфология	Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз	Тыңдалым және айтылым	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиға желісін композициялық құрылым бойынша болжау 7.1.6.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез әрі дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, хабардың құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.2.4.1мәтін бойынша проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтар құрастыру
		Жазылым	7.3.4.1оқылым/тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы

			мәтін жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану; 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну
8. Білім. Морфология	Одағай. Одағай түрлері	Тыңдалым және айтылым	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек мәдениет тақырыбындағы диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, нұсқаулықтар) көтерілген мәселені талдау; 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннен ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу
		Оқылым	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер), цифрлық ақпаратты интерпретациялау; 7.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, іріктеп оқу, зерттеп оқу; 7.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, болжап оқу, баяндай отырып оқу
		Жазылым	7.3.1.1 әңгіме, мақала, сұхбат (интервью) құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру 7.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, дәлелдеме лерге сілтеме жасап, тақырып қа байланысты мәселенің артықшылығы мен кемшілі гін талқылап, дискуссивті эссе жазу
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану
4-тоқсан			
9. Еңбек. Морфология	Орфографиялық норма Оқшау сөздің түрлері. Оқшау сөздердің қызметі	Тыңдалым және айтылым	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 7.1.5.1 проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау

		Оқылым	7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, хабардың құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.2.2.1 хроника, нұсқаулық, очерктің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату 7.2.6.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын мақала, әңгіме, сұхбат (интервью), әңгіме жазу 7.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте, сызба) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфография-лық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде); 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу
10. Табиғат. Пунктуация	Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілер. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілер	Тыңдалым және айтылым	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиға желісін композициялық құрылым бойынша болжау 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, пікірталаста тез әрі дұрыс шешім қабылдай білу
		Оқылым	7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық, сократтық, альтернативтік сұрақтар құрастыру 7.2.6.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау

		Жазылым	7.3.1.1 әңгіме, мақала, интервью жазу үшін құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру; 7.3.1.1 әңгіме, мақала, сұхбат (интервью) құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру 7.3.5.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, дәлелдеме лерге сілтеме жасап, тақырыпқа байланысты мәселенің артықшылығы мен кемшілі гін талқылап, дискуссивті эссе жазу
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану

8-сынып

Лексика-грамматикалық бөлімдер	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1.Адам. Орфография	Орфографиялық норма Жалқы есім емлесі	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйеніп, көтерілген мәселені болжау; 8.1.3.1 тыңдалған мәтін мазмұнын сыни тұрғыда саралап, негізгі, астарлы, автор ойын анықтау
		Оқылым	8.2.2.1 мақала, тезис, аннотация, тірек сөздердің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату 8.2.3.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау 8.2.3.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыру, ажырату, талдау
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтін (шартты белгі, кесте, сызба, диаграмма) түрінде берілген үдерісті (процесті) сипаттап жазу 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау

		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндерінде)
2. Ар-Ождан. Фонетика	Сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс	Тыңдалым және айтылым	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени, оқу-кәсіптік тақырыбындағыдиалог, монолог, полилогтердегі (көркем шығармадан үзінді) экспрессивті-эмоционалды сөздердің қолданысын талдау; 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени, оқу-кәсіптік тақырыбындағы диалог, монолог, полилогтердегі (көркем шығармадан үзінді) экспрессивті-эмоционалды сөздердің қолданысын мағынасына қарай ажырату, талдау 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік-саяси) талдап, негізгі, астарлы, автор ойын анықтау
		Оқылым	8.2.3.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыру, ажырату, талдау 8.2.5.1 оқылым стратегияларын қолдану: пікір білдіру, іріктеп оқу, талдап оқу
		Жазылым	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік бірліктер мен құрылымды жүйелі қолданып, мақала, әңгіме, сұхбат (интервью) жазу 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтін (шартты белгі, кесте, сызба, диаграмма) түрінде берілген үдерісті (процесті) сипаттап жазу
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану 8.4.2.1 сөйлеу кезіндегі интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
2-тоқсан			
3. Намыс. Лексика	Сөздік қор. Сөздік құрам	Тыңдалым және айтылым	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік-саяси)

			талдап, негізгі, астарлы, автор ойын анықтау 8.1.5.1 перифраз тәсілдерімен берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты табу, көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасын дәйекпен дәлелдеу, тұжырымдау
		Оқылым	8.2.1.1 аралас (тұтас мәтін және графиктік мәтін), цифрлық мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру; 8.2.1.1 аралас (тұтас мәтін және графиктік мәтін), цифрлық мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру, талдау 8.2.4.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру 8.2.4.1перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша әртүрлі сұрақтар құрастыру
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтін (шартты белгі, кесте, сызба, диаграмма) түрінде берілген үдерісті (процесті) сипаттап жазу 8.3.4.1 оқылым/ тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттар дан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану
		Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілік	8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Ұлттық мұрамен танысу: қазақтың дәстүрлі өнеріндегі геометриялық пішіндер мен симметрияны зерттеу, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерінің тұрмыстағы рөлі	Салыстыру және талдау: әлем халықтарының архитектуралық құрылыстарындағы геометриялық пішіндерді зерттеу, ұлттық және жаһандық сәулет стильдерін салыстыру, талдау	Байланыс орнату және түсіну: геометрияның әлемдік жетістіктердегі орны (инженерияда, астрономияда, құрылыс саласында), жаһандық экологиялық, урбанизация мәселелеріне геометриялық талдау жасау
Коммуникативтік құзыреттілік	Геометриялық терминдерді дұрыс қолдану, геометриялық фигураларды сипаттау, жұпта немесе топта қарапайым геометриялық есептерді бірге шешу, дәлелдер келтіру, сызба арқылы түсіндіру, өз ойын нақты айту	Мәселе шешу жолын ауызша немесе жазбаша сипаттау, геометриялық дәлелді логикалық құрылыммен баяндау, өз көзқарасын негіздеу және басқаның пікірін тыңдай білу, қарсы пікірді тыңдау және дәлелмен жауап беру, топтық жұмыста өз үлесін қосу	Теоремаларды дәлелдеу барысында логикалық және дәл тілмен сөйлеу, диалог, пікірталас, презентация түрінде өз ойын жеткізу, геометрияны нақты өмірмен байланыстырып, аргумент келтіру, академиялық сөйлеу стилін меңгеру, пікірталас жүргізу

Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Геометриялық фигуралардың қасиеттерін зерттеу, фигуралардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау, болжам жасау, нысандарды салыстыру, гипотеза құру, сызба арқылы дәлел іздеу	Теоремалар мен қасиеттерді логикалық негіздеу арқылы дәлелдеу, түрлендірулер әсерін зерттеу, күрделі есептерді шешудің бірнеше тәсілін қарастыру, логикалық ойлау, себеп-салдар байланысын орнату, шешімді әртүрлі тәсілмен іздеу	Геометриялық есептерді модельдеу, ақпаратты таңдау, талдау және қолдану, өз тұжырымын дәлелдеу және бағалау, геометриялық зерттеу жүргізу, сыни сұрақтар қою және жауап беру
Функционалдық-математикалық сауаттылық	Геометриялық білім мен дағдыларды шынайы өмірлік жағдайларда қолдана алады (карта, макет, кеңістік, навигация, дизайн)	Берілген геометриялық есептерді логикалық және жүйелі түрде шеше отырып, алған білімін түрлі ситуацияларға бейімдейді	Фигуралардың қасиеттері мен өлшемдерін есептеу арқылы техникалық немесе жобалық шешім қабылдай алады. Кеңістікті елестету, модельдеу, сызба құру арқылы инженерлік және графикалық ойлауы дамиды
Базалық құндылықтар	Тәуелсіздік және патриотизм, бірлік және ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық	Тәуелсіздік және патриотизм, бірлік және ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық	Тәуелсіздік және патриотизм, бірлік және ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық

13. Бағдарламаның мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Белсенділік танытуы, басқаларға бағыт-бағдар беруі, шешім қабылдауда жауапкершілік алу және математикалық ойлау процесін ұйымдастыра білу	Бастамашылдық, дербестік, жауапкершілік және өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін дамыту. «Геометрия» пәнінде білім алумен қатар	Әртүрлі пәндермен байланыста ойлау, шешім қабылдау, ұйымдастыру, қарым-қатынас орнату және нәтижеге

		білім алушының ішкі сенімділігін, мақсат қою дағдысын және өзіндік ойлау, пайымдау қабілетін дамыту	бағытталған жұмыс жүргізу
Ғылым	Ғылыми тәсілдерді қолдана отырып, зерделеу, дәлелдеу, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту	Ғылыми ізденіс пен зерттеу барысында өзін-өзі тануы, мотивациясы, табандылығы және жауапкершілігі сияқты тұлғалық қасиеттерін дамыту, зерттеу жүргізу	Ақпаратпен жұмыс дағдыларын жетілдіру
Шығармашылық	Геометриялық фигураларды графикалық бағдарламаларда қолдану, геометриялық пішіндерді зерттеп, оларды шығармашылық жұмыстарында қолдану	Логикалық ойлау қабілетін, жаңа идеялар, өзіндік шешімдер жасау және өз шығармашылығын ұсыну	Жаңа идеялар ұсыну, өз бетінше шешім табу, түрлі әдістерді біріктіру және кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту арқылы шығармашылық ойлауын қалыптастыру

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

14. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

15. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

Білім алушылар білуі тиіс:			
1. Геометрия			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Геометриялық фигуралар туралы түсінік	7.1.1	8.1.1	9.1.1
	7.1.1.1 геометриялық фигураның анықтамасын тұжырымдау, геометрияның негізгі фигураларын атау: нүкте, түзу, жазықтық; көрсетілген	8.1.1.1 сынық сызықтың, сынық сызық түрлерінің, көпбұрыштың, дөңес көпбұрыштың, көпбұрыштың элементтері анықтамаларын тұжырымдау, дөңес көпбұрышты	9.1.1.1 шеңбер хордалары, ортақ нүктесі болатын қиюшылары және шеңберге жүргізілген жанамалар кесінділерінің пропорционалдылығы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану;

	фигураларды белгілеу, кескіндеу; 7.1.1.2 «аксиома», «теорема» ұғымдарын түсіндіру; 7.1.1.3 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын тұжырымдау және қолдану; 7.1.1.4 кесінді, сәуле, бұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын тұжырымдау, көрсетілген фигураларды белгілеу, кескіндеу; 7.1.1.5 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын тұжырымдау және қолдану; 7.1.1.6 тең кесінділер мен тең бұрыштардың, бұрыш биссектрисасының және кесінді ортасының анықтамалары мен қасиеттерін тұжырымдау және қолдану, кесіндінің орта перпендикуляры мен бұрыш биссектрисасының анықтамаларын нүктелердің геометриялық орны ретінде білу, талдау; 7.1.1.7 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын тұжырымдау және қолдану;	кескіндеу, қоршаған ортадан көпбұрыштардың мысалдарын келтіру арқылы көпбұрыштың өмірде қолданатынына талдау жүргізу; 8.1.1.2 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы және сыртқы бұрыштарының қосындысы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.3 параллелограмның анықтамасын тұжырымдау, оны кескіндеу; 8.1.1.4 параллелограмның қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.5 тіктөртбұрыштың, ромбтың, квадраттың анықтамаларын тұжырымдау, оларды кескіндеу; 8.1.1.6 тіктөртбұрыштың, ромбтың, квадраттың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, геометриялық фигураларды салыстырып, зерделеу; 8.1.1.7 Фалес теоремасын	9.1.1.2 доғаның градустық және радиандық өлшемі арқылы оның ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану көпбұрышқа іштей сызылған шеңбердің анықтамасын және көпбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің анықтамасын білу және қолдану, шеңберге іштей сызылған төртбұрыш туралы теореманы және шеңберге сырттай сызылған төртбұрыш туралы теореманы қолдану

	7.1.1.8 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін тұжырымдау және қолдану, фигуралар теңдігін (конгруэнттілігін) түсіну және қолдану; 7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын тұжырымдау, оларды сызбада ажырату; 7.1.1.10 теореманың шарты мен қорытындысын ажырату, кері теореманы тұжырымдау; 7.1.1.11 теоремаларды дәлелдеуде тура дәлелдеу және «кері жору» әдістерін қолдану; 7.1.1.12 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.13 перпендикуляр түзулердің анықтамасын тұжырымдау, перпендикуляр түзулерді кескіндеу; 7.1.1.14 үшбұрыштың анықтамасын тұжырымдау, оның элементтерін (төбесі, қабырғалары, ішкі	тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.8 пропорционал кесінділер туралы теореманы тұжырымдау және қолдану; 8.1.1.9 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей n бөлікке бөлу; 8.1.1.10 циркуль және сызғыштың көмегімен пропорционал кесінділерді салу, төртінші пропорционалды кесіндіні салу; 8.1.1.11 трапеция мен оның элементтері анықтамасын, оның қасиетін тұжырымдау, түрлерін ажырату және кескіндеу; 8.1.1.12 үшбұрыштың орта сызығының қасиетін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.13 трапецияның орта сызығының анықтамасын тұжырымдау, трапецияның орта сызығының қасиетін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, теңбүйірлі трапецияның қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.14 шеңберге іштей сызылған бұрыштың анықтамасын тұжырымдау, оның қасиеттерін дәлелдеу және қолдану,	

	және сыртқы бұрыштары) белгілеу және үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының (іргелес және қарама-қарсы) орналасуын түсіндіру; 7.1.1.15 сүйір бұрышты, тік бұрышты, доғал бұрышты, теңбүйірлі, тең қабырғалы, әртүрлі қабырғалы үшбұрыштардың анықтамасын тұжырымдау, олардың түрлерін ажырату және кескіндеу, үшбұрыш түрлерін зерттеу; 7.1.1.16 теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін атау және оларды сызбада көрсету; 7.1.1.17 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта сызығы, қабырғаға жүргізілген орта перпендикуляр анықтамаларын тұжырымдау және оларды кескіндеу; 7.1.1.18 сүйір бұрышты, тік бұрышты және доғал бұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасу ерекшеліктерін	пішінді түсіну және фигураның қасиетін жалпылау	

	түсіндіру және бейнелеу; 7.1.1.19 тең үшбұрыштардың анықтамаларын тұжырымдау, тең үшбұрыштардың сәйкес элементтерін атау және белгілеу, оларды сызбада ажырату; 7.1.1.20 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.21 теңбүйірлі және тең қабырғалы үшбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін, теңбүйірлі және тең қабырғалы үшбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін практикаға бағытталған тапсырмаларды орындауда қолдану, үшбұрыштар теңдігінің белгілерін пайымдау; 7.1.1.23 үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы арақатынастар туралы теореманы		

	тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.24 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.25 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.26 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.27 шеңбердің, дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын тұжырымдау, сызбада кескіндеу; 7.1.1.28 центрлік бұрыштың, доғаның градустық өлшемінің анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау және қолдану; 7.1.1.29 диаметр мен хорданың перпендикулярлығы туралы теоремаларды тұжырымдау,		

	дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.30 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын тұжырымдау және мысалдар келтіру (шеңбер, кесіндіге жүргізілген орта перпендикуляр, бұрыштың биссектрисасы), нүктелердің геометриялық орнын табуға арналған қарапайым есептерді шығару		
2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	7.1.2 7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын тұжырымдау және қолдану (реттілік аксиомалары); 7.1.2.2 түзуге түсірілген перпендикулярдың, көлбеу және оның түзудегі проекциясының анықтамаларын тұжырымдау, фигуралардың орналасуын талдау; 7.1.2.3 түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.4 перпендикулярдың, көлбеу және оның проекциясының арақатынасы	8.1.2 8.1.2.1 шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, шеңбер мен төртбұрыш арасындағы қасиеттерді зерттеу	9.1.2 9.1.2.1 дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын тұжырымдау, қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 9.1.2.2 дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей, сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды қолдану; 9.1.2.3 циркуль мен сызғыштың көмегімен салынатын қарапайым дұрыс көпбұрыштарды салу, олардың симметрияларын атау; 9.1.2.4 дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды қолдану, формулалардағы тригонометриялық функциялардың мағынасы мен олардың геометриялық негізін пайымдау

	туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, нүктеден түзуге дейінгі арақашықтықтың анықтамасын тұжырымдау; 7.1.2.5 параллель түзулердің анықтамасын тұжырымдау; 7.1.2.6 екі түзуді үшінші түзумен қиғанда пайда болған бұрыштарды ажырату; 7.1.2.7 үшінші түзуге перпендикуляр екі түзудің қасиетін тұжырымдау және қолдану; 7.1.2.8 түзулердің параллельдік белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.9 түзулердің параллельдік аксиомасын тұжырымдау; 7.1.2.10 параллель түзулердің қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, параллель түзулердің арақашықтығының анықтамасын тұжырымдау және оны есептер шығаруда түсіндіру; 7.1.2.11 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасуының мүмкін болатын		

	жағдайларын талдау және түсіндіру, есептер шығаруда қолдану; 7.1.2.12 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын тұжырымдау, оларды сызбада кескіндеу; 7.1.2.13 шеңберге жүргізілген жанамаларының қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.14 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын тұжырымдау, оларды кескіндеу; 7.1.2.15 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің центрлерінің орналасуы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу, және қолдану; 7.1.2.16 салу есептеріне берілген тапсырмалардың сызбасын тұжырымдау: талдау, салу, дәлелдеу, зерттеу; 7.1.2.17 берілген кесіндіге тең кесіндіні, кесіндінің орта перпендикулярын, берілген түзуге перпендикуляр түзуді, берілген		

	кесіндінің ортасын салу, графикалық бағдарламаларда қолданып, салыстырып, пайымдау; 7.1.2.18 берілген бұрышқа тең бұрышты, бұрыштың биссектрисасын, берілген элементтері бойынша үшбұрышты салу; 7.1.2.19 салу есептерін шығару		
3. Геометриялық фигуралардағы метрикалық арақатынастар	7.1.3 7.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, кесінділердің қасиеттерін білу және қолдану, бұрыштардың қасиеттерін білу және қолданып дәлелдеу, үшбұрыштар теңдігінің белгілерін қолданып, есептеуге және дәлелдеуге есептерді шығару, үшбұрыш бұрыштарының қосындысы туралы теореманы және одан шығатын салдарларды қолданып, есептеуге және дәлелдеуге берілген есептерді шығару; 7.1.3.2 300, 450-қа тең бұрыштарымен берілген тікбұрышты	8.1.3 8.1.3.1 үшбұрыш медианаларының қиылысу нүктесі, биіктіктерінің қиылысу нүктесі туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, биссектрисаларының қиылысу нүктесінің және қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлардың қиылысу нүктесінің қасиеттерін қолдану; 8.1.3.2 тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының арақатынастары арқылы берілген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің анықтамаларын тұжырымдау; 8.1.3.3 Пифагор теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану;	9.1.3 9.1.3.1 тікбұрышты координаталар жүйесінде вектор координаталарының анықтамасын тұжырымдау; 9.1.3.2 координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану, координаталарымен берілген векторға векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу туралы теореманы қолдану; 9.1.3.3 вектордың ұзындығын оның координаталары бойынша табу; 9.1.3.4 координаталарымен берілген векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін қолдану; 9.1.3.5 координаталарымен берілген векторлардың арасындағы бұрыштың косинусын есептеу; 9.1.3.6 косинустар теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.3.7 синустар теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.3.8 үшбұрыштың қабырғалары мен сырттай

	үшбұрыштың қасиеттерін тұжырымдау және қолдану	8.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузаға түсірілген биіктігінің қасиеттерін, катеттердің гипотенузадағы проекцияларының қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, тікбұрышты үшбұрыштағы пропорционал кесінділерге байланысты қатынастарды дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.5 тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары үшін негізгі тригонометриялық тепе-теңдігін қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.6 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктен шығатын салдарларын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.7 бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды тұжырымдау және қолдану; 8.1.3.8 мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу; 8.1.3.9 бұрышты оның синусы, косинусы, тангенсі және	сызылған шеңбер радиусы арқылы берілген үшбұрыштың ауданын есептеу формуласын қолдану; 9.1.3.9 жарты периметр мен іштей сызылған шеңбердің радиусы арқылы берілген көпбұрыштың ауданын есептеу формуласын қолдану; 9.1.3.10 үшбұрыштардың, төртбұрыштардың элементтері мен іштей және сырттай сызылған шеңберлер радиустарының арасындығы тәуелділікке есептер шығару; 9.1.3.11 геометриялық және қолданбалы есептерде үшбұрыштарды шешуді қолдану; 9.1.3.12 дұрыс көпбұрыштарға берілген қолданбалы есептерді шығару, дұрыс көпбұрыштың қабырғасы мен оған іштей сызылған шеңбердің радиусының арасындағы байланысты және дұрыс көпбұрыштың қабырғасы мен оған сырттай сызылған шеңбердің радиусының арасындағы байланысты қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.13 шеңбердің ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.14 дөңгелектің ауданын есептеу, формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.15 сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану;

		котангенсінің белгілі мәні бойынша салу; 8.1.3.10 тікбұрышты үшбұрышты қолданып, 300, 450, 600-қа тең бұрыштардың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндерін қорытып шығару; 8.1.3.11 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу; 8.1.3.12 тікбұрышты үшбұрыштың элементтері (бұрыштары, қабырғалары) бойынша оның биіктігінің және катеттерінің проекцияларын табу; 8.1.3.13 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрышты циркуль мен сызғыштың көмегімен салу, графикалық бағдарламаны қолданып салыстыру және талдау; 8.1.3.14 фигура ауданының анықтамасы мен қасиеттерін тұжырымдау, оларды есептер шығаруда қолдану, көпбұрыштың ауданы ұғымын және оның қасиеттерін күнделікті өмірде және математикадағы практикалық	9.1.3.16 шеңбердің ұзындығын, доғаның ұзындығын, дөңгелек және оның бөліктерінің ауданын табуға берілген қолданбалы есептерді шығару

		тапсырмаларда пайдалану; 8.1.3.15 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын тұжырымдау, оларды есептер шығаруда қолдану; 8.1.3.16 квадрат пен тіктөртбұрыштың ауданының формулаларын есептер шығаруда қолдану, түрлі салада қолданылатынына зерттеу жүргізу; 8.1.3.17 параллелограмның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану, салыстыру, зерделеу; 8.1.3.18 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану, Герон формуласы, үшбұрыш түрлеріне зерттеу жүргізіп, ауданын тауып, салыстыру; 8.1.3.19 табандары бірдей немесе биіктіктері бірдей болатын үшбұрыштардың аудандарының қатынасының қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.20 трапеция ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану;	

		8.1.3.21 төртбұрыштың ауданын диагональдары мен олардың арасындағы бұрыштың синусы арқылы есептеу формуласын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.22 жазықтықта берілген екі нүктенің арақашықтығын олардың тікбұрышты координаталық жүйедегі координаталары бойынша есептеу; 8.1.3.23 кесінді ортасының координаталарын оның ұштарының координаталары бойынша табу, графикалық бағдарламаны қолданып, салыстыру; 8.1.3.24 центрі, нүктесі, радиусы r болатын шеңбер теңдеуінің формуласын қорытып шығару және қолдану, берілген элементтері бойынша шеңбердің теңдеуін құру; 8.1.3.25 берілген теңдеуі бойынша координаталық жазықтықта шеңберді салу; 8.1.3.26 түзудің жалпы теңдеуімен және бұрыштық коэффициентпен берілу тәсілдерін қолдану, түзудің координаталар жүйесінде орналасуын және екі түзудің өзара орналасуын	

		теңдеулері бойынша анықтау; 8.1.3.27 берілген екі нүкте арқылы, бұрыштық коэффициенті мен нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін құрастыру, программалық жасақтаманы қолданып, берілген теңдеулері бойынша түзулерді салу; 8.1.3.28 геометриялық есептерді шығаруда координаталық әдісті қолдану	
4. Векторлар және түрлендірулер	7.1.4	8.1.4	9.1.4
			9.1.4.1 вектордың, нөлдік вектордың, коллинеар векторлардың, бағыттас, қарама-қарсы бағытталған векторлардың, вектор ұзындығының, тең векторлардың анықтамаларын тұжырымдау; 9.1.4.2 кез келген нүктеден берілген векторға тең бір ғана вектор салуға болатыны туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, коллинеар, тең, қарама-қарсы векторларды және векторлар арасындағы бұрышты салу және суреті бойынша табу; 9.1.4.3 векторларды қосу, азайту, векторды санға көбейту ережелерін және қасиеттерін қолдану; 9.1.4.4 векторлардың коллинеарлығының қажетті және жеткілікті шартын тұжырымдау және қолдану; 9.1.4.5 векторды екі коллинеар емес векторлар арқылы жіктеу туралы

			теореманы тұжырымдау және қолдану; 9.1.4.6 екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын тұжырымдау; 9.1.4.7 векторлардың скаляр көбейтіндісінің анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау және қолдану; 9.1.4.8 есептерді векторлық әдіспен шешу, координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдана білу, векторлар арасындағы бұрышты есептеу; 9.1.4.9 координаталарымен берілген векторлардың теңдігі және коллинеарлығы ұғымдарын есептер шығаруда қолдану; векторлардың коллинеарлық шартын білу және қолдану, координаталары бойынша тең, қарама-қарсы векторларды анықтау; 9.1.4.10 нүктенің радиус-векторы анықтамасын тұжырымдау; вектордың координаталарын оның ұшы мен басының координаталары бойынша табу; 9.1.4.11 есептер шығаруда векторлық-координаталық әдісті қолдану, векторды берілген координаталары бойынша салу және оның координаталарын координаталық жазықтықта табу; 9.1.4.12 қозғалыстардың анықтамасы мен негізгі қасиеттерін тұжырымдау; 9.1.4.13 қозғалыстардың түрлерін сипаттау: осьтік симметрия, бұру, центрлік симметрия, параллель

			көшіру, қозғалыстардың композициясы; 9.1.4.14 осьтік және центрлік симметрия, параллель көшіру, бұру кезінде және олардың композициясында фигуралардың бейнелерін салу, симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін және түпбейнелерін сала білу және программалық жасақтаманы қолдану; 9.1.4.15 симметрия центрі және симметрия осі бар фигуралардың анықтамаларын тұжырымдау; 9.1.4.16 жазықтықтағы қозғалыстарды қолдана отырып, есептер шығару; 9.1.4.17 гомотетияның анықтамасы мен қасиеттерін тұжырымдау, оларды есептер шығаруда қолдану; 9.1.4.18 гомотетия кезінде әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу; 9.1.4.19 ұқсас түрлендірудің анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау, ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау; 9.1.4.20 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.4.21 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығының белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.4.22 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану;

			9.1.4.23 ұқсас фигуралардың аудандары мен ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын қолдану

Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

16. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

17. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Геометрияның алғашқы мәліметтері	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома және теорема	7.1.1.1 геометриялық фигураның анықтамасын тұжырымдау, геометрияның негізгі фигураларын атау: нүкте, түзу, жазықтық; көрсетілген фигураларды белгілеу, кескіндеу; 7.1.1.2 «аксиома», «теорема» ұғымдарын түсіндіру; 7.1.1.3 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын тұжырымдау және қолдану; 7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын тұжырымдау және қолдану (реттілік аксиомалары); 7.1.1.4 кесінді, сәуле, бұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын тұжырымдау, көрсетілген фигураларды белгілеу, кескіндеу; 7.1.1.5 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын тұжырымдау және қолдану; 7.1.1.6 тең кесінділер мен тең бұрыштардың, бұрыш биссектрисасының және кесінді ортасының анықтамалары мен қасиеттерін тұжырымдау және қолдану, кесіндінің орта перпендикуляры мен бұрыш

		биссектрисасының анықтамаларын нүктелердің геометриялық орны ретінде білу, талдау; 7.1.1.7 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын тұжырымдау және қолдану
	Фигуралар теңдігі	7.1.1.8 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін тұжырымдау және қолдану, фигуралар теңдігін (конгруэнттілігін) түсіну және қолдану
	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері	7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын тұжырымдау, оларды сызбада ажырату; 7.1.1.10 теореманың шарты мен қорытындысын ажырату, кері теореманы тұжырымдау; 7.1.1.11 теоремаларды дәлелдеуде тура дәлелдеу және «кері жору» әдістерін қолдану; 7.1.1.12 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.13 перпендикуляр түзулердің анықтамасын тұжырымдау, перпендикуляр түзулерді кескіндеу
2-тоқсан		
Үшбұрыштар	Үшбұрыш және оның элементтері. Үшбұрыштың түрлері	7.1.1.14 үшбұрыштың анықтамасын тұжырымдау, оның элементтерін (төбесі, қабырғалары, ішкі және сыртқы бұрыштары) белгілеу және үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының (іргелес және қарама-қарсы) орналасуын түсіндіру; 7.1.1.15 сүйір бұрышты, тік бұрышты, доғал бұрышты, теңбүйірлі, тең қабырғалы, әртүрлі қабырғалы үшбұрыштардың анықтамасын тұжырымдау, олардың түрлерін ажырату және кескіндеу, үшбұрыш түрлерін зерттеу; 7.1.1.16 теңбүйірлі, тік бұрышты үшбұрыштардың элементтерін атау және оларды сызбада көрсету
	Үшбұрыштың биссектрисасы, медианасы, биіктігі, орта сызығы	7.1.1.17 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта сызығы, қабырғаға жүргізілген орта перпендикуляр анықтамаларын тұжырымдау және оларды кескіндеу; 7.1.1.18 сүйір бұрышты, тік бұрышты және доғал бұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасу ерекшеліктерін түсіндіру және бейнелеу
	Үшбұрыштар теңдігінің белгілері.	7.1.1.19 тең үшбұрыштардың анықтамаларын тұжырымдау, тең үшбұрыштардың сәйкес

	Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері	элементтерін атау және белгілеу, оларды сызбада ажырату; 7.1.1.20 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.21 теңбүйірлі және тең қабырғалы үшбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін, теңбүйірлі және тең қабырғалы үшбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін практикаға бағытталған тапсырмаларды орындауда қолдану, үшбұрыштар теңдігінің белгілерін пайымдау
3-тоқсан		
Үшбұрыштар	Үшбұрыш теңсіздігі	7.1.1.23 үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы арақатынастар туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, кесінділердің қасиеттерін білу және қолдану, бұрыштардың қасиеттерін білу және қолдану, үшбұрыштар теңдігінің белгілерін қолданып, есептеуге және дәлелдеуге есептерді шығару, үшбұрыш бұрыштарының қосындысы туралы теореманы және одан шығатын салдарларды қолданып, есептеуге және дәлелдеуге берілген есептерді шығару
Түзулердің өзара орналасуы	Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы. Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері	7.1.2.2 түзуге түсірілген перпендикулярдың, көлбеу және оның түзудегі проекциясының анықтамаларын тұжырымдау, оларды кескіндеу, фигуралардың орналасуын талдау; 7.1.2.3 түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.24 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.4 перпендикулярдың, көлбеу және оның проекциясының арақатынасы туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, нүктеден түзуге дейінгі арақашықтықтың анықтамасын тұжырымдау
	Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері	7.1.2.5 параллель түзулердің анықтамасын тұжырымдау; 7.1.2.6 екі түзуді үшінші түзумен қиғанда пайда болған бұрыштарды ажырату; 7.1.2.7 үшінші түзуге перпендикуляр екі түзудің қасиетін тұжырымдау және қолдану;

		7.1.2.8 түзулердің параллельдік белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.9 түзулердің параллельдік аксиомасын тұжырымдау; 7.1.2.10 параллель түзулердің қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, параллель түзулердің арақашықтығының анықтамасын тұжырымдау және оны есептер шығаруда түсіндіру
	Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы	7.1.1.25 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.26 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.3.2 300, 450-қа тең бұрыштарымен берілген тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін тұжырымдау және қолдану
4-тоқсан		
Шеңбер. Геометриялық салулар	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрлік бұрыш	7.1.1.27 шеңбердің, дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын тұжырымдау, сызбада кескіндеу; 7.1.1.28 центрлік бұрыштың, доғаның градустық өлшемінің анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау және қолдану; 7.1.1.29 диаметр мен хорданың перпендикулярлығы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.30 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын тұжырымдау және мысалдар келтіру (шеңбер, кесіндіге жүргізілген орта перпендикуляр, бұрыштың биссектрисасы), нүктелердің геометриялық орнын табуға арналған қарапайым есептерді шығару
	Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы	7.1.2.11 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасуының мүмкін болатын жағдайларын талдау және түсіндіру, есептер шығаруда қолдану
	Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері	7.1.2.12 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын тұжырымдау, оларды сызбада кескіндеу; 7.1.2.13 шеңберге жүргізілген жанамаларының қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану
	Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер	7.1.2.14 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын тұжырымдау, оларды кескіндеу;

		7.1.2.15 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің центрлерінің орналасуы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу, және қолдану
	Салу есептері	7.1.2.16 салу есептеріне берілген тапсырмалардың сызбасын тұжырымдау: талдау, салу, дәлелдеу, зерттеу; 7.1.2.17 берілген кесіндіге тең кесіндіні, кесіндінің орта перпендикулярын, берілген түзуге перпендикуляр түзуді, берілген кесіндінің ортасын салу, графикалық бағдарламаларда қолданып, салыстырып, пайымдау; 7.1.2.18 берілген бұрышқа тең бұрышты, бұрыштың биссектрисасын, берілген элементтері бойынша үшбұрышты салу; 7.1.2.19 салу есептерін шығару
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

2) 8-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
Көпбұрыштар. Төртбұрыштар	Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш	8.1.1.1 сынық сызықтың, сынық сызық түрлерінің, көпбұрыштың, дөңес көпбұрыштың, көпбұрыштың элементтері анықтамаларын тұжырымдау, дөңес көпбұрышты кескіндеу, қоршаған ортадан көпбұрыштардың мысалдарын келтіру арқылы көпбұрыштың өмірде қолданатынына талдау жүргізу; 8.1.1.2 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы және сыртқы бұрыштарының қосындысы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану
	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, квадрат және олардың қасиеттері мен белгілері	8.1.1.3 параллелограмның анықтамасын тұжырымдау, оны кескіндеу; 8.1.1.4 параллелограмның қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.5 тіктөртбұрыштың, ромбтың, квадраттың анықтамаларын тұжырымдау, оларды кескіндеу; 8.1.1.6 тіктөртбұрыштың, ромбтың, квадраттың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану,

		геометриялық фигураларды салыстырып, зерделеу
	Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер	8.1.1.7 Фалес теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.8 пропорционал кесінділер туралы теореманы тұжырымдау, оларды дәптерге салу және АКТ құралдарын қолдану арқылы салуды көрсету; 8.1.1.9 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей n бөлікке бөлу; 8.1.1.10 циркуль және сызғыштың көмегімен пропорционал кесінділерді салу, төртінші пропорционалды кесіндіні салу
	Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары	8.1.1.11 трапеция мен оның элементтері анықтамасын, оның қасиетін тұжырымдау, түрлерін ажырату және кескіндеу; 8.1.1.12 үшбұрыштың орта сызығының қасиетін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.13 трапецияның орта сызығының анықтамасын тұжырымдау, трапецияның орта сызығының қасиетін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, теңбүйірлі трапецияның қасиеттерін дәлелдеу және қолдану
	Іштей сызылған бұрыш. Іштей және сырттай сызылған көпбұрыштар	8.1.1.14 шеңберге іштей сызылған бұрыштың анықтамасын тұжырымдау, оның қасиеттерін дәлелдеу және қолдану, пішінді түсіну және фигураның қасиетін жалпылау; 8.1.2.1 шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, шеңбер мен төртбұрыш арасындағы қасиеттерді зерттеу
	Үшбұрыштың тамаша нүктелері	8.1.3.1 үшбұрыш медианаларының қиылысу нүктесі, биіктіктерінің қиылысу нүктесі туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, биссектрисаларының қиылысу нүктесінің және қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлардың қиылысу нүктесінің қасиеттерін қолдану
2-тоқсан		
Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен	Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының	8.1.3.2 тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының арақатынастары арқылы берілген бұрыштың синусы, косинусы,

бұрыштары арасындағы қатыстар	тригонометриялық функциялары. Пифагор теоремасы	тангенсі және котангенсінің анықтамаларын тұжырымдау; 8.1.3.3 Пифагор теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузаға түсірілген биіктігінің қасиеттерін, катеттердің гипотенузадағы проекцияларының қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, тікбұрышты үшбұрыштағы пропорционал кесінділерге байланысты қатынастарды дәлелдеу және қолдану
	Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер	8.1.3.5 тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары үшін негізгі тригонометриялық тепе-теңдігін қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.6 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктен шығатын салдарларын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.7 бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды тұжырымдау және қолдану; 8.1.3.8 мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу; 8.1.3.9 бұрышты оның синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің белгілі мәні бойынша салу
	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу	8.1.3.10 тікбұрышты үшбұрышты қолданып, 300, 450, 600-қа тең бұрыштардың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндерін қорытып шығару; 8.1.3.11 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу; 8.1.3.12 тікбұрышты үшбұрыштың элементтері (бұрыштары, қабырғалары) бойынша оның биіктігінің және катеттерінің проекцияларын табу; 8.1.3.13 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрышты циркуль мен сызғыштың көмегімен салу, графикалық бағдарламаны қолданып салыстыру және талдау
3-тоқсан		
Аудан	Фигураның ауданы және оның қасиеттері	8.1.3.14 фигура ауданының анықтамасы мен қасиеттерін тұжырымдау, оларды есептер шығаруда қолдану, көпбұрыштың

		ауданы ұғымын және оның қасиеттерін күнделікті өмірде және математикадағы практикалық тапсырмаларда пайдалану; 8.1.3.15 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын тұжырымдау, оларды есептер шығаруда қолдану
	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары	8.1.3.16 квадрат пен тіктөртбұрыштың ауданының формулаларын есептер шығаруда қолдану, түрлі салада қолданылатынына зерттеу жүргізу; 8.1.3.17 параллелограмның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану, салыстыру, зерделеу; 8.1.3.18 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану, Герон формуласы, үшбұрыш түрлеріне зерттеу жүргізіп, ауданын тауып, салыстыру; 8.1.3.19 табандары бірдей немесе биіктіктері бірдей болатын үшбұрыштардың аудандарының қатынасының қасиеттерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.20 трапеция ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.21 төртбұрыштың ауданын диагональдары мен олардың арасындағы бұрыштың синусы арқылы есептеу формуласын қорытып шығару және қолдану
4-тоқсан		
Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі	Жазықтықтағы координаталар әдісі. Есептерді шығаруда координаталарды қолдану	8.1.3.22 жазықтықта берілген екі нүктенің арақашықтығын олардың тікбұрышты координаталық жүйедегі координаталары бойынша есептеу; 8.1.3.23 кесінді ортасының координаталарын оның ұштарының координаталары бойынша табу, графикалық бағдарламаны қолданып, салыстыру; 8.1.3.24 центрі, нүктесі, радиусы r болатын шеңбер теңдеуінің формуласын қорытып шығару және қолдану, берілген элементтері бойынша шеңбердің теңдеуін құру; 8.1.3.25 берілген теңдеуі бойынша координаталық жазықтықта шеңберді салу;

		8.1.3.26 түзудің жалпы теңдеуімен және бұрыштық коэффициентпен берілу тәсілдерін қолдану, түзудің координаталар жүйесінде орналасуын және екі түзудің өзара орналасуын теңдеулері бойынша анықтау; 8.1.3.27 берілген екі нүкте арқылы, бұрыштық коэффициенті мен нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін құрастыру, программалық жасақтаманы қолданып, берілген теңдеулері бойынша түзулерді салу; 8.1.3.28 геометриялық есептерді шығаруда координаталық әдісті қолдану
8-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

3) 9-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
8-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
Жазықтықтағы векторлар	Вектор. Коллинеар және коллинеар емес векторлар. Векторларға амалдар қолдану	9.1.4.1 вектордың, нөлдік вектордың, коллинеар векторлардың, бағыттас, қарама-қарсы бағытталған векторлардың, вектор ұзындығының, тең векторлардың анықтамаларын тұжырымдау; 9.1.4.2 кез келген нүктеден берілген векторға тең бір ғана вектор салуға болатыны туралы теореманы тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану, коллинеар, тең, қарама-қарсы векторларды және векторлар арасындағы бұрышты салу және суреті бойынша табу; 9.1.4.3 векторларды қосу, азайту, векторды санға көбейту ережелерін және қасиеттерін қолдану; 9.1.4.4 векторлардың коллинеарлығының қажетті және жеткілікті шартын тұжырымдау және қолдану; 9.1.4.5 векторды екі коллинеар емес векторлар арқылы жіктеу туралы теореманы тұжырымдау және қолдану; 9.1.4.6 екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын тұжырымдау; 9.1.4.7 векторлардың скаляр көбейтіндісінің анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау және қолдану;

		9.1.4.8 есептерді векторлық әдіспен шешу, координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдана білу, векторлар арасындағы бұрышты есептеу
	Вектордың координаталары. Координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану	9.1.3.1 тікбұрышты координаталар жүйесінде вектор координаталарының анықтамасын тұжырымдау; 9.1.4.9 координаталарымен берілген векторлардың теңдігі және коллинеарлығы ұғымдарын есептер шығаруда қолдану, векторлардың коллинеарлық шартын білу және қолдану, координаталары бойынша тең, қарама-қарсы векторларды анықтау; 9.1.3.2 координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану, координаталарымен берілген векторға векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу туралы теореманы қолдану; 9.1.4.10 нүктенің радиус-векторы анықтамасын тұжырымдау, вектордың координаталарын оның ұшы мен басының координаталары бойынша табу; 9.1.3.3 вектордың ұзындығын оның координаталары бойынша табу; 9.1.3.4 координаталарымен берілген векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін қолдану; 9.1.3.5 координаталарымен берілген векторлардың арасындағы бұрыштың косинусын есептеу
	Векторларды есеп шығаруда қолдану	9.1.4.11 есептер шығаруда векторлық-координаталық әдісті қолдану, векторды берілген координаталары бойынша салу және оның координаталарын координаталық жазықтықта табу
2-тоқсан		
Жазықтықтағы қозғалыстар мен ұқсастықтар	Жазықтықтағы қозғалыстар	9.1.4.12 қозғалыстардың анықтамасы мен негізгі қасиеттерін тұжырымдау; 9.1.4.13 қозғалыстардың түрлерін сипаттау: осьтік симметрия, бұру, центрлік симметрия, параллель көшіру, қозғалыстардың композициясы; 9.1.4.14 осьтік және центрлік симметрия, параллель көшіру, бұру кезінде және олардың композициясында фигуралардың бейнелерін салу, симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін және

		түпбейнелерін сала білу және программалық жасақтаманы қолдану; 9.1.4.15 симметрия центрі және симметрия осі бар фигуралардың анықтамалары мен қасиеттерін тұжырымдау; 9.1.4.16 жазықтықтағы қозғалыстарды қолдана отырып, есептер шығару
	Гомотетия және оның қасиеттері	9.1.4.17 гомотетияның анықтамасы мен қасиеттерін тұжырымдау, оларды есептер шығаруда қолдану; 9.1.4.18 гомотетия кезінде әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу
	Ұқсас түрлендіру және олардың қасиеттері. Ұқсас фигуралар. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері	9.1.4.19 ұқсас түрлендірудің анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау, ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін тұжырымдау; 9.1.4.20 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.4.21 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығының белгілерін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.4.22 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану; 9.1.4.23 ұқсас фигуралардың аудандары мен ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын қолдану; 9.1.1.1 шеңбер хордалары, ортақ нүктесі болатын қиюшылары және шеңберге жүргізілген жанамалар кесінділерінің пропорционалдылығы туралы теоремаларды тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану
3-тоқсан		
Үшбұрыштарды шешу	Косинустар теоремасы	9.1.3.6 косинустар теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану
	Синустар теоремасы	9.1.3.7 синустар теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу және қолдану
	Үшбұрыштар мен шеңбер. Көпбұрыштар мен шеңбер	9.1.3.8 үшбұрыштың қабырғалары мен сырттай сызылған шеңбер радиусы арқылы берілген үшбұрыштың ауданын есептеу формуласын қолдану; 9.1.3.9 жарты периметр мен іштей сызылған шеңбердің радиусы арқылы берілген көпбұрыштың ауданын есептеу формуласын қолдану;

		9.1.3.10 үшбұрыштардың, төртбұрыштардың элементтері мен іштей және сырттай сызылған шеңберлер радиустарының арасындығы тәуелділікке есептер шығару
	Үшбұрыштарды шешу	9.1.3.11 геометриялық және қолданбалы есептерде үшбұрыштарды шешуді қолдану
4-тоқсан		
Дұрыс көпбұрыштар. Шеңбер. Дөңгелек.	Дұрыс көпбұрыштар, олардың қасиеттері және симметриялары	9.1.2.1 дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын тұжырымдау, қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 9.1.2.2 дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей, сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды қолдану; 9.1.2.3 циркуль мен сызғыштың көмегімен салынатын қарапайым дұрыс көпбұрыштарды салу, олардың симметрияларын атау; 9.1.2.4 дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды қолдану, формулалардағы тригонометриялық функциялардың мағынасы мен олардың геометриялық негізін пайымдау; 9.1.3.12 дұрыс көпбұрыштарға берілген қолданбалы есептерді шығару, дұрыс көпбұрыштың қабырғасы мен оған іштей сызылған шеңбердің радиусының арасындағы байланысты және дұрыс көпбұрыштың қабырғасы мен оған сырттай сызылған шеңбердің радиусының арасындағы байланысты қорытып шығару және қолдану
	Шеңбер және дөңгелек. Доғаның ұзындығы. Дөңгелек, сектор және сегменттің аудандары	9.1.3.13 шеңбердің ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.1.2 доғаның градустық және радиандық өлшемі арқылы оның ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану, көпбұрышқа іштей сызылған шеңбердің анықтамасын және көпбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің анықтамасын білу және қолдану, шеңберге іштей сызылған төртбұрыш туралы теореманы және

		шеңберге сырттай сызылған төртбұрыш туралы теореманы қолдану; 9.1.3.14 дөңгелектің ауданын есептеу, формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.15 сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.16 шеңбердің ұзындығын, доғаның ұзындығын, дөңгелек және оның бөліктерінің ауданын табуға берілген қолданбалы есептерді шығару
7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		

5-параграф. Бағалау критерийлері

18. Әр тақырыптық блоктың соңында білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі.

19. «Геометрия» оқу пәнінің міндеті төрт бағалау критерийінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1-8) бар. Олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл білім алушылардың жұмысы жөнінде педагогтердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий A: Білу және түсіну	Критерий B: Зерттеу	Критерий C: Коммуникация	Критерий D: Шынайы өмірде қолдану
Геометриялық ұғымдарды, формулаларды және теоремаларды анықтап, түсінеді. Негізгі фигуралардың қасиеттерін біледі (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек). Геометриялық терминдерді дұрыс қолданады	Геометриялық есептерді шешуде түрлі әдістерді қолданады. Жаңа ақпаратты зерттеп, өз бетімен дәлелдей алады. Геометриялық фигуралардың қасиеттерін зерттеу арқылы қорытынды жасайды	Геометриялық идеяларын дұрыс және нақты жазады, суреттейді. Басқа білім алушыларға түсінікті тілмен түсіндіреді. Сызбаларды қолдана отырып, өз ойын білдіреді.	Геометрияның күнделікті өмірдегі маңызын түсінеді. Практикалық жағдайларда (құрылыс, дизайн, навигация) геометриялық білімді қолданады. Модельдеу және жобалау тапсырмаларын орындай алады

20. Бағалау шәкілі:

4-критерий	3-критерий	2-критерий	1-критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3

10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

21. Бағалауы:

1) фигуралар мен олардың қасиеттері;

2) геометриялық шамаларды өлшеу;

3) геометриялық дәлелдер мен логикалық ойлау;

4) фигураларды түрлендіру (трансформациялар);

5) координаталық геометрия элементтері;

6) ұқсастық пен пропорционалдық;

7) геометрия және өмірмен байланыс;

8) геометрияның тарихи және мәдени маңызы.

22. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды. Олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Анализ	Білім алушыларға фигуралар (теңшамалы, теңқұрамды фигуралар) ұсынылады. Олар осы фигураны салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдайды, пікірін негіздеп жазады (A, B және D критерийлері)	30
Шығармашылық жазу	Білім алушылардың жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыруы (B критерийі), шығармашылық процесіне қатысып, аудиторияға әсерін түсінуі, сондай-ақ дәлелдеу теоремаларды дұрыс қолдануы бағаланады (C және D критерийлері).	50

23. Үлгі сұрақ (жоба):

1) жоба тақырыбы;

2) жобаның мақсаты;

3) жобаның міндеттері.

7-9-сыныптарға арналған
«Информатика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, тереңдетілген оқу бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған және бірегей білім беру моделін ұсынады. Ол пәнаралық тәсілді, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту мен жеке білім траекторияларын құруды көздейді.

Бағдарлама білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамуын, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруін, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруды, сондай-ақ әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Информатика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушының бойында өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми-зерттеу және ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

«Информатика» оқу пәнін оқытудың мақсаты: білім алушыларды заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін қажетті базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

«Информатика» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) білім алушыларда ақпараттық процестердің қоғамдағы түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әртүрлі саласында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;

2) ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс-әрекетінде тиімді пайдалану біліктерін дамыту;

3) білім алушыларды жүйелерді талдау, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды жасау, өздерінің өнімдерін бағалау үшін компьютермен жұмыс істеудің базалық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету;

4) талдау, абстракциялау, модельдеу және программалау арқылы түрлі тапсырмалар шеше білуді дамыту;

5) білім алушылардың бойында жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және жалпы заңдылықтарды айқындау, қойылған міндеттерді

шешудің тиімді және ұтымды тәсілдерін іздеу қабілеттілігін қамтитын логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеу ойлауын дамыту;

6) білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, жалпы қабылданған қағидаларды сақтау, жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғам мүдделерін ескеру;

7) білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету;

8) білім алушылардың ақпаратпен тиімді жұмыс істеу үшін қажетті қазіргі заманғы технологиялар мен әдістерді меңгеруі.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Информатика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағатты;

2) 8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағатты;

3) 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағатты құрайды.

2. «Информатика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «Информатика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімнен тұрады:

1) компьютерлік жүйелер;

2) ақпараттық процестер;

3) компьютерлік ойлау;

4) денсаулық және қауіпсіздік.

7. «Компьютерлік жүйелер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) программалық және аппараттық қамтамасыз ету;

2) компьютерлік желілер.

8. «Ақпараттық процестер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ақпаратты өлшеу мен ұсыну;

2) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.

9. «Компьютерлік ойлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) модельдеу;

2) алгоритмдер;

3) программалау;

4) жасанды интеллект.

10. «Денсаулық және қауіпсіздік» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) эргономика;

2) ақпараттық қауіпсіздік.

11. 7-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Ақпарат. Ақпаратты өлшеу»: Жеке қауіпсіздік. Ақпараттың өлшем бірлігі. Мәтіндік ақпаратты және монохромды кескінді кодтау (ASCII, Unicode);

2) «Электрондық кестелер»: Программа интерфейсі, электрондық кестелердің негізгі түсініктері. Деректер түрлері. Формулаларды енгізу, ұяшықтарға сілтемелер. Шартты пішімдеу. Кестелік деректердің графикалық көрінісі;

3) «Python тілінде сызықтық алгоритмдерді программалау»: IDE-мен танысу (Integrated Development Environment). Тіл алфавиті. Синтаксис. Деректер типі. Арифметикалық өрнектерді жазу ережелері. Сандарды енгізу және шығару; Сызықтық алгоритмдерді программалау;

4) «Python тілінде тармақталған алгоритмдерді программалау»: Тармақталған алгоритмдерді программалау. Функциялар кітапханасы. Функцияларды анықтау. Программаны тестілеу.

12. 8-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Электрондық кестелер»: Мәтіндік функциялар. Математикалық функциялар. Логикалық функциялар. Статистикалық функциялар. Қолданбалы есептерді шешу. Электрондық кестелер және жасанды интеллект;

2) «Python тілінде циклдік алгоритмдерді программалау»: While циклі. For циклі. Циклдармен басқару;

3) «Практикалық программалау»: Проблема қою. Алгоритмдерді өңдеу. Алгоритмдерді программалау. Программаларды тестілеу.

13. 9-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Компьютерлік желілер»: Желідегі қауіпсіздік. Компьютердің IP адресі. Желі маскасы. Домендік атау жүйесі және ақпаратты беру хаттамалары. Желінің өткізу қабілеттілігін анықтау;

2) «Microsoft Access деректер базасы»: Деректер базасы туралы негізгі түсініктер. Программа интерфейсі, кесте құру. Деректер базасындағы кестелердің байланысы. Формалар. Сұраныстар. Есептер. Өз деректер базасын құру;

3) Python тілінде программалау: Жолдарды өңдеу. Тізімдер. Кортеждер.

4) Python программалау тілінде 2D ойын құру: PyGame кітапханасы. Ойынның фоны мен кейіпкерлері (спрайттары). Кейіпкерлер қозғалысы (спрайттар). Шарттарды программалау.

14. Оқу пәнінің негізгі бағыттары (пәндік және метапәндік дағдылар)**:**

1) ұлттық және жаһандық құзыреттіліктер: оқу бағдарламасының мазмұны білім алушыларды заманауи жасанды интеллект жүйелерін (визуализация құралдары, деректерді талдау платформалары) тануға және оларды тиімді және жауапкершілікпен қолдануға үйретуге бағытталған. Бағдарлама халықаралық IT-стандарттар мен әмбебап программалау тілдеріне (Python, C++, Scratch, HTML) бейімдеу арқылы білім алушылардың жаһандық еңбек нарығына икемделу мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Жаһандық цифрлық ортада қауіпсіз жұмыс істеу, дербес деректерді қорғау, жасанды интеллект құралдарын этикалық тұрғыда пайдалану дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Бағдарлама аясында ғаламдық цифрлық қауіпсіздік, жасанды интеллект технологиялары және кибербуллинг сияқты өзекті мәселелерді талдау қарастырылған. Шетелдік бағдарламалау платформаларын қолдану арқылы білім алушылардың тәжірибесі кеңейтіледі, халықаралық IT жобаларға қатысуға немесе олар бойынша рефлексия жасауға мүмкіндік береді;

2) тілдік құзыреттілік: бағдарлама білім алушылардың ақпараттық технологиялар саласындағы мәтіндерді (алгоритм сипаттамалары, код түсіндірмелері) түсініп оқуы мен талдауын дамытуға бағытталған. Программалау тілдеріндегі командаларды, нұсқаулықтарды және видеосабақтарды тыңдау арқылы негізгі мазмұнын ұғыну, өзінің ой-пікірін, идеясы мен шешімін дәл және түсінікті жеткізу дағдыларын қалыптастыру қарастырылған. Білім алушылардың өздері жасаған программаларды ауызша түсіндіру қабілеттерін дамытуға ерекше мән беріледі;

3) коммуникативтік құзыреттілік: оқу мазмұны білім алушылардың компьютердің құрамдас бөліктері (процессор, жедел жады, қатқыл диск, аналық тақша) туралы білімін қалыптастыруға, ақпараттық процестердің кезеңдерін сипаттауға, кесте, диаграмма және инфографика секілді ақпарат ұсыну құралдарын түсіну және қолдануға бағытталған. Білім алушыларға есептерді шешу жолдарын және алгоритмдердің кезеңдерін жүйелі түрде сипаттау, логикалық құрылымдарды (егер..., онда..., әйтпесе...) пайдалана отырып, ойды анық және ретпен жеткізу дағдыларын дамыту көзделген;

4) әдеби-мәдени құзыреттілік: бағдарлама білім алушылардың бұлтты сақтау платформаларын пайдалану арқылы әдеби және мәдени мұраларды сақтап, оларды сілтеме арқылы бөлісу дағдыларын дамытуды көздейді. Python тіліндегі Pygame кітапханасы арқылы аңыз-ертегілерді анимациялау, ұлттық киімдер, музыка, тағамдар және ойындар туралы инфографика әзірлеу мүмкіндігі қарастырылған. Қазақ және әлем әдебиеті бойынша мәліметтерді кесте түрінде ұсыну, деректерге фильтрлер, диаграммалар мен формулалар қолдану, мәдени мазмұнды цифрлық форматта жүйелеу дағдыларын қалыптастыру бағдарлама міндеттерінің бірі болып табылады;

5) зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі: бағдарлама білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және сындарлы пікір алмасу мәдениетін дамытуға бағытталған. Деректерді зерттеу барысында логикалық ойлау мен тиімді шешім қабылдау

әдістерін қолдану, зерттеу нәтижелерін диаграммалар, кестелер және иллюстрациялар арқылы түсіндіру дағдылары қарастырылған. Цифрлық құралдар мен платформаларды пайдалана отырып, зерттеу жүргізу, нәтижелерін дәлелдермен негіздеу дағдыларын дамыту көзделген.

6) базалық құндылықтар: бағдарлама мазмұны базалық құндылықтарды қалыптастыруды көздейді: тәуелсіздік және патриотизм, бірлік және ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық.

15. Оқу пәнінің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен қазақтың ұлттық дәстүрлерін ұштастыра отырып, білім алушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

16. «Информатика» пәнінің оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін қызықты, өзекті, қиын және маңызды мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу негізіндегі бағдарлама тілді зерттеуінде фактілік, концептуалды және талқылауға тұрарлық сұрақтарды зерттейді.

17. Білім алушылар негізгі ұғымдарды ғаламдық контекст арқылы зерттейді:

1) сәйкестік және қатынастар;

2) кеңістік пен уақыттағы бағдарлау;

3) жеке және мәдени өрнек;

4) ғылыми-техникалық инновациялар;

5) жаһандану және тұрақтылық;

6) әділеттілік және даму.

18. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Білім алушы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы топтық жобаларды басқаруға, шешім қабылдауға және командалық жұмысты үйлестіруге қабілетті болады, цифрлық құралдар арқылы өз ойын нақты жеткізе алу және инновациялық идеяларды ұсына отырып, көшбасшылық қабілеттері дамиды	Білім алушы ақпараттық технологияларды саналы және жауапкершілікпен қолдана отырып, өз бетімен білім алуға, өзін-өзі дамытуға және дербес шешім қабылдауға ұмтылады, цифрлық ортада этикалық нормаларды сақтай отырып, қызығушылығы мен қабілеттері артады	«Информатика» оқу пәні білім алушыға заманауи технологиялық әдіс-тәсілдерді әлемдік деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді

Ғылым	Білім алушының әлеуметтік немесе экологиялық өзекті мәселелерді шешуге бағытталған IT жобаларын әзірлеу және оларды халықаралық деңгейде ұсыну арқылы зерттеушілік қабілеттерін дамиды	Білім алушы цифрлық технологиялардың маңызын түсінеді және оларды заманауи талаптарға сай меңгереді, халықаралық деңгейде қолдану дағдылары дамиды	Білім алушының заманауи технологияларды меңгеруі арқылы ғылыми-зерттеу құзыреттілігі қалыптастырады
Шығармашылық	Білім алушы заманауи цифрлық құралдарды (графикалық редакторлар, анимация, программалау ортасы, мультимедиа құрылғылары) қолдана отырып, бірегей идеялар ұсынады және шығармашылық жобалар әзірлейді, ақпаратты модельдеп, визуалды және мазмұндық жағынан тиімді түрде ұсыну дағдыларын меңгереді	Білім алушының қызығушылығы мен әлеуетін негізге ала отырып, цифрлық ортада креативті идеяларын жүзеге асырады, ақпараттық технологиялар арқылы өзіндік өнімдер (бейнеролик, анимация, программа, веб-парақша) жасайды, шығармашылықпен жұмыс жасау барысында білім алушы жеке тұлғалық даму траекториясын қалыптастыруға және жетілдіруге ұмтылады	Білім алушының жаһандық ой-өрісін кеңейтуге және білімге деген қызығушылығын арттыруға негізделген

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

19. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

20. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

21. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) компьютерлік жүйелер:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып

1. Программалық және аппараттық қамтамасыз ету	7.1.1.1 компьютердіңжадытүрлерініңмақсаттарынсипаттау (жеделестесақтауқұрылғысы, тұрақтыестесақтауқұрылғысы, сыртқыжады, кэш-жады); 7. 1.1. 2 бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру;	8.1.1.1 процессордың негізгі сипаттамаларын түсіндіру; 8.1.1.2 процессордың функцияларын қарапайым деңгейде түсіндіру	9. 1. 1. 1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау 9. 1. 1.2 пайдаланушының қажеттілігіне қарай программалық жасақтаманы таңдау 9.1.1.3 мақсатына байланысты конфигурацияны таңдау
2.Компьютерлік желілер	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу	8.1.2.1 желінің өнімділігі, өткізу қабілетін анықтау (SpeedTest.net, Fast.com интернет жылдамдығын өлшеу құралдарын пайдаланып, интернеттің өткізу қабілетін өлшеу және талдау)	9. 1. 2. 1 бұлтты технологияларды қолданатын құжаттар мен бірлескен жұмысты жүзеге асыру

2) ақпараттық процестер:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Ақпаратты өлшеу және ұсыну	7. 2. 1. 1 ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыру. 7.2.1.2 алфавиттік тәсілді қолданып, ақпарат көлемін анықтау	8.2.1.1 ақпараттың көлемін анықтау; 8.2.1.1 алфавиттік тәсіл қолдану	9. 2. 1. 1 ақпараттың қасиеттерін анықтау (маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық)
2.Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	7.2.2.1 электронды кесте элементтерін пішімдеу: жол, баған, ұяшық 7. 2. 2. 2 электрондық кестенің элементтерін пішімдеу;	8.2.2.1 электронды кестелерде мәтіндік және логикалық функцияларды (СТРОЧН(), ПСТР(), ЗАМЕНИТЬ(), ДЛСТР())қолдану; 8.2.2.2 электронды кестелердегі	9.2.2.1 деректер қоры (ДҚ), деректер қорын басқару жүйесі (ДҚБЖ), өріс, жазба, индекс ұғымдарын түсіндіру (мектеп кітапханасының

	7.2.2.3 ұяшық адресін, ұяшық диапазонын, абсолютті, салыстырмалы және аралас сілтемелерді қолдана отырып электронды кестеде есептеу үшін формула құру 7.2.2.4 электронды кестеде шартты пішімдеуді қолдану 7.2.2.5 деректерді талдау барысында электронды кестеде диаграммалар құру 7. 2. 2. 6 электрондық кестеде есептеулер үшін формулаларды жасау	математикалық функцияларды (СУММ(); ABS(); КОРЕНЬ();СТЕПЕНЬ(); ЦЕЛОЕ(), ЧАСТНОЕ(), ОСТАТ(), ОКРУГЛ()) қолдану, Google Sheets арқылы нақты күнделікті өмірмен байланысты есептер шығару (үй бюджетін есептеу); 8.2.2.3 электронды кестелерде логикалық операцияларды өңдеу функцияларын (ЕСЛИ(); И(); ИЛИ(); НЕ()) қолдану; 8.2.2.4 электронды кестелерде статистикалық функцияларды СРЗНАЧ(); МАКС(); МИН(); ВПР() қолдану; 8.2.2.5 функционалдық сауатталық есептерін шешуде Google Sheets мүмкіндіктерін қолдану 8.2.2.6 функцияның графигін тұрғызу үшін диаграмманы қолдану(диаграмма арқылы ауа райына, курс бағамына балжам жасау) 8.2.2.7 функция графигінің қасиеттерін өзгерте білу	деректер қоры жобасы); 9.2.2.2 деректер қорытиптерін (реляциялық, иерархиялық, желілік) сипаттау; 9.2.2.3 деректер құрылымын, типін және өлшемін анықтай отырып, бір кестелі деректер қорын құру; 9.2.2.4 деректердің тұтастығын сақтай отырып, көпкестелі деректер құру 9.2.2.5 конструктор режимінде есептер шебері көмегімен форма, сұраныс есептер құру

3) компьютерлік ойлау:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Модельдеу		8.3.1.1 Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін құру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану)	

2.Алгоритмдер	7. 3. 2. 1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу	8.3.2.1алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру(математикада трассировка қолдану мысладарын қарастыру) 8.3.2.2 программаны тестілеу барысында трассировканы қолдану	9.3.2.1 сұрыптау алгоритмдерін қолодану
3.Программалау	7.3.3.1 Python программалау тілінде файлдармен (файлдарды ашу мен жабу, оқу және жазу) жұмысты жүзеге асыру; 7.3.3.2 берілген тапсырмаға байланысты if, if + else, if + elif + else шартты конструкцияларын қолдану; 7.3.3.3 логикалық операцияларды (and, or, not) қолданып, құрама шарттарды программалауды жүзеге асыру 7.3.3.4 программа кодында (len(), round(), max(), min(), random()) функцияларын шақыруды қолдану	8.3.3.1 While (уайл) цикл операторын тапсырмалар шешу үшін қолдану (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану); 8.3.3.2 For (фор) цикл операторын тапсырмалар шешу үшін қолдану; 8.3.3.3 циклді ұйымдастырған кезде range() функциясы мен in конструкциясын қолдану; 8.3.3.4 тапсырмаларды шешу кезінде циклді басқару нұсқауларын (continue, break, else) қолдану; 8.3.3.5 For және While операторларын пайланып, кірістірілген циклдерді ұйымдастыру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану)	9.3.3.1 бір өлшемді массивтерді пайдаланып Python программалау тілінде программаларды жасау 9.3.3.2 элементтер арасында шартқа сәйкес элементті іздеу 9.3.3.3 элементтерді жою және кірістіруді ұйымдастыру 9.3.3.4 екі өлшемді массивтер Python программалау тілінде программаларды жасау 9.3.3.5 Pygameкітапханасын қосу; 9.3.3.6 Pygame терезесінде геометриялық фигураларды құру (тіктөртбұрыш, дөңгеленген тіктөртбұрыш, сызық, эллипс, көпбұрыш, полигон); 9.3.3.7 ойын фоны мен кейіпкер (спрайт) үшін сурет жүктеу; 9.3.3.8 пернетақта мен тінтуірді қолданып, ойын ортасында спрайт

			қозғалысын ұйымдастыру; 9.3.3.9 ойындағы нысандармен кейіпкерлердің ойын ортасындағы өзара іс-әрекетін ұйымдастыру; 9.3.3.10 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу; 9.3.3.11 программа кодында кортеждер құру

4) денсаулық және қауіпсіздік:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7 -сынып	8-сынып	9-сынып
1.Ақпараттық қауіпсіздік және эргономика	7.4.1.1 сенімді құпиясөз және екі факторлы авторизация (аутентификация) көмегімен жеке есептік жазбаны қорғауды ұйымдастыру 7.4.1.2 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау	8.4.1.1 Интернет желісінде жалған және теріс ақпаратты таратудың салдарын талдау; 8.4.1.2 ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіптерді жіктеу(kaspersky, dr.web, eset т.б. бағдарламаларға шолу жасау)	9.4.1.1 құрылғыларды қажетсіз желілік трафиктен (брандмауэр, жарнаманы жүктеуге және көрсетуге тыйым салатын браузер кеңейтілімі) қорғауға арналған программалық жабдықтаманы тандау (Edge пен Chrome кеңейтімдерін салыстыру) 9.4.1.2 желідегі этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдары туралы айту, мысал келтіру

Оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «2» оқу мақсатының реттік саны.

22. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

23. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 7-9-сыныптарына арналған «Информатика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Информатика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7- сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Компьютерлік жады және ақпараттың өлшем бірліктері	Ақпараттың өлшем бірліктері	7.4.1.1 сенімді құпиясөз және екі факторлы авторизация (аутентификация) көмегімен жеке есептік жазбаны қорғауды ұйымдастыру
	Файлдың форматтары	7. 1.1.2 бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру;
	Ақпаратты өлшеу	7.2.1.2 алфавиттік тәсілді қолданып, ақпарат көлемін анықтау 7. 2. 1. 1 ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыру.
Желі және қауіпсіздік	Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу
	Антивирустық қауіпсіздік	7.4.1.2 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау
	Пайдаланушы интерфейсі	7.4.1.1 сенімді құпиясөз және екі факторлы авторизация (аутентификация) көмегімен жеке есептік жазбаны қорғауды ұйымдастыру
2-тоқсан		
Электронды кестелер	Электронды кесте ұғымдары, программа интерфейсі	7.2.2.1 электронды кесте элементтерін пішімдеу: жол, баған, ұяшық
	Деректер типтері	7. 2. 2. 2 электрондық кестенің элементтерін пішімдеу;
	Ұяшыққа формулалар мен сілтемелерді енгізу	7.2.2.3 ұяшық адресін, ұяшық диапазонын, абсолютті, салыстырмалы және аралас сілтемелерді қолдана отырып электронды кестеде есептеу үшін формула құру
	Шартты пішімдеу	7.2.2.4 электронды кестеде шартты пішімдеуді қолдану

	Кесте деректерін графикалық түрде ұсыну	7.2.2.5 деректерді талдау барысында электронды кестеде диаграммалар құру
3-тоқсан		
Python (пайтон) тілінде тармақталған алгоритмдерді программалау	Файлдармен жұмыс	7.3.3.1 Python программалау тілінде файлдармен (файлдарды ашу мен жабу, оқу және жазу) жұмысты жүзеге асыру;
	Тармақталған алгоритмдерді программалау	7.3.3.2 берілген тапсырмаға байланысты if, if + else, if + elif + else шартты конструкцияларын қолдану; 7.3.3.3 логикалық операцияларды(and, or, not) қолданып, құрама шарттарды программалауды жүзеге асыру
	Функциялар кітапханасы	7.3.3.4 программа кодында (len(), round(), max(), min(), random()) функцияларын шақыруды қолдану
4-тоқсан		
Практикалық программалау	Мәселені қалыптастыру	7. 3. 2. 1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу
	Алгоритмді әзірлеу	7. 3. 2. 1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу
	Программаны тестілеу	7. 3. 2. 1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу

2) 8-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Компьютер мен желінің техникалық сипаттамалары	Ақпаратты өлшеу	8.2.1.1 ақпараттың көлемін анықтау; 8.2.1.1 алфавиттік тәсіл қолдану
	Компьютердің ішкі құрылысы және қосымша құрылғылары	8.1.1.1 процессордың негізгі сипаттамаларын түсіндіру; 8.1.1.2 процессордың функцияларын қарапайым деңгейде түсіндіру 8.1.2.1 желінің өнімділігі, өткізу қабілетін анықтау (SpeedTest.net, Fast.com интернет жылдамдығын өлшеу құралдарын пайдаланып, интернеттің өткізу қабілетін өлшеу және талдау)
Денсаулық және қауіпсіздік	Компьютерді пайдаланудың кері аспектілері	8.4.1.1 Интернет желісінде жалған және теріс ақпаратты таратудың салдарын талдау;

		8.4.1.2 ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіптерді жіктеу(kaspersky, dr.web, eset т.б. бағдарламаларға шолу жасау)
2-тоқсан		
Электрондық кестелер	Мәтіндік функциялар	8.2.2.1 электронды кестелерде мәтіндік және логикалық функцияларды (СТРОЧН(), ПСТР(), ЗАМЕНИТЬ(), ДЛСТР())қолдану;
	Математикалық функциялар	8.2.2.2 электронды кестелердегі математикалық функцияларды (СУММ(); ABS(); КОРЕНЬ();СТЕПЕНЬ(); ЦЕЛОЕ(), ЧАСТНОЕ(), ОСТАТ(), ОКРУГЛ()) қолдану, Google Sheets арқылы нақты күнделікті өмірмен байланысты есептер шығару (үй бюджетін есептеу);
	Логикалық функциялар	8.2.2.3 электронды кестелерде логикалық операцияларды өңдеу функцияларын (ЕСЛИ(); И(); ИЛИ(); НЕ()) қолдану;
	Статистикалық функциялар	8.2.2.4 электронды кестелерде статистикалық функцияларды СРЗНАЧ(); МАКС(); МИН(); ВПР() қолдану;
		8.2.2.5 функционалдық сауатталық есептерін шешуде Google Sheets мүмкіндіктерін қолдану
	Қолданбалы есептерді шешу	8.2.2.5 функционалдық сауатталық есептерін шешуде Google Sheets мүмкіндіктерін қолдану 8.2.2.6 функцияның графигін тұрғызу үшін диаграмманы қолдану (диаграмма арқылы ауа райына, курс бағамына балжам жасау) 8.2.2.7 функция графигінің қасиеттерін өзгерте білу
3-тоқсан		
Python тілінде циклдік алгоритмдерді программалау	While (уайл) циклі	8.3.3.1 While (уайл) цикл операторын тапсырмалар шешу үшін қолдану (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану);
	For (фор) циклі	8.3.3.2 For (фор) цикл операторын тапсырмалар шешу үшін қолдану; 8.3.3.3 циклді ұйымдастырған кезде range() функциясы мен in конструкциясын қолдану;
	Циклді басқару	8.3.3.4 тапсырмаларды шешу кезінде циклді басқару нұсқауларын (continue, break, else) қолдану8.3.3.6 алгортмнің жұмыс істеу қасиетін тексеру үшін трассировканы қолдану (математикада трассировканы қолдану мысалдарын қарастыру)

	Кірістірілген цикл	8.3.3.5 For және While операторларын пайланып, кірістірілген циклдерді ұйымдастыру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану) 8.3.2.1алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру (математикада трассировка қолдану мысладарын қарастыру) 8.3.2.2 программаны тестілеу барысындатрассировканы қолдану
4 тоқсан		
Практикалық программалау	Мәселенің қойылуы	8.3.1.1Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін құру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану) 8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру
	Алгоритмді әзірлеу	8.3.1.1Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін құру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану) 8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру
	Алгоритмді программалау	8.3.1.1Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін құру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану) 8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру
	Программаны тестілеу	8.3.1.1Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін құру (Google Colaboratory бұлтты сервис мүмкіндіктерін қолдану) 8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру

3) 9-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Ақпаратпен жұмыс жасау	Ақпараттың сипаттамалары	9. 2. 1. 1 ақпараттың қасиеттерін анықтау (маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық)
	Компьютер ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін сыни түрде бағалау	9.4.1.1 құрылғыларды қажетсіз желілік трафиктен (брандмауэр, жарнаманы жүктеуге және көрсетуге тыйым салатын браузер кеңейтілімі) қорғауға арналған программалық жабдықтаманы тандау (Edge пен Chrome кеңейтімдерін салыстыру)
	Құжаттармен бірлесіп жұмысы жасау	9. 1. 2. 1 бұлтты технологияларды қолданатын құжаттар мен бірлескен жұмысты жүзеге асыру

	Желілік этикет	9.4.1.2 желідегі этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдары туралы айту, мысал келтіру
Компьюер таңдаймыз	Компьютердің конфигурациясы	9. 1. 1. 1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау
	Программалық жасақтаманы таңдау	9. 1. 1.2 пайдаланушының қажеттілігіне қарай программалық жасақтаманы таңдау
	Компьютер құнын есептеу	9.1.1.3 мақсатына байланысты конфигурацияны таңдау
2-тоқсан		
Деректер қоры	Деректер қоры ұғымы	9.2.2.1 деректер қоры (ДҚ), деректер қорын басқару жүйесі (ДҚБЖ), өріс, жазба, индекс ұғымдарын түсіндіру (мектеп кітапханасының деректер қоры жобасы); 9.2.2.2 деректер қорытиптерін (реляциялық, иерархиялық, желілік) сипаттау;
	Бағдарлама интерфейсі, кесте құру	9.2.2.3 деректер құрылымын, типін және өлшемін анықтай отырып, бір кестелі деректер қорын құру;
	Деректер қорындағы кестелердің арасындағы байланыс	9.2.2.4 деректердің тұтастығын сақтай отырып, көпкестелі деректер құру
	Формалар. Сұраныстар.Есептер	9.2.2.5 конструктор режимінде есептер шебері көмегімен форма, сұраныс есептер құру
3-тоқсан		
PYTHON тілінде программалау	Бір өлшемді массивтер	9.3.3.1 бір өлшемді массивтерді пайдаланып Python программалау тілінде программаларды жасау 9.3.3.2 элементтер арасында шартқа сәйкес элементті іздеу 9.3.3.3 элементтерді жою және кірістіруді ұйымдастыру
	Массивтерді сұрыптау	9.3.2.1 сұрыптау алгоритмдерін қолодану
	Екі өлщемді массивтер	9.3.3.4 екі өлшемді массивтер Python программалау тілінде программаларды жасау
4-тоқсан		

Pythonпрограммалау тілінде 2D ойын құру	PyGame кітапханасы	9.3.3.5 Pygameкітапханасын қосу; 9.3.3.6 Pygame терезесінде геометриялық фигураларды құру (тіктөртбұрыш, дөңгеленген тіктөртбұрыш, сызық, эллипс, көпбұрыш, полигон)
	Ойындағы кейіпкерлер (спрайт) және артқы фон	9.3.3.7 ойын фоны мен кейіпкер (спрайт) үшін сурет жүктеу
	Кейіпкерлер қозғалысы (спрайт)	9.3.3.8 пернетақта мен тінтуірді қолданып, ойын ортасында спрайт қозғалысын ұйымдастыру; 9.3.3.9 ойындағы нысандармен кейіпкерлердің ойын ортасындағы өзара іс-әрекетін ұйымдастыру
	Шарттарды программалау	9.3.3.10 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу 9.3.3.11 программа кодында кортеждер құру

7-9-сыныптарға арналған
«Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Физика» оқу пәнін оқытудың мақсаты: білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын бақылау және талдау қабілетін қалыптастыру.

«Физика» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде іргелі физикалық заңдар мен принциптер, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерді игерту;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау және STEM дағдыларын дамыту;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

1) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

2. «Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

1) механика;

2) жылу физикасы;

3) электр және магнетизм;

4) оптика;

5) кванттық физика элементтері;

6) астрономия негіздері.

7. «Механика» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) физика – табиғат туралы ғылым;

2) кинематика негіздері;

3) динамика негіздері;

4) сақталу заңдары;

5) статика;

6) тербелістер мен толқындар.

8. «Жылу физикасы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) молекула-кинетикалық теория негіздері;

2) термодинамика негіздері.

9. «Электр және магнетизм» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) электростатика негіздері;

2) тұрақты электр тогы;

3) магнит өрісі;

4) электромагниттік тербелістер және толқындар.

10. «Оптика» бөлімі келесі «Геометриялық оптика» бөлімшесін қамтиды.

11. «Кванттық физика элементтері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) атом және атом ядросының құрылысы;

2) радиоактивтілік;

3) элементар бөлшектер.

12. «Астрономия негіздері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) астрономия негіздері;

2) әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

13. 7-сыныпқа арналған «Физика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Физика – табиғат туралы ғылым»: Физика – табиғат туралы ғылым, физикалық шамалар, өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі, Халықаралық бірліктер жүйесі (ХБЖ) және қазақтың ұлттық өлшем бірліктері.

№ 1 зертханалық жұмыс. Физикалық шамаларды өлшеу.

№ 2 зертханалық жұмыс. Кішкентай денелердің өлшемін анықтау.

STEM жұмыстар: денелердің құлау құбылысын бақылау, аспап шкаласындағы бөліктердің құнын анықтау, пульстің екі қағысы арасындағы уақытты өлшеу.

«Механикалық қозғалыс»: Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары, санақ жүйесі, скаляр және векторлық физикалық шамалар, қозғалыстың салыстырмалылығы, түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар, жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу, механикалық қозғалысты график түрінде сипаттау.

№ 3 зертханалық жұмыс. Орташа жылдамдықты анықтау.

STEM жұмыстар: өзінің жылдамдығын есептеу, бірқалыпты қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру мен жылдамдықтың уақытқа тәуелділігінің графигін зерттеу.

«Тығыздық»: Масса және денелердің массасын өлшеу, дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу, заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі, тығыздықты есептеу.

№ 4 зертханалық жұмыс. Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау.

STEM жұмыстар: таразыларды қолданып, әртүрлі денелердің массасын анықтау, мензурканы пайдаланып, сұйықтың көлемін анықтау, мензурканы пайдаланып, дененің көлемін өлшеу.

«Денелердің өзара әрекеттесуі»: Инерция құбылысы, күш, тартылыс құбылысы және ауырлық күші, салмақ, деформация, серпімділік күші, Гук заңы, үйкеліс күші, үйкеліс күшінің әсерін техникада ескеру, бір түзу бойымен денеге әсер ететін күштерді қосу.

№ 5 зертханалық жұмыс. Серпімді деформацияларды зерттеу.

№ 6 зертханалық жұмыс. Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу.

STEM жұмыстар: динамометр көмегімен күшті өлшеу, ауырлық күшінің массаға тәуелдігін зерттеу, әртүрлі денелердің созылуын зерттеу.

«Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым»: Қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың молекулалық құрылымы, қатты денелердегі қысым, сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы, қатынас ыдыстар, гидравликалық машиналар, атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу, кері итеруші күш, денелердің жүзу шарттары.

№ 7 зертханалық жұмыс. Архимед заңын зерттеу.

№ 8 зертханалық жұмыс. Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау.

STEM жұмыстар: қатты денелердің қысымын зерттеу, сұйық ішіндегі қысымның тереңдікке байланысты өзгеруін зерттеу, кез келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу, атмосфералық қысымды зерттеу.

«Астрономия негіздері»: Астрономия – аспан денелері туралы ғылым, орталық Азияның астрономдары, Күн жүйесі, күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл), Ай фазалары.

STEM жұмыстар: Айдың бетін зерттеу.

«Жұмыс және қуат»: Механикалық жұмыс, қуат.

STEM жұмыстар: жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру, білім алушы өзінің қуатын анықтау, транспорт түрлерінің қуатын салыстыру.

«Энергия»: Кинетикалық энергия, потенциалдық энергия, энергияның сақталуы және бір түрден екінші түрге айналуы.

STEM жұмыстар: үстел теннисі шарының соғылып кері ұшқан кездегі жоғалтқан энергиясын анықтау.

«Жай механизмдер»: Жай механизмдер, дененің массалық центрі, иіндіктің тепе-теңдік шарты, жай механизмдердің пайдалы әсер коэффициенті.

№ 9 зертханалық жұмыс. Жазық фигураның массалар центрін анықтау.

№ 10 зертханалық жұмыс. Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау.

№ 11 зертханалық жұмыс. Көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін анықтау.

STEM жұмыстар: түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу.

14. 8-сыныпқа арналған «Физика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Жылу құбылыстары»: Молекула-кинетикалық теорияның негіздері, жылулық қозғалыс, температура, оны өлшеу тәсілдері, ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері, жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару, табиғаттағы және техникадағы жылу берілу, жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы, жылулық процестердегі энергияның сақталу және түрлену заңы, отынның энергиясы, отынның меншікті жану жылуы.

№ 1 зертханалық жұмыс. Температуралары әртүрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру.

STEM жұмыстар: әртүрлі факторлардан диффузия жылдамдығын зерттеу, заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау, әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау, жылытқыштың пайдалы әсер коэффициентін анықтау.

«Заттың агрегаттық күйлері»: Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы, булану және конденсация, қаныққан және қанықпаған булар, қайнау, меншікті булану жылуы, қайнау температурасының атмосфералық қысымға тәуелділігі.

№ 2 зертханалық жұмыс. Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау.

STEM жұмыстар: заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу, булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу.

«Термодинамика негіздері»: Жылу қозғалтқыштары, жылу қозғалтқыштарының пайдалы әсер коэффициенті, жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер.

STEM жұмыстар: ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу.

«Электростатика негіздері»: Денелердің электрленуі, электр заряды, элементар электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер, электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы.

STEM жұмыстар: зарядталған екі денелердің әрекеттесуін зерттеу, электроскопты жасау.

«Тұрақты электр тогы»: Электр тогы, электр тогының көздері, электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу, тізбек бөлігі үшін Ом заңы, өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат, өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау, электр тогының жұмысы мен қуаты, электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы, металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік, тұрмыста электр энергияның тұтынушылары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар, электр тогының химиялық әсері.

№ 3 зертханалық жұмыс. Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін және кернеуді өлшеу.

№ 4 зертханалық жұмыс. Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу.

№ 5 зертханалық жұмыс. Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерттеу.

№ 6 зертханалық жұмыс. Өткізгіштерді параллель қосуды зерттеу.

№ 7 зертханалық жұмыс: Электр жылытқыштың пайдалы әсер коэффициентін анықтау.

STEM жұмыстар: өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі, электр кедергісін омметрмен өлшеу, тізбектей және параллель жалғанған шамдардың ток қуатын зерттеу, электр тогының жұмысы мен қуатын өлшеу.

«Магнит өрісі»: Жердің магнит өрісі, тұрақты магниттер, магнит өрісі, түзу ток пен соленоидтың магнит өрісі, электромагниттер және оларды қолдану, магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсері, электроқозғалтқыш, электромагниттік индукция, генераторлар, Қазақстандағы жаңартылған энергия көздері.

№ 8 зертханалық жұмыс. Тұрақты магниттің қасиеттерін зерттеу және магнит өрісінің бейнесін алу.

№ 9 зертханалық жұмыс. Электромагнитті құрастыру және оның әсерін зерттеу.

STEM жұмыстар: су компасын жасау, магниттік тілшеге түзу өткізгіштегі электр тогының әсерін зерттеу, магнит өрісінің әртүрлі материалдарға әсерін зерттеу, шарғыдағы токтардың магниттік өзара әрекеттесуін зерттеу, электромагниттік индукция құбылысын зерттеу.

«Геометриялық оптика»: Жарықтың түзусызықты таралу заңы, жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар, сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу, жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу, линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы,

линзаның көмегімен кескін алу, көз – оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері, оптикалық аспаптар, жарықтың дисперсиясы.

№ 10 зертханалық жұмыс. Шынының сыну көрсеткішін анықтау.

№ 11 зертханалық жұмыс. Жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау.

STEM жұмыстар: жарықтың таралу құбылысын зерттеу, қарапайым перископ жасау, калейдоскоп жасау, жазық айнадағы кескінді зерттеу, сфералық айнадан түскен және шағылған негізгі сәулелердің жолы, жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жолы, көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру, ақ жарықтың дисперсия құбылысын бақылау.

«Астрономия негіздері»: Тұмандықтар мен галактикалар, Ғаламның пайда болуы, Үлкен жарылыс теориясы.

15. 9-сыныпқа арналған «Физика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

«Астрономия негіздері»: Жұлдызды аспан, Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары, астрономиядағы қашықтықтарды параллакс әдісімен анықтау.

«Кинематика негіздері»: Механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі үдеу, жылдамдық және орын ауыстыру, теңүдемелі қозғалысты графикалық сипаттау, дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі, қисықсызықты қозғалыс, материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы, сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар, центрге тартқыш үдеу.

№ 1 зертханалық жұмыс. Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау.

№ 2 зертханалық жұмыс. Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерттеу.

STEM жұмыстар: денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері, қозғалыстың салыстырмалылығы.

«Динамика негіздері»: Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері, механикадағы күштер, Ньютонның екінші заңы, масса, Ньютонның үшінші заңы, Бүкіләлемдік тартылыс заңы, дененің салмағы, салмақсыздық, Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы, ғарыштық жылдамдықтар, Қазақстандық алғашқы кіші ғарыш аппараттары.

STEM жұмыстар: бұрышта бағытталған күштерді қосу, Жердің ауырлық өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу, еркін түсу үдеуінің ара қашықтыққа тәуелділігін графигін зерттеу.

«Сақталу заңдары»: Дене импульсі және күш импульсі, импульстің сақталу заңы, реактивті қозғалыс, механикалық жұмыс және энергия, энергияның сақталу және айналу заңы.

STEM жұмыстар: дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру, денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу, дененің көлбеу жазықтық бойымен қозғалысы кезіндегі кинетикалық энергиясының өзгеруі мен потенциалдық энергиясының өзгеруін

салыстыру, серпімді деформацияланған серіппенің потенциалдық энергиясын өлшеу.

«Тербелістер және толқындар»: Тербелмелі қозғалыс, еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттары, тербелмелі қозғалыстың теңдеуі, математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері, тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі, еркін және еріксіз тербелістер, резонанс, еркін электромагнитік тербелістер, толқындық қозғалыс, дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық, инфрадыбыс және ультрадыбыс, электромагниттік толқындар, электромагниттік толқындар шкаласы.

№ 3 зертханалық жұмыс. Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау.

№ 4 зертханалық жұмыс. Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау.

STEM жұмыстар: әртүрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу, еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу, толқындардың сипаттамасын зерттеу, ұялы телефонның жұмыс істеу принципі.

«Атомдық құбылыстар. Радиоактивтілік»: Планк гипотезасы, фотоэффект, рентген сәулелері, Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы, радиоактивтілік, радиоактивті сәулеленудің табиғаты.

«Атом ядросы»: Атом ядросының құрамы, ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер, массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы, ядролық реакциялар мен радиоактивті ыдырау теңдеулері, радиоактивті ыдырау заңы, ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция, ядролық реактор, термоядролық реакциялар, радиоизотоптар, радиациядан қорғану.

STEM жұмыстар: уран атомы ядросының бөлінуін тректердің фотосуреттері бойынша зерттеу.

«Элементар бөлшектер»: Элементар бөлшектер.

«Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі»: Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы, экологиялық мәдениет.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

16. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

17. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

18. Оқу мақсаттары бөлімше бойынша әр сыныпқа берілген:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Физика – табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстардың түрлерін ажырату		
	7.1.1.2 физикалық шамаларды олардың өлшем бірліктерімен сәйкестендіру		
	7.1.1.3 негізгі физикалық шамалар мен олардың ХБЖ жүйесі бойынша өлшем бірліктерін білу: масса (кг), ұзындық (м), уақыт (с)		
	7.1.1.4 уақытты және дененің ұзындығын өлшеу, қателіктерді есепке ала отырып, өлшеу нәтижелерін жазу		
	7.1.1.5 кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау		
1.2 Кинематика негіздері	7.1.2.1 келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру: материялық нүкте, санақ жүйесі, траектория, жол, орын ауыстыру		9.1.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына есептер шығару кезінде жылдамдықтарды және орын ауыстыруды қосу теоремасын қолдану
	7.1.2.2 скалярлық және векторлық шамаларды ажырату және оларға мысалдар келтіру		9.1.2.2 есептерді шешу кезінде үдеу, жылдамдық, теңүдемелі түзусызықты қозғалыстың орын ауыстыру формулаларын қолдану
	7.1.2.3 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру		9.1.2.3 жылдамдықты, үдеуді және қозғалысты бейнелеу үшін графикалық әдістерді қолдану
	7.1.2.4 түзусызықты бірқалыпты қозғалысты		9.1.2.4 орын ауыстырудың уақыт квадратына

	және бірқалыпсыз қозғалысты ажырату		тәуелділігі графигінің көлбеуі бойынша теңүдемелі қозғалыс кезінде дененің үдеуін тәжірибе арқылы анықтау
	7.1.2.5 дене қозғалысының жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу		9.1.2.5 еркін түсуді сипаттау үшін теңүдемелі қозғалыс формулаларын қолдану
	7.1.2.6 эксперимент негізінде орын ауыстырудың жылдамдыққа тәуелділігінің графигін салу		9.1.2.6 горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерттеу
			9.1.2.7 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау
			9.1.2.8 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану
			9.1.2.9 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану
1.3 Динамика негіздері	7.1.3.1 инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру		9.1.3.1 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және есептерді шешуде қолдану
	7.1.3.2 салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату		9.1.3.2 ауырлық күшінің, серпімділік күшінің және үйкеліс күшінің табиғатын түсіндіру
	7.1.3.3 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділігінің графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау		9.1.3.3 Ньютонның екінші заңын тәжірибе жүзінде тұжырымдау

	7.1.3.4 пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру		9.1.3.4 Ньютонның үшінші заңын тәжірибе жүзінде тұжырымдау
	7.1.3.5 Гук заңының формуласын қолданып, серпімділік күшін есептеу		9.1.3.5 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	7.1.3.6 табиғат пен техникадағы сырғанау, домалау, тыныштық, үйкелістің пайдасы мен зиянын сипаттау		9.1.3.6 үдеумен қозғалған дененің салмағын тәжірибе арқылы анықтау
	7.1.3.7 күнделікті өмірден күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету		9.1.3.7 ғарыш аппараттары орбиталарының ерекшеліктерін жылдамдық мәндері бойынша салыстыру
	7.1.3.8 денеге әсер ететін және бір түзу бойымен бағытталған теңәсерлі күштерді графиктік жолмен анықтау		9.1.3.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалыс параметрлерін есептеу
	7.1.3.9 электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу		9.1.3.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану
	7.1.3.10 әртүрлі пішіндегі сұйықтың немесе қатты дененің көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) пайдалану		9.1.3.10 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңызын бағалау
	7.1.3.11 есептер шығаруда тығыздықтың формуласын қолдану		
	7.1.3.12 сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау		
1.4 Сақталу заңдары	7.1.4.1 механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру		9.1.4.1 «дене импульсі» және «күш импульсі» ұғымдарын ажырату

	7.1.4.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату		9.1.4.2 импульстің сақталу заңын есептер шығаруда қолдану (денелердің бір түзу бойымен серпімді емес соқтығысуы)
	7.1.4.3 кинетикалық энергияның формуласын есептер шығаруда қолдану		9.1.4.3 реактивті қозғалыс принципі бойынша әсер ететін модельдерді құрастыру
	7.1.4.4 жоғары көтерілген дененің және серпімді деформацияланған серіппенің потенциалдық энергиясының формулаларын есептер шығаруда қолдану		9.1.4.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау
	7.1.4.5 энергияның бір түрден екінші түрге айналуына мысалдар келтіру		9.1.4.5 жұмыс пен энергияның өзара байланысын түсіндіру
	7.1.4.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану		9.1.4.6 механикалық энергияның сақталу заңын эксперименттік есептер шығаруда қолдану
	7.1.4.7 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру		
	7.1.4.8 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану		
1.5 Статика	7.1.5.1 «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және жай механизмдердің модельдерін құрастыру		
	7.1.5.2 «күш моменті» ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру		
	7.1.5.3 жазық фигураның массалар центрін тәжірибеде анықтау		
	7.1.5.4 тепе-теңдік күйдегі денелер үшін		

	күш моменті ережесін есеп шығаруда қолдану		
	7.1.5.5 иіндіктің тепе-теңдік шарттарын тәжірибе арқылы анықтау		
	7.1.5.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін тәжірибеде анықтау		
1.6 Тербелістер мен толқындар			9.1.6.1 тербелмелі қозғалыстың сипаттамаларын (амплитуда, период, жиілік, циклдік жиілік) есептеу мен эксперименттік тапсырмаларды шешу кезінде анықтау
			9.1.6.2 әртүрлі тербелмелі жүйелердегі тербелістердің пайда болу себептерін түсіндіру
			9.1.6.3 гармоникалық тербелістер графигі бойынша координатаның уақытқа тәуелділік теңдеулерін анықтау
			9.1.6.4 математикалық және серіппелі маятниктердің тербеліс периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
			9.1.6.5 гармоникалық тербелістер кезінде энергияның өзгеруін сипаттау
			9.1.6.6 период квадратының маятниктің ұзындығына тәуелділігі графигінің көлбеуі бойынша еркін түсу үдеуін

			тәжірибе арқылы анықтау
			9.1.6.7 мәжбүрлі тербелістер амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігінен тәуелділігін график бойынша сипаттау
			9.1.6.8 резонанстың пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру
			9.1.6.10 толқын жылдамдығының ұзындығы мен жиілігінің байланыс формуласын есептер шығаруда қолдану
			9.1.6.11 көлденең және бойлық толқындарды салыстыру
			9.1.6.12 дыбыстық толқынның пайда болу процесін сипаттау
			9.1.6.13 дыбыс қаттылығы мен биіктігі қандай факторларға байланысты екенін зерттеу
			9.1.6.14 акустикалық резонанс мысалдарын келтіру
			9.1.6.15 жаңғырықтың пайда болу сипатын және оның табиғат пен техникада қолданылу тәсілдерін түсіндіру (ультрадыбыс, инфрадыбыс)
			9.1.6.16 беттік толқындардың таралу жылдамдығын тәжірибе арқылы анықтау
	7.2.1.1 газдардың, сұйықтардың және	8.2.1.1 молекула-кинетикалық	

2.1 Молекула-кинетикалық теория негіздері	қатты денелердің қасиеттерін заттың молекулалық құрылымы негізінде сипаттау	теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау	
	7.2.1.2 қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және оны өзгерту тәсілдерін сипаттау	8.2.1.2 температураны әртүрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша көрсету	
	7.2.1.3 қатты дене қысымының формуласын есептер шығаруда қолдану	8.2.1.3 температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау	
	7.2.1.4 газдың қысымын молекулалық құрылымы негізінде түсіндіру	8.2.1.4 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың қатты күйден сұйыққа және кері айналуын сипаттау	
		8.2.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау	
	7.2.1.6 өз моделі негізінде қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру		
	7.2.1.7 гидравликалық машиналардың жұмыс принципі негізінде жұмыс істейтін модельдерді құрастыру		
	7.2.1.8 есептерді шешу кезінде гидравликалық пресс формуласын қолдану		
	7.2.1.9 атмосфералық қысымды түсіндіру және оны өлшеу тәсілдерін ұсыну		
	7.2.1.10 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру		

	7.2.1.11 кері итеруші күштің сұйықтыққа батырылған дене көлеміне тәуелділігін зерттеу		
	7.2.1.12 Архимед заңын есептер шығаруда қолдану		
	7.2.1.13 денелердің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу		
2.2 Термодинамика негіздері		8.2.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау	
		8.2.2.2 табиғатта, тұрмыста және техникада жылу беру түрлерін қолдануды зерттеу	
		8.2.2.3 жылу берілу процесі кезінде алынған немесе берілген жылу мөлшерін анықтау	
		8.2.2.4 жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану	
		8.2.2.5 әртүрлі температурадағы суды араластыру кезіндегі сақталу заңының орындалуын зерттеу	
		8.2.2.6 отын жанғанда бөлінетін жылу мөлшерін анықтайтын формуланы есептер шығаруда қолдану	
		8.2.2.7 балқу немесе қатаю кезіндегі жұтылатын немесе бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруда қолдану	
		8.2.2.8 эксперимент негізінде мұздың	

		меншікті балқу жылуын анықтау	
		8.2.2.9 заттың булану және конденсация кезіндегі температураның уақытқа тәуелділігінің графигін талдау	
		8.2.2.10 су буының мысалында қанығу күйін сипаттау	
		8.2.2.11 булану кезіндегі жылу мөлшерін анықтау	
		8.2.2.12 қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігіне мысалдар келтіру	
		8.2.2.13 ішten жану қозғалтқышы мен бу турбинасы мысалында жылу машинасының жұмыс принципін сипаттау	
		8.2.2.14 жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициентін анықтау	
		8.2.2.15 жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиялық жағдайына әсерін бағалау	
3.1 Электростатика негіздері		8.3.1.1 электрлену процесінде денелердің электр зарядын алуын тәжірибе арқылы түсіндіру	
		8.3.1.2 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру	

		8.3.1.3 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру	
		8.3.1.4 нүктелік зарядтардың арақашықтығы мен зарядтардың шамасына өзара әсерлесу күшінің тәуелділігін сипаттау	
		8.3.1.5 «электр өрісі» ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру	
		8.3.1.6 біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер ететін күшті есептеу үшін электр өрісінің күштік сипаттамасын (кернеулік) қолдану	
		8.3.1.7 электр өрісін күш сызықтары арқылы графиктік кескіндеу	
		8.3.1.8 потенциалдар және потенциалдар айырымының физикалық мағынасын түсіндіру	
3.2 Тұрақты электр тогы		8.3.2.1 «электр тогы» ұғымының және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру	
		8.3.2.2 электр схемаларында электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану	
		8.3.2.3 кернеудің және ток күшінің физикалық	

		мағынасын түсіндіру	
		8.3.2.4 электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді өлшеу	
		8.3.2.5 эксперимент негізінде тұрақты температурадағы металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасының графигін салу және түсіндіру	
		8.3.2.6 эксперименттік деректер негізінде Ом заңын қорытып шығару	
		8.3.2.7 кедергінің физикалық мағынасын түсіндіру	
		8.3.2.8 өткізгіштің кедергісінің формуласын есеп шығаруда қолдану	
		8.3.2.9 өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын тәжірибе арқылы анықтау	
		8.3.2.10 өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын тәжірибе арқылы анықтау	
		8.3.2.11 өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбегіндегі ток күшін, кернеу және кедергіні есептеу	

		8.3.2.12 эксперименттi орындау кезiнде қуат пен ток жұмысының формулаларын қолдану	
		8.3.2.13 Джоуль-Ленц заңын есептер шығаруда қолдану	
		8.3.2.14 кВт·сағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын есептеу	
		8.3.2.15 металдардағы электр тогының табиғатын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау	
		8.3.2.16 қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу тәсілдерін түсіндіру	
		8.3.2.17 сұйықтардағы электр тогының өту процесін сипаттау	
3.3 Магнит өрісі		8.3.3.1 тұрақты магниттердің қасиеттерін сипаттау және магнит өрісін күш сызықтары арқылы бейнелеу	
		8.3.3.2 тогы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің айналасындағы өріс сызықтарының бағытын анықтау	
		8.3.3.3 тогы бар өткізгішке магнит өрісінің әсері негізінде электр	

		қозғалтқышының жұмыс принципін түсіндіру	
		8.3.3.4 электромагниттік индукция құбылысын сипаттау	
		8.3.3.5 Қазақстанда және дүниежүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру	
3.4 Электромагниттік толқындар және тербелістер			9.3.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау
			9.3.4.2 механикалық және электромагниттік толқындардың қасиеттерін салыстыру
			9.3.4.3 әртүрлі диапазондағы электромагниттік толқындарды қолдануды сипаттау және мысалдар келтіру
4.1 Геометриялық оптика заңдары		8.4.1.1 күн мен айдың тұтылуын, Ай фазаларын түсіндіру үшін жарықтың түзусызықты таралуы заңын қолдану	
		8.4.1.2 эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау	
		8.4.1.3 жазық айнада алынған дененің кескінін сипаттау	

		8.4.1.4 дененің сфералық айнада алынған кескінін сипаттау	
		8.4.1.5 жарықтың сыну заңын графиктік және сандық есептер шығаруда қолдану	
		8.4.1.6 толық ішкі шағылу құбылысын тәжірибеге сүйеніп түсіндіру	
		8.4.1.7 шынының сыну көрсеткішін тәжірибе арқылы анықтау	
		8.4.1.8 жұқа линзада сәулелерді салу арқылы алынған кескінді сипаттау	
		8.4.1.9 жұқа линза және сызықтық ұлғаю формуласын есептер шығаруда қолдану	
		8.4.1.10 жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау	
		8.4.1.11 көздің алыстан және жақыннан көргіштігін түзету үшін линзаларды қолдануды зерттеу	
		8.4.1.12 қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, Обскура камерасы) құрастыру	
		8.4.1.13 шыны призма арқылы өтетін жарықтың дисперсиясын сипаттау	
			9.5.1.1 Планк гипотезасы мен

5.1 Атом және атом ядросының құрылысы			энергияның сақталу заңы негізінде фотоэффект құбылысын сапалы түсіндіру
			9.5.1.2 рентген сәулесін қолданудың оң және теріс әсерлеріне мысалдар келтіру
			9.5.1.3 Резерфордтың альфа бөлшектерінің шашырауы негізінде атомның құрылымын түсіндіру
			9.5.1.4 ядро құрамы мен ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау
			9.5.1.5 атом ядроларының массалар ақауын анықтау
			9.5.1.6 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
			9.5.1.7 ядролық түрлендірулер кезінде заряд пен масса санының сақталу заңдарын қолдану
			9.5.1.8 тізбекті ядролық реакцияның жүру шарттарын сипаттау
			9.5.1.9 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
			9.5.1.10 жұлдыздардың пайда болу процесін және жұлдыздардағы термоядролық синтез реакциясын түсіндіру
5.2 Радиоактивтілік			9.5.2.1 α, β және γ-сәулеленудің

			табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру
			9.5.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру
			9.5.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есептер шығаруда қолдану
			9.5.2.4 радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру
			9.5.2.5 радиациядан қорғану тәсілдерін сипаттау
5.3 Элементар бөлшектер			9.5.3.1 элементар бөлшектерді олардың қасиеттеріне қарай ажырату
6.1 Астрономия негіздері	7.6.1.1 астрономия дамуының негізгі кезеңдерін атау	8.6.1.1 Құс жолы мысалында галактикалардың құрылымы мен құрамын сипаттау	9.6.1.1 абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату
	7.6.1.2 Күн жүйесінің құрамы мен құрылымын сипаттау	8.6.1.2 Үлкен жарылыс нәтижесінде Ғаламның пайда болу теориясын сипаттау	9.6.1.2 жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау
	7.6.1.3 күн және ай күнтізбелерін құрастыру принциптерін түсіндіру		9.6.1.3 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру
	7.6.1.4 Ай фазаларының өзгеру ретін анықтау		9.6.1.4 Күн жүйесіндегі денелердің арақашықтығын, өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдану
6.2 Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі			9.6.2.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика мен астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру

			9.6.2.2 жаңа технологиялардың қоршаған ортаға ықпалының артықшылығын бағалау және қауіптілігін ескеру

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «2» оқу мақсатының реттік саны.

19. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

20. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Физика» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып:

Бөлім	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Физика – табиғат туралы ғылым	Физика – табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстардың түрлерін ажырату
	Физикалық шамалар. Өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі	7.1.1.2 физикалық шамаларды олардың өлшем бірліктерімен сәйкестендіру
	Халықаралық бірліктер жүйесі және қазақтың ұлттық өлшем бірліктері	7.1.1.3 негізгі физикалық шамалар мен олардың ХБЖ жүйесі бойынша өлшем бірліктерін білу: масса (кг), ұзындық (м), уақыт (с)
	№ 1 зертханалық жұмыс. Физикалық шамаларды өлшеу	7.1.1.4 уақытты және дененің ұзындығын өлшеу, қателіктерді есепке ала отырып, өлшеу нәтижелерін жазу
	№ 2 зертханалық жұмыс. Кішкентай денелердің өлшемін анықтау	7.1.1.5 кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау
Механикалық қозғалыс	Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары. Санақ жүйесі	7.1.2.1 келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру: материялық нүкте, санақ жүйесі, траектория, жол,орын ауыстыру

	Скаляр және векторлық физикалық шамалар	7.1.2.2 скалярлық және векторлық шамаларды ажырату және оларға мысалдар келтіру
	Қозғалыстың салыстырмалылығы	7.1.2.3 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру
	Түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар	7.1.2.4 түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстарды ажырату
	Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу № 3 зертханалық жұмыс. Орташа жылдамдықты анықтау	7.1.2.5 қозғалыстағы денелердің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу
	Механикалық қозғалысты график түрінде сипаттау	7.1.2.6 эксперимент негізінде орын ауыстыру мен жылдамдықтың уақытқа тәуелділігінің графигін салу
2-тоқсан		
Тығыздық	Масса және денелердің массасын өлшеу	7.1.3.9 электронды, серіппелі және иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу
	Дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу	7.1.3.10 әртүрлі пішіндегі сұйықтың немесе қатты дененің көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) пайдалану
	Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі. Тығыздықты есептеу	7.1.3.11 есептер шығаруда тығыздықтың формуласын қолдану
	№ 4 зертханалық жұмыс. Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау	7.1.3.12 сұйықтар мен қатты денелердің тығыздықтарын тәжірибе арқылы анықтау
Денелердің өзара әрекеттесуі	Инерция құбылысы	7.1.3.1 инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру
	Күш	7.1.3.7 күнделікті өмірде күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету
	Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. Салмақ	7.1.3.2 салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату
	№ 5 зертханалық жұмыс. Серпімді деформацияларды зерттеу	7.1.3.3 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділігінің графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау
	Деформация	7.1.3.4 пластикалық және серпімді деформацияларға мысалдар келтіру
	Серпімділік күші, Гук заңы	7.1.3.5 Гук заңының формуласын қолданып, серпімділік күшін есептеу

	Үйкеліс күші. Үйкеліс күшінің әсерін техникада ескеру № 6 зертханалық жұмыс. Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу	7.1.3.6 табиғат пен техникадағы сырғанау, домалау, тыныштық, үйкелістің пайдасы мен зиянын сипаттау
	Бір түзу бойымен денеге әсер ететін күштерді қосу	7.1.3.8 денеге әсер ететін және бір түзу бойымен бағытталған теңәсерлі күштерді графиктік жолмен анықтау
3-тоқсан		
Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым	Қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың молекулалық құрылымы	7.2.1.1 газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің қасиеттерін заттың молекулалық құрылымы негізінде сипаттау
	Қатты денелердегі қысым	7.2.1.2 қысымның физикалық мағынасын және оның өзгерту тәсілдерін сипаттау; 7.2.1.3 қатты дене қысымының формуласын есептер шығаруда қолдану
	Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы	7.2.1.4 газдың қысымын молекулалық құрылымы негізінде түсіндіру; 7.2.1.5 сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын есептер шығаруда қолдану
	Қатынас ыдыстар	7.2.1.6 өз моделі негізінде қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру
	Гидравликалық машиналар	7.2.1.7 гидравликалық машиналардың жұмыс принципі негізінде жұмыс істейтін модельдерді құрастыру; 7.2.1.8 гидравликалық пресстің формуласын есептер шығаруда қолдану
	Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу	7.2.1.9 атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оның өлшеу тәсілдері
	Кері итеруші күш	7.2.1.10 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру
	№ 7 зертханалық жұмыс. Архимед заңын зерттеу	7.2.1.11 сұйыққа батырылған дененің көлеміне кері итеруші күштің тәуелділігін зерттеу
	Денелердің жүзу шарттары	7.2.1.12 Архимед заңын есептер шығаруда қолдану
	№ 8 зертханалық жұмыс. Дененің жүзу шарттарын анықтау	7.2.1.13 денелердің жүзу шарттарын зерттеу
Астрономия негіздері	Астрономия – аспан денелері туралы ғылым. Орталық Азияның астраномдары	7.6.1.1 астрономия дамуының негізгі кезеңдерін атау

	Күн жүйесі	7.6.1.2 Күн жүйесінің нысандарын және құрылымын сипаттау
	Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл)	7.6.1.3 күн және ай күнтізбелерін құрастыру принциптерін түсіндіру
	Ай фазалары	7.6.1.4 Ай фазаларының өзгеру ретін анықтау
4-тоқсан		
Жұмыс және қуат	Механикалық жұмыс. Қуат	7.1.4.1 механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.1.4.7 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.1.4.8 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану
Энергия	Кинетикалық энергия. Потенциалдық энергия	7.1.4.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату; 7.1.4.3 кинетикалық энергияның формуласын есептер шығаруда қолдану; 7.1.4.4 жоғары көтерілген дененің және серпімді деформацияланған серіппенің потенциалдық энергиясының формулаларын есептер шығаруда қолдану
	Энергияны сақтау және айналдыру	7.1.4.5 энергияның бір түрден екінші түрге айналуына мысалдар келтіру; 7.1.4.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану
Жай механизмдер	Жай механизмдер	7.1.5.1 «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және жай механизимдердің модельдерін құрастыру; 7.1.5.2 «күш моменті» ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру
	Дененің массалар центрі № 9 зертханалық жұмыс. Жазық фигураның массалар центрін анықтау	7.1.5.3 жазық фигураның массалар центрін эксперимент жүзінде анықтау
	№ 10 зертханалық жұмыс. Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау	7.1.5.5 иіндіктің тепе-теңдік шарттарын тәжірибе арқылы анықтау
	Иіндіктің тепе-теңдік шарты	7.1.5.4 тепе-теңдік күйдегі денелер үшін күш моменті ережесін есеп шығаруда қолдану
	Жай механизмдердің пайдалы әсер коэффициенті. № 11 зертханалық жұмыс. Көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін анықтау	7.1.5.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін эксперимент жүзінде анықтау

2) 8-сынып:

Бөлім	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Жылу құбылыстары	Молекула-кинетикалық теорияның негіздері, жылулық қозғалыс	8.2.1.1 молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін тәжірибелерді сипаттау
	Температура, оны өлшеу тәсілдері	8.2.1.3 температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.2.1.2 температураны әртүрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша көрсету
	Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері	8.2.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау
	Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару. Табиғаттағы және техникадағы жылу берілу	8.2.2.2 табиғатта, тұрмыста және техникада жылу берілу түрлерін қолдануды зерттеу
	Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы	8.2.2.3 жылу берілу процесі кезінде алынған немесе берілген жылу мөлшерін анықтау;
	Жылулық процестердегі энергияның сақталу және түрлену заңы	8.2.2.4 жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану
	№ 1 зертханалық жұмыс. Температуралары әртүрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру	8.2.2.5 әртүрлі температурадағы суды араластыру кезіндегі сақталу заңының орындалуын зерттеу
	Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы	8.2.2.6 отын жанғанда бөлінетін жылу мөлшерін анықтайтын формуланы есеп шығаруда қолдану
Заттың агрегаттық күйлері	Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы	8.2.1.4 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың қатты күйден сұйыққа және кері айналуын сипаттау; 8.2.2.7 балқу немесе қатаюы кезіндегі жұтылатын немесе бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруда қолдану
	№ 2 зертханалық жұмыс. «Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау»	8.2.2.8 эксперимент негізінде мұздың меншікті балқу жылуын анықтау
	Булану және конденсация. Қаныққан және қанықпаған булар	8.2.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау; 8.2.2.9 заттың фазалық ауысуы кезінде температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; 8.2.2.10 су буының мысалында қанығу күйін сипаттау

	Қайнау, меншікті булану жылуы. Қайнау температурасының атмосфералық қысымға тәуелділігі	8.2.2.11 булану кезіндегі жылу мөлшерін анықтау; 8.2.2.12 қайнау температурасының атмосфералық қысымға тәуелділігіне мысалдар келтіру
2-тоқсан		
Термодинамика негіздері	Жылу қозғалтқыштары	8.2.2.13 іштен жану қозғалтқышы мен бу турбинасы мысалында жылу машинасының жұмыс принципін сипаттау
	Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті	8.2.2.14 жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициентін анықтау
	Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер	8.2.2.15 жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау
Электростатика негіздері	Денелердің электрленуі, электр заряды, элементар электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер	8.3.1.1 электрлену процесінде денелердің электр зарядын алуын тәжірибе арқылы түсіндіру; 8.3.1.2 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру
	Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі	8.3.1.3 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; 8.3.1.4 нүктелік зарядтардың арақашықтығы мен зарядтардың шамасына өзара әсерлесу күшінің тәуелділігін сипаттау
	Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі	8.3.1.5 «электр өрісі» ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 8.3.1.6 біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер ететін күшті есептеу үшін электр өрісінің күштік сипаттамасын (кернеулік) қолдану; 8.3.1.7 электр өрісін күш сызықтар арқылы графиктік кескіндеу
	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы	8.3.1.8 потенциалдар және потенциалдар айырымының физикалық мағынасын түсіндіру
3-тоқсан		
Тұрақты электр тогы	Электр тогы, электр тогының көздері	8.3.2.1 электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру
	Электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу	8.3.2.2 электр схемаларында электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану; 8.3.2.3 кернеудің және ток күшінің физикалық мағынасын түсіндіру
	№ 3 зертханалық жұмыс. Электр тізбегін құрастыру және оның	8.3.2.4 электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді өлшеу

	әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу	
	№ 4 зертханалық жұмыс. Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу	8.3.2.5 эксперимент негізінде тұрақты температурадағы металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасының графигін салу және түсіндіру
	Тізбек бөлігі үшін Ом заңы	8.3.2.6 эксперименттік деректер негізінде Ом заңын қорытып шығару
	Өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат	8.3.2.7 кедергінің физикалық мағынасын түсіндіру; 8.3.2.8 өткізгіштің меншікті кедергісінің формуласын есеп шығаруда қолдану
	№ 5 зертханалық жұмыс. Өткізгіштерді тізбектей жалғауды зерттеу	8.3.2.9 өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын тәжірибе арқылы анықтау
	№ 6 зертханалық жұмыс. Өткізгіштерді параллель жалғауды зерттеу	8.3.2.10 өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын тәжірибе арқылы анықтау
	Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау	8.3.2.11 өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбегіндегі ток күшін, кернеу және кедергіні есептеу
	Электр тогының жұмысы мен қуаты. № 7 зертханалық жұмыс. Электр жылытқыштың пайдалы әсер коэффициентін анықтау	8.3.2.12 экспериментті орындау кезінде қуат пен ток жұмысының формулаларын қолдану; 8.3.2.14 кВт·сағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын есептеу
	Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы	8.3.2.13 Джоуль-Ленц заңын есептер шығаруда қолдану
	Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік	8.3.2.15 металдардағы электр тогының табиғатын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау
	Тұрмыста электр энергияның тұтынушылары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар	8.3.2.16 қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу тәсілдерін түсіндіру
	Электр тогының химиялық әсері	8.3.2.17 сұйықтардағы электр тогының өту процесін сипаттау
Магнит өрісі	Жердің магнит өрісі. Тұрақты магниттер, магнит өрісі. № 8 зертханалық жұмыс. Тұрақты магниттің қасиеттерін зерттеу және	8.3.3.1 тұрақты магниттердің қасиеттерін сипаттау және магнит өрісін күш сызықтары арқылы бейнелеу

	магнит өрісінің бейнесін алу	
	Түзу ток пен соленоидтың магнит өрісі. Электромагниттер және оларды қолдану. № 9 зертханалық жұмыс. Электромагнитті құрастыру және оның әсерін зерттеу	8.3.3.2 тогы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің магнит өрісін сипаттау
	Магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсері, электроқозғалтқыш	8.3.3.3 магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсері негізінде электроқозғалтқышының жұмыс принципін түсіндіру
	Электромагниттік индукция, генераторлар. Қазақстандағы жаңартылған энергия көздері.	8.3.3.4 электромагниттік индукция құбылысын сипаттау; 8.3.3.5 Қазақстанда және дүниежүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру
4-тоқсан		
Геометриялық оптика	Жарықтың түзусызықты таралу заңы	8.4.1.1 күн мен айдың тұтылуын, Ай фазаларын түсіндіру үшін жарықтың түзусызықты таралу заңын қолдану
	Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар	8.4.1.2 түсу және шағылу бұрыштарының арасындағы байланысты эксперимент арқылы анықтау; 8.4.1.3 жазық айнада алынған дененің кескінін сипаттау
	Сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу	8.4.1.4 дененің сфералық айнада алынған кескінін сипаттау
	Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу	8.4.1.5 жарықтың сыну заңын графикалық және сандық есептерді шығаруда қолдану; 8.4.1.6 толық ішкі шағылу құбылысын тәжірибеге сүйеніп түсіндіру
	№ 10 зертханалық жұмыс. Шынының сыну көрсеткішін анықтау	8.4.1.7 шынының сыну көрсеткішін тәжірибе арқылы анықтау
	Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы. Линзалардағы кескіндерді құру	8.4.1.8 жұқа линзада сәулелерді салу арқылы алынған кескінді сипаттау; 8.4.1.9 жұқа линза және сызықтық ұлғаю формуласын есептер шығаруда қолдану
	№ 11 зертханалық жұмыс. Жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау	8.4.1.10 жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау
	Көз – оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	8.4.1.11 көздің алыстан және жақыннан көргіштігін түзету үшін линзаларды қолдануды зерттеу

	Оптикалық аспаптар	8.4.1.12 қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, Обскура камерасы) құрастыру
	Жарықтың дисперсиясы	8.4.1.13 шыны призма арқылы өтетін жарықтың дисперсиясын сипаттау
Астрономия негіздері	Тұмандықтар мен галактикалар	8.6.1.1 Құс Жолы мысалында галактикалардың құрылымы мен құрамын сипаттау
	Ғаламның пайда болуы. Үлкен жарылыс теориясы	8.6.1.2 Үлкен жарылыс нәтижесінде Ғаламның пайда болу теориясын сипаттау

3) 9-сынып:

Бөлім	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Астрономия негіздері	Жұлдызды аспан	9.6.1.1 абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату; 9.6.1.2 жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау
	Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары	9.6.1.3 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру
	Астрономиядағы қашықтықтарды параллакс әдісімен анықтау	9.6.1.4 Күн жүйесіндегі денелерге дейінгі арақашықтықты анықтау үшін параллакс әдісін қолдану
Кинематика негіздері	Механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы	9.1.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына есептер шығару кезінде жылдамдықтарды және орын ауыстыруды қосу теоремасын қолдану
	Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі үдеу, жылдамдық және орын ауыстыру	9.1.2.2 теңүдемелі түзусызықты қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру, үдеу, жылдамдық формулаларын есеп шығарғанда қолдану
	Теңүдемелі қозғалыстың графикалық сипаттамасы	9.1.2.3 орын ауыстыруды, үдеуді және жылдамдықты бейнелеу үшін графикалық әдістерді қолдану
	№ 1 зертханалық жұмыс. Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау	9.1.2.4 орын ауыстырудың уақыт квадратына тәуелділігі графигінің көлбеуі бойынша теңүдемелі қозғалыс кезінде дененің үдеуін тәжірибе арқылы анықтау
	Дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі	9.1.2.5 еркін түсуді сипаттау үшін теңүдемелі қозғалыстың формулаларын қолдану
	№ 2 зертханалық жұмыс. Горизонталь	9.1.2.6 горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерттеу

	лақтырылған дененің қозғалысын зерттеу	
	Қисықсызықты қозғалыс, материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы. Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар	9.1.2.7 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау; 9.1.2.8 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану
	Центрге тартқыш үдеу	9.1.2.9 центрге тартқыш үдеудің формуласын есептер шығаруда қолдану
2-тоқсан		
Динамика негіздері	Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері	9.1.3.1 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Механикадағы күштер	9.1.3.2 ауырлық күшінің, серпімділік күшінің және үйкеліс күшінің табиғатын түсіндіру
	Ньютонның екінші заңы, масса	9.1.3.3 Ньютонның екінші заңын тәжірибе жүзінде тұжырымдау
	Ньютонның үшінші заңы	9.1.3.4 Ньютонның үшінші заңын тәжірибе жүзінде тұжырымдау
	Бүкіләлемдік тартылыс заңы	9.1.3.5 есептерді шығаруда бүкіләлемдік тартылыс заңын қолдану
	Дененің салмағы, салмақсыздық	9.1.3.6 үдеумен қозғалған дененің салмағын тәжірибе арқылы анықтау
	Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы. Қазақстандық алғаш кіші ғарыш аппараттары	9.1.3.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану; 9.1.3.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалыс параметрлерін есептеу
		9.1.3.7 ғарыш аппараттары орбиталарының ерекшеліктерін жылдамдық мәндері бойынша салыстыру; 9.1.3.10 Байқоңыр ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңызын бағалау
3-тоқсан		
Сақталу заңдары	Дене импульсі және күш импульсі	9.1.4.1 «дене импульсі» және «күш импульсі» ұғымдарын түсіндіру
	Импульстің сақталу заңы. Реактивті қозғалыс	9.1.4.2 импульстің сақталу заңын есептер шығаруда қолдану (денелердің бір түзу бойымен серпімді емес соқтығысуы); 9.1.4.3 реактивті қозғалыс принципі бойынша әрекет ететін модельдерді құрастыру
	Механикалық жұмыс және энергия	9.1.4.4 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау;

		9.1.4.5 жұмыс пен энергияның өзара байланысын түсіндіру
	Энергияның сақталу және айналу заңы	9.1.4.6 механикалық энергияның сақталу заңын эксперименттік есептер шығаруда қолдану
Тербелістер және толқындар	Тербелмелі қозғалыс. Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттары	9.1.6.1 тербелмелі қозғалыстың сипаттамаларын (амплитуда, период, жиілік, циклдік жиілік) есептеу мен эксперименттік тапсырмаларды шешу кезінде анықтау; 9.1.6.2 әртүрлі тербелмелі жүйелердегі тербелістердің пайда болу себептерін түсіндіру
	Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі	9.1.6.3 гармоникалық тербелістер графигі бойынша координатаның уақытқа тәуелділік теңдеулерін анықтау
	Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері	9.1.6.4 математикалық және серіппелі маятниктердің тербеліс периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
	Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі	9.1.6.5 гармоникалық тербелістер кезінде энергияның өзгеруін сипаттау
	№ 3 зертханалық жұмыс. Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау	9.1.6.6 период квадратының маятниктің ұзындығына тәуелділігі графигінің көлбеуі бойынша еркін түсу үдеуін тәжірибе арқылы анықтау
	Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс	9.1.6.7 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау; 9.1.6.8 резонанстың пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру
	Еркін электромагниттік тербелістер	9.3.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау
	Толқындық қозғалыс	9.1.6.10 толқын жылдамдығының ұзындығы мен жиілігінің байланыс формуласын есептер шығаруда қолдану
	№ 4 зертханалық жұмыс. Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау	9.1.6.16 беттік толқындардың таралу жылдамдығын тәжірибе арқылы анықтау
	Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық, инфрадыбыс және ультрадыбыс	9.1.6.12 дыбыстық толқынның пайда болу процесін сипаттау; 9.1.6.13 дыбыс тонының қаттылығы мен биіктігінің қандай факторларға тәуелді екенін зерттеу; 9.1.6.14 акустикалық резонанс мысалдарын келтіру;

		9.1.6.15 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оның табиғатта және техникада қолданылуын түсіндіру
	Электромагниттік толқындар Электромагниттік толқындар шкаласы	9.3.4.2 механикалық және электромагниттік толқындардың қасиеттерін салыстыру; 9.3.4.3 әртүрлі диапазондағы электромагниттік толқындарды қолдануға мысалдар келтіру
4-тоқсан		
Атомдық құбылыстар. Радиоактивтілік	Планк гипотезасы. Фотоэффект	9.5.1.1 Планк гипотезасы мен энергияның сақталу заңы негізінде фотоэффект құбылысын сапалы түсіндіру
	Рентген сәулелері	9.5.1.2 рентген сәулелерін қолданудың оң және теріс әсерлеріне мысалдар келтіру
	Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы	9.5.1.3 Резерфордтың альфа бөлшектерінің шашырауы негізінде атомның құрылымын түсіндіру
	Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты	9.5.2.1 α, β және γ-сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру
Атом ядросы	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер. Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	9.5.1.4 ядро құрамы мен ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау; 9.5.1.5 атом ядроларының массалар ақауын анықтау; 9.5.1.6 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
	Радиоактивті ыдырау және ядролық реакциялардың теңдеулері	9.5.1.7 ядролық түрленулер кезінде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану; 9.5.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру; 9.5.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есептер шығаруда қолдану
	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. Ядролық реактор	9.5.1.8 тізбекті ядролық реакцияның жүру шарттарын сипаттау; 9.5.1.9 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
	Термоядролық реакциялар. Радиоизотоптар, радиациядан қорғану	9.5.1.10 жұлдыздардың пайда болу процесін және жұлдыздардағы термоядролық синтез реакциясын түсіндіру; 9.5.2.5 радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру; 9.5.1.12 радиациядан қорғану тәсілдерін сипаттау
Элементар бөлшектер	Элементар бөлшектер	9.5.3.1 элементар бөлшектерді олардың қасиеттеріне қарай ажырату

Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы	9.6.2.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика мен астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру
	Экологиялық мәдениет	9.6.2.2 жаңа технологиялардың қоршаған ортаға ықпалының артықшылығын бағалау және қауіптілігін ескеру

7-9-сыныптарға арналған
«Химия» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім беру траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама мақсаты: Абайдың рухани мұрасы мен ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, табиғатты ғылыми тұрғыда танып, химиялық білімді өмірде жауапкершілікпен және шығармашылықпен қолдана алатын; академиялық жетістікке ұмтылған, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген; зерттеу жүргізу, сыни ойлау, ғылыми талдау, эмоционалды интеллект пен коммуникативтік және ынтымақтастық дағдылары дамыған, ғылыми сауатты тұлғаны тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

1) химиялық білім мен ғылыми танымның негіздерін дамыту (заттардың құрамы, құрылымы, қасиеттері мен олардың физикалық және химиялық құбылыстардағы өзгерістері туралы терең және жан-жақты түсінік қалыптастыру; химиялық процестердің негізгі заңдары мен қағидаларын меңгерту; химия саласындағы ұлттық және әлемдік ғылыми жетістіктерді таныту; алынған білімді түрлі өмірлік және ғылыми жағдайларда тиімді пайдалана білу дағдыларын дамыту, ғылым арқылы ақылды кемелдендіру);

2) сараптамалық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру (химиялық құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан талдап, олардың себеп-салдарын сыни көзқараспен бағалау, тәжірибе нәтижелерін, химиялық мәліметтерді салыстырып, қорытынды жасау дағдыларын жетілдіру, тәжірибе арқылы қайратты шыңдау);

3) ғылыми зерттеу және эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту (гипотезалар ұсыну, оларды тексеру үшін зерттеу сұрақтарын құрастыру, химиялық деректерді жинау, өңдеу, талдау; әртүрлі ғылыми көзқарастар мен әдістерді салыстыру арқылы дәлелді қорытындылар жасау, өз ұстанымын негіздеп білдіру);

4) академиялық тілдік қор мен коммуникативтік дағдыларды жетілдіру («Химия» пәнінің арнайы терминологиясын қолдана отырып, ғылыми мәтіндерді түсіну, жазу және ұсыну қабілеттерін дамыту; зерттеулерді, баяндамалар мен

презентацияларды құрылымдап, ғылыми пікірталастарға қатысу; заманауи ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану);

5) қоғам мен табиғат алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру (химиялық білім мен ғылыми таным арқылы экологиялық жауапкершілік пен адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, қоғам мен табиғатты қорғауға атсалысатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру).

Бағдарламаның мазмұны білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Химия» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағатты;

2) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағатты;

3) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағатты құрайды.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламасының мазмұны психологиялық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Бағдарламаның құрылымы төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған:

1) академиялық деңгейде жазу және ойлау біліктілігін қалыптастыру;

2) ғылыми деректерді талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту;

3) технологиялық сауттылық және ғылыми зерттеу мәдениетін қалыптастыру;

4) сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Оқу пәнінің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі болады. Бұл тәсіл білім алушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

6. «Химия» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

7. Әр бөлімде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға

және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

8. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімнен тұрады:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиялық реакциялардың энергетикасы;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

9. «Заттардың бөлшектері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдар, иондар және молекулалар;

2) атом құрылысы мен құрамы;

3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың түзілуі;

4) химиялық байланыстардың түрлері.

10. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі;

2) химиялық реакциялардың жіктелуі;

3) зат массасының сақталу заңы;

4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

11. «Химиялық реакциялардың энергетикасы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;

2) қышқылдар мен негіздер теориясы.

12. «Химия және қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) заттардың жіктелуі;

2) Жер химиясы;

3) көміртек химиясы және оның қосылыстары.

13. «Химия және өмір» бөлімі «Тірі ағзалардағы химия» бөлімшесінен тұрады.

14. 7-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар»: химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, зат және дене, элемент, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, қоспалардан заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, химиялық қосылыстар.

№ 1 практикалық жұмыс «Химия кабинетіндегі кауіпсіздік техника ережелері. Химиялық құрал-жабдықтармен танысу. Жалынның құрылысы».

№ 1 көрсетілім «Таза заттар мен қоспалар»;

№ 1 зертханалық тәжірибе «Біртекті және әртекті қоспаларды бөлу»;

№ 2 практикалық жұмыс «Әртекті қоспадан таза зат алу»;

2) «Атомдар. Молекулалар. Заттар». Атом, молекула, атом-молекулалық ілім, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің таңбалары, элементтерді металдар мен бейметалдарға

жіктеу, жай және күрделі заттар, массалық қатынастар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, электрон, нейтрон, изотоптар, элементтің аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау, салыстырмалы атомдық масса.

№ 2 зертханалық тәжірибе «Атомдар және молекулалардың модельдерін жасау: оттегі, сутегі, су, күкірт, метан».

№ 3 зертханалық тәжірибе «Жай заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру: темір, мыс, алюминий, күкірт, графит».

№ 4 зертханалық тәжірибе «Күрделі заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру: ас тұзы, қант, су, мыс оксиді, алюминий оксиді»;

3) «Периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі»: химиялық элементтердің периодтық кестесінің құрылу тарихы, И. Деберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтерді жіктеу, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, периодтық жүйенің құрылымы, период, топ, металдар, бейметалдар және металоидтар, химиялық элементтердің табиғи ұяластары, атомдық нөмір, ядро заряды, атомдағы элементарлы бөлшектер, химиялық элементтің сипаттамасы;

4) «Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі»: физикалық және химиялық құбылыстар, әртүрлі агрегаттық күйлердегі заттарды салқындату және қыздыру процестері.

№ 5 зертханалық тәжірибе «Химиялық реакциялардың белгілерін зерделеу».

№ 6 зертханалық тәжірибе «Суды қыздыру және салқындату процестерін зерттеу»;

5) «Химиялық формулалар»: валенттілік, химиялық формулалар, заттың құрам тұрақтылық заңы, бинарлы қосылыстар, салыстырмалы молекулалық масса, бинарлы қосылыстардағы химиялық элементтің массалық үлесі, бинарлы қосылыстардағы массалық қатынастар.

Сандық есептер: бинарлы қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массаны есептеу, оксидтер мысалында бинарлы қосылыстардың құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу;

6) «Ауа. Оттегі. Жану»: ауа, ауаның құрамы, атмосфералық ауаның ластанудан қорғаудың маңызы, оттегі, озон, оттегінің және озонның физикалық қасиеттері, оттегінің табиғаттағы айналымы, заттардың жану процесі, жанғыш заттар және өрт қауіпсіздік техникасы, металдар мен бейметалдардың жану реакциялары, зат массасының сақталу заңы, оттегінің алынуы, бинарлы қосылыстардың жануы, оксидтер, оксидтердің алынуы, табиғатта кездесетін оксидтер.

№ 7 зертханалық тәжірибе «Балауыз шамның жануы».

№ 8 зертханалық тәжірибе «Сутегінің асқын тотығынан оттегіні алу».

№ 2 көрсетілім «Жанғыш және жанбайтын заттар мен материалдардың жануы: қағаз, қант, спирт, цемент».

№ 3 көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегіде жануын салыстыру» (виртуалды көрсетілім).

№ 4 көрсетілім «Көміртегінің және магнийдің оттегімен әрекеттесу реакциялары»;

7) «Тірі ағзалардағы химия»: адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K) және қосылыстар, химиялық элементтердің жанды және жансыз табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро- және макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу процесі, тағам құрамындағы қоректік заттар.

№ 9 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу процесін зерттеу».

№ 3 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»;

8) «Жер химиясы»: су – тіршілік көзі, жер қыртысында кездесетін элементтер, Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының кен орындары, кен құрамы, Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі, пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстарды өндіру, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері.

№ 5 көрсетілім «Қазақстандағы пайдалы қазбалар жиынтығы»;

№ 6 көрсетілім «Бинарлы қосылыстардың жануы» (мырыш сульфиді және метан/пропан жануы) (виртуалды көрсетілім).

15. 8-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Атомдағы электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың түзілуі»: атомда электрондардың таралуы және қозғалысы, химиялық элементтердің электртерістілігі, элементтердің тотығу дәрежесі, энергетикалық деңгейлер, s-және p-орбитальдарының пішіндері, электронды-графикалық формула, алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациялары, ион, иондардың түзілуі, «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру.

№ 1 зертханалық тәжірибе «Натрий, хлор атомдарының модельдерін жасау»;

2) «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі»: химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы, химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері;

3) «Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері»: заттардың формулалары бойынша есептеулер, зат массасының сақталу заңы, химиялық реакция теңдеулерін құру, химиялық реакция типтері, табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар.

№ 1 көрсетілім «Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»;

4) «Заттардың физикалық өлшемдері. Стехиометриялық заңдар»: зат мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы, Авогадро заңы, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы.

Сандық есептер: жай және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, стехиометрия туралы түсінік, молярлық көлем, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып, формулалар бойынша есептеулер жасау, газдардың салыстырмалы тығыздығын, қалыпты жағдайда газ көлемін есептеу, оттегі мен ауадағы газдардың салыстырмалы тығыздығын, газдардың салыстырмалы тығыздығын, көлемдік қатынастар заңын есептеу, берілген масса немесе зат мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың санын есептеу, химиялық реакция теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газын) және зат мөлшерін есептеу;

5) «Химиялық байланыс»: атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полюсті және полюссіз байланыс, иондық байланыс, металдық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі, байланыс түрлері, кристалдық тор түрлері және заттардың қасиеттері арасындағы байланыс;

6) «Жай заттардың әртүрлілігі»: металдар мен бейметалдардың қосылыстары, металдардың белсенділік қатары және олардың қосылыстары, оттегі, қасиеттері және алынуы; металдардың оттегімен, сумен әрекеттесуі; сутегінің алынуы, қасиеттері, қолданылуы.

№ 2 көрсетілім «Металдар мен бейметалдар үлгілерімен танысу».

№ 3 көрсетілім «Оттегіні алу және оның қасиеттерін тану».

№ 4 көрсетілім «Белсенді металдардың сумен және оттегімен әрекеттесуі».

№ 1 практикалық жұмыс «Сутегіні алу және оның қасиеттерін тану»;

7) «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары»: бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары, оксидтер, қышқылдардың жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуы, негіздер, тұздар, бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс, адам өміріндегі оксидтердің, негіздердің, қышқылдардың және тұздардың маңызы.

№ 2 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің қасиеттерін зерттеу».

№ 3 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің индикаторлар арқылы ортасын анықтау».

№ 4 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі».

№ 5 зертханалық тәжірибе «Тұз қышқылының бейтараптану реакциясы».

№ 6 зертханалық тәжірибе «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу».

№ 7 зертханалық тәжірибе «Тұздардың қасиеттері және алынуы».

№ 2 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру».

№ 3 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс».

Сандық есептер: химиялық теңдеулер бойынша массаны, зат мөлшерін,

өнімдердің немесе реагенттердің көлемін реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің біреуінің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, газдың көлемін есептеу, химиялық реакция теңдеуі бойынша табиғатта жүретін процестер нәтижесінде түзілген өнімнің массасын, көлемін есептеу;

7) «Су. Ерітінділер және ерігіштік»: табиғаттағы су, судың ластану себептері, заттардың судағы ерігіштігі, заттардың суда ерігіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттардың ерігіштігіне температураның әсері.

№ 8 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу».

№ 4 практикалық жұмыс «Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері».

№ 5 практикалық жұмыс «Еріген заттардың массалық үлесі және молярлық концентрациясы бойынша ерітінділерді дайындау».

Сандық есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың массалық үлесін есептеу, еріген заттың, еріткіштің массасын, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу, еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу;

8) «Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу»: отынның жануы және энергияның бөлінуі, жылу эффектісі, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, термохимиялық теңдеулер, жану өнімдерінің қоршаған ортаға және адам өміріне әсері.

№ 9 зертханалық тәжірибе «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар».

16. 9-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Электролиттік диссоциация»: электролиттер мен бейэлектролиттер, электролиттік диссоциациялану теориясы, қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы, диссоциациялану дәрежесі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, ион алмасу реакциялары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі.

№ 1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы».

№ 1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті, тұздардың ерітінділерінің pH анықтау».

№ 1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары».

Сандық есептер: диссоциациялану дәрежесін есептеу;

2) «Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы»: катиондарға сапалық реакциялар, аниондарға сапалық реакциялар.

№ 2 зертханалық тәжірибе « 〖Na〗^(+) 〖,K〗^+ 〖,Ca〗^(2+), 〖Ba〗

^(2+), 〖Fe〗^(2+) 〖,Fe〗^(3+), 〖Cu〗^(2+) катиондарына сапалық реакциялар»;

3 зертханалық тәжірибе «Сулы ерітіндідегі 〖Cl〗^(-), 〖PO〗_4^(3-), 〖SO〗_4^(2-) 〖,CO〗_3^(2-) 〖 SiO〗_3^(2-) аниондарын анықтау».

№ 2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстар құрамынына сапалық талдау».

Сандық есептер: әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

3) «Металдар мен құймалар»: металдардың жалпы сипаттамасы, металдарды алу, металдар құймалары, сілтілік металдар, магний, кальций және олардың қосылыстары, судың кермектігі, алюминий және оның қосылыстары.

№ 2 көрсетілім «Металдардың кристалдық тор модельдері».

№ 3 көрсетілім «Металдар және құймалар».

№ 4 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі».

№ 4 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі».

№ 5 зертханалық тәжірибе «Судың кермектігін анықтау».

№ 5 көрсетілім «Алюминий мен оның құймалары»;

№ 6 зертханалық тәжірибе «Алюминий және оның қосылыстарының қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі».

№ 3 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару.

Сандық есептер: реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, құрамында бөгде заты бар реагенттің массасы бойынша өнімнің массасын табу;

4) «Бейметалдар»: галогендер және олардың қосылыстары, 16 (VIA)-топ элементтері, күкірт және оның маңызды қосылыстары, күкірт қышқылы және оның тұздары, азот, аммиак, азот қышқылы, нитраттар, фосфор және оның қосылыстары, минералды тыңайтқыштар, көміртегі және кремнийдің жалпы сипаттамасы, көміртегі мен кремнийдің аллотропиялық түрөзгерістері, көміртегі және кремнийдің косылыстары.

№ 6 көрсетілім «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері».

№ 7 көрсетілім «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу».

№ 7 зертханалық тәжірибе «Азот және аммиак молекулаларының моделдері».

№ 8 көрсетілім «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу».

№ 9 көрсетілім «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері».

№ 10 көрсетілім «Алмаз бен кремний кристалдық торының модельдері».

№ 11 көрсетілім «Кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері».

Өнімнің шығымына байланысты сандық есептер: теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық/көлемдік үлестеріне

есептеулер.

5) «Органикалық химияға кіріспе»: органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясы, органикалық қосылыстардың номенклатурасы мен изомериясы.

№ 12 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, аминоэтан қышқылы модельдері».

6) «Көмірсутегілер»: көмірсутегілер, алкандар, алкандардың номенклатурасы және изомериясы, алкандардың химиялық қасиеттері және қолданылуы, алкендер, алкендердің химиялық қасиеті және қолданылуы, алкадиендер, каучук, алкиндер, ароматты көмірсутегілер, бензол, көмірсутекті отындар, мұнай.

№ 13 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері».

№ 14 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі».

Сандық есептер: элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтектес заттардың молекулалық формуласын табу.

№ 15 көрсетілім «Отын түрлері».

№ 16 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері».

Сандық есептер: көмірсутегілердің жану өнімі бойынша молекулалық формуласын табу;

7) «Оттекті органикалық қосылыстар»: спирттер, спирттердің жіктелуі, карбонилді қосылыстар, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын мен синтетикалық жуғыш заттар, көмірсулар, аминқышқылдар, нәруыздар.

№ 8 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу».

№ 9 зертханалық тәжірибе «Нәруыздардың денатурациясы».

17. «Химия» оқу пәнінің мазмұны көшбасшылық, ғылым, шығармашылықты дамытуға бағытталған:

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Коммуникативтік дағдылар: зерттеу процесін сипаттау (бақылау, тәжірибе, қорытынды). Қарапайым ғылыми терминологияны қолдану	Коммуникативтік дағдылар: химиялық құбылыстар туралы түсіну, аргументтер келтіру. Топтық пікірталастарда химиялық себеп-салдар байланыстарын айту	Коммуникативтік дағдылар: ғылыми дебаттарға қатысу (пластик мәселесі). Қарсы пікірді дәлелмен жоққа шығару. Ғылыми презентациялар жасау
Теориялық білім: заттардың қасиеттері мен түрлері (қатты, сұйық, газ). Қоспалар мен таза заттар. Физикалық және химиялық құбылыстар	Теориялық білім: атом-молекулалық ілім. Периодтық жүйе негіздері. Химиялық байланыстар. Реакция теңдеулері	Теориялық білім: зат мөлшері мен есептеулер. Реакция жылдамдығы. Тепе-теңдік. Электролиз. Қышқылдар мен негіздер. Экологиялық аспектілер
Практикалық дағды:	Практикалық дағдылар:	Практикалық дағдылар:

зертханалық құрал-жабдықтармен танысу. Қарапайым тәжірибе жүргізу. Қауіпсіздік ережелері	белсенді эксперименттер (тұздардың түзілуі, газдардың бөлінуі). Деректер жинау және талдау	эксперименттi жоспарлау, тәуекелдерді бағалау, нәтижелерді интерпретациялау. Ғылыми есеп жазу
Мәтінмен жұмыс: оқу құралынан ғылыми мәтіндерді түсіну, негізгі идеяларды ажырату. Терминдермен жұмыс	Мәтінмен жұмыс: химия бойынша мақалаларды оқу және негізгі мазмұнын жазу. Кестелер мен диаграммаларды оқу	Мәтінмен жұмыс: ғылыми мақалаларды (экология, энергия көздері) сыни талдау. Авторлық көзқарасты анықтау, интерпретациялау
Жазба жұмыстар: зертханалық есептің қарапайым түрін жазу. Химиялық бақылау нәтижелерін сипаттау	Жазба жұмыстар: түсіндірме сипаттағы шағын эссе жазу («Судың маңызы»)	Жазба жұмыстар: академиялық стильде эссе жазу («Жасыл химия – болашақтың кілті»)

18. Оқу пәнінің негізгі құзіреттіліктері мен құндылықтары:

Құзіреттіліктер мен құндылықтар	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Қазақ халқының табиғатқа деген дәстүрлі көзқарасын химиямен байланыстыру. Жергілікті табиғи ресурстарды танып білу	Қазақстанның экологиялық, ғылыми және өндірістік ерекшеліктерін ескере отырып, жаһандық мәселелерді (энергия, тұрақтылық, қауіпсіздік) химиялық тұрғыда түсіндіру. Ғылыми және техникалық инновациялардың қоғам мен ортаға әсерін зерттеу	Жаһандық экологиялық және ғылыми үрдістерді саралап, ұлттық деңгейде химияның маңызын бағалау. Жасыл химия ұстанымдарын түсіну
Коммуникативтік құзыреттілік	Химиялық ұғымдарды қарапайым тілмен жеткізу, жұптық және топтық талқылауға қатысу	Химиялық түсініктерді ауызша және жазбаша түрде нақты жеткізу, зерттеу нәтижелерін сынып алдында қорғау. Ғылыми дәлелмен пікір айту, химиялық терминологияны дұрыс қолдану	Ғылыми жобаларда өз ойын дәлелмен жеткізу, пікірталасқа қатысу, химиялық ақпаратты сын тұрғысынан талдау
Функционалдық сауаттылық құзыреттілігі	Қарапайым химиялық құбылыстарды күнделікті өмірмен байланыстыру. Заттардың қауіпсіз	Химиялық білімді тұрмыстық, экологиялық және өндірістік жағдайларда қолдана	Химиялық білім мен тәжірибені шынайы өмірлік жағдаяттарды шешуде қолдану

	қолданылуын түсіну. Негізгі ақпараттарды оқып, түсініп, нақты сұрақтарға жауап беру	білу. Ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру және қорытынды жасау. Зертханалық құрал-жабдықтарды қауіпсіз қолдану	(су сапасын бағалау, тұрмыстық заттардың құрамын талдау). Ғылыми ақпаратты талдау, синтездеу және негізделген шешім қабылдау. Эссе, инфографика, презентация сияқты әртүрлі форматта ақпарат ұсыну
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Қарапайым бақылау, салыстыру және қорытынды жасау. Сұрақ қою және болжам жасау	Жаратылыстану-зертханалық жұмыстар арқылы бақылау, тәжірибе жүргізу, қорытынды жасау. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы деректерді талдау және тұжырым жасау	Күрделі эксперименттерді жоспарлау, деректерді талдап, ғылыми тұжырымдар жасау. Гипотеза құру және оны дәлелдеу
Базалық құндылықтар	Ұқыптылық, қауіпсіздік ережелерін сақтау, ынтымақтастыққа үйрену	Еңбекқорлық, ұқыптылық, жауапкершілік, қауіпсіздік, экологиялық ойлау, ұлттық мұраларды бағалау, ғылымға деген қызығушылық	Ғылым мен экологияға бағытталған жасампаз ойлау, кәсіби шеберлікке ұмтылу, ұлттық ғылымға үлес қосу

1) ұлттық және жаһандық құзыреттілік: химия пәні арқылы қазақтың ұлттық дәстүрлері мен табиғатқа деген көзқарасын зерттей отырып, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, жаһандық экологиялық мәселелер мен тұрақты дамудың маңызын түсіну; химиялық білімді халықаралық стандарттармен үйлестіріп, ғылыми инновациялар мен экология саласындағы жаһандық трендтерді меңгеру; Қазақстанның химиялық өнеркәсібі мен табиғи ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ұлттық экономикаға үлес қосу; химия тілін көптілді және көпмәдениетті ортада қолдану, түрлі елдердің ғылыми жетістіктерін өзара түсіну және интеграциялау;

2) тілдік құзыреттілік: химиялық терминология мен ғылыми тілдің грамматикалық және стилистикалық нормаларын меңгеру; химияда қолданылатын арнайы сөздік қорды меңгеріп, оны ауызша және жазбаша тиімді қолдану; химиялық мәтіндерді түсіну және құрастыру дағдыларын дамыту;

қауіпсіздік нұсқаулықтарын, зертханалық есептер мен ғылыми мақалаларды дұрыс жазу;

3) коммуникативтік құзыреттілік: химиялық идеяларды, зерттеулерді және тәжірибелерді ауызша және жазбаша жүйелі түрде жеткізу; ғылыми талқыластарға, пікірталастарға қатысу және химиялық ақпаратты сындарлы талдау; зерттеу нәтижелерін презентациялау, ғылыми жобаларда және топтық жұмыстарда өз ойын нақты жеткізе білу;

4) функционалдық сауаттылық құзыреттілігі: білім алушылардың күнделікті өмірде химиялық білімді саналы қолдану, тұрмыстық химикаттар мен материалдардың құрамын түсініп талдау, қауіпсіз әрекет ету мәдениетін қалыптастыру; экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты ғылыми тұрғыдан негізделген шешімдер ұсыну қабілетін дамыту;

5) зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі: химиялық зерттеулер жүргізу, тәжірибелерді жоспарлау және нәтижелерін сараптау; химиялық құбылыстарды модельдеу және болжам жасау; ғылыми деректерді жинау, талдау және өз бетінше қорытынды жасау; химиялық теорияларды сыни тұрғыдан қарастыру және ғылыми әдіснаманы қолдану;

6) Базалық құндылықтар: тәуелсіздік және ұлттық ғылымды дамытуға ұмтылыс, бірлік және ынтымақтастық негізінде ғылыми зерттеу жүргізу, қауіпсіздік және заңдылық нормаларын орындау, еңбекқорлық пен кәсіби шеберлікті арттыру, жасампаздық пен инновацияны дамыту.

7) оқу пәнінің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, білім алушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

19. «Химия» пәнінің оқу бағдарламасы мектептерге ұлттық және жергілікті білім беру мақсаттарына сай, мазмұны жағынан қызықты, өзекті, күрделі және маңызды тақырыптарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуге негізделген бағдарлама химиялық білім беруде фактілік, концептуалды және талқылайтын сұрақтарды зерттеуге негізделеді, білім алушылардың ғылыми сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін және химияны өмірмен байланыстыру дағдысын дамытады.

20. Білім алушылар негізгі ұғымдарды ғаламдық контекст арқылы зерттейді:

1) бірегейлік және қатынастар;

2) кеңістік пен уақыттағы бағдарлау;

3) жеке және мәдени өзін-өзі көрстеу;

4) ғылыми және техникалық инновациялар;

5) жаһандану және тұрақтылық;

6) әділеттілік және даму.

21. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Химия саласында өз	Химиялық зерттеулер	Жобалар арқылы

	зерттеуін бастай алу, топпен жұмыс жасау, пікір білдіру және қорытындыны дәлелді қорғау. Өзінің химиялық білімімен қоғамға пайда әкелу. Химиялық терминологияны қолдана отырып, құбылыстарды нақты сипаттау, эксперименттік тапсырмаларды топта бөлісе орындау арқылы жауапкершілік пен басқару қабілетін дамыту	мен тәжірибелер арқылы жауапкершілікті сезінуді, өз әрекетін жүйелі жоспарлауды, сыни және шығармашылық ойлауды қолдануды, топта тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық орнатуды, сондай-ақ өз мүмкіндіктерін танып, кәсіби және әлеуметтік дамуға ұмтылуды қалыптастыру	дербес және топтық жұмысты ұйымдастыра білу. Түрлі талдау дағдыларын, Зерттеушілік қабілетін жан-жақты метапәндік білімдер негізінде қалыптастыру
Ғылым	Химиялық тәжірибе кезінде бақылау, болжам жасау, қорытынды шығару дағдыларын меңгеру, ғылыми әдістемені қолдана алу	Ғылыми зерттеулерге қызығушылықты артуы, химия ғылымының өмірдегі маңызын түсіну арқылы тұлғалық даму	Ақпаратты ғылыми тұрғыда іріктеу, салыстыру, бағалау
Шығармашылық	Тәжірибе нәтижесін креативті түрде көрсету, зерттеу сұрақтарын өзі құра білуі	Экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты этикалық жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, жобалық жұмыстарда белсенділік таныту	Химиялық білімді күнделікті өмірде, тұрмыста және басқа пәндермен байланыста қолдана білу

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

22. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

23. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

24. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

1) заттардың бөлшектері:

Білім алушылар білуі тиіс:			
1.1 Атомдар, иондар және молекулалар	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.1.1.1 «Химия» ғылымының нысаны мен маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 химия кабинетіндегі кауіпсіздік техникасы ережелерін білу және жалынның құрылысын түсіндіру; 7.1.1.3 жалынның құрылысын түсіндіру және зерттеу, физикалық қасиеттерін сиппаттау; 7.1.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату; 7.1.1.5 бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес заттардың агрегаттық күйі мен құрылымын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау және салқындау процесінің қисықтарын салу және оған бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан талдау жасау		
1.2 Атом құрылысы мен құрамы	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.1.2.1 атом-молекулалық ілімнің негізгі қағидаларын атау, сипаттау; 7.1.2.2 әр элементтің химиялық таңбамен белгіленетінін және		

	белгілі атом түрі екенін түсіндіру; 7.1.2.3 заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру, олардың құрылымдық ерекшеліктермен байланысын талдау; 7.1.2.4 атомның массалық бірлігін қолдану арқылы химиялық элементтің атомдық массасын есептеу; 7.1.2.5 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ($p^{+,}n^{0,}e^{-}$) мен атом ядросының құрамын сипаттау; 7.1.2.6 изотоп түсінігін түсіндіру, бір элементтің әртүрлі изотаптарын салыстыру; 7.1.2.7 бинарлы қосылыстың формуласы бойынша молекулалық/ формулалық массасын есептеу; 7.1.2.8. оксидтер мысалында бинарлы қосылыстардың құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу; 7.1.2.9 атомдардың массалық қатынастары және массалық үлестері арқылы бинарлы қосылыстардың формуласын құрастыру; 7.1.2.10 валенттілік ұғымын пайдалана отырып, бинарлы химиялық		

	қосылыстардың формулаларын құрастыру		
1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы	7-сынып	8-сынып	9-сынып
		8.1.3.1 атомда электрондар энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру; 8.1.3.2 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын құрастыру, әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру; 8.1.3.4 «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру	
1.4 Химиялық байланыстардың түрлері	7-сынып	8-сынып	9-сынып
		8.1.4.1 электртерістілік ұғымын Полинг кестесі және график негізінде түсіндіру; 8.1.4.2 электртерістілік ұғымына сүйеніп, ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру, байланыс түрін болжау үшін концептуалдық	9.1.4.1 металдар қасиеттерінің металдық байланыс пен кристалдық торына тәуелділігін түсіндіру; 9.1.4.2 құймалардың ерекшеліктері, шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.1.4.3 сілтілік металдар мен

		модельдермен жұмыс жасау; 8.1.4.3 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып, металдардың қасиетін түсіндіру; 8.1.4.4 иондық байланыстың түзілу механизмін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.5 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	олардың қосылыстарының жалпы қасиеттерін түсіндіру, реакцияға түсу қабілетінің өзгеруін практикада тексеру; 9.1.4.4 азот және аммиак молекуласының құрылымына сүйене отырып қасиеттерін түсіндіру; 9.1.4.5 көміртегінің аллотропиялық түрөзгерістерінің құрылысын, қасиеттерін салыстыру және қолданылу аймағын анықтау

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары:

Білім алушылар білуі тиіс:			
2.1. Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.1.1 химиялық элементтердің жіктелуін И.Деберейнер, Дж.Ньюлендс, Д.И.Менделеевтің еңбектерінің мысалында салыстыру, талдау; 7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымының негізінде период, топтың нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру; 7.2.1.3 периодтық кестедегі химиялық элементтердің табиғи ұяластарын сипаттау;	8.2.1.1 период, топтың және атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру, жаңа элементтің орнын және қасиеттерін болжау; 8.2.1.2 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.3 периодтық жүйедегі орны бойынша химиялық	9.2.1.1. магний мен кальций және олардың қосылыстарының қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.2 алюминийдің қасиеттерін түсіндіріп, алюминий мен оның құймаларының қолдану салаларын атау; 9.2.1.3 алюминий оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.4 металдардың жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу; 9.2.1.5 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау;

	7.2.1.4 периодтық кестедегі орналасуы бойынша химиялық элементті сипаттау, элементтердің химиялық қасиеттерін болжау	элементті сипаттау; 8.2.1.4 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататынын болжау; 8.2.1.5 металдар және бейметалдардың қасиеттерін түсіндіру	9.2.1.6 галогендер қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.7 16 (VIA) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.8 күкірттің аллотропиялық түрөзгерістерін, күкірт (IV) және (VI) оксидтерінің қасиеттерін салыстыру сипаттау; 9.2.1.9 сұйылтылған және концентрлі күкірт қышқылының кейбір металдармен әрекеттесу реакциясының теңдеуін құрастыру, сұйылтылған күкірт қышқылының және оның тұздарының құрылымы мен химиялық қасиеттерін зерттеп, олардың белсенділігін түсіну, тәжірибелік реакцияларды орындау арқылы нәтижелерін талдау; 9.2.1.10 аммоний тұзынан аммиакты алу, оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.11 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ және ерекше қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.12 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін сипаттау; 9.2.1.13 фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін, оның қосылыстарының қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.14 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.15 кремний және көміртегінің негізгі қосылыстарының қасиеттерін сипаттау

2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі	7-сынып	8-сынып	9-сынып
		8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу және олардың жүру ерекшеліктерін сипаттай алу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды (фотосинтез, тыныс алу, металдар коррозиясы) сипаттау	9.2.2.1 молекулалық және иондық түрде реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.2.2 ион алмасу реакцияларының жүру себептерін талдау
2.3 Зат массасының сақталу заңы	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.3.1 құрам тұрақтылық заңының мәнін түсіндіру; 7.2.3.2 жай заттардың жану реакцияларының теңдеулерін зат массасының сақталу заңы тұрғысынан түсіндіру	8.2.3.1 заттардың формулалары бойынша есептер шығару; 8.2.3.2 зат массасының сақталу заңын қолданып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.3 Авогадро санын, зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде мольді түсіндіру; 8.2.3.4 қосылыстың молярлық массасын есептеу; 8.2.3.5химиялық реакция	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 9.2.3.2 құрамында бөгде заты бар реагенттің массасы бойынша өнімнің массасын табу; 9.2.3.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу; 9.2.3.4 органикалық газтектес заттардың молекулалық формуласын элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздығы бойынша есептеу

		теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 газдар көлемін есептеуде Авогадро заңын және молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығы бойынша заттың молярлық массасын есептеу; 8.2.3.8 газдардың көлемдік қатынас заңын пайдалана отырып, реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 8.2.3.9 табиғаттағы химиялық реакциялардың мысалын пайдалана отырып, реагенттер мен өнімдердің массасын есептеу және дәлелді есептеу дағдыларын қолдану арқылы химиялық процестердің өнімділігін болжау	
2.4 Металдардың электрохимиялық кернеу қатары	7-сынып	8-сынып	9-сынып
		8.2.4.1 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық сумен, бумен	

		әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру; 8.2.4.2 металдардың жемірілуіне әсер ететін жағдайларды зерттеу; 8.2.4.3 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру	

3) химиядағы энергетика:

Білім алушылар білуі тиіс:			
3.1	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар	7.3.1.1 заттар жанғанда ауаның құрамындағы оттегінің жұмсалатынын зерттеу; 7.3.1.2 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын бағалау, қоршаған ортаны ластанудан қорғау жолдарын талдау; 7.3.1.3 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.4 кейбір металдар мен бейметалдардың жанғанда оксидтер түзілетінін түсіндіру	8.3.1.1 көміртекқұрамды отынның оттегіде жануы нәтижесінде көмірқышқыл газының, иіс газының немесе көміртегінің түзілуін түсіндіру; 8.3.1.2 экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар бойынша есеп шығару; 8.3.1.3 заттың жану реакциясының өнімдерін және олардың қоршаған ортаға, адам өміріне әсерін сипаттау; 8.3.1.4 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып

3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы		8.3.4.1 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарын жіктеу; 8.3.4.2 оксидтерді жіктеу және алынуы мен химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.3 оксидтердің қоршаған ортаға әсерін бағалау; 8.3.4.4 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін қолданылуын түсіндіру; 8.3.4.5. қышқылдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру және табиғи индикатор арқылы қышқыл ортаны анықтау, тұрмыста қолданылатын қышқылдардың қасиеттерін бақылау; 8.3.4.6 негіздердің жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуын түсіндіру; 8.3.4.7 негіздердің химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.8 тұздардың жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуын түсіндіру; 8.3.4.9 тұздардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.10 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысын анықтау; 8.3.4.11 заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу; 8.3.4.12 заттың ерігіштігіне	9.3.4.1 электролиттік диссоциациялану теориясына сүйеніп, қышқылдардың, негіздердің және тұздардың химиялық қасиеттерін сипаттау; 9.3.4.2 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу; 9.3.4.3 тұздар гидролизінің анықтамасын білу және оның мәнін түсіндіру

		температураның әсерін зерттеу; 8.3.4.13 ерітіндідегі еріген заттың белгілі массасы бойынша пайыздық және молярлық концентрациясын есептеу, концентрация мен ерігіштікке әсер ететін факторларды зерттеу; 8.3.4.14 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу	

4) химия және қоршаған орта:

Білім алушылар білуі тиіс:			
4.1 Заттардың жіктелуі	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы екенін түсіндіру, зат пен денені, таза заттар мен қоспаларды ажырату; 7.4.1.2 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін анықтау; 7.4.1.3 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибенің жоспарын құру және оны жасау; 7.4.1.4 бинарлы қосылыстардың жану реакциясының теңдеулерін құрастыру; 7.4.1.5 табиғатта кездесетін (H2O, CO2, SiO2, Al2O3, FeO, Fe2O3) оксидтердің қолданылуын		9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің арасындағы айырмашылығын түсіндіру; 9.4.1.2 электролиттік диссоциация теориясының негізінде диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.3 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру; 9.4.1.4 күшті және әлсіз электролиттердің диссоциациялану дәрежесін анықтау және салыстыру; 9.4.1.5 Na+, K+, Ca2+, Ba2+, Fe 2+, Fe3+, Cu2+ , катиондарын сапалық анықтау;

	түсіндіру және зерттеу		9.4.1.6 Cl–, PO43–, SO42–, CO32–, SiO32– аниондарын сапалық анықтау; 9.4.1.7 бейорганикалық заттар құрамын анықтау
4.2 Жер химиясы	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.4.2.1 суды тазартудың әртүрлі әдістерінің тиімділігін салыстыру; 7.4.2.2 жер қыртысында пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіндіру; 7.4.2.3 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіндіру; 7.4.2.4 Қазақстан Республикасының минералды және табиғи ресурстарын атау, олардың кен орындарын көрсету; 7.4.2.5 Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесін білу; 7.4.2.6 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 7.4.2.7 оттегінің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 7.4.2.8 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру, оттегінің аллотропиялық түр өзгерістерін	8.4.2.1 оттегінің алынуы, қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру, өндірісте және қоршаған ортадағы рөлін (жануға қатысуы, биологиялық маңызы) бағалау және экологиялық процестермен (фотосинтез, тыныс алу, озон қабаты) байланысын талдау; 8.4.2.2 сутегіні алу және оның қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру, сутегіні қолданудың артықшылықтары мен шектеулерін экологиялық тұрғыда салыстырып бағалау	9.4.2.1 Қазақстан Республикасындағы кен орындарынан металдарды алу жолдарын және қоршаған ортаға әсерін сипаттау, Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен өндірудің маңыздылығын түсіндіру; 9.4.2.2 күкірт диоксидінің физиологиялық әсері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін зиянын түсіндіру; 9.4.2.3 азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсерін талдау; 9.4.2.4 судың «кермектігін» анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру

	салыстырып айырмашылықтарын түсіндіру; 7.4.2.9 оттегіні зертханада алу		
4.3 Көміртек химиясы және оның қосылыстары	7-сынып	8-сынып	9-сынып
			9.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру; 9.4.3.2 органикалық қосылыстардың жіктелуін түсіндіру; 9.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру; 9.4.3.4. М.Бутлеровтың органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясының қағидаларын түсіндіру; 9.4.3.5 IUPAC номенклатурасын қолданып, органикалық қосылыстарды атау; 9.4.3.6 (С4 – С8 қатарындағы) мүмкін болатын изомерлерінің құрылымдық формулаларын құрастыру және атау; 9.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.8 еріткіштерді алу үшін метанды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру; 9.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 9.4.3.10 этен мысалында

			алкендердің қасиетін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) түсіндіру, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.11 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін және қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын түсіндіру; 9.4.1.12 алкадиендердің құрылысы негізінде олардың қасиеттерін түсіндіру; 9.4.3.13 каучуктың алкадиендерден өндірістегі алынуы, маңыздылығы және Қазақстанда өсетін каучук өсімдіктерін бағалау; 9.4.3.14 этин мысалында алкиндердің қасиеттерін түсіндіру; 9.4.3.15 бензолдың жалпы сипаттамаларын және қолданылуын сипаттау; 9.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.3.17 көмірсутегілердің жану өнімі арқылы молекулалық формуласын анықтау;

			9.4.3.18 спирттердің жалпы сипатттамасы, метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.19 карбонилді қосылыстардың қасиеттері мен қолданылуын сипаттау; 9.4.3.20 карбон қышқылдарын жіктеу, қасиеттерін сипаттау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 9.4.3.21 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру; 9.4.3.22 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін талдау; 9.4.3.23 көмірсулардың жіктелуін, қасиеттерін, қолданылуын және биологиялық маңызын сипаттау; 9.4.3.24 нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 9.4.3.25 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 9.4.3.26 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

5) химия және өмір:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1 Тірі ағзалардағы химия	7.5.1.1 адам ағзасына кіретін элементтердің (O, C, H, N, Ca, P, K) ағзадағы рөлін анықтау; 7.5.1.2 тыныс алу процесін түсіндіру; 7.5.1.3 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіндіру; 7.5.1.4 кейбір қоректік заттарды: қант, крахмал (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау		

Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

25. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

26. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Химия» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы	7.1.1.1 «Химия» ғылымының нысаны мен маңызын түсіндіру
	№ 1 практикалық жұмыс «Химия кабинетіндегі кауіпсіздік техника ережелері. Химиялық құрал-жабдықтармен танысу. Жалынның құрылысы»	7.1.1.2 химия кабинетіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін білу және жалынның құрылысын түсіндіру; 7.1.1.3 жалынның құрылысын түсіндіру, зерттеу, физикалық қасиеттерін сипаттау
	Зат және дене. Таза зат және қоспа. Заттардың физикалық қасиеттері. № 1 көрсетілім «Таза заттар мен қоспалар»	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы екенін түсіндіру, зат пен денені, таза заттар мен қоспаларды ажырату
	Қоспаның түрлері. Қоспаларды бөлу әдістері. № 1 зертханалық тәжірибе «Біртекті және әртекті қоспаларды бөлу»	7.4.1.2 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін анықтау

	№ 2 практикалық жұмыс «Әртекті қоспадан таза зат алу»	7.4.1.3 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибенің жоспарын құру және оны жасау
Атомдар, молекулалар. Заттар	Атом. Молекула. Атом-молекулалық ілім. № 2 зертханалық тәжірибе «Атомдар және молекулалардың модельдерін жасау: оттегі, сутегі, су, күкірт, метан»	7.1.2.1 атом-молекулалық ілімнің негізгі қағидаларын атау, сипаттау
	Химиялық элементтер	7.1.2.2 әр элементтің химиялық таңбамен белгіленетінін және белгілі атом түрі екенін түсіндіру
	Жай және күрделі заттар. Химиялық қосылыстар. № 3 зертханалық тәжірибе «Жай заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру: темір, мыс, алюминий, күкірт, графит» № 4 зертханалық тәжірибе «Күрделі заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру: ас тұзы, қант, су, мыс оксиді, алюминий оксиді»	7.1.2.3 заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру, олардың құрылымдық ерекшеліктермен байланысын талдау
	Салыстырмалы атомдық масса	7.1.2.4 атомның массалық бірлігін қолдану арқылы химиялық элементтің атомдық массасын есептеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p^{+},n^{0},e^{-}) мен атом ядросының құрамын сипаттау; 7.1.2.6 изотоп түсінігін түсіндіру, бір элементтің әртүрлі изотоптарын салыстыру
2-тоқсан		
Периотық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Химиялық элементтердің периодтық кестесінің құрылу тарихы. Периодтық кестенің құрылымы. И. Деберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтерді жіктеу	7.2.1.1 химиялық элементтердің жіктелуін И.Деберейнер, Дж.Ньюлендс, Д.И.Менделеевтің еңбектерінің мысалында салыстыру,талдау 7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымының негізінде период, топ нөмірінің физикалық мағынасын түсіндіру
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары	7.2.1.3 периодтық кестедегі химиялық элементтердің табиғи ұяластарын сипаттау
	Химиялық элементтің сипаттамасы	7.2.1.4 периодтық кестедегі орналасуы бойынша химиялық элементті

		сипаттау, элементтердің химиялық қасиеттерін болжау
Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар. № 5 зертханалық тәжірибе «Химиялық реакциялардың белгілерін зерделеу»	7.1.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Әртүрлі агрегаттық күйдегі заттарды қыздыру және салқындату процестері. № 6 зертханалық тәжірибе «Суды қыздыру және салқындату процестерін зерттеу»	7.1.1.5 бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес заттардың агрегаттық күйі мен құрылымын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау және салқындау процесінің қисықтарын салу және оған бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан талдау жасау
3-тоқсан		
Химиялық формулалар	Валенттілік. Бинарлы қосылыстардың химиялық формулалары. Құрам тұрақтылық заңы	7.1.2.10 валенттілік ұғымын пайдалана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын құрастыру; 7.2.3.1 құрам тұрақтылық заңының мәнін түсіндіру
	Сандық есептер: бинарлы қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массаны есептеу, оксидтер мысалында бинарлы қосылыстардың құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу	7.1.2.7 бинарлы қосылыстың формуласы бойынша молекулалық/ формулалық массасын есептеу; 7.1.2.8. оксидтер мысалында бинарлы қосылыстардың құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу
	Химиялық қосылыстардың формуласын табу	7.1.2.9 атомдардың массалық қатынастары және массалық үлестері арқылы бинарлы қосылыстардың формуласын құрастыру
Ауа. Оттегі. Жану	Ауа. Ауаның құрамы. № 7 зертханалық тәжірибе «Балауыз шамның жануы»	7.3.1.1 заттар жанғанда ауаның құрамындағы оттегінің жұмсалатынын зерттеу; 7.3.1.2 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын бағалау, қоршаған ортаны ластанудан қорғау жолдарын талдау
	Оттегі. Озон. Оттегінің табиғаттағы айналымы	7.4.2.7 оттегінің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 7.4.2.8 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру, оттегінің аллотропиялық түр өзгерістерін салыстырып айырмашылықтарын түсіндіру

	Оттегінің алынуы. № 8 зертханалық тәжірибе «Сутегінің асқын тотығынан оттегіні алу»	7.4.2.9 оттегіні алынуын зерттеу
	Заттардың жану процесі. № 2 көрсетілім «Жанғыш және жанбайтын заттар мен материалдардың жануы: қағаз, қант, спирт, цемент»	7.3.1.3 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру
	Металдар мен бейметалдардың жану реакциялары. № 3 көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегіде жануын салыстыру» (виртуалды көрсетілім). № 4 көрсетілім «Көміртегінің және магнийдің оттегімен әрекеттесу реакциялары» Зат массасының сақталу заңы	7.3.1.4 кейбір металдар мен бейметалдардың жанғанда оксидтер түзілетінін түсіндіру; 7.2.3.2 жай заттардың жану реакцияларының теңдеулерін зат массасының сақталу заңы тұрғысынан түсіндіру
4-тоқсан		
Тірі ағзалардағы химия	Адам ағзасындағы химиялық элементтер және қосылыстар	7.5.1.1 адам ағзасына кіретін элементтердің (O, C, H, N, Ca, P, K) ағзадағы рөлін анықтау
	Тыныс алу процесі. № 9 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу процесін зерттеу»	7.5.1.2 тыныс алу процесін түсіндіру
	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 3 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»	7.5.1.3 тағам өнімдерін химиялық заттар мен элементтердің жиынтығы деп түсіндіру; 7.5.1.4 кейбір қоректік заттарды: қант, крахмал (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау
Жер химиясы	Жер қыртысында кездесетін элементтер. Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының кен орындары. Кен құрамы. № 5 көрсетілім «Қазақстандағы пайдалы қазбалар жиынтығы	7.4.2.2 жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіндіру; 7.4.2.3 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіндіру; 7.4.2.4 Қазақстан Республикасының минералды және табиғи ресурстарын атау, олардың кен орындарын көрсету
	Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі, пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар	7.4.2.5 Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесін білу

	Су – тіршілік көзі	7.4.2.1 суды тазартудың әртүрлі әдістерінің тиімділігін салыстыру
	Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	7.4.2.6 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Бинарлы қосылыстардың жануы. №6 көрсетілім «Бинарлы қосылыстардың жануы» (мырыш сульфиді және метан\пропан жануы). Виртуалды көрсетілім «Табиғатта кездесетін оксидтер»	7.4.1.4 бинарлы қосылыстардың жану реакцияларының теңдеулерін құрастыру; 7.4.1.5 табиғатта кездесетін (H2O, CO2, SiO2, Al2O3, FeO, Fe2O3) оксидтердің қолданылуын түсіндіру және зерттеу

2) 8-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Атомдағы электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың түзілуі	Атомда электрондардың таралуы. Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе «Натрий, хлор атомдарының модельдерін жасау»	8.1.3.1 атомда электрондар энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру
	Атомдағы электрондар қозғалысы	8.1.3.2 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын құрастыру, әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну
	Иондардың түзілуі	8.1.3.3 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру
	Қосылыстар формуласын құрастыру	8.1.3.4 «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру
	Электртерістілік. Тотығу дәрежесі	8.1.4.1 электртерістілік ұғымын Полинг кестесі және график негізінде түсіндіру
Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы	8.2.1.1 период, топтың және атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру, периодтық жүйенің логикасын сипаттау және жаңа берілген элементтің орнын және қасиеттерін болжау

	Химиялық элементтер атомдарының кейбір сипаттамалары мен қасиеттерінің периодты түрде өзгеруі	8.2.1.2 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру
	Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы	8.2.1.3.периодтық жүйедегі орны бойынша химиялық элементті сипаттау
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	8.2.1.4 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататынын болжау
Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	Заттардың формулалары бойынша есептеулер	8.2.3.1 заттардың формулалары бойынша есептер шығару
	Зат массасының сақталу заңы. Химиялық реакция теңдеулерін құру. № 1 көрсетілім «Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»	8.2.3.2 зат массасының сақталу заңын қолданып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру
	Химиялық реакция типтері	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу, олардың жүру ерекшеліктерін сипаттай алу
	Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды (фотосинтез, тыныс алу, металдар коррозиясы) сипаттау
2-тоқсан		
Заттардың физикалық өлшемдері. Стехиометриялық заңдар	Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы	8.2.3.3 Авогадро санын, зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде мольді түсіндіру 8.2.3.4 қосылыстың молярлық массасын есептеу
	Стехиометриялық заңдар	8.2.3.9 табиғаттағы химиялық реакциялардың мысалын пайдалана отырып, реагенттер мен өнімдердің массасын есептеу, дәлелді есептеу дағдыларын қолдану арқылы химиялық процестердің өнімділігін болжау
	Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару	8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу
	Авогадро заңы. Молярлық көлем	8.2.3.6 газдар көлемін есептеуде Авогадро заңын және молярлық көлемді қолдану

	Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынастар заңы	8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығы бойынша заттың молярлық массасын есептеу; 8.2.3.8 газдардың көлемдік қатынас заңын пайдалана отырып, реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
Химиялық байланыс	Ковалентті байланыс	8.1.4.2 электртерістілік ұғымына сүйеніп, ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру, байланыс түрін болжау үшін концептуалдық модельдермен жұмыс жасау
	Металдық байланыс	8.1.4.3 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып, металдардың қасиетін түсіндіру
	Иондық байланыс	8.1.4.4 иондық байланыстың түзілу механизмін сипаттау, иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау
	Кристалдық тор түрлері. Химиялық байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс	8.1.4.5. заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру
3-тоқсан		
Жай заттардың әртүрлілігі	Жай заттар: металдар және бейметалдар. №2 көрсетілім «Металдар мен бейметалдар үлгілерімен танысу»	8.2.1.5 металдар және бейметалдардың қасиеттерін түсіндіру
	Оттегі, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 3 көрсетілім «Оттегіні алу және оның қасиеттерін тану»	8.4.2.1 оттегіні алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу, қоршаған ортадағы рөлін (жануға қатысуы, биологиялық маңызы) бағалау және экологиялық процестермен (фотосинтез, тыныс алу, озон қабаты) байланысын талдау
	Металдардың оттегімен, сумен әрекеттесуі. № 4 көрсетілім «Белсенді металдардың сумен және оттегімен әрекеттесуі»	8.2.4.1 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық сумен, бумен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру; 8.2.4.2 металдардың жемірілуіне әсер ететін жағдайларды зерттеу
	Сутегі: қасиеттері, алынуы және қолданылуы. № 1 практикалық жұмыс «Сутегіні алу және оның қасиеттерін тану»	8.4.2.2 сутегіні алу және оның қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру, сутегіні қолданудың артықшылықтары мен шектеулерін экологиялық тұрғыда салыстырып, бағалау

Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары	8.3.4.1 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарын жіктеу
	Оксидтердің жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 2 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің қасиеттерін зерттеу»	8.3.4.2 оксидтерді жіктеу және алынуы мен химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.3 оксидтердің қоршаған ортаға әсерін бағалау
	Қышқылдардың жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 3 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің индикаторлар арқылы ортасын анықтау». № 4 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі». № 5 зертханалық тәжірибе «Тұз қышқылының бейтараптану реакциясы»	8.3.4.4 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін, қолданылуын түсіндіру; 8.3.4.5. қышқылдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру, табиғи индикатор арқылы қышқыл ортаны анықтау, тұрмыста қолданылатын қышқылдардың қасиеттерін бақылау
	Негіздердің жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 6 зертханалық тәжірибе «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу»	8.3.4.6 негіздердің жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуын түсіндіру; 8.3.4.7 негіздердің химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздардың жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 7 зертханалық тәжірибе «Тұздардың қасиеттері және алынуы»	8.3.4.8 тұздардың жіктелуі, алынуы, қасиеттері, қолданылуын түсіндіру; 8.3.4.9 тұздардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Металдардың белсенділік қатары. № 2 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру»	8.2.4.3 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру
	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс. № 3 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс»	8.3.4.10 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысын анықтау

4-тоқсан		
Су. Ерітінділер және ерігіштік	Заттардың судағы ерігіштігі. № 8 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу»	8.3.4.11 заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу
	№ 4 практикалық жұмыс «Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері»	8.3.4.12 заттың ерігіштігіне температураның әсерін зерттеу
	Еріген заттың массалық үлесі. Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы	8.3.4.13 ерітіндідегі еріген заттың белгілі массасы бойынша пайыздық және молярлық концентрациясын есептеу, концентрация мен ерігіштікке әсер ететін факторларды зерттеу
	№ 5 практикалық жұмыс «Еріген заттардың массалық үлесі және молярлық концентрациясы бойынша ерітінділерді дайындау»	8.3.4.14 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу, концентрация мен ерігіштікке әсер ететін факторларды зерттеу
Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Отынның жануы және энергияның бөлінуі, жылу эффектісі	8.3.1.1 көміртекқұрамды отынның оттегіде жануы нәтижесінде көмірқышқыл газының, иіс газының немесе көміртегінің түзілуін түсіндіру
	Жылу эффектісі. Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. Термохимиялық теңдеулер. № 9 зертханалық тәжірибе «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар»	8.3.1.2 экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар бойынша есеп шығару
	Жану өнімдерінің қоршаған ортаға және адам өміріне әсері	8.3.1.3 заттың жану реакциясының өнімдерін және олардың қоршаған ортаға, адам өміріне әсерін сипаттау; 8.3.1.4 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру

3) 9-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Электролиттік диссоциация	Электролиттер мен бейэлектролиттер. № 1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полюсті	9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің арасындағы айырмашылығын түсіндіру

	байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы»	
	Электролиттік диссоциациялану теориясы	9.4.1.2 электролиттік диссоциация теориясының негізінде диссоциациялану механизмін түсіндіру
	Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. № 1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті ерітінділерінің pH анықтау»	9.4.1.3 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру
	Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер	9.4.1.4 күшті және әлсіз электролиттердің диссоциациялану дәрежесін түсіндіру және салыстыру
	Ион алмасу реакциялары	9.2.2.1 молекулалық және иондық түрде реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.2.2 ион алмасу реакцияларының жүру себептерін талдау
	Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері	9.3.4.1 электролиттік диссоциациялану теориясына сүйеніп, қышқылдардың, негіздердің және тұздардың химиялық қасиеттерін сипаттау
	№ 1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары»	9.3.4.2 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу
	Тұздар гидролизі	9.3.4.3 тұздар гидролизінің анықтамасын білу және оның мәнін түсіндіру
Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы	Катиондарға сапалық реакциялар. № 2 зертханалық тәжірибе «Na+, K+, Ca2+, Ba2+, Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакциялар»	9.4.1.5 Na+, K+, Ca2+, Ba2+, Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарын сапалық анықтау
	Аниондарға сапалық реакциялар. № 3 зертханалық тәжірибе «Сулы ерітіндідегі Cl–,PO43–, SO42–, CO32–, SiO32–аниондарын анықтау»	9.4.1.6 Cl–, PO43–, SO42–, CO32–, SiO32– аниондарын сапалық анықтау
	№ 2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстар құрамын сапалық талдау»	9.4.1.7 бейорганикалық заттар құрамын анықтау

	Есептер шығару «Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер»	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
2-тоқсан		
Металдар мен құймалар	Металдардың жалпы сипаттамасы. № 2 көрсетілім «Металдардың кристалдық тор модельдері»	9.1.4.1 металдар қасиеттерінің металдық байланыс пен кристалдық торына тәуелділігін түсіндіру
	Металдарды алу	9.4.2.1 Қазақстан Республикасындағы кен орындарынан металдарды алу жолдарын және қоршаған ортаға әсерін сипаттау, Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен өндірудің маңыздылығын түсіндіру
	Металдар құймалары. № 3 көрсетілім «Металдар және құймалар»	9.1.4.2 құймалардың ерекшеліктері, шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру
	Сілтілік металдар және олардың қосылыстары. № 4 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі»	9.1.4.3 сілтілік металдар мен олардың қосылыстарының жалпы қасиеттерін түсіндіру, реакцияға түсу қабілетінің өзгеруін практикада тексеру
	Магний, кальций және олардың қосылыстары. № 4 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі»	9.2.1.1. магний мен кальций және олардың қосылыстарының қасиеттерін сипаттау
	Судың кермектігі. № 5 зертханалық тәжірибе «Судың кермектігін анықтау»	9.4.2.4 судың «кермектігін» жою тәсілдерін түсіндіру
	Алюминий және оның қосылыстары. № 5 көрсетілім «Алюминий мен оның құймалары»; № 6 зертханалық тәжірибе «Алюминий және оның қосылыстарының қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі»	9.2.1.2 алюминийдің қасиеттерін түсіндіріп, алюминий мен оның құймаларының қолдану салаларын атау; 9.2.1.3 алюминий оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу
	№ 3 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару	9.2.1.4 бір топтағы металдардың жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу

	Есептер шығару «Құрамында бөгде заты бар реагенттің массасы бойынша өнімнің массасын табу»	9.2.3.2 құрамында бөгде заты бар реагенттің массасы бойынша өнімнің массасын табу
Бейметалдар	Галогендер және олардың қосылыстары	9.2.1.5 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау; 9.2.1.6 галогендер қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттау
	16 (VIA) топ элементтері. Күкірт және оның қосылыстары. Күкірт қосылыстарының маңызы. № 6 көрсетілім «Күкірттің аллотропиялық түрөзгерістері»	9.2.1.7 16 (VIA) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.8 күкірттің аллотропиялық түрөзгерістерін, күкірт (IV) және (VI) оксидтерінің қасиеттерін салыстыру сипаттау; 9.4.2.2 күкірт диоксидінің физиологиялық әсері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін зиянын түсіндіру
	Күкірт қышқылы және оның тұздары. № 7 көрсетілім «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу»	9.2.1.9 сұйылтылған және концентрлі күкірт қышқылының кейбір әрекеттесу реакциясының теңдеуін құрастыру, сұйылтылған күкірт қышқылының және оның тұздарының құрылымы мен химиялық қасиеттерін зерттеп, олардың белсенділігін түсіну, тәжірибелік реакцияларды орындау арқылы нәтижелерін талдау
3-тоқсан		
Бейметалдар	Азот. Аммиак. № 7 зертханалық тәжірибе «Азот және аммиак молекулаларының моделдері». № 8 көрсетілім «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу»	9.1.4.4 азот және аммиак молекуласының құрылымына сүйене отырып қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.10 аммоний тұзынан аммиакты алу, оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу
	Азот қышқылы. Нитраттар. № 9 көрсетілім «Азот қышқылының қасиеттері»	9.2.1.11 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ және ерекше қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.12 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін сипаттау
	Фосфор және оның қосылыстары. Минералды тыңайтқыштар	9.2.1.13 фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін, оның қосылыстарының қасиеттерін түсіндіру; 9.4.2.3 азот және фосфор тыңайтқыштарын сипаттау және қоршаған ортаға әсерін талдау
	Көміртегі және кремнийдің жалпы сипаттамасы.	9.1.4.5 көміртегінің аллотропиялық түрөзгерістерінің құрылысын,

	Көміртегі пен кремнийдің аллотропиялық түрөзгерістері. № 10 көрсетілім «Алмаз бен кремний кристалдық торының модельдері»	қасиеттерін салыстыру және қолданылу аймағын анықтау; 9.2.1.14 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш қасиеттерін түсіндіру
	Көміртек және кремнийдің қосылыстары. № 11 көрсетілім «Кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері»	9.2.1.15 кремний және көміртегінің негізгі қосылыстарының қасиеттерін сипаттау
	«Өнімнің шығымына байланысты есептер»	9.2.3.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу
Органикалық химияға кіріспе	Органикалық заттардың ерекшеліктері. Органикалық қосылыстардың жіктелуі. № 12 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, аминоэтан қышқылы модельдері»	9.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру; 9.4.3.2 органикалық қосылыстардың жіктелуін түсіндіру; 9.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру
	А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясы. Органикалық қосылыстардың номенклатурасы мен изомериясы	9.4.3.4 А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясының қағидаларын түсіндіру; 9.4.3.5 IUPAC номенклатурасын қолданып, органикалық қосылыстарды атау
Көмірсутегілер	Көмірсутегілер. Алкандар. Алкандардың номенклатурасы және изомериясы. № 13 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері»	9.4.3.6 (С4 – С8 қатарындағы) мүмкін болатын изомерлерінің құрылымдық формулаларын құрастыру және атау
	Алкандардың химиялық қасиеттері және қолданылуы	9.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.8 еріткіштерді алу үшін метанды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру
	Есеп шығару «Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтектес заттардың	9.2.3.4 органикалық газтектес заттардың молекулалық формуласын элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздығы бойынша есептеу

	молекулалық формуласын табу»	
	Алкендер. Алкендердің химиялық қасиеті және қолданылуы. № 14 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі»	9.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 9.4.3.10 этен мысалында алкендердің қасиетін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) түсіндіру, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 9.4.3.11 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін және қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын түсіндіру
4-тоқсан		
Көмірсутегілер	Алкадиендер	9.4.1.12 алкадиендердің құрылысы негізінде олардың қасиеттерін түсіндіру
	Каучук	9.4.3.13 каучуктың алкадиендерден өндірістегі алынуы, маңыздылығы және Қазақстанда өсетін каучук өсімдіктерін бағалау
	Алкиндер	9.4.3.14 этин мысалында алкиндердің қасиеттерін түсіндіру
	Ароматты көмірсутегілер. Бензол	9.4.3.15 бензолдың жалпы сипаттамаларын және қолданылуын сипаттау
	Көмірсутекті отындар. № 15 көрсетілім «Отын түрлері. Мұнай» № 16 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері»	9.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Есеп шығару	9.4.3.17 көмірсутегілердің жану өнімі арқылы молекулалық формуласын анықтау
Оттекті органикалық қосылыстар	Спирттер. Спирттердің жіктелуі	9.4.3.18 спирттердің жалпы сипатттамасы, метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру
	Карбонилді қосылыстар	9.4.3.19 карбонилді қосылыстардың қасиеттері мен қолданылуын сипаттау
	Карбон қышқылдары. № 8 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»	9.4.3.20 карбон қышқылдарын жіктеу, қасиеттерін сипаттау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру
	Күрделі эфирлер мен майлар. Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар	9.4.3.21 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру; 9.4.3.22 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін талдау

	Көмірсулар	9.4.3.23 көмірсулардың жіктелуін, қасиеттерін, қолданылуын және биологиялық маңызын сипаттау
	Аминқышқылдар. Нәруыздар. № 9 зертханалық тәжірибе «Нәруыздардың денатурациясы»	9.4.3.24 нәруыздағы α- аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 9.4.3.25 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 9.4.3.26 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

5-параграф. Бағалау критерийлері

27. Әр тақырыптық блоктың соңында білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі. Бұл тапсырмалар білім алушылардың танымдық, практикалық, зерттеу және коммуникативтік дағдыларын кешенді бағалауға бағытталған:

1) қорытынды тестілеу;

2) зертханалық бақылау жұмысы;

3) мазмұнды ғылыми эссе (белгілі бір химиялық құбылысқа немесе экологиялық тақырыпқа қатысты шағын эссе);

4) ғылыми мақала немесе зерттеу жұмысы (білім алушылар өз бетімен химиялық мәселені зерттеп, ғылыми мақала жазады);

5) ауызша баяндама (тақырыпқа байланысты мультимедиялық немесе ауызша презентация);

6) зертханадағы этика және академиялық адалдық;

7) дебат, пікірталас (химиялық тақырыптар (пластик өндірісі мен қоршаған орта, жасыл энергия, атом энергиясы) бойынша құрылымдалған пікірталас.

28. «Химия» оқу пәнінің міндеті төрт бағалау критерийінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген. Әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл білім алушылардың жұмысы жөнінде педагогтердің шешім қабылдауына негіз болады:

1) критерий А – Білім және түсінік:

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары (5-6 балл)	Білім алушы химиялық ұғымдарды нақты, дәл және толық түсіндіреді. Терминдерді дұрыс қолданады. Күрделі құбылыстарды түсіндіріп, салыстыра алады
Орташа (3-4 балл)	Негізгі ұғымдарды түсінеді, мысалдар келтіреді, кейде нақтылау қажет. Терминдерді көбіне дұрыс қолданады
Төмен (1-2 балл)	Ұғымдарды үстірт біледі, анықтамаларда қателік бар. Мысал келтіруде қиындық көреді
Бағаланбайды (0 балл)	Ешқандай түсінік байқалмайды немесе жауап жоқ

2) критерий B – Қолдану және есептеу:

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары (5-6 балл)	Формулаларды дұрыс қолданады, есептерді дәл шығарады. Практикалық тапсырмаларды нақты орындайды.
Орташа (3-4 балл)	Қолдану барысында қателіктер болуы мүмкін, бірақ логика сақталған. Есептеулерде бірліктер немесе дәлдік жетіспейді
Төмен (1-2 балл)	Есеп шығару барысында қателіктер көп, әдісі анық емес. Қолдану шектеулі
Бағаланбайды (0 балл)	Қате немесе жауап жоқ

3) критерий C – Талдау және бағалау:

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары (5-6 балл)	Талдау терең, қорытынды нақты және дәлелді. Деректерді салыстырады, нәтижені бағалайды
Орташа (3-4 балл)	Талдау шектелген, қорытынды бар, бірақ толық емес. Қателер байқалуы мүмкін
Төмен (1-2 балл)	Жалпы сипатта жауап береді. Қорытынды нақты емес немесе дұрыс емес
Бағаланбайды (0 балл)	Қорытынды жоқ немесе қатысы жоқ мәлімет жазылған

4) критерий D – Зерттеу дағдылары:

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары (5-6 балл)	Жоспары логикалық, деректер нақты және сенімді. Қауіпсіздік ережелері сақталған. Этикалық тұрғыдан әділ
Орташа (3-4 балл)	Жалпы құрылым бар, бірақ жоспар толық емес. Деректер толық жиналмаған
Төмен (1-2 балл)	Зерттеу жоспары анық емес. Қауіпсіздік сақталмаған
Бағаланбайды (0 балл)	Зерттеу жүргізілмеген немесе талапқа сай емес

29. Бағалау шәкілі:

4-критерий	3-критерий	2-критерий	1-критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

7-9-сыныптарға арналған
«Биология» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама Абай ілімін терең меңгеруге, оны білім алушының өмірлік ұстанымына айналдыруға ықпал етеді. Ұлт руханияты мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Бағдарлама арқылы жас ұрпақ табиғатты тек ғылыми зерттеу нысаны ретінде емес, оған жанашырлықпен, жауапкершілікпен қарауға үйренеді, табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты терең түсініп, саналы, парасатты азамат ретінде қалыптасады.

Бағдарламаның мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

Бағдарламаның мақсаты: Абайдың рухани мұрасына және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, органикалық дүниенің көптүрлілігі, адамзат пен тіршілік арасындағы өзара байланыс пен тәуелділікті, құбылыстарды, заңдылықтарды терең түсінуге, сыни ойлау негізінде қарайтын, ғылыми талдау жасай алатын, мәселелерді шешуде тиімді шешім шығара алатын, шығармашылық өзіндік пікір білдіру мен коммуникацияның тиімді құралы ретінде еркін, қолдана алатын, жоғарымәдениеті қалыптасқан көшбасшыны тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

1) биологиялық білімді дамыту (жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін тіршіліктің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) сыни ойлау дағдыларын дамыту және жауапкершілікке тәрбиелеу (экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын, табиғи ресурстарды тиімді пайдалау, биология контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту);

3) денсаулық сауаттылығы мен мәдениетаралық коммуникацияны дамыту, генетикалық сауаттылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты негіздерін, психологиясын, физиологиясын, адамгершілігін және адам денсаулығын сақтау; мәдениетаралық түсіністік пен құрмет арқылы бейбіт әлемді құруға көмектесетін

ізденімпаз, жанашыр және қамқор тұлғаны тәрбиелеу, мәдениетаралық байланыстарды дамыту;

4) ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мен дамыту: (ғылыми деректерді ұсыну, талдау, бақылау, эксперимент жасау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру,өзінің ұстанымын анықтау, нәтижелер мен дәлелді қорытындыларды шығару сияқты дағдыларын дамыту**,** оларды биологиялық білімді күнделікті өмірде қолдана отырып, Віо өнімдер жасауға үйрету;

5) білім алушыны жан-жақты дамыту, тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға талпыныс жасауға тәрбиелеу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған табиғатты тиімді пайдалану саласындағы практикалық іс-шараларға, жобаларға қатысу арқылы білім алушыларды жеке тәжірибе мен жауапты әрекетке баулу;

Бағдарламаның мазмұны білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағатты;

2) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағатты;

3) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағатты құрайды**.**

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық медициналық педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Бағдарламаның төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған:

1) биологиялық ғылыми тілде сөйлеу және ойлау біліктілігін қалыптастыру;

2) биологиялық деректерді талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту;

3) заманауи зерттеу және технологиялық құралдарды қолдану арқылы сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру;

4) уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Оқу пәнінің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу

деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі болады. Бұл тәсіл білім алушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

6. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

7. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;

2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. эволюциялық даму;

3) ағза мен қоршаған орта;

4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

8. «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жасушалық биология.Тірі ағзалардың тіршілік деңгейлері;

2) тірі ағзалардың алуантүрлілігі;

3) қоректену;

4) заттардың тасымалдануы;

5) тыныс алу;

6) бөліп шығару;

7) қозғалыс;

8) координация және реттелу.

9. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік,эволюциялық даму» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) көбею. Өсу және даму;

2) жасушалық айналым;

3) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;

4) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

10. «Ағза мен қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) биосфера, экожүйе, популяция;

2) адам және экожүйе;

11. «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) молекулалық биология мен биохимия;

2) биотехнология.

12. «Биология» пәнінің мазмұны:

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Коммуникативтік дағдылар: биологиялық және күнделікті тұрмыстық тақырыптар аясында диалогтік және монологтік сипаттағы сөйлеу әрекеттері. Жеңіл деңгейдегі ауызша аргументация	Коммуникативтік дағдылар: биологиялық тақырыптық дискуссиялар (экология, медицина). Биологиялық процестер тұрғысында түсіну мен бағалауын пәндік терминологиямен жоғары деңгейде дәлелдеу. Кумулятивті және	Коммуникативтік дағдылар: биологияда дебаттарға қатысу, қарсылас аргументтерін талдау. Презентациялар, бейнероликтер, өзекті тақырыптар бойынша (қатерлі аурулар, денсаулық).түсіну мен

	зерттеушілік, пікірталас әңгімеге түсе алу және жүргізе алу. Пікірталасқа түсуде түрлі дереккөздерді еркін қолдана алады	бағалауын жоғары деңгейде дәлелдеу. Бірлескен жазбаша презентация (эссе, есеп). Көпшілік ортада еркін сөйлеу
Тілдік жүйе: биологиялық сөз тіркестері мен терминологияны қолдану. Диалог, жазылым үшін қажетті тіркестер, ғылыми терминологияны меңгеру	Тілдік жүйе: академиялық жұмыс тілі, арнайы сөйлеу лексикасы және терминология. Диалог және жазылым үшін қажетті тіркестерді меңгеру	Тілдік жүйе: биологиялық ғылыми термин сөздерді сөйлеу лексикасы және терминология. Диалог, жазылым үшін қажетті тіркестерді меңгеру
Мәтінмен жұмыс: биология сабағындағы мәтінді, дереккөздегі ойды қарапайым интерпретациялау. Биологиялық терминдер кестесін құру, мәтіндегі негізгі түйінді сөздерді анықтау, термин сөздермен жұмыс	Мәтінмен жұмыс: биологиялық деректермен жұмыс (мәтінді критерийлерге сүйене отырып талдау, негізгі ойды анықтау, айырмашылық пен ұқсастықтарын анықтау, өзіндік интерпретация). Әртүрлі стильдегі мәтіндерді салыстыру. Мәтінге сүйене отырып, тапсырманы түрлі үлгіде орындау (талдау кестелері, сызба, график) Биологиялық терминдерді Абайдың шығармашылығы мен қара сөздерінен табу	Мәтінмен жұмыс: биология сабағында қазақ, шет тіліндегі мақалалар, блогтар, медиа материалдарды сыни тұрғыдан талдау. Биологиялық мәтіндерді, терминдерді Абайдың шығармашылығымен, қара сөздерімен байланыстыру
Жазба тілі: биологиялық ақпаратты жазбаша түрде түсінікті жазу. Қысқаша биологиялық эссе жазу, жоспар жасау, анықтама, сипаттама жазу	Жазба тілі: биологиялық тақырыпты, мәтінді пайдаланып, ертегі жазу. Биологиялық ақпаратты жазбаша түрде түсінікті және дәл жазу. Эссе, анықтама жазу, сипаттама беру, түрлі үлгіде жазбаша баға беру, хат, үндеу, нұсқаулық жазу	Жазба тілі: биологиялық тақырыпты, мәтінді пайдаланып, ертегі, өлең жолдарын жазу. Биологиялық ақпаратты жазбаша түрде түсінікті, дәл жазу және ғылыми негізде жеткізу

13. Пәннің негізгі бағыттары (пәндік және метапәндік дағдыларымен байланыстыру):

Негізгі бағыттар	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Зерттеушілік және ғылыми әдіснама құзыреттілігі	Биологиялық дереккөздермен жұмыс жасау, оқиғаға өзіндік пікірін білдіру, анықтау, ерекшелеу, салыстыру, қорытынды жасау, өзіндік баға беру	Биологиялық дереккөздермен және цифрлық ақпарат көздерімен жұмыс істеу, талдау және өз бетінше қорытынды жасау	Биологиялық ақпараттарды, механизмдерді, процестерді сыни талдау және өз бетінше тұжырымдамалық қорытынды, дәлелді пайымдау жасау. Биологиялық құбылыстарды зерттеу

			және оларға талдау жасау мен баға беру
Сыни ойлау және дәлелді пайымдау құзыреттілігі	Биологиялық құбылыстарды, процестерді және деректерді ұсыну, талдау	Әртүрлі көзқарастарды салыстырып, дәлелдерге сүйене отырып, қорытынды жасау. Логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту	Дереккөздердің сенімділігі мен ғылыми негізділігін бағалау. Логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту
Коммуникативтік және академиялық сауаттылық құзыреттілігі	«Биология» пәнінде сөйлеу дағдылары, қарым-қатынасқа түсудің қарапайым дағдыларын меңгеру	Ұйымдастыру, басқару, жетекшілік етудің қарапайым дағдылары. Топпен қарым-қатынасқа түсе алу, тіл табысу, тиімді қарым-қатынас құру дағдылары	Көпшілік алдында ойын еркін жеткізу, көшбасшылық таныту, өзіне жауапкершілік алу, белсенділік, топты алға жетелеу. Өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру және дәлелдеу, топпен жұмыс істеу, пікір алмасу және идеяларды дәлелдеу
Экологиялық және биоэтикалық жауапкершілік құзыреттілігі	Табиғатты қорғау, биоалуантүрлілікті сақтау мәселелерін түсіну	Биологиялық зерттеулер мен технологиялардың қоғамға әсері туралы этикалық тұрғыдан ойлау	Жаңа биотехнологияларға байланысты әлеуметтік және этикалық мәселелерді талдау
Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік	Биологиялық деректермен жұмыс істеуде цифрлық құралдарды қолдану (микроскоп, симуляциялар, датчиктер)	Ғылыми ақпаратты интернеттен табу, сұрыптау және бағалау	Биологиялық деректермен жұмыс істеуде цифрлық құралдарды қолдану (микроскоп, симуляциялар, датчиктер)
Базалық құндылықтар	Өзіндік білім алу, мақсат қою, оқу процесін жоспарлау және бағалау	Қиындықтарды анықтау және оларды шешу стратегияларын қолдану	Өзінің оқу жетістіктерін рефлексиялау және жетілдіру жолдарын анықтау

1) зерттеушілік және ғылыми әдіснама құзыреттілігі: биологиялық дерек көздерімен жұмыс жасау, анықтау, ерекшелеу, салыстыру, қорытынды жасау, өзіндік баға беру; биологиялық құбылыстарды зерттеу және оларға талдау жасау мен баға беру;

2) сыни ойлау және дәлелді пайымдау құзыреттілігі: логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

3) коммуникативтік және академиялық сауаттылық құзыреттілігі: «Биология» пәнінде сөйлеу дағдыларын, қарым-қатынасқа түсудің қарапайым дағдыларын меңгеру, ұйымдастыру, басқару, жетекшілік етудің коммуникативтік және академиялық сауаттылық құзыреттілігі, көшбасшылық таныту, өзіне жауапкершілік алу, белсенділік, топты алға жетелеу; топпен жұмыс істеу, пікір алмасу және идеяларды дәлелдеу;

4) экологиялық және биоэтикалық жауапкершілік құзыреттілігі: табиғатты қорғау, биоалуантүрлілікті сақтау мәселелерін түсіну; биологиялық зерттеулер мен технологиялардың қоғамға әсері туралы этикалық тұрғыдан ойлау, жауапкершілікті қалыптастыру;

5) ақпараттық-технологиялық құзыреттілік: биологиялық деректермен жұмыс істеуде цифрлық құралдарды қолдану (микроскоп, симуляциялар, датчиктер);

6) базалық құндылықтар: тәуелсіздік және патриотизм, бірлік және ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық.

14. Оқу пәнінің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен қазақтың ұлттық дәстүрлерін ұштастыра отырып, білім алушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

15. Білім алушылар негізгі ғаламдық контекст арқылы зерттейді:

1) бірегейлік және қатынастар;

2) кеңістік пен уақыттағы бағдарлау;

3) жеке және мәдени өзін-өзі көрсету;

4) ғылыми және техникалық инновациялар;

5) жаһандану және тұрақтылық;

6) әділеттілік және даму.

16. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Көшбасшылық қабілеттер (стратегиялық ойлау, шешім қабылдау, проблемаларды шешу, жоспарлау, басқару, ынталандыру, шабыттандыру, оқыту, тәлімгерлік) мен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, эмоционалды интеллектісі мен өзін-өзі тану	Биология процестерін түсіну мен бағалау арқылы жеке тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін және жанашырлық қасиеттерін дамыту. Жалпы биологиялық білімнің жеке тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттері мен қасиеттерін дамытудағы рөлін анықтау, оның мектептегі білім алу процесіндегі маңызын түсіну	Барлық сөйлеу әрекеттерін меңгеру
Ғылым	Коммуникативті жағдаятта туындайтын қиындықтардың негізгі себептерін	Биология ғылымына қызығушылықпен қарауға, ұлтқа, Отанға қызмет ету, мемлекетшілдік қасиеттерін сіңіру, экологияны таза	Ақпаратпен жұмыс дағдыларын жетілдіру. Түрлі дерек

	түсіну және оларды түсіндіре білу; интерпретациялауда өзіндік көзқарас пен көзқарасты ғылым тұрғысынан түсіндіру мен дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру	ұстауға, жанашырлыққа тәрбиелеу, Віо-өнімдер шығаруға, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ұмтылу	көздерімен (цифрлық деректер), заманауи әдістер-тәсілдер, білім
Шығармашылық	Оқу мақсаттарын өз бетінше анықтау, жаңа міндеттерді қою және өз оқуы мен танымдық қызметінде дамыту, өз танымдық қызығушылықтары мен қызығушылықтарын дамыту. Биологиялық тақырыптарға ертегі, өлең жолдарын шығару, бейнероликтер жасау. Мақсатқа жету жолдарын, оның ішінде баламалы жолдарды тәуелсіз жоспарлау, оқу мен танымдық міндеттерді шешудің ең тиімді тәсілдерін саналы түрде таңдау. Әртүрлі талқылауларға қатысу, өз ұстанымын айқындау және оны негіздеу	Әдептілік сана-сезімінің дамуы және моральдық мәселелерді шешу кезінде жеке таңдау негізінде кәсіби қабілеттілік, адамгершілік сезімдер мен адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру, өз іс-әрекетіне, оқуға саналы және жауапкершілікпен қарау; еңбекке құрметпен қарау, әлеуметтік маңызы бар еңбекке қатысу тәжірибесінің болуы. Өз бетінше даму мен өзін-өзі оқытуға дайындық және қабілеттілік, оқу мен танымға деген мотивация негізінде өзін-өзі бағалау қабілеті, өз сөзін бақылау арқылы өзін-өзі бағалау дағдысы. Қазіргі заманғы экологиялық ойлауға сәйкес экологиялық мәдениеттің негіздерін меңгеру	Алынған білім, білік және дағдыларды күнделікті өмірде қолдану. Жобалық жұмыспен айналысу. Адамдармен қарым-қатынасты коммуникативті тиімді жүзеге асыру

17. 7-сыныпқа арналған «Биология» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Тірі ағзалардың алуантүрлілігі». Тірі ағзалар патшалықтары. Тірі ағзалардың қазіргі жүйесі: негізгі таксондар және олардың Жердегі биоалуантүрлілікті зерттеудегі маңызы. Бактериялар. Бактериялардың (қоректену тәсілі мен формасы бойынша) ерекшеліктері. Протистер, олардың түрлері (амеба, жасыл эвглена, кірпікшелі кебісше, хламидомонада, фитофтора), құрылымы мен маңызы. Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлақтары: мукор, пеницилл. Бір жасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы

саңырауқұлақтар. Балдырлардың ерекшеліктері, балдырлардың жіктелуі. Споралы өсімдіктердің ерекшеліктері (жасыл мүк, сфагнум мүгі, далалық қырықбуын, еркек усасыр) және олардың табиғаттағы маңызы. Жоғарғы сатыдағы тұқымды өсімдіктер: ашықтұқымды және жабықтұқымды. Ашықтұқымды өсімдіктердің (кәдімгі қарағай) морфологиялық сипаттамасы. Ашықтұқымды өсімдіктердің түрлері (шырша, арша, самырсын). Зертханалық жұмыс «Ашықтұқымды өсімдіктердің бүрлері мен қылқандарын зерттеу». Жабықтұқымды өсімдіктер: даражарнақты және қосжарнақтылар класы. Даражарнақты өсімдіктердіңерекше белгілері және түрлері (бидай, қызғалдақ). Қосжарнақты өсімдіктердің ерекше белгілері және түрлері (картоп, үрмебұршақ, алма). Омыртқасыз жануарлардың (тұщы су гидрасы, шұбалшаң, өзен шаяны, айқышты өрмекші, зауза қоңызы, көбелек) сыртқы құрылысының ерекшеліктері. Омыртқалы жануарлардың (балық, бақа, кесіртке, көгершін, ит) сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер;

2) «Жасушалық биология». Өсімдік және жануар жасушасының негізгі компоненттері: жасуша қабырғасы, жасушалық мембрана, цитоплазма, ядро, пластидтер, вакуоль, ЭПТ, Гольджи жиынтығы, лизосома, митохондрия, жасуша орталығы. Жасуша органоидтарының қызметтері. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының негізгі компоненттерінің құрылымын салыстыру арқылы зерттеу». Өсімдік ұлпаларының түрлері (түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, тірек, бөліп шығарушы) және олардың қызметтері. Жануар ұлпаларының түрлері (эпителий, дәнекер, жүйке, бұлшықет) және олардың қызметтері;

3) «Қоректену». Тамыр түрлері (негізгі, жанама, қосалқы). Тамыр жүйесінің типтері: кіндік және шашақ тамыр жүйесінің құрылыс ерекшеліктері. Кіндік тамырлы өсімдіктер (бақбақ, қияр, қызанақ). Шашақ тамырлы өсімдіктер (күріш, бидай, пияз). Зертханалық жұмыс «Кіндік және шашақ тамыр жүйесін зерттеу». Тамыр аймақтары: бөліну аймағы, өсу аймағы, сору аймағы, өткізу аймағы. Тамыр арқылы өсімдіктердің қоректенуі. Тыңайтқыштар. Жапырақтың сыртқы құрылысы: сағағы, жапырақ тақтасы, жүйкеленуі. Жапырақтың ішкі құрылысы: эпидерма, мезофилл, өткізгіш шоқтар. Судың буланuы мен газ алмасу. Фотосинтезге қажетті жағдайлар: жарық, көмірқышқыл газы, су, температура. Омыртқасыз жануарлардың (шұбалшаң, зауза қоңызы) асқорыту жүйесінің құрылысы. Омыртқалы жануарлардың (көгершін, ит, сиыр) асқорыту жүйесінің құрылыс ерекшеліктері;

4) «Заттардың тасымалдануы». Заттардың тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Өсімдіктердің тасымалдау жүйесі. Ксилема. Флоэма. Зертханалық жұмыс «Сабақтың ішкі құрылысы». Омыртқасыз жануарлардағы (шұбалшаң, зауза қоңызы) заттардың тасымалдануы. Омыртқалы жануарлардың (балық, бақа, кесіртке, көгершін, ит) қанайналым жүйесі;

5) «Тыныс алу». Тыныс алудың тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның және өскіннің тыныс алуы. Зертханалық жұмыс «Тұқымның тыныс алуын зерттеу». Омыртқасыз жануарлардың (шұбалшаң, өзен шаяны, айқышты өрмекші, зауза қоңызы) тыныс

алу мүшелері. Омыртқалы жануарлардың (балық, бақа, кесіртке, көгершін, ит) тыныс алу мүшелері;

6) «Бөліп шығару». Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Өсімдіктердің бөліп шығару процестері: тыныс алу және фотосинтез. Омыртқасыз жануарлардың (шұбалшаң, өзен шаяны, зауза қоңызы) бөліп шығару жүйесі. Омыртқалы жануарлардың (балық, бақа, кесіртке, көгершін, ит) бөліп шығару жүйесі;

7) «Қозғалыс». Өсімдіктердің тіршілігіндегі қозғалыстың маңызы (тропизм, таксис, өсу қозғалыстары). Омыртқасыз жануарлардың (шұбалшаң, өзен шаяны, өрмекші, көбелек, шегіртке) қозғалу мүшелері мен тәсілдері. Омыртқалы жануарлардың (балық, бақа, кесіртке, көгершін, ит) тірек-қимыл жүйесі. Зертханалық жұмыс «Омыртқалы жануарлардың қаңқасын зерттеу»;

8) «Көбею. Өсу және даму». Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің вегетативті (өсімді) көбеюі: тамырсабақ, пиязшық, түйнек, мұртша, қалемше. Зертханалық жұмыс «Бөлме өсімдіктерін көбейту жолдары». Өсімдіктердің жынысты көбею мүшелері: гүл, жеміс, тұқым. Гүлдің құрылысы. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас). Өсімдіктердің ұрықтануы туралы түсінік. Қосарлы ұрықтану және оның биологиялық маңызы. Өсімдіктердіңдаму кезеңдері: ұрықтық, жас өскін, ересек, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Омыртқасыз жануарлардың жыныссыз және жынысты көбею жолдары. Буынаяқтылардың тура және түрленіп (шала және толық) дамуы. Омыртқалы жануарлардың көбеюі және дамуы (эмбрионалды, постэмбрионалды);

9) «Адам және экожүйе». Экожүйе компоненттері. Экологиялық факторлар: абиотикалық (температура, жарық, pH, ылғалдылық), биотикалық (микроағзалар, саңырауқұлақтар, жануарлар, өсімдіктер), антропогендік (адамның қоршаған ортаға жағымды және жағымсыз әсері). Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)». Қазақстанның қорықтары. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын өсімдіктері мен жануарлары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы.

18. 8-сыныпқа арналған «Биология» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Жасушалық биология». Адам ағзасының жасушалары мен ұлпаларының құрылысы мен қызметтері. Зертханалық жұмыс «Адам ағзасының ұлпа түрлерін микропрепараттар мен микрофотографиялар арқылы зерттеу»;

2) «Қоректену». Үйлесімді және тиімді тамақтану. Тамақтану гигиенасы. Адам денсаулығына тиімді тамақтанудың маңызы. Азық-түлік құрамындағы органикалық заттардың тәуліктік мөлшері. Зертханалық жұмыс «Азық-түлік құрамындағы көмірсу, нәруыз және майдың болуын анықтау». Дәрумендер және олардың маңызы. Майда еритін (A, D, E, K) және суда еритін дәрумендер (C, B1, B12, PP). Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гипервитаминоз және гиповитаминоз.

Адамның асқорыту жүйесі. Ауыз қуысындағы астың механикалық және химиялық өңделуі. Тістің құрылысы мен қызметі. Сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Жұтқыншақ, өңеш, асқазан, ашішек, тоқішек құрылысы мен қызметтері. Ас қорыту бездері: бауыр, ұйқы безі, сілекей бездері, асқазан

бездері. Асқорыту бездерінен бөлінетін ферменттердің маңызы. Асқорыту мүшелерінің аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары;

3) «Заттардың тасымалдануы». Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметтері. Плазма. Қан жасушалары: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Адам ағзасының қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Жүректің құрылысы мен жұмысы. Зертханалық жұмыс «Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу». Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Иммунитет. Жасушалық және гуморальдық иммунитет. Туа және жүре пайда болатын иммунитет. Вакцинаның иммунитет қалыптастырудағы рөлі. Жүрек-қантамырлар жүйесі ауруларының (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт) себептері мен олардың алдын алу жолдары. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

4) «Тыныс алу». Тыныс алудың маңызы. Тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметі. Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттегіде қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттегіде қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы. Зертханалық жұмыс «Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау». Тыныс алу мүшелерінің аурулары мен олардың алдын алу шаралары;

5) «Бөліп шығару». Бөліп шығару мүшелері. Зәр шығару жүйесі мүшелерінің (бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолы) құрылысы мен қызметтері. Нефронның құрылысы мен қызметі. Зәрдің түзілу кезеңдері. Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Зәр шығару жүйесінің аурулары және олардың алдын алу шаралары. Терморетте лу. Тері ауруларының (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері) пайда болу себептері және олардың алдын алу;

6) «Қозғалыс». Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметтері. Адам қаңқасының құрылысы. Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс «Сүйектің химиялық құрамы». Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметі. Көлденең жолақты бұлшықет ұлпасының құрылысы мен қызметтері. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері және оның алдын алу шаралары. Гиподинамия;

7) «Көбею. Өсу және даму». Адамның жыныс жүйесінің құрылысы мен қызметі. Ұрықтану. Адамның дамуы: эмбрионалды және постэмбрионалды. Адамның эмбрионалды дамуы: бластула, гаструла, нейрула. Органогенез. Адамның постэмбрионалды дамуы. Темекі шегудің, есірткі заттардың және алкогольдің адам эмбрионының дамуына әсері. Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру;

8) «Координация және реттелу». Нейронның құрылысы, түрлері мен қызметтері. Рефлекторлық доға. Рефлекторлық доға бөлімдері. Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі». Адамның жүйке жүйесінің бөлімдері (орталық және

шеткі) мен қызметтері. Орталық жүйке жүйесінің бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдері, оның құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, ми көпірі, мишық, ортаңғы және аралық ми, үлкен ми сыңарлары. Шеткі жүйке жүйесі: соматикалық және вегетативті. Вегетативті жүйке жүйесінің бөлімдері: симпатикалық және парасимпатикалық. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ырғақ. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Алкоголь, темекі шегу және есірткі заттарының жүйке жүйесінің жұмысына әсері. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту гигиенасы. Эндокриндік (гипофиз, эпифиз, қалқанша без, қалқаншамаңы безі, айырша без, бүйрекүсті безі), экзокриндік және аралас бездер (ұйқы безі мен жыныс безі). Бездердің орналасуы және олардың қызметтері. Ішкі және аралас секреция бездерінің гормондары. Эндокриндік және аралас бездердің (гипожәне гиперфункция) қызметтерінің бұзылуынан туындаған аурулар.

19. 9-сыныпқа арналған «Биология» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Молекулалық биология және биохимия». Жасуша құрамындағы микро (мырыш, селен, фтор) және макроэлементтердің (оттегі, көміртегі, сутегі, азот, магний, темір, кальций, фосфор, калий, күкірт) ағзалар тіршілігіндегі рөлі. Судың тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызы. Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш температураны ұстап тұратын және еріткіш ретіндегі рөлі. Жасушадағы органикалық заттар: көмірсулар, майлар, нәруыздардың құрылысы мен қызметі. ДНҚ-ның құрылысы, құрылымы мен қызметі. РНҚ, РНҚ типтері және олардың қызметі. Вирустар. Вирустардың құрылысы: нуклеин қышқылдары мен нәруыздар;

2) «Жасушалық биология». Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро. Мембранасыз, бірмембраналы және қосмембраналы органоидтардың құрылысы мен қызметтері (ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты, лизосомалар, митохондриялар, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушалық қосындылар). Зертханалық жұмыс «Микрофотографиялар арқылы жасушаның негізгі компоненттерін зерттеу»;

3) «Қоректену». Ферменттер. Ферменттердің құрылысы мен биологиялық маңызы. Ферменттердің әрекет ету механизмі. Фотосинтез және фотосинтез фазалары;

4) «Заттардың тасымалдануы». Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Зертханалық жұмыс «Пияз қабықшасының жасушасындағы плазмолиз және деплазмолиз». Транспирация. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Белсенді және енжар тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы;

5) «Тыныс алу». Тыныс алудың маңызы. Тыныс алу энергия алу тәсілі ретінде. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты

тыныс алу процестерін салыстыру. АТФ. АТФ құрылысы мен қызметтері. Аэробты және анаэробты тыныс алуға физикалық жүктемелердің әсері;

6) «Жасушалық цикл». Хромосома. Хромосома құрылысы. Тірі ағзалардағы хромосома саны. Соматикалық және жыныс жасушаларындағы хромосома саны. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиынтығы.Жасушалық цикл. Митоз. Митоз фазалары. Митоздың биологиялық маңызы. Мейоз. Мейоз фазалары. Мейоздың биологиялық маңызы.

7) «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары». Г. Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Моногибридті және дигибридті будандастыруға есептер шығару. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілері. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Тәуелсіз тұқымқуалау заңы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Жыныспен тіркесіп тұқым қуалауға есептер шығару. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Қан топтарына байланысты есептер шығару. Резусфактор. Адам генетикасы. Адамдағы белгілердің тұқым қуалауындағы гендердің рөлі. Адамдағы тұқымқуалайтын белгілердегі гендердің рөлі. Адамның тұқымқуалаушылығын зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу;

8) «Эволюциялық даму мен селекция негіздері». Эволюциялық идеялардың қалыптасуы мен дамуы. К. Линнейдің еңбектері Ж.Б. Ламарктің, Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясының негізгі қағидалары. Эволюцияның қозғаушы күштері (табиғи сұрыпталу, тіршілік үшін күрес, тұқымқуалайтын өзгергіштік). Түр және түр критерийлері (морфологиялық, генетикалық, физиологиялық, экологиялық, этологиялық). Микроэволюция. Селекция негіздері. Қолдан сұрыптау. Қолдан сұрыптаудың маңызы. Қазақстан аумағында кездесетін мәдени өсімдіктердің іріктемелері және үй жануарларының қолтұқымдары. Қазақстандық селекционерлердің жетістіктері;

9) «Биотехнология». Биотехнология. Биотехнология нысандарын (бактерия, саңырауқұлақтар) өндірісте қолдану. Биотехнология саласындағы ұлттық жетістіктер. Клондау және оның биотехнологиядағы рөлі. Тірі ағзаларды клондау. Гендік инжинерия. Инсулин өндірісі. Биотехнология және медицина;

10) «Биосфера, экожүйе, популяция». Су және құрлық экожүйелері. Қоректік тізбек. Экологиялық пирамида түрлері. Популяцияның негізгі сипаттамалары мен ерекшеліктері. Тірі қалудың r-стратегия және K-стратегиясы. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

20. Бағдарламада күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

21. Бағдарламада күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

22. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тірі ағзалардың көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Жасушалық биология	7.1.1.1 өсімдік пен жануар жасушасының құрылысын салыстыру арқылы зерттеу; 7.1.1.2 өсімдіктер ұлпаларын жіктеу; 7.1.1.3 жануарлар ұлпаларын жіктеу; жасуша мен ұлпаның құрылымы мен қызметін зерттеу; өзара байланысын және әртүрлі ағзалардағы ұлпа типтерінің ерекшеліктерін салыстыра отырып, тіршіліктің күрделілігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу	8.1.1.1 адам ағзасының жасушалар құрылысы мен қызметтерінің арасындағы байланысты орнату; 8.1.1.2 әртүрлі ұлпа түрлерін зерттеу; жасуша құрамындағы органоидтердің бұзылуы немесе ақауы қандай ауруларға әкелетінін анықтау (лизосомалар ақауы - Тея-Сакс ауруы; митохондрия ақауы - энергия жетіспеушілік, бұлшықет әлсіздігі)	9.1.1.1 жасушаның мембранасыз, бірмембраналы, қосмембраналы органоидтарының құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 9.1.1.2 микрофотографияны қолданып жасушалардың негізгі компоненттерін, адам ағзасындағы энергия тапшылығын зерттеу
2. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі	7.1.2.1 тірі ағзалардың қазіргі жүйесін және оның Жердегі биоалуантүрлілікті зерттеудегі маңызын білу; 7.1.2.2 бактериялардың негізгі ерекшеліктерін анықтау; 7.1.2.3 протистердің негізгі ерекшеліктерін сипаттау; 7.1.2.4 саңырауқұлақтардың		

	негізгі ерекшеліктерін сипаттау; 7.1.2.5 төменгі сатыдағы өсімдіктердің негізгі ерекшеліктерін сипаттау; 7.1.2.6 споралы өсімдіктердің негізгі ерекшеліктерін сипаттау; 7.1.2.7 ашықтұқымды өсімдіктердің ерекше белгілерін танып білу; 7.1.2.8 жабықтұқымды өсімдіктердің ерекше белгілерін танып білу; 7.1.2.9 өсімдіктердің даражарнақты және қосжарнақты кластарын ерекше белгілеріне қарай танып білу; 7.1.2.10 омыртқасыз жануарлардың негізгі ерекшеліктерін сипаттау; 7.1.2.11 омыртқалы жануарлардың негізгі ерекшеліктерін сипаттау; бактериялардың құрылысы мен түрлерін зерттеу; адам өміріндегі оң (пайдалы) және теріс (зиянды) рөлдерін өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып талдау; бактериялардың қоршаған ортадағы, медицинадағы, тағам өнеркәсібіндегі рөлін ғылыми дәлелдерге сүйене отырып сипаттау		
3. Қоректену	7.1.3.1 тамыр түрлері мен тамыр жүйесінің типтерін сипаттау; 7.1.3.2 тамырдың құрылысы мен қызметі	8.1.3.1 азық-түлік құрамындағы әртүрлі органикалық заттардың құрамын зерттеу; 8.1.3.2 адам	9.1.3.1ферменттердің әрекет ету механизмін түсіндіру; 9.1.3.2 фотосинтез процесін талдау;

	арасындағы байланысты орнату; 7.1.3.3 жапырақтың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты орнату; 7.1.3.4 фотосинтез процесіне қажетті жағдайларды түсіндіру; 7.1.3.5 омыртқасыз жануарлардың асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; 7.1.3.6 омыртқалы жануарлардың асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; жануарлар мен өсімдіктердің қоректену ерекшеліктерін, маңызын зерттеу; ағзадағы энергия айналымын, табиғи жүйелердегі қоректенудің маңызын ғылыми тұрғыда түсіндіру және күнделікті өмірмен байланыстыру	ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.3.3. ауыз қуысында астың механикалық және химиялық өңделу процестерін сипаттау; 8.1.3.4 адам ағзасындағы асқорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысты орнату; 8.1.3.5 асқорыту жүйесінің бездерінен бөлінетін ферменттердің маңызын талдау; 8.1.3.6 асқорыту жолдары ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын сипаттау; дәрумендер жетіспеушілігінен туындайтын ауруларды анықтау, дәрумендер қоры жеткілікті күнделікті дұрыс тамақтану рационын құрастыру; тісті күту ережелерін ұстану, тіс ауруларының (тіс жегі, пародонтоз, инфекциялар) жүрек, асқазан сияқты басқа мүшелерге әсерін зерттеу; өт пен липаза ферментінің майларды ыдыратуда бір-бірін толықтырып әрекет ететінін бақылау арқылы дәлелдеу	табиғи энергия көздеріне ізденіс жаса; баламалы жасыл энергетиканы зерттеу
4. Заттардың тасымалдануы	7.1.4.1 тамыр мен сабақтың ішкі құрылысы мен қызметтері арасында байланыс орнату;	8.1.4.1 қан, лимфа және ұлпа сұйықтығы арасындағы өзара байланысты түсіндіру;	9.1.4.1 жасуша мембранасының құрылысы мен тасымалдау қызметінің арасында байланыс орнату;

	7.1.4.2 омыртқасыз жануарлардағы заттардың тасымалдану ерекшеліктерін ажырату; 7.1.4.3 омыртқалы жануарлардың қанайналым жүйесін сипаттау; өсімдіктер мен жануарлардағы заттардың тасымалдануын салыстырып, зерттеу	8.1.4.2 қанның құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.4.3 адам қантамырларының құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысты орнату; 8.1.4.4 адам жүрегінің құрылысы мен оның жұмыс механизмін түсіндіру; 8.1.4.5 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу; 8.1.4.6 қанайналым шеңберлерін салыстыру; 8.1.4.7 лимфа жүйесінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.4.8 жүрек-қантамырлар жүйесінің аурулары мен белгілерін сипаттау; қан құрамындағы өзгерістер мен ауру белгілері арасындағы байланысты анықтау	9.1.4.2 транспирация процесіне әсер ететін факторларды сипаттау; 9.1.4.3 енжар және белсенді тасымалдауды салыстыру
5. Тынысалу	7.1.5.1 өсімдіктердің тыныс алуын сипаттау; 7.1.5.2 омыртқасыз жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру; 7.1.5.3 омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылысын салыстыру	8.1.5.1 адамның тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.5.2 ұлпалар мен өкпедегі газ алмасу механизмін түсіндіру; 8.1.5.3 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 8.1.5.4 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын сипаттау; экологиялық факторлардың (ауаның ластануы, температура өзгерісі)	9.1.5.1 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату; 9.1.5.2 АТФ құрылымы мен қызметтерін сипаттау; 9.1.5.3 физикалық жүктемелердің бұлшықет қажуы мен тыныс алу процесіне әсерін бағалау; энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсерін зерттеу

		тыныс алу жүйесіне әсерін талдау	
6. Бөліп шығару	7.1.6.1 өсімдіктердің бөліп шығару процестерін сипаттау; 7.1.6.2 омыртқасыз жануарлардың бөліп шығару жүйелерін салыстыру; 7.1.6.3 омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерін салыстыру; өсімдіктер мен жануарлар ағзасындағы қалдықтарды бөліп шығару жолдарын салыстырып, зерттеу	8.1.6.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.6.2 нефрон құрылысы мен қызметінің арасындағы байланысты орнату; 8.1.6.3 зәр шығару жүйесінің аурулары және олардың алдын алу жолдарын сипаттау; 8.1.6.4 терінің құрылысы мен қызметтерінің маңызын сипаттау; 8.1.6.5 тері ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын сипаттау; стрестің зәр шығару жиілігіне және оның бұзылыстарына әсерін ғылыми деректер негізінде талдау	
7. Қозғалыс	7.1.7.1 өсімдіктердің қозғалысының маңызын және себептерін сипаттау; 7.1.7.2 омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелері мен тәсілдерін салыстыру; 7.1.7.3 омыртқалы жануарлардың тірек-қимыл жүйесіндегі ерекшеліктерді салыстыру; тірі ағзалардағы қозғалыс түрлерін (өсімдіктер мен жануарларда) ажырату, қозғалыстың маңызын ғылыми тұрғыда түсіндіру және күнделікті	8.1.7.1 адам қаңқасының құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.7.2 сүйектің химиялық құрамын зерттеу; 8.1.7.3 сүйектердің байланысу түрлерінің ерекшеліктерін салыстыру; 8.1.7.4 бұлшықет түрлерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.7.5 тірек-қимыл жүйесінің бұзылу себептерін білу негізінде сымбатты болудың жолдарын ұсыну; жұмыс	

	өмірмен байланыстыру	орнының эргономикасын зерттеп, дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда тірек-қимыл жүйесінің бұзылыстарын алдын алу жолдарын талдау	
8. Координация және реттелу		8.1.8.1 нейрон құрылысы мен қызметінің арасындағы өзара байланысты анықтау; 8.1.8.2 рефлекторлық доғаның қызметін зерттеу; 8.1.8.3 жүйке жүйесінің бөлімдері мен олардың қызметтері арасында байланыс орнату; 8.1.8.4 вегетативті жүйке жүйесінің қызметтерін сипаттау; жүйке жүйесінің зақымдануының мінез-құлық пен физиологиялық реакцияларға әсерін талдау; 8.1.8.5 ұйқының маңызын біліп, күн тәртібін құрастыру; 8.1.8.6 салауатты өмір салтының ережелерін құрастыру; 8.1.8.7 көру мүшесінің құрылысы мен қызметін сипаттау; 8.1.8.8 көру мүшесі ауруларының себептерін сипаттау және көру гигиенасын сақтау; 8.1.8.9 есту мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау және есту гигиенасын сақтау; 8.1.8.10 эндокриндік, экзокриндік және	

		аралас бездердің орналасуын анықтау; 8.1.8.11 бездердің негізгі функцияларын түсіндіру; 8.1.8.12 эндокринді бездер ауруларының себептері мен салдарын анықтау арқылы адам денсаулығын бағалау; қант диабетінің пайда болу факторларын анықтап, оның алдын алу үшін қажетті өмір салты мен тамақтану ерекшеліктерін талдау	

2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Көбею. Өсу және даму	7.2.1.1 өсімдіктердің вегетативті көбею тәсілдерін ажырату; 7.2.1.2 гүл құрылысы мен оның қызметтерін сипаттау; 7.2.1.3 гүлдің құрылысы мен тозаңдану әдістерінің арасындағы байланысты орнату; 7.2.1.4 гүлді өсімдіктердің қосарлы ұрықтануының маңызын сипаттау; 7.2.1.5 өсімдіктердің өсу және даму кезеңдерін сипаттау; 7.2.1.6 омыртқасыз жануарлардың көбею және даму кезеңдерінің	8.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысы мен қызметін сипаттау; 8.2.1.2 адамның эмбрионалды және постэмбрионалды даму кезеңдерін сипаттау; 8.2.1.3 адамның эмбрионына зиянды әдеттердің әсерін сипаттау; жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру	

	ерекшеліктерін талдау; 7.2.1.7 омыртқалы жануарлардың көбею және даму ерекшеліктерін талдау; өсімдіктер мен жануарлардың көбею ерекшеліктерін зерттеу		
2. Жасушалық айналым			9.2.2.1 хромосоманың құрылысы мен жасушадағы хромосома жиынтығын сипаттау; 9.2.2.2 жасушалық цикл кезеңдерін және митоз фазаларын сипаттау; 9.2.2.3 мейоз фазаларын сипаттау
3. Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары			9.2.3.1 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 9.2.3.2 дигибридті будандастырудың негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 9.2.3.3 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру; 9.2.3.4 талдаушы будандастырудың маңызын бағалау; 9.2.3.5 жыныспен тіркес тұқымқуалау механизмдерін түсіндіру; генетикалық есептеулерді шығару; 9.2.3.6 адамның қан топтарының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру;

			9.2.3.7 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; жеке шежіре құруда тектілік пен терең тамырды, тәрбиені, адамгершілікті түсіндіру
4. Эволюциялық даму			9.2.4.1 эволюцияның қозғаушы күштерінің рөлін түсіндіру; 9.2.4.2 түр критерийлерін сипаттау; 9.2.4.3 қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау; дәрілік өсімдіктер және жануарлардың қолтұқым түрлерін зерттеу; 9.2.4.4 қазақстандық селекционерлердің жетістіктерін бағалау

3) ағза мен қоршаған орта:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Биосфера. Экожүйе. Популяция			9.3.1.1 су және құрлық экожүйесіндегі қоректік тізбектерді құрастыру арқылы табиғаттағы тірі ағзалардың ролін бағалау; 9.3.1.2 сандық, биомасса және энергиялық пирамидаларды салыстыру; 9.3.1.3 ағзалардың тірі қалуының түрлі стратегияларын зерттеу; 9.3.1.4 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау
2. Адам және экожүйе	7.3.2.1 экожүйенің экологиялық факторларын жіктеу;		

	7.3.2.2 жергілікті экожүйенің қоршаған орта факторларының тіршілік етуге және тірі ағзалардың таралуына әсерін зерттеу; 7.3.2.3 Қазақстанның ерекше қорғалатын өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының құндылығын талдау; экожүйедегі адамның рөлін, табиғи ортаға әсерін, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың маңызын зерттеу		

4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар:

Білім алушылар білуі тиіс:			
Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Молекулалық биология и биохимия			9.4.1.1 микро және макроэлементтердің рөлін сипаттау; 9.4.1.2 судың құрамы, қасиеттері мен маңызын сипаттау; 9.4.1.3 көмірсулардың құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 9.4.1.4 липидтердің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 9.4.1.5 нәруыздардың құрылысы мен қызметтерін сипаттау; тағам құрамын (нәруыз түрлерін) зерттеу; 9.4.1.6 ДНҚ-ның құрамы, құрылымы мен қызметін сипаттау; тұқымқуалайтын ақпаратты сақтайтын ДНҚ молекуласын әртүрлі ағзалардан алу жолдарын зерттеу; 9.4.1.7 РНҚ түрлерін және олардың қызметтерін ажырату; 9.4.1.8 вирустардың тіршіліктің жасушасыз

			формасы екендігін түсіндіру
2. Биотехнология			9.4.2.1 биотехнологиялық нысандар мен процестерді сипаттау арқылы ұлттық өнеркәсіптің жетістіктерін бағалау; сүт өнімдерінің ұзақ мерзімге сақталуын зерттеу; 9.4.2.2 адам өміріндегі ағзаларды клондаудың маңыздылығын ғылыми дереккөздер негізінде зерттеу; 9.4.2.3 биотехнология әдістерімен инсулин өндірудің маңыздылығын бағалау

Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

23. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

24. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Биология» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі	Тірі ағзалар патшалықтары. Тірі ағзалардың қазіргі жүйесі: негізгі таксондар және олардың жердегі биоалуантүрлілікті зерттеудегі маңызы	7.1.2.1 тірі ағзалардың қазіргі жүйесін және оның жердегі биоалуантүрлілікті зерттеудегі маңызын білу
	Бактериялар. Протистер. Бактериялардың адам өміріндегі пайдасы мен қауіпі	7.1.2.2 бактериялардың негізгі ерекшеліктерін анықтау ; бактериялардың құрылысы мен түрлерін зерттеу; адам өміріндегі оң (пайдалы) және теріс (зиянды) рөлдерін өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып талдау;

		бактериялардың қоршаған ортадағы, медицинадағы, тағам өнеркәсібіндегі рөлін ғылыми дәлелдерге сүйене отырып сипаттау
	Протистер, олардың түрлері (амеба, жасыл эвглена, кірпікшелі кебісше, хламидомонада, фитофтора), құрылымы мен маңызы	7.1.2.3 протистердің негізгі ерекшеліктерін сипаттау
	Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар	7.1.2.4 саңырауқұлақтардың негізгі ерекшеліктерін сипаттау
	Балдырлардың ерекше белгілері және жіктелуі	7.1.2.5 төменгі сатыдағы өсімдіктердің негізгі ерекшеліктерін сипаттау
	Споралы өсімдіктердің (жасыл мүк, далалық қырықбуын, қырыққапырақ) ерекше белгілері мен табиғаттағы маңызы	7.1.2.6 споралы өсімдіктердің негізгі ерекшеліктерін сипаттау
	Жоғарғы сатыдағы тұқымды өсімдіктер: ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар. Ашықтұқымды өсімдіктердің (кәдімгі қарағай) морфологиялық сипаттамасы. Ашықтұқымды өсімдіктердің түрлері (шырша, арша, самырсын). Зертханалық жұмыс «Ашық тұқымды өсімдіктердің бүрлері мен қылқандарын зерттеу»	7.1.2.7 ашықтұқымды өсімдіктердің ерекше белгілерін танып білу
	Жабықтұқымды өсімдіктер: даражарнақты және қосжарнақтылар. Даражарнақты өсімдіктердің ерекше белгілері және түрлері (бидай, жүгері, қызғалдақ мысалында). Қосжарнақты өсімдіктердің ерекше белгілері және түрлері (картоп, үрмебұршақ, алма мысалында)	7.1.2.8 жабықтұқымды өсімдіктердің ерекше белгілерін танып білу; 7.1.2.9 өсімдіктердің даражарнақты және қосжарнақты кластарын ерекше белгілеріне қарай танып білу
	Омыртқасыз жануарлардың сыртқы құрылысының ерекшеліктері	7.1.2.10 омыртқасыз жануарлардың негізгі ерекшеліктерін сипаттау
	Омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысының ерекшеліктері	7.1.2.11 омыртқалы жануарлардың негізгі ерекшеліктерін сипаттау

Жасушалық биология	Өсімдік және жануарлар жасушаларының негізгі компоненттері. Жасуша органоидтарының қызметі. Өсімдік және жануар жасушаларының ерекшеліктері. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының негізгі компоненттерінің құрылысын салыстыру арқылы зерттеу»	7.1.1.1 өсімдік пен жануар жасушасының құрылысын салыстыру арқылы зерттеу
	Өсімдік ұлпаларының түрлері	7.1.1.2 өсімдіктер ұлпаларын жіктеу
	Жануар ұлпаларының түрлері. Жасуша мен ұлпа – тірі ағзалардың құрылымдық үйлесімділігі мен өміршеңдігінің негізі	7.1.1.3 жануарлар ұлпаларын жіктеу; жасуша мен ұлпаның құрылымы мен қызметін зерттеу; өзара байланысын және әртүрлі ағзалардағы ұлпа типтерінің ерекшеліктерін салыстыра отырып, тіршіліктің күрделілігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу
2-тоқсан		
Қоректену	Тамыр түрлері. Тамыр жүйесінің типтері. Зертханалық жұмыс «Кіндік және шашақ тамыр жүйесін зерттеу»	7.1.3.1 тамыр түрлері мен тамыр жүйесінің типтерін сипаттау
	Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору, өткізу. Минералды қоректену. Тыңайтқыштар	7.1.3.2 тамырдың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты орнату
	Жапырақтың сыртқы және ішкі құрылысы. Фотосинтез. Судың булануы мен газ алмасу	7.1.3.3 жапырақтың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты орнату
	Фотосинтезге қажетті жағдайлар: жарық, көмірқышқыл газы, су, температура	7.1.3.4 фотосинтез процесіне қажетті жағдайларды түсіндіру
	Омыртқасыз жануарлардың асқорыту жүйесі	7.1.3.5 омыртқасыз жануарлардың асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру
	Омыртқалы жануарлардың асқорыту жүйесі. Қоректену – тіршілік тұрақтылығы мен энергия айналымының негізі	7.1.3.6 омыртқалы жануарлардың асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; жануарлар мен өсімдіктердің қоректену ерекшеліктерін, маңызын зерттеу; ағзадағы энергия айналымын, табиғи жүйелердегі қоректенудің маңызын ғылыми тұрғыда түсіндіру және күнделікті өмірмен байланыстыру

Заттардың тасымалдануы	Өсімдіктердің тасымалдау жүйесі. Зертханалық жұмыс «Сабақтың ішкі құрылысы»	7.1.4.1 тамыр мен сабақтың ішкі құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысты орнату
	Омыртқасыз жануарлардағы заттардың тасымалдануы	7.1.4.2 омыртқасыз жануарлардағы заттардың тасымалдану ерекшеліктерін ажырату
	Омыртқалы жануарлардың қан айналым жүйесі Тасымалдау жүйелері: өсімдіктер мен жануарлардағы заттардың тасымалы	7.1.4.3 омыртқалы жануарлардың қанайналым жүйесін сипаттау; өсімдіктер мен жануарлардыға заттардың тасмалдануын салыстырып, зерттеу
3-тоқсан		
Тынысалу	Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы. Зертханалық жұмыс «Тұқымның тыныс алуын зерттеу»	7.1.5.1 өсімдіктердің тыныс алуын сипаттау
	Омыртқасыз жануарлардың тыныс алу мүшелері	7.1.5.2 омыртқасыз жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру
	Омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері	7.1.5.3 омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылысын салыстыру
Бөліп шығару	Өсімдіктердегі бөліп шығару процестері	7.1.6.1 өсімдіктердің бөліп шығару процестерін сипаттау
	Омыртқасыз жануарлардың бөліп шығару жүйесі	7.1.6.2омыртқасыз жануарлардың бөліп шығару жүйелерін салыстыру
	Омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйесі. Өсімдіктер мен жануарлар ағзасындағы қалдықтарды бөліп шығару жолдары	7.1.6.3 омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерін салыстыру; өсімдіктер мен жануарлар ағзасындағы қалдықтарды бөліп шығару жолдарын салыстырып, зерттеу
Қозғалыс	Өсімдіктердің тіршілігіндегі қозғалыстың маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері	7.1.7.1 өсімдіктердің қозғалысының маңызын және себептерін сипаттау
	Омыртқасыз жануарлардың қозғалу мүшелері мен тәсілдері	7.1.7.2 омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелері мен тәсілдерін салыстыру

	Омыртқалы жануарлардың тірек-қимыл жүйесі. Зертханалық жұмыс «Омыртқалы жануарлардың қаңқасын зерттеу» Қозғалыс жүйесі тірі ағзалардың өмірлік белсенділігінің негізі	7.1.7.3 омыртқалы жануарлардың тірек-қимыл жүйесіндегі ерекшеліктерді салыстыру; тірі ағзалардағы қозғалыс түрлерін (өсімдіктер мен жануарларда) ажырату, қозғалыстың маңызын ғылыми тұрғыда түсіндіру және күнделікті өмірмен байланыстыру
4-тоқсан		
Көбею. Өсу және даму	Өсімдіктердің вегетативті (өсімді) жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Зертханалық жұмыс «Бөлме өсімдіктерін көбейту жолдары»	7.2.1.1 өсімдіктердің вегетативті көбею тәсілдерін ажырату
	Гүл құрылысы	7.2.1.2 гүл құрылысы мен оның қызметтерін сипаттау
	Тозаңдану түрлері	7.2.1.3 гүлдің құрылысы мен тозаңдану әдістерінің арасындағы байланысты орнату
	Өсімдіктердегі ұрықтану. Қосарлы ұрықтану және оның биологиялық маңызы	7.2.1.4 гүлді өсімдіктердің қосарлы ұрықтануының маңызын сипаттау
	Өсімдіктердің даму кезеңдері: ұрықтық, жас өскін, ересек, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі	7.2.1.5 өсімдіктердің өсу және даму кезеңдерін сипаттау
	Омыртқасыз жануарлардың жыныссыз және жынысты көбеюі	7.2.1.6 омыртқасыз жануарлардың көбею және даму кезеңдерінің ерекшеліктерін талдау
	Омыртқалы жануарлардың дамуы. Тіршіліктің жалғасы: ағзалардың көбею, өсу және даму құпиялары.	7.2.1.7 омыртқалы жануарлардың көбею және даму ерекшеліктерін талдау; өсімдіктер мен жануарлардың көбею ерекшеліктерін зерттеу

2) 8-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Жасушалық биология	Адам ағзасы жасушаларының құрылысы мен қызметтері Патологиялық жағдайларды талдау: жасуша органоидтерінің бұзылуы	8.1.1.1 адам ағзасының жасушалар құрылысы мен қызметтерінің арасындағы байланысты орнату; жасуша құрамындағы органоидтердің бұзылуы немесе ақауы қандай

		ауруларға әкелетінін анықтау (лизосомалар ақауы - Тея-Сакс ауруы, митохондрия ақауы – энергия жетіспеушілік, бұлшықет әлсіздігі)
	Адам ағзасының ұлпалары. Зертханалық жұмыс. «Адам ағзасының ұлпа түрлерін микропрепараттар мен микрофотографиялар арқылы зерттеу»	8.1.1.2 әртүрлі ұлпа түрлерін зерттеу
Қоректену	Үйлесімді және тиімді тамақтану. Тамақтану гигиенасы. Зертханалық жұмыс «Азық-түлік құрамындағы көмірсу, нәруыз және майды анықтау»	8.1.3.1 азық-түлік құрамындағы әртүрлі органикалық заттардың құрамын зерттеу
	Дәрумендер және олардың маңызы. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. Дәрумендер жетіспеушілігінен туындайтын аурулар. Зертханалық жұмыс «Тағам құрамындағы дәрумендердің жеткіліктілігін бағалау»	8.1.3.2 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; дәрумендер жетіспеушілігінен туындайтын ауруларды анықтау; дәрумендер қоры жеткілікті күнделікті дұрыс тамақтану рационын құрастыру
	Ауыз қуысында астың қорытылуы. Тістің құрылысы мен қызметі. Тіс гигиенасы. Тіс ауруларының ішкі ағзаларға әсері	8.1.3.3 ауыз қуысында астың механикалық және химиялық өңделу процестерін сипаттау; тісті күту ережелерін ұстану, тіс ауруларының (тіс жегі, пародонтоз, инфекциялар) жүрек, асқазан сияқты басқа мүшелерге әсерін зерттеу
	Асқорыту мүшелерінде астың қорытылуы мен сіңірілуі	8.1.3.4 адам ағзасындағы асқорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысты орнату
	Ас қорыту бездері және олардың ферменттері. Зертханалық жұмыс «Майдың ыдырауына өт пен ферменттің бірлескен әсерін зерттеу»	8.1.3.5 асқорыту жүйесінің бездерінен бөлінетін ферменттердің маңызын талдау; өт пен липаза ферментінің майларды ыдыратуда бір-бірін толықтырып әрекет ететінін бақылау арқылы дәлелдеу
	Асқорыту мүшелерінің аурулары және олардың алдын алу	8.1.3.6 асқорыту жолдары ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын сипаттау
2-тоқсан		

Заттардың тасымалдануы	Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы	8.1.4.1 қан, лимфа және ұлпа сұйықтығы арасындағы өзара байланысты түсіндіру
	Қанның құрамы мен қызметі. Зертханалық жұмыс «Қан құрамының өзгерісі және оған сай ауру белгілерін зерттеу»	8.1.4.2 қанның құрамы мен қызметін сипаттау; қан құрамындағы өзгерістер мен ауру белгілері арасындағы байланысты анықтау
	Адам қантамырларының құрылысы мен қызметтері	8.1.4.3 адам қантамырларының құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысты орнату
	Жүрек жұмысы. Зертханалық жұмыс «Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу»	8.1.4.4 адам жүрегінің құрылысы мен оның жұмыс механизмін түсіндіру; 8.1.4.5 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу
	Адамның үлкен және кіші қанайналым шеңберлері	8.1.4.6 қанайналым шеңберлерін салыстыру
	Лимфа айналымы мен оның маңызы. Иммунитет	8.1.4.6 лимфа жүйесінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Жүрек-қантамырлар жүйесі ауруларының себептері және олардың алдын алу жолдары	8.1.4.7 жүрек-қантамырлар жүйесінің аурулары мен белгілерін сипаттау
Тынысалу	Тыныс алудың маңызы. Тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметі	8.1.5.1 адамның тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу	8.1.5.2 ұлпалар мен өкпедегі газ алмасу механизмін түсіндіру
	Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы. Зертханалық жұмыс «Өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау» Ауаның ластануы мен температураның тыныс алу жиілігіне әсері	8.1.5.3 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; экологиялық факторлардың (ауаның ластануы, температура өзгерісі) тыныс алу жүйесіне әсерін талдау
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары мен олардың алдын алу шаралары	8.1.5.4 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын сипаттау
3-тоқсан		
Бөліп шығару	Бөліп шығару мүшелері. Адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтері	8.1.6.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Нефронның құрылысы мен қызметі	8.1.6.2 нефрон құрылысы мен қызметінің арасындағы байланысты орнату
	Зәр шығару жүйесінің аурулары мен олардың алдын алу жолдары. Стресс кезіндегі зәр	8.1.6.3 зәр шығару жүйесінің аурулары және олардың алдын алу жолдарын сипаттау; стрестің

	шығару жиілігі мен бұзылыстары	зәр шығару жиілігіне және оның бұзылыстарына әсерін ғылыми деректер негізінде талдау
	Терінің маңызы, құрылысы және қызметтері. Тероретелу	8.1.6.4 терінің құрылысы мен қызметтерінің маңызын сипаттау
	Тері ауруларының пайда болу себептері мен олардың алдын алу жолдары	8.1.6.5 тері ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын сипаттау
Қозғалыс	Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметтері. Адам қаңқасының құрылысы	8.1.7.1 адам қаңқасының құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Сүйектің құрылысы мен химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс «Сүйектің химиялық құрамы»	8.1.7.2 сүйектің химиялық құрамын зерттеу
	Сүйектің байланыс типтері. Буын.	8.1.7.3 сүйектердің байланысу түрлерінің ерекшеліктерін салыстыру
	Бұлшықет түрлері және олардың қызметтері.	8.1.7.4 бұлшықет түрлерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Тірек-қимыл жүйесінің бұзылу себептері мен олардың алдын алу жолдары. Гиподинамия. Жұмыс орындарындағы эргономика және тірек-қимыл жүйесінің денсаулығы	8.1.7.5 тірек-қимыл жүйесінің бұзылу себептерін білу негізінде сымбатты болудың жолдарын ұсыну; жұмыс орнының эргономикасын зерттеп, дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда тірек-қимыл жүйесінің бұзылыстарын алдын алу жолдарын талдау
Көбею. Өсу және даму	Адамның жыныс жүйесінің құрылысы мен қызметі. Жыныстық жолмен берілетін аурулар	8.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысы мен қызметін сипаттау; жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
	Ұрықтану. Адамның даму кезеңдері	8.2.1.2 адамның эмбрионалды және постэмбрионалды даму кезеңдерін сипаттау
	Адамның даму кезеңдеріне зиянды әсер факторлар	8.2.1.3 адамның эмбрионына зиянды әдеттердің әсерін сипаттау
4-тоқсан		
Координация және реттелу	Нейрон және оның түрлері. Рефлекстік доға. Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі»	8.1.8.1 нейрон құрылысы мен қызметінің арасындағы өзара байланысты анықтау; 8.1.8.2 рефлекторлық доғаның қызметін зерттеу
	Адамның жүйке жүйесінің бөлімдері. Орталық жүйке жүйесі	8.1.8.3 жүйке жүйесінің бөлімдері мен олардың

		қызметтері арасындағы байланысты орнату
	Шеткі жүйке жүйесі. Вегетативті жүйке жүйесі және оның қызметтері. Жүйке жүйесі бұзылуының адамның мінез-құлқына және физиологиялық реакцияларға әсерін зерттеу	8.1.8.4 вегетативті жүйке жүйесінің қызметтерін сипаттау; жүйке жүйесінің зақымдануының мінез-құлық пен физиологиялық реакцияларға әсерін талдау
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы	8.1.8.5 ұйқының маңызын біліп, күн тәртібін құрастыру
	Жүйке жүйесінің қызметіне зиянды әсер ететін факторлар	8.1.8.6 салауатты өмір салтының ережелерін құрастыру
	Көрудің маңызы. Көздің құрылысы мен қызметі	8.1.8.7 көру мүшесінің құрылысы мен қызметін сипаттау
	Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы	8.1.8.8 көру мүшесі ауруларының себептерін сипаттау және көру гигиенасын сақтау
	Естудің маңызы. Құлақтың құрылысы мен қызметі. Есту гигиенасы	8.1.8.9 есту мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау және есту гигиенасын сақтау
	Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі	8.1.8.10 эндокриндік, экзокриндік және аралас бездердің орналасуын анықтау; 8.1.8.11 бездердің негізгі функцияларын түсіндіру
	Эндокринді бездерде туындайтын аурулардың себептері мен олардың алдын алу жолдары; қант диабеті ауруының себептері мен алдын алу жолдарын зерттеу	8.1.8.12 эндокринді бездер ауруларының себептері мен салдарын анықтау арқылы адам денсаулығын бағалау; қант диабетінің пайда болу факторларын анықтап, оның алдын алу үшін қажетті өмір салты мен тамақтану ерекшеліктерін талдау

3) 9-сынып:

Бөлім	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Молекулалық биология және биохимия	Жасуша құрамындағы микро- (мырыш, селен, фтор) және макроэлементтердің (оттегі, көміртегі, сутегі, азот, магний, темір, кальций, фосфор, калий, күкірт) ағзалар тіршілігіндегі рөлі	9.4.1.1 микро және макроэлементтердің рөлін сипаттау
	Судың құрамы, қасиеттері мен маңызы	9.4.1.2 судың құрамы, қасиеттері мен маңызын сипаттау

	Органикалық заттар. Көмірсулар	9.4.1.3 көмірсулардың құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Липидтер	9.4.1.4 липидтердің құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Нәруыздар. Ет сорпасындағы нәруыз түрлері – протеин және коллагенді зерттеу	9.4.1.5 нәруыздардың құрылысы мен қызметтерін сипаттау; тағам құрамын (нәруыз түрлерін) зерттеу
	ДНҚ молекуласының құрамы, құрылымы мен қызметі. ДНҚ молекуласын алу жолдарын зерттеу. «Дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласын құрастыру»	9.4.1.6 ДНҚ-ның құрамы, құрылымы мен қызметін сипаттау; тұқымқуалайтын ақпаратты сақтайтын ДНҚ молекуласын әртүрлі ағзалардан алу жолдарын ұсынады
	РНҚ. РНҚ түрлері мен олардың қызметтері	9.4.1.7 РНҚ түрлерін және олардың қызметтерін ажырату
	Вирустар	9.4.1.8 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру
Жасушалық биология	Жасушаның мембранасыз және бірмембраналы органоидтарының құрылысы мен қызметтері	9.1.1.1 жасушаның мембранасыз, бірмембраналы, қосмембраналы органоидтарының құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Жасушаның қосмембраналы органоидтарының құрылысы мен қызметтері. Зертханалық жұмыс «Микрофотографияларды қолданып, жасушалардың негізгі компоненттерін зерттеу»	9.1.1.2 микрофотографияны қолданып жасушалардың негізгі компоненттерін зерттеу
2-тоқсан		
Қоректену	Ферменттер. Ферменттердің әрекет ету механизмдері	9.1.3.1 ферменттердің әрекет ету механизмін түсіндіру
	Фотосинтез. Фотосинтез фазалары. Баламалы жасыл энергетиканы құрылыста пайдалану	9.1.3.2 фотосинтез процесін талдау; табиғи энергия көздеріне ізденіс жасау; баламалы жасыл энергетиканы зерттеу
Заттардың тасымалдануы	Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Зертханалық жұмыс «Пияз өңінің жасушасындағы плазмолиз бен деплазмолиз»	9.1.4.1 жасуша мембранасының құрылысы мен тасымалдау қызметінің арасындағы байланысты орнату
	Транспирация	9.1.4.2 транспирация процесіне әсер ететін факторларды сипаттау
	Белсенді және енжар тасымалдау	9.1.4.3 енжар және белсенді тасымалдауды салыстыру
Тыныс алу	Тыныс алу энергия көзі ретінде. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты	9.1.5.1 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату

	АТФ құрылымы мен қызметтері. Адам ағзасына энергетикалық сусындардың әсерін білу	9.1.5.2 АТФ құрылымы мен қызметтерін сипаттау; энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсерін білу
	Аэробты және анаэробты тыныс алу	9.1.5.3 физикалық жүктемелердің бұлшықет қажуы мен тыныс алу процесіне әсерін бағалау
3-тоқсан		
Жасушалық цикл	Хромосома. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиынтығы	9.2.2.1 хромосоманың құрылысы мен жасушадағы хромосома жиынтығын сипаттау
	Жасушалық цикл. Митоз. Митоз фазалары	9.2.2.2 жасушалық циклі кезеңдерін және митоз фазаларын сипаттау
	Мейоз. Мейоз фазалары	9.2.2.3 мейоз фазаларын сипаттау
Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары	Моногибридті будандастыру. Гаметалардың тазалық заңдылығы және оның цитологиялық негіздемесі	9.2.3.1 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару
	Дигибридті будандастыру. Тәуелсіз тұқымқуалау заңы	9.2.3.2 дигибридті будандастырудың негіздерін дәлелдеу және есептер шығару
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз доминанттылық	9.2.3.3 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру
	Талдаушы будандастыру және оның практикалық маңызы	9.2.3.4 талдаушы будандастырудың маңызын бағалау
	Жыныс генетикасы. Жыныспен тіркес тұқым қуалау	9.2.3.5 жыныспен тіркес тұқым қуалау механизмдерін түсіндіру
	Адамда қан топтарының тұқымқуалау заңдылығы. Резус-фактор. Генетикалық есептерді шығару	9.2.3.6 адамның қан топтарының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру; генетикалық есептеулерді шығару
	Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалаушылығын зерттеу әдістері. Адамның генеалогиялық ағашын құру. Жеке шежірені құру және талдау	9.2.3.7 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; жеке шежіре құруда тектілік пен терең тамырды, тәрбиені, адамгершілікті түсіну
4-тоқсан		
Эволюциялық даму мен селекция негіздері	Эволюциялық ілім. Эволюцияның қозғаушы күштері	9.2.4.1 эволюцияның қозғаушы күштерінің рөлін түсіндіру
	Түр және түр критерийлері. Микроэволюция	9.2.4.2 түр критерийлерін сипаттау

	Селекция. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Дәрілік өсімдіктердің құрылысын, қасиеттерін зерттеу. Жануарлардың қолтұқым түрлерін зерттеп, жоба жасау	9.2.4.3 қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау; дәрілік өсімдіктерді жануарлардың қолтұқым түрлерін зерттеу
	Қазақстан аумағында кездесетін мәдени өсімдіктердің іріктемелері және үй жануарларының қолтұқымдары	9.2.4.4 қазақстандық селекционерлердің жетістіктерін бағалау
Биотехнология	Биотехнология. Биотехнология нысандарын өндірісте қолдану. Күнделікті қолданатын сүт өнімдерінің құрамын зерттеу	9.4.2.1 биотехнологиялық нысандар мен процестерді сипаттау арқылы ұлттық өнеркәсіптің жетістіктерін бағалау; сүт өнімдерінің ұзақ мерзімге сақталуын зерттеу
	Клондау. Тірі ағзаларды клондау	9.4.2.2 адам өміріндегі ағзаларды клондаудың маңыздылығын ғылыми дереккөздері негізінде зерттеу
	Гендік инженерия. Инсулин өндірісі. Қантсыз өмір. Жоба жасау	9.4.2.3 биотехнология әдістерімен инсулин өндірудің маңыздылығын бағалау; қанттың қан құрамындағы мөлшерінің әсерін зерттеу
Биосфера, экожүйе, популяция	Су және құрлық экожүйелері. Қоректік тізбек	9.3.1.1 су және құрлық экожүйесіндегі қоректік тізбектерді құрастыру арқылы табиғаттағы тірі ағзалардың ролін бағалау
	Экологиялық пирамидалар түрлері	9.3.1.2 сандық, биомасса және энергиялық пирамидаларды салыстыру
	Популяция құрылымы. Тірі қалудың экологиялық стратегиялары	9.3.1.3 ағзалардың тірі қалуының түрлі стратегияларын зерттеу
	Тірі ағзалар арасындағы қарым-қатынас типтері	9.3.1.4 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау

7-9-сыныптарға арналған «География» оқу пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«География» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«География» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«География» оқу пәнін оқытудың мақсаты: дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

«География» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) табиғи және антропогендік нысандарды, құбылыстар мен мәселелерді қамтитын әлемнің географиялық бейнесін ашу, қоршаған әлемнің аумақтық айырмашылықтарын, олардың объективті сипаты мен адамдардың өмірі үшін маңыздылығын түсінуді қалыптастыру;

2) білім алушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

3) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

4) білім алушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал ету;

5) география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;

6) кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

7) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын дамыту.

«География» оқу пәні – табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән. География табиғи және антропогендік нысандардың арасындағы кеңістіктік-уақыттық өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктерді зерттейді.

Тұлғаның географиялық мәдениеті – бұл жердің табиғаты, оның әртүрлілігінің себептері, халық және оның экономикалық қызметі туралы білімге негізделген өмірлік құндылықтар жүйесі, оның ішінде «адам-табиғат-қоғам-мәдениет» қарым-қатынасы үрдісінде білім алушының мінез-құлқын реттейтін қоршаған ортаға құндылық қатынасы 6 жүйе құрушы болып табылады.

Дүниенің географиялық бейнесі – аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелердің қасиеттері мен заңдылықтары туралы көзқарастар жиынтығы.

Географиялық ойлау – географиялық нысандардың, құбылыстар мен мәселелердің маңызды қасиеттерін немесе ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстарды тану және көрсету процесі; ол аумақтылығымен, күрделілігімен, жаһанануымен ерекшеленеді.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағат;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағат;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 76 сағатты құрайды.

2. «География» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. «География» оқу пәнінің мазмұны

4. «География» пәні оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

1) географиялық зерттеулер;

2) картография;

3) физикалық география;

4) әлеуметтік география;

5) экономикалық география;

6) елтану және саяси география негіздері.

7. «Географиялық зерттеулер» бөлімі «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімшесінен тұрады.

«Картография» бөлімі «Географиялық карталар» бөлімшесінен тұрады.

«Физикалық география» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) литосфера;

2) атмосфера;

3) гидросфера;

4) биосфера;

5) табиғи кешендер.

«Әлеуметтік география» бөлімі «халық географиясы» бөлімшесінен тұрады.

«Экономикалық география» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) табиғат ресурстары;

2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;

3) дүниежүзілік экономиканың салалық және аумақтық құрылымы;

4) әлемдік экономиканың даму үрдістері мен көрсеткіштері.

«Елтану және саяси география негіздері» бөлімі «Дүниежүзі елдері» бөлімшесінен тұрады.

8. 7-сыныпқа арналған «География» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Географиялық зерттеулер»: географиялық ақпаратпен және дереккөздермен жұмыс; зерттеудің эксперименттік және далалық әдістері; географиялық деректерді ұсыну және талдау.

2) «Картография»: карталармен жұмыс; бағдарлау және цифрлық картография; картографиялық ақпаратты жасау, талдау және өңдеу.

3) «Физикалық география»: литосфераның құрылымы мен заттық құрамы; жердің тектоникалық құрылымы және литосфералық тақталардың қозғалысы; литосфералық катаклизмдер; литосфералық катаклизмдер кезіндегі қауіпсіздік; атмосфераның құрылымы мен құрамы; ауа райы және метеорологиялық элементтер; синоптикалық материалдарды талдау; қолайсыз атмосфералық құбылыстар; гидросфера және оның құрамы; Дүниежізілік мұхитты зерттеу; мұхит суларының қасиеттері мен ағыстары; су экожүйелерінің мәселелері мен қорғау; биосфера және оның құрамы; өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу; топырақ және топырақ түзілуі; адамның әсері және табиғатты қорғау; құрлықтар мен мұхиттардың географиялық орналасуы; табиғат кешендрінің қалыптасуы; туған өлкенің табиғат кешендері.

4) «Әлеуметтік география»: әлемнің этнолингвистикалық бейнесі; әлемнің діни әртүрлілігі; тарихи-мәдени өркениетті өңірлер; ұлтаралық және конфессияаралық келісім.

5) «Экономикалық география»: табиғат ресурстарын бағалау; табиғат ресурстарының кеңістіктік бойынша талдау; табиғи ресурстарды игеру және оларды пайдалану мәселелерін шешу; Қазақстандағы өңірлік даму факторы ретіндегі инфрақұрылым; энергетикалық инфрақұрылым: маңызы, сипаттамалары мен болашағы; шаруашылық құрылымы: экономиканың негізгі секторлары.

6) «Елтану саяси география негіздерімен»: әлем елдерінің географиялық жағдайы; географиялық жағдайын бағалау.

9. 8-сыныпқа арналған «География» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Географиялық зерттеулер»: география ғылымы және оның зерттеу әдістері; географиялық деректерді талдау және түсіндіру; географиялық модельдеу және деректерді визуализациялау; зерттеу нәтижелерін ұсыну және академиялық адалдық.

2) «Картография»: карталардың әртүрлі түрлерімен жұмыс; цифрлық картография және деректерді талдаудың заманауи технологиялары, тақырыптық карталарды құру және сипаттау.

3) «Физикалық география»: жер қыртысының дамуы және геохронологиясы; жер бедерінің қалыптасуы, жіктелуі және шаруашылық қызметке әсері; минералдар, тау жыныстары және пайдалы қазбалар; климатология негіздері; климаттық белдеулер және климат типтері; климат және адамның іс-әрекеті; климаттық өзгерістер мен экологиялық проблемалар; құрлық суларының пайда болуы мен қалыптасуы; өзендер: құрылымы мен гидрологиялық режимі; көлдер, мұздықтар және олардың ерекшеліктері; экологиялық проблемалар және табиғи апаттардан қорғау; табиғи зоналардың қалыптастуы; табиғи зоналарының ерекшеліктерін салыстыру; мұхиттардағы тіршілік; табиғатты қорғау және тұрақты даму; географиялық қабықтың құрылымы; географиялық қабықтың заңдылықтары.

4) «Әлеуметтік география»: халықтың саны мен ұдайы өсуін зерттеу; демографиялық көрсеткіштерді талдау; демографиялық проблемалар бойынша елдерді жіктеу; демографиялық саясат және болжау; көші-қон үрдістері және көші-қон саясаты.

5) «Экономикалық география»: табиғат ресурстарын бағалау; өңірлердің табиғи-ресурстық әлеуеті; ресурстарды қайта өңдеу технологиялары және өндіріс; қаржы-экономикалық, байланыс және цифрлық инфрақұрылым: маңызы мен дамуы; дүниежүзілік шаруашылығының құрылымы мен ұйымдастырылуы; экономикалық жүйелердің дамуындағы факторлар мен айырмашылықтар; жаһандық экономикалық процестер; дүниежүзілік экономиканың болашағы.

6) «Елтану саяси география негіздерімен»: дүниежүзінің саяси картасы; саяси картаның динамикасы мен өзгерістері; халықаралық интеграция және геосаясат.

10. 9-сыныпқа арналған «География. Қазақстан географиясы» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) «Географиялық зерттеулер»: Қазақстандағы географиялық зерттеу бағыттары; географиялық номинация және халықтық терминдер; географиялық зерттеулердегі академиялық мәдениет: деректерді ұсыну, талдау және түсіндіру.

2) «Картография»: картографиялық деректерді пайдалана отырып, географиялық өзара байланыстарды талдау; геоақпараттық жүйелер және географиялық зерттеулердегі қашықтықтан зондтау; картографиядағы цифрлық технологиялар және жасанды интеллект; геоақпараттық технологиялар және оларды шаруашылық пен ғылымда қолдану.

3) «Физикалық география»: Қазақстан аумағының геологиялық және тектоникалық құрылысы, жер бедері; Қазақстанның оронимдері: пайда болуы мен мәні; Қазақстанның минералды ресурстары: таралуы мен шаруашылық маңызы; Қазақстанның минералдық ресурстарын тиімді пайдалану; Қазақстан климатының жалпы сипаттамасы; өңірлердің климаттық ерекшеліктері; климаттық ресурстар; экстремалды климаттық құбылыстар және олардың салдары; қазақ тіліндегі климаттық ұғымдар, қазақ халқының климаттық терминологиясы; Қазақстанның ішкі сулары: жіктелуі мен сипаттамалары; гидронимдер және олардың қазақ дәстүріндегі мәні; су ресурстарының экономикалық маңызы; су ресурстарының экологиялық проблемалары және оларды шешу; Қазақстанның су ресурстарының геосаяси мәселелері;

Қазақстанның табиғи зоналары; табиғатты қорғау қызметі және табиғи мұра; ноосфера және тұрақты даму; Қазақстанның табиғи кешендері және олардың ерекшеліктері; табиғи кешендерге антропогендік әсер; табиғи кешендерді қалпына келтіру және антропогендік ландшафттар.

4) «Әлеуметтік география»: Қазақстан халқының демографиялық құрылымы; еңбек ресурстары және олардың экономика үшін маңызы; көші-қон үдерістері және көші-қонды реттеу саясаты; Қазақстанның елді мекендері мен ойконимдері; урбанизация: проблемалар мен перспективалар.

5) «Экономикалық география»: Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті және оны пайдалану; табиғатты тұрақты пайдалану және аумақтарды дамыту; ғылыми-техникалық прогресс және оның әсері; адами капитал және оның дамуы; Қазақстанның инфрақұрылымдық және инновациялық дамуы; экономиканың салалық және аумақтық құрылымы; экономикалық дамудың факторлары мен болашағы; дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі субъектілері мен құрылымы; халықаралық еңбек бөлінісі және экономикалық қатынастар; дүниежүзілік экономиканың даму тенденциялары; Қазақстан дүниежүзілік экономикада.

6) «Елтану саяси география негіздерімен»: Қазақстан жаһандық экономикалық және саяси контексте; Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылымы; Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі позициясы.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

11. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

12. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

13. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

14. «Географиялық зерттеулер» және «Картография» бөлімдерін оқытудың бірқатар мақсаттары ортақ болып табылады. Ортақ оқыту мақсаттары зерттеу, аналитикалық және картографиялық құзыреттерді қалыптастыра отырып, географиялық білім берудің әдіснамалық негізін қалады. Ортақ оқыту мақсаттары оқу жылының басында оқытылады, жеке сабақтар өткізілмейді және пәнаралық байланыстар мен дағдылардың кешенді дамуын қамтамасыз ете отырып, тақырыптар бойынша тапсырмаларға біріктіріледі. Ортақ оқыту мақсаттары география бөлімдерінің мазмұнына енеді және бағалаудың кешенді критерийлерінде көрінеді, бұл оқытуды біртұтас және қолданбалы етеді.

15. «География» пәнін оқытудағы мақсаты - географиялық сауаттылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу, ғылыми- зерттеу жұмыстаны жүргізе отырып, шешім қабылдауға бағыттау. Білім алушылардың функциналды сауаттылғын дамыту, зерттеулер жүргізу, қортынды жасауға, шешім қабылдауға бағыттау.

Білім алушы білуі тиіс:				
Бөлім	Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Географиялық зерттеулер	1.1. географиялық зерттеу әдістері	7.1.1.1 географияны зерттеу нысандарын анықтау; 7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау; 7.1.1.3 академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдармен) жұмыс істеу; 7.1.1.4 географиялық объектілердің сипатын эксперименттік жолмен анықтау; 7.1.1.5 далалық географиялық зерттеу әдістерін қолдану (деректерді тіркеу, жинау, өңдеу және талдау); 7.1.1.6 географиялық объектілердің, құбылыстар мен процестердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба, диаграмма, график);	8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін түсіндіру және зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау; 8.1.1.2 географиялық құбылыстар мен мәселелерді зерттеу үшін далалық, картографиялық және теориялық әдістерді қолдану; 8.1.1.3 сандық және сапалық географиялық деректерді өңдеу және талдау; 8.1.1.4 географиялық объектілердің, құбылыстар мен процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін модельдерді (физикалық, графикалық, математикалық, цифрлық) құру және пайдалану; 8.1.1.5 ғылыми деректердің академиялық адалдығы мен дұрыстығын сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін әртүрлі нысандарда ұсыну;	9.1.1.1 қазақстандық зерттеушілердің география ғылымына қосқан үлесін және оның дамуының өзекті бағыттарын талдау; 9.1.1.2 қазақтың халықтық географиялық терминдерін қоса алғанда, географиялық объектілер мен құбылыстар номинациясының ерекшеліктерін анықтау; 9.1.1.3 этикалық принциптер мен ғылыми стандарттарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін академиялық түрде ұсыну;
2. Картография	2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу;	8.2.1.1 цифрлық құралдарды пайдалана отырып, картада объектілердің географиялық координаттарын,	9.2.1.1 жалпыгеографиялық және тақырыптық карталарды, олардың ішінде цифрлық форматта пайдалана отырып,

		7.2.1.2 координаттар мен картографиялық деректерді пайдалана отырып, картадағы географиялық номенклатура объектілерінің орнын анықтау; 7.2.1.3 заманауи цифрлық навигациялық құралдарды (GPS, мобильді қосымшалар, онлайн-карталар) пайдалана отырып, жергілікті жерде бағдарлану; 7.2.1.4 деректерді өңдеу және талдау үшін ЖИ құралдарын пайдалана отырып, географиялық объектілерді жүйелеу және визуализациялау арқылы картосхемалар құру; 7.2.1.5 атрибутивтік деректерді талдай отырып, географиялық объектілерді тақырыпқа сәйкес кестелерде топтау және көрсету;	арақашықтықтарды анықтау; 8.2.1.2 карталарды жіктеу, картографиялық бейнелеу тәсілдері негізінде карталардың мазмұнын талдау және географиялық номенклатура объектілерін көрсету; 8.2.1.3 географиялық деректерді, соның ішінде жасанды интеллектке негізделген құралдарды іздеу және талдау үшін ғаламдық картографиялық қызметтерді (Google Maps,OpenStreetMap, QGIS және т.б.) және спутниктік суреттерді пайдалану; 8.2.1.4 сипаттамалық элементтермен (профиль, диаграммалар, графиктер, кестелер) толықтыра отырып, тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау;	Қазақстанның географиялық объектілерінің, құбылыстары мен үдерістерінің өзара байланысын талдау; 9.2.1.2 географиялық объектілер мен процестерді зерттеу үшін ГАЖ және цифрлық карталарды пайдалану; 9.2.1.3 жерді қашықтықтан зондтау негіздерін және оның географиялық зерттеулердегі маңыздылығын түсінуді көрсету; 9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қоса алғанда, цифрлық тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау; 9.2.1.5 экономика мен ғылымның түрлі салаларындағы геоақпараттық технологиялардың маңыздылығын түсіндіру;
3. Физикалық география	3.1 Литосфера	7.3.1.1 литосфераның құрылымы мен заттық құрамын анықтау; 7.3.1.2 Жердің тектоникалық құрылымын, жер қыртысының қозғалысын және литосфералық плиталардың орналасуын	8.3.1.1 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін (радиометриялық даталау, стратиграфия, геофизикалық) түсіндіру; 8.3.1.2 геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені қолдана	9.3.1.1 қазіргі кезеңді қоса алғанда, Қазақстанның тектоникалық құрылымы мен геологиялық тарихын талдау; 9.3.1.2 Қазақстанның негізгі орографиялық объектілерін

		сипаттау және картада көрсету; 7.3.1.3 дүниежүзінде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдердің таралуы мен себептері мен салдарын түсіндіру, литосфералық катаклизмдер кезіндегі мінез-құлық ережелерін түсіндіру;	отырып, жер қыртысының қалыптасуы мен Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін анықтау; 8.3.1.3 жер бедерінің қалыптасу заңдылықтарын зерттеу және оның пішіндерін жіктеу; 8.3.1.4 материктер мен мұхиттардың жер бедерін жоспар бойынша сипаттау және ұқсас орографиялық нысандарды салыстыру; 8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды жіктеу, олардың физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау; 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу үдерістеріне байланысты пайдалы қазбалардың таралу заңдылықтарын талдау;	(таулар, жазықтар, үстірттер, ойпаттар), олардың ерекшеліктерін және тектоникалық құрылыммен өзара байланысын сипаттау; 9.3.1.3 Қазақстан оронимдері номинациясының ерекшеліктерін зерттеу, олардың табиғи және мәдени контекстегі мәнін талдау, үш тілде транслитерациясын ұсыну; 9.3.1.4 Қазақстанның минералдық ресурстарының таралу заңдылықтарын, олардың географиялық орналасуын анықтау; 9.3.1.5 Қазақстанның минералдық ресурстарын, олардың қорларын, экономика үшін маңыздылығын және пайдалану болашағын талдай отырып бағалау; 9.3.1.6 Қазақстанның минералдық ресурстарын (экологиялық, экономикалық, әлеуметтік) игеру проблемаларын жіктеу және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, оларды шешу жолдарын ұсыну;

	3.2 Атмосфера	7.3.2.1 атмосфераның құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсету; 7.3.2.2 ауа райын қалыптастырудағы метеорологиялық элемент ретіндегі температураның маңыздылығын, оны өлшеу және нәтижелерді тіркеудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру (жергілікті компонентті ескере отырып); 7.3.2.3 ауа райының қалыптасуындағы метеорологиялық элемент ретінде қысымның және желдің маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру; 7.3.2.4 ауа райының қалыптасуындағы метеорологиялық элемент ретінде жауын-шашынның, бұлттылықтың және ылғалдылықтың маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру; 7.3.2.5 жергілікті климаттық ерекшеліктерді қоса алғанда, қолайсыз атмосфералық құбылыстардың салдарын талдау	8.3.2.1 жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, климат түзуші факторлардың және атмосфераның жаһандық айналымының климатқа, адамның өмірі мен шаруашылық қызметіне әсерін түсіндіру; 8.3.2.2 климаттық белдеулердің ерекшеліктерін талдау; 8.3.2.3 әртүрлі материктерде орналасқан ұқсас белдеулерді салыстыру; 8.3.2.4 жаһандық және қазақстандық контекстегі мысалдарды талдай отырып, адам әрекетінің атмосфера мен климатқа теріс әсерін түсіндіру және экологиялық проблемаларды шешудің мүмкін жолдарын ұсыну; 8.3.2.5 материктердің климатын жоспар бойынша сипаттау (таңдау бойынша);	9.3.2.1 Қазақстанның климат қалыптастырушы факторларын анықтау; 9.3.2.2 Қазақстан өңірлерінің климаттық ерекшеліктерін салыстыру және графикалық түрде көрсету; 9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалау; 9.3.2.4 қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстарының таралуын талдау, сондай-ақ олардың зардаптарынан қорғау шараларын әзірлеу; 9.3.2.5 қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстары номинациясының ерекшеліктерін анықтау, олардың жергілікті табиғи-климаттық және мәдени контекстегі мәнін талдау;

		негізінде халықты және аумақтарды қорғау шараларын ұсыну;		
	3.3 Гидросфера	7.3.3.1 гидросфераны және оның құрамдас бөліктерін сипаттау; 7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру; 7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамы мен географиялық орнын сипаттау; 7.3.3.4 мұхиттар мен олардың құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау; 7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау; 7.3.3.6 мұхит суларының қозғалысын жіктеу және түсіндіру; 7.3.3.7 мұхит және теңіз суларымен байланысты қауіптерді жіктеу, қорғау жолдарын ұсыну; 7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит проблемаларын топтастыру және олардың шешу жолдарын ұсыну;	8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу процестерін анықтау; 8.3.3.2 өзен аңғары құрылысының ерекшеліктерін және өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру; 8.3.3.3 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау; 8.3.3.4 құрлық суларының негізгі түрлерінің экономикалық маңыздылығын анықтау және олардың жіктелуі негізінде экологиялық проблемаларын шешу жолдарын ұсыну; 8.3.3.5 табиғи және антропогендік қауіп факторларын ескере отырып, суға қатысты табиғи апаттардың алдын алу және олардан қорғау шараларын ұсыну;	9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын (өзендер, көлдер, мұздықтар, жер асты сулары), олардың жіктелуі және негізгі гидрологиялық көрсеткіштері негізінде талдау; 9.3.3.2 жергілікті табиғи және мәдени контексте олардың мәнін талдай отырып, қазақ терминдеріндегі гидронимдер номинациясының ерекшеліктерін анықтау және олардың үш тілде транслитерациясын ұсыну; 9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру; 9.3.3.4 жергілікті ерекшеліктерді ескеріп, су ресурстарының экологиялық проблемаларын, олардың себептері мен салдарын талдай отырып анықтау және шешудің мүмкін жолдарын ұсыну; 9.3.3.5 Қазақстанның су ресурстарына байланысты геосаяси мәселелерді талдау;

	3.4 Биосфера	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылысын, шекараларын және қасиеттерін анықтау; 7.3.4.2 өңірдің өсімдіктер мен жануарлар дүниесін зерттеу, олардың таралуы мен сақталуына әсер ететін факторларды анықтау; 7.3.4.3 топырақ түзілу процестерін зерттеу және өз жеріндегі топырақтың құрамын, қасиеттері мен түрлерін анықтау; 7.3.4.4 шаруашылық қызметтің табиғатқа әсерін бағалау және қоршаған ортаны қорғау шараларын ұсыну;	8.3.4.1 материктердің табиғи зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіру, жоспар бойынша сипаттау; 8.3.4.2 мұхиттағы тіршіліктің таралуын анықтау; 8.3.4.3 биологиялық алуантүрлілігі мен экожүйені сақтау құралы ретінде әртүрлі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құрудың орындылығын түсіндіру;	9.3.4.1 Қазақстанда топырақ түрлерінің құрамы мен таралуын анықтау; 9.3.4.2 Қазақстанның табиғи аймақтары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау; 9.3.4.3 Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын сипаттау және табиғи мұрасын бағалау; 9.3.4.4 ноосфера тұжырымдамасын талдау және Қазақстанның оның дамуына қосқан үлесін бағалау;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.1.1.4 ғылыми жазу және талдау дағдыларын дамыта отырып, сенімді дереккөздерді пайдалану және деректерді дәлелді түрде түсіндіру; 9.2.1.1 жалпыгеографиялық және тақырыптық карталарды, олардың ішінде цифрлық форматта пайдалана отырып, Қазақстанның географиялық объектілерінің, құбылыстары мен үдерістерінің өзара байланысын талдау; 9.2.1.2 географиялық объектілер мен процестерді зерттеу үшін ГАЖ және цифрлық карталарды пайдалану;
4. Әлеуметтік география		
4.1 Халық географиясы	Қазақстан халқының демографиялық құрылымы	9.4.1.1 Қазақстан халқының этникалық, діни және демографиялық құрылымын талдау, оның әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау;
	Еңбек ресурстары және олардың экономика үшін маңызы	9.4.1.2 ел экономикасына әсерін болжай отырып, еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамын бағалау;
		9.4.1.2 еліміздегі әлеуметтік теңсіздік. Халықтың экономикалық ахуалы мен кедейлік деңгейінің салдарын талдау;
	Көші-қон процестері және көші-қон саясаты	9.4.1.3 көші-қон саясаты бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы көші-қон үдерістерін және олардың салдарын талдау;
	Қазақстанның елді мекендері мен ойконимдері	9.4.1.4 Қазақстанның елді мекендерін жіктеу, олардың тарихи-мәдени ерекшеліктерін (ойконимдерін), функционалдық аймақтарын зерделеу және олардың мәселелерін шешуді ұсыну;
	Урбандалу: проблемалар мен болашағы	9.4.1.5 Қазақстандағы урбандалу процесін бағалау;
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық зерттеу әдістері	9.1.1.3 этикалық принциптер мен ғылыми стандарттарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін академиялық түрде ұсыну; 9.1.1.4 ғылыми жазу және талдау дағдыларын дамыта отырып, сенімді дереккөздерді пайдалану және деректерді дәлелді түрде түсіндіру;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.2.1.2 географиялық объектілер мен процестерді зерттеу үшін ГАЖ және цифрлық карталарды пайдалану; 9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды пайдаланып, цифрлық тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау;
5. Экономикалық география		

5.1 Табиғат ресурстары	Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті және оны пайдалану	9.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін, оның өңірлер бойынша бөлінуін және экономика үшін маңыздылығын бағалау; 9.5.1.2 табиғи ресурстарды өндіру мен өңдеуді, олардың экономика мен экспорттағы рөлін талдау; 9.5.1.3 табиғат пайдалану түрлерін жіктеу және олардың экономика мен экологияға әсерін бағалау;
	Табиғатты тұрақты пайдалану және аумақтардың дамуы	9.5.1.4 өңірлік ерекшеліктер мен жаһандық сын-тегеуріндерді ескере отырып, табиғатты ұтымды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық зерттеу әдістері	9.1.1.4 ғылыми жазу және талдау дағдыларын дамыта отырып, сенімді дереккөздерді пайдалану және деректерді дәлелді түрде түсіндіру;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.2.1.2 географиялық объектілер мен процестерді зерттеу үшін ГАЖ және цифрлық карталарды пайдалану; 9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қоса алғанда, цифрлық тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау;
4-тоқсан		
5. Экономикалық география		
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Ғылыми-техникалық прогресс және оның әсері	9.5.2.1 ғылыми-техникалық прогрестің Қазақстан мен оның өңірлерінің экономикалық дамуына әсерін талдау;
	Адами капитал және оның дамуы	9.5.2.2 адами капитал индексі деңгейін бағалау, оны дамыту бойынша шешімдер әзірлеу;
	Қазақстанның инфрақұрылымдық және инновациялық дамуы	9.5.2.3 индустриялық-инновациялық өсім мен инновациялық инфрақұрылымның жай-күйін бағалай отырып, Қазақстанның экономикалық дамуын болжау
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық зерттеу әдістері	9.1.1.4 ғылыми жазу және талдау дағдыларын дамыта отырып, сенімді дереккөздерді пайдалану және деректерді дәлелді түрде түсіндіру;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.2.1.2 географиялық объектілер мен процестерді зерттеу үшін ГАЖ және цифрлық карталарды пайдалану; 9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қоса алғанда, цифрлық тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау;
5. Экономикалық география		
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың	Қазақстан шаруашылығының	9.5.3.1 Қазақстан экономикасының негізгі секторларын (энергетика, металлургия, ауыл

салалық және аумақтық құрылымы	салалық және аумақтық құрылымы	шаруашылығы, көлік, туризм, қызмет көрсету саласы) және олардың елдің дамуына әсерін талдау; 9.5.3.2 өнеркәсіптік орталықтарды, ауыл шаруашылығы аймақтары мен көлік тораптарын орналастыру заңдылықтарын анықтай отырып, Қазақстан шаруашылығының аумақтық құрылымын бағалау;
	Экономикалық дамудың факторлары мен болашағы	9.5.3.3 Қазақстанның экономикалық дамуына табиғи, демографиялық, технологиялық және геосаяси факторлардың әсерін бағалау; 9.5.3.4 қазіргі заманғы үрдістерді (индустрияландыру, цифрландыру, «Жасыл» экономика, туризм, атом энергетикасы)ескере отырып, Қазақстанның экономикалық өсу болашағын болжау;
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық зерттеу әдістері	9.1.1.3 этикалық принциптер мен ғылыми стандарттарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін академиялық түрде ұсыну; 9.1.1.4 ғылыми жазу және талдау дағдыларын дамыта отырып, сенімді дереккөздерді пайдалану және деректерді дәлелді түрде түсіндіру;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.2.1.2 географиялық объектілер мен процестерді зерттеу үшін ГАЖ және цифрлық карталарды пайдалану; 9.2.1.4 сандық тақырыптық карталар мен карта диаграммаларын, оның ішінде жасанды интеллект негізіндегі құралдарды пайдалана отырып құру;
5. Экономикалық география		
5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму тенденциялары мен көрсеткіштері	Дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі субъектілері мен құрылымы	9.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылық және олардың субъектілерінің жаһандық экономикалық дамуға әсерін сипаттау;
	Халықаралық еңбек бөлінісі және экономикалық қатынастар	9.5.4.2 халықаралық еңбек бөлінісін және оның әлемдік сауда мен елдердің мамандануына әсерін түсіндіру;
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму тенденциялары	9.5.4.3 әлемдік экономиканың негізгі көрсеткіштерін (ЖІӨ, ЖҰӨ, жан басына шаққандағы ЖІӨ) және олардың динамикасын бағалау (қазақстандық компонентті ескере отырып);
	Қазақстан әлемдік экономикада	9.5.4.4 Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы орнын, оның халықаралық саудаға, өндірістік тізбектерге және интеграциялық процестерге қатысуын бағалау;

«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық зерттеу әдістері	9.1.1.3 этикалық принциптер мен ғылыми стандарттарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін академиялық түрде ұсыну; 9.1.1.4 ғылыми жазу және талдау дағдыларын дамыта отырып, сенімді дереккөздерді пайдалану және деректерді дәлелді түрде түсіндіру;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қоса алғанда, цифрлық тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау;
6. Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Қазақстан жаһандық экономикалық және саяси контексте	9.6.1.1 экономикалық даму деңгейі бойынша Қазақстанды қоса алғанда дүниежүзі елдерін топтастыру; 9.6.1.2 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси-географиялық жағдайын басқа елдермен салыстыра отырып бағалау;
	Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылымы	9.6.1.3 әртүрлі мақсатты аудиториялар үшін Қазақстан Республикасы туралы елтану ақпаратын ұсыну;
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық зерттеу әдістері	9.1.1.3 этикалық принциптер мен ғылыми стандарттарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін академиялық түрде ұсыну;
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқыту мақсаттары	Географиялық карталар	9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қоса алғанда, цифрлық тақырыптық карталар мен картосхемалар жасау;

7-9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі. Тарихи сана – тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсінуді білдіреді. Тарихи сана тұлғаның қоғамға табысты бейімделуіне қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарлама жеке адамдарға, қоғамға әсер ететін тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторларды зерттеу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға, деректермен, күрделі ақпаратпен жұмыс жасап, талдай білуге бағытталған.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытудың мазмұны ата-бабаларымыздың мәдениетінің бірегейлігін, Қазақстанның әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты - Абайдың рухани мұрасы мен ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, өз елінің тарихындағы оқиғалар мен үдерістеге сыни тұрғыда қарайтын, тарихи ойлау дағдыларын меңгерген, ғылыми талдау жасай алатын, шығармашыл, өзіндік пікір білдіру мен азаматтық позициясын еркін білдіре алатын көшбасшы тәрбиелеу және ұлттық болмысын сақтай отырып, әлеммен еркін байланыс құра алатын мемлекетшіл тұлға қалыптастыру. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, эмоционалды интеллект пен коммуникативті дағдыларды дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

1)тарихи сана мен тарихи білімді дамыту (Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері және Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы кеңірек түсінік қалыптастыру, Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру, қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру)

2) аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыту (тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту);

3) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, тексеру, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау, тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту);

4) мәдениетаралық коммуникацияны дамыту (мәдениетаралық түсіністік пен құрмет арқылы жақсырақ және бейбіт әлемді құруға көмектесетін ізденімпаз, жанашыр және қамқор тұлғаны тәрбиелеу. Қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, төзімділікті, ұлтаралық және мәдениетаралық байланыстарды дамыту);

5) академиялық тілдік қор және коммуникативті дағдыларды қалыптастыру (тілдік дағдылар, терминология немесе тұрақты тіркестері бар лексиканы қолдану, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру (академиялық деңгейдегі баяндамаларды, ғылыми-зерттеушілік мақалаларды құрылымдау, жоғары деңгейдегі пікірталасқа, зерттеушілік әңгімеге түсу), командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды, заманауи жасанды интеллект түрлерін қолдану)

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

1) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

2) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

3) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Бағдарламаның құрылымы төмендегі базалық тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған:
- академиялық деңгейде сөйлеу және ойлау біліктілігін қалыптастыру;
- тарихи деректерді (ауызша, жазбаша, заттай, цифрлы) түрлеріне сәйкес талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту;
- ұлттық тарих пен мәдениетті саналы түрде қабылдау;
- заманауи зерттеу және технологиялық құралдарды қолдану арқылы сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- уақыт пен кеңістікте бағдарлану

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл білім алушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

6. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұны: әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін зерттеушілік деңгейде түсінуге мүмкіндік береді.

7. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

әлеуметтік қатынастардың дамуы;

мәдениеттің дамуы;

мемлекеттің дамуы;

Қазақстанның экономикалық дамуы.

"Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- этникалық қатынастар;
- әлеуметтік қатынастар.

"Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- дүниетаным мен дін;
- өнер мен әдебиет;
- білім және ғылым.

"Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- мемлекеттің ішкі саясаты;
- мемлекеттің сыртқы саясаты.

"Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- шаруашылық;
- өндірістік қатынастар және сауда.

9. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде педагог мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

10. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру AbayProgramme моделі шеңберінде «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары негізінде төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

11. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) "Өзгеріс пен сабақтастық" бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) "Себеп және салдар" бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) "Дәлел" бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) "Ұқсастық пен айырмашылық" бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.

5) "Маңыздылық" бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) "Интерпретация" бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

12. 7-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) XIII ғасырдағы Ұлы даладағы саяси процестер. Кіріспе. XIII-XVII ғасырлардағы Ұлы Дала тарихына жалпы шолу. Шыңғыс хан империясының құрылуы. Шыңғыс хан әскерінің Ұлы Далаға жорықтары. Жошы ұлысының құрылуы. Бату және Орда Ежен. Жошы ұлысындағы Беркенің билігі. 1206-1269 жж Шағатай ұлысы. 1269 жылғы Талас құрылтайы.

2) Жошы ұлысы 1269-1313 жж. Меңгу Темірдің Жошы ұлысындағы билігі. 1269-1313 жж Орда Ежен ұлысы. Жошы ұлысы халқының ру-тайпалық құрамы.

3) Алтын Орданың гүлденуі (1313-1359 жж.). Өзбек ханның билігі (1313-1341 жж.). Жәнібек хан. Алтын Орданың экономикалық дамуы және сауданың рөлі. Алтын Орда қалалары.

4) Алтын Орданың әлсіреуі мен ыдырауы. Алтын Ордадағы азаматтық соғыс және оның негізгі себептері. Орыс (Ұрыс) хан және оның мұрагерлері. Әмір Темір мемлекеті. Тоқтамыс ханның билігі. Едіге би және оның Алтын Орда тарихындағы ролі. Барақ хан. Моғолстан мемлекеті. Әбілқайыр хан және оның мұрагерлері. Ноғай ордасы. Сібір хандығы.

5) Ұлы Дала мәдениеті. Материалдық мәдениет. Қолөнер. Қолданбалы өнер. Сәулет өнерінің дамуы. Кесенелер. XIII-XV ғғ. рухани мәдениет. Эпикалық шығармалар. «Қобыланды». «Алпамыс». «Едіге». «Орақ-Мамай». XIII - XV ғасырлардағы жыраулар. Асан Қайғы. Кетбұға. «Қырымның қырық батыры». Сыпыра жырау. Алтын Ордадағы ғылым (Кутб ад-дин Сараи, Сайф-и Сараи, Хисам Катиб, Абдурахим Хафиз Хорезми). Дін және дәстүрлі дүниетаным. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы (Плано Карпини. Вильгельм Рубрук. Марко Поло. Ибн Баттута).

6) Қазақ халқының қалыптасуы. «Біртұтас ұлт» ұғымы. «Қазақ» этнонимі. Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. «Алаш Мыңы» түркі тайпалық одағы. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы.

7) Қазақ хандығы. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ хандығы – Жошы ұлысының мұрагері. Керей мен Әз-Жәнібек – мемлекеттің негізін қалаушылар. Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси бірлігін қалпына келтіру. Қасым хан. Қасым хан басқарған кезеңдегі қазақ хандығының нығаюы. «Қасым ханның қасқа жолы». XV – XVI ғасырлардағы еуропалық карталардағы Қазақ хандығы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Шығай мен Тәуекел хандар. Тәуекел хан тұсындағы қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы. Есім хан (Еңсегей бойлы Ер-Есім) тұсындағы Қазақ хандығы бірлігінің күшеюі. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. «Есім ханның ескі жолы». Қазақ хандығындағы орталық биліктің әлсіреуі.

8) Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ жүздері. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы. XV-XVII ғасырлардағы сауданың дамуы.

9) XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті. Қазақ халқының рухани мәдениеті. Ақындар мен жыраулардың шығармашылығы. XV-XVII ғасырлардағы тарихи еңбектер. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі. Қадырғали Жалаиридің «Жами-ат Тауарих» еңбегі. Осман Кухистани «Тарихи Әбілқайыр хани». Өтеміс қажы «Шыңғыс-нама». Әбілғазы «Түрік шежіресі». Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Астрономия туралы түсініктер, халық күнтізбесі. Қазақ халқының жыл санауы. Қазақ халқының қолданбалы өнері. Киіз үй – бірегей мәдени ескерткіш.

Өлкетану: Туристік маршруттар. Туған өлкенің көрнекті тұлғалары. Туған өлке тарихы. Мектебімнің тарихы.

10) өздік жұмыс: Мини-зерттеу (құжатпен жұмыс). Жоба қорғау (тарихи тұлғалар). Интерактивті тапсырма (презентация, тест құрастыру).

Шығармашылық контекст (аутентикалық материал- газет шығару, мақала, сұхбат алу)

13. 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) XVII-XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар қатынастары мен соғыстар. Кіріспе. XVII ғасырдағы Қазақ хандығы. Дәуірдің тарихи сипаттамасы. Жоңғар хандығының құрылуы. Қазақ-жоңғар соғыстары. Орбұлақ шайқасы және Жаңгір хан. Тәуке ханның («Әз Тәуке») билігі. «Жеті жарғы» заңдар жинағы. Төле, Қазыбек және Әйтеке – қазақ халқының атақты билері. Күлтөбедегі билер кеңесі. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – зұлмат жылы.

2) Жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беруді ұйымдастыру. Қарақұм мен Ордабасы құрылтайлары. Халық жасағының құрылуы. Бұланты шайқасы. Аңырақай шайқасы. Батырлар - Отан қорғаушылар (Қабанбай, Бөгенбай, Қожаберген, Жәнібек, Олжабай, Райымбек, Есет Көкіұлы және т.б.). Қазақтың батыр қыздары. Қазақ халқының әскери өнері мен әскери дәстүрлері. Қазақ қоғамындағы жыраулар (Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Ақтамберді жырау, Тәтіқара жырау). XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары. Қазақ хандары: Қайып, Болат, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс, Әбілқайыр.

3) XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақстан Ресей империясының мүдделер тоғысында. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясының Қазақстан аумағындағы саясаты (саяси және экономикалық мақсаттары, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Әбілқайыр хан және оның Ресеймен әскери-дипломатиялық қарым-қатынасы. XVIII ғасырдың 30-50 жылдарындағы Ресей империясының Қазақстандағы саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың шиеленісуі. Абылай хан билігі тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты. Қазақ жасағының Цин империясымен 1756-1757 жылдардағы әскери қақтығыстары. Қазақ хандығының Цинь империясымен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастары. 1757 жылғы Мамырсу шарты. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Төленгіттік. Аталық.

4) XVIII ғасырдағы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениеті. Қазақ халқының шежіресі – ел бірлігі мен тұтастығының кепілі. XVIII ғасырдағы қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармашылығы. Батырлар жыры («Бөгенбай батыр», «Қабанбай батыр», «Батыр Баян», «Жантай батыр», «Ер Жәнібек батыр»). Лирикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жырлар («Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек»). Қазақ халқының қолданбалы өнері.

5) XVIII ғасырдағы қазақ жерлерін отарлау және ұлт-азаттық қозғалыстар. XVIII ғасырдағы Қазақстанды әскери-казактық отарлау. Қазақтардың 1773-1775 жж. Е.Пугачев көтерілісіне қатысуы. 1783-1797 жж. Сырым Датұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалыс.

6) XIX ғасырда қазақ жерлерін отарлаудың күшеюі және қазақ халқының ұлт-азаттық күресі. Бөкей Ордасы. 1822-1824 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформалар: Сібір қырғыздары туралы Жарғы, Орынбор қырғыздары туралы Жарғы (Орта және Кіші жүздерде хандық биліктің жойылуы). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары. Қасым мен Саржан сұлтандардың күресі. XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Жоламан

Тіленшіұлы жетекшілігімен болған көтеріліс. Бөкей Ордасындағы 1836-1838 жылдардағы қазақтардың көтерілісі. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Кенесары – соңғы қазақ ханы. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер. XIX ғасырдың 60-90 жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар. 1860–1870 жылдардағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістері.

7) Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер. Ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісуға қоныстандыру. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер. Капиталистік қатынастардың енуі. Қалалар. Сауда қатынастары мен кәсіпкерліктің дамуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының дағдарысы.

8) XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті. XIX ғасырдағы білім мен ағартушылық ісі. Жәдидшілік. Зайырлы және діни оқу орындары. Бөкей ордасы ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстандағы ғылыми зерттеулер (А.Левшин, Г.Потанин, В.Радлов, Т.Седельников, Ә.Бөкейхан, М.Шорманұлы, М.Бабажанов, А.Диваев және т. б.). Шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі қазақтар (А. Вамбери, Ф. Джозеф де Гинь, Т.Аткинсон және т. б.). Шоқан Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, педагог, қоғам қайраткері. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы. «Зар заман» дәуірінің ақындары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид, Нұржан Наушабайдың тарихи еңбектері. Қазақ музыкалық өнерінің дамуы (Махамбет Өтемісұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржан сал).

Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Белгілі суретшілердің шығармашылығында қазақтардың өмірі мен тұрмысының бейнеленуі. Т.Шевченко, В.Верещагин, Н.Хлудовтың тарихи тақырыптарға арналған туындылары. Танымал суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст.

9) өздік жұмыс: Шығармашылық контекст (аутентикалық материал- газет шығару, мақала ,сұхбат алу, үндеу жазу т.б.).Әр түрлі жанр мен стиль (пікірталас, хат, құжатпен жұмыс). Мәліметтерге интерпретация жасау (кесте,диаграмма, график, статистика. Жобалық және зерттеу қызметі (мәліметтер жинау және анализ жасау, жоба қорғау)

14. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестер. Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. «Алаш» қозғалысы. Қарқаралы петициясы. Зиялы қауымның I және II Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуы. Саяси баспасөздің дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Тынышбайұлы, М. Шоқай). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясы мен «Алаш-Орда» үкіметі. Ұлттық автономиялар (Түркістан автономиясы, «Алаш»

автономиясы). Қазақстанда Кеңестер билігінің орнауы. «Үш жүз» партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жж.) Қазақстандағы соғыс қимылдары.

2) 1920-1930 жж. Қазақстан. Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ ОАК мен ҚазАКСР-інің ХКК және олардың басшыларының қызметі. Қазақ жерлерінің аумақтық тұтастығын сақтаудағы қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдерінің рөлі. «Әскери коммунизм» саясаты. 1921-1922 жж. ашаршылық. Қазақстандағы жер-су реформасы. 1921-1925 жж. Қазақстандағы ЖЭС. Қазақстан индустрияландыру жылдарында. Республиканың дамуы туралы пікірталастар. С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев. «Кіші Қазан» саясаты. 1929-1932 жж. ұжымдастыру және шаруалар көтерілістері. «Бесеудің хаты», Т. Рысқұловтың хаты. «Нәубет» – XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. 1920-1930 жылдардағы қоғамдық-саяси процестер. Қазақстан аумағында ГУЛАГ жүйесін қалыптастыру. Саяси қуғын-сүргін. Қазақстанның одақтас республикаға айналуы.

3) 1920-1930 жылдардағы Қазақстан мәдениеті. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы. Халық ағарту ісін дамыту және жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым академиясының Каз КСР-і филиалының ашылуы және Қаныш Сәтпаевтың ғылымды дамытудағы рөлі. Қазақ ұлттық әдебиетін дамыту (Ж. Аймауытұлы, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, К. Кемеңгеров, І. Жансүгіров). 1936 ж. Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі. Мәдениет қайраткерлері (Т.Жүргенов, Ж.Шанин, Қ.Жұбанов, Ә. Қашаубаев, А. Затаевич, А.Кастеев). Кеңестік идеологияның қазақ әдебиетіне, театрына, киносы мен бейнелеу өнеріне әсері.

4) 1940-1950 жылдардағы Қазақстан. 1941-1945 жж соғыс жылдарындағы Қазақстан. Қазақстанда әскери бөлімдерді қалыптастыру және олардың Кеңес-Герман майданына қатысуы. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Майдандағы қазақ әйелдерінің ерлігі (әйел ұшқыштар, пулеметшілер, танкішілер. М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х. Доспанова). Т. Бегелдинов пен партизан Қ. Қайсеновтың ерлігі. Р. Қошқарбаевтың ерлігі. Қазақстан – майдан арсеналы. Халықтың жеңіске қосқан үлесі. КСРО халықтарын Қазақстанға депортациялау. Қазақстан мәдениеті. Әдебиет, өнер, театр, кино, кескіндемені дамыту (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Қ. Мұхамедханов, Д. Снегин, С. Аманжолов, А. Жұбанов, М.Төлебаев, Е. Брусиловский, К.Бәйсейітова, Р.Бағланова). Қазақстанның экономикасы мен шаруашылығын қалпына келтіру (өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы). Қазақстан аумағында әскери, ядролық полигондардың ашылуы. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінің ерекшеліктері. Қазақ партиялық-кеңестік саяси қайраткерлерінің қызметі (Ж. Шаяхметов, Н. Оңдасынов, М. Әбдіхалықов және т.б.). «Бекмаханов ісі» және қазақ зиялыларын қудалау.

5) 1950-1970 жылдардағы Қазақстан. Қазақстанның «жылымық» жылдарындағы әлеуметтік-саяси дамуы. Теміртаудағы оқиғалар. Қазақстандағы мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары партиялық және кеңестік органдарының қызметі мен саясаты. Қазақстанның партия қайраткерлерінің қызметі – Д.А. Қонаев, Ж.Т. Тәшенев, И.А. Юсупов. Қазақстан тың игеру

жылдарында. 1965 жылы шаруашылық-экономикалық жүйені қайта құру. 1960-1980 жылдардағы республика халқының әлеуметтік-саяси өмірі. 1979 жылы Целиноградта (Ақмолада) болған оқиғалар. Қазақ тілінің жағдайы. Қазақстандық ғалымдардың XX ғасырдың 40-80-жылдарындағы жетістіктері (Ә.Марғұлан, Қ.Бабаев, К.Мыңбаев, Ш. Шөкин, К. Ақышев, Е.Бөкетов, А.Машанов, Ә.Қоңыратбаев). 1950-1970 жылдары Қазақстан әдебиеті мен өнерінің дамуы (Ә.Нұрпейісов, І.Есенберлин, О.Сүлейменов, М.Шаханов, Г. Бельгер, Қ. Мырза Әлі, К.Тоқаев). Қазақ театры, кино және сурет өнері. (Ш.Айманов, А.Қарсақбаев, С.Қожықов, М.Кенбаев).

6) 1980-1990 жж. Қазақстан. Қазақстанның экологиялық проблемалары (атом полигондары, атмосфераның, судың өнеркәсіптің ластануы, биоәртүрліліктің бұзылуы және топырақтың эрозиясы). Партиялық-кеңестік басқару жүйесінің дағдарысы. Қазақстандағы қайта құру және демократиялық процестер. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы. Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіғұлов, Е.Сыпатаев, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова. Қазақстанда азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы. Тіл туралы Заңды қабылдау (1989 ж.). Президенттік институтты енгізу (1990 ж.). Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдау (1990 ж.). Семей ядролық полигонын жабу (1991).

7) Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң. Мемлекеттік рәміздерді қабылдау. Н.Ә.Назарбаевтың қызметі. Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметі. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық ынтымақтастығы. Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі. БҰҰ-ға кіру. Қазақстанның халықаралық бастамалары және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты дамытуы. Қазақстан және ЮНЕСКО. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-ға төрағалық етуі. Қазақстанның түркі мемлекеттерінің ұйымдарымен қарым-қатынасын дамыту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттік құрылыс және жаңа қоғамдық-саяси институттардың қалыптасуы. 1993 және 1995 жылдардағы ҚР Конституциясы және билік органдарының қайта құрылуы. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу. Ұлттық валютаны енгізу. Экономика дағдарысы. Астана – Қазақстанның жаңа астанасы. Әкімшілік-аумақтық құрылымның өзгеруі.

8) Қазақстандағы әлеуметтік процестер. Әлеуметтік-демографиялық процестер. Халық санағы. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Қазақстанның 1950-1980 жылдардағы демографиялық дамуы. Қазақ диаспорасы мен ирриденті және репатрианттардың отанына оралуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары. «Қазақстан - 2030» және «Қазақстан - 2050» мемлекеттік стратегиялары. Қазақстандағы қоғамдық келісім және дінаралық қатынастар. Астанадағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері. «Мәңгілік Ел» - жалпықазақстандық ұлттық идея.

9) Әлемдегі жаһандану жағдайында Қазақстандағы жаңғырту процесі. Президент Қ-Ж.Тоқаевтың Қазақстан дамуының қазіргі кезеңіндегі бастамалары. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Ұлттық Құрылтай құру. Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. Президент Қ-Ж.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Қазіргі Қазақстанның экономикалық дамуы. Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік саясаты.

10) Қазіргі Қазақстанның мәдени дамуы. Қазіргі кезеңде ағартушылық пен ғылымды дамыту. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттың мәдени мұрасы. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Абай және XXI ғасыр. Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Қазіргі заманғы әдебиет, өнер, театр, кино, спорт. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары.

11) зерттеу:Жобалық және зерттеу қызметі(әр түрлі дереккөздерді салыстыра талдау, жоба қорғау, презентация).
Мәліметтерге интерпретация жасау (кесте, диаграмма, инфографика, статистика, мониторинг,талдау). Әр түрлі жанр мен стиль (пікірсайыс, репортаж, резюме, сауалнама, хат, құжатпен жұмыс). Шығармашылық контекст (цифрлы технология және аутентикалық материал-есеп жазу, мақала,бағдарлама жазу, жол нұсқа, билборд, жарнама, ойша саяхат т.б.)

15. Қазақстан тарихы пәні Көшбасшылық, Ғылым, Шығармашылық бағытарына негізделген.

7 сынып	8 сынып	9 сынып
Коммуникативтік дағдылар: ұлттық тарихты әлемдік үдерістер тұрғысында түсіну мен бағалауын пәндік терминологиямен орташа деңгейде дәлелдеу. Кумулятивті әңгімеге түсе алу және жүргізе алу.Тарихи тақырыптар аясында диалогтік және монологтік сипаттағы сөйлеу. Жеңіл деңгейдегі ауызша аргументация.	Коммуникативтік дағдылар: ұлттық тарихты әлемдік үдерістер тұрғысында түсіну мен бағалауын пәндік терминологиямен жоғары деңгейде дәлелдеу. Кумулятивті және зерттеушілік, пікірталас әңгімеге түсе алу және жүргізе алу. Пікірталаста түсуде түрлі дерек көздерді еркін қолдана алады, оларды талдайды, бағалайды. Аргументтелген пікірді қолдау, аргумент ұсыну, дәйек пен дәлел келтіру.	Коммуникативтік дағдылар: ұлттық тарихты әлемдік үдерістер тұрғысында түсіну мен бағалауын жоғары деңгейде дәлелдеу. Ұжымдық дәлелдеуге, пікірталасқа, зерттеушілік әңгімегеге қатысу, рөлдік ойындар, екі немесе одан да көп әртүрлі көзқарас параллельдерін пайымдау. Дәлелдеу, қорғау, келіссөз жүргізу. Бірлескен жазбаша презентация (эссе, есеп). Көпшілік ортада еркін сөйлеу.
Тілдік жүйе: сөз тіркестері мен терминологияны қолдану, диалог/жазылым үшін қажетті тіркестер.	Тілдік жүйе: академиялық жұмыс тілі, арнайы сөйлеу лексикасы және терминология, диалог/жазылым үшін қажетті тіркестер.	Тілдік жүйе: арнайы сөйлеу лексикасы және терминология, диалог/жазылым үшін қажетті тіркестер, металингвистикалық және метакогнитивтік таным,

		ғылыми, академиялық жұмыс тілі.
Мәтінмен жұмыс: мәтінді, дереккөздегі ойды қарапайым интерпретациялау, тарихи оқиғалар хроникасын құру, кілт сөздерді анықтау, мәтіндегі термин сөздермен жұмыс.	Мәтінмен жұмыс: дереккөздермен жұмыс (мәтінді критерийлерге сүйене отырып талдау, негізгі ойды анықтау, айырмашылық пен ұқсастықтарын анықтау өзіндік интерпретация), әр түрлі стильдегі мәтіндерді салыстыру, мәтінге сүйене отырып тапсырманы түрлі үлгіде орындау (талдау кестелері, сызба, график т.б.).	Мәтінмен жұмыс: деректермен жұмыс (тарихи құжатты басқа дереккөздермен салыстыру, бір оқиғаға әр түрлі көзқарасты білдіретін тарихи деректерді салыстыру, материалды бірнеше деректен іріктеу, талдау жасау, көрсетілген оқиғалар мен фактілердің себеп-салдарлық байланысын анықтау). Медиаақпараттарды, блоктарды, құжаттарды сын тұрғысынан талдау
Жазба тілі: Қысқаша тарихи эссе жазу, жоспар жасау, анықтама, сипаттама жазу	Жазба тілі: Эссе, анықтама жазу, сипаттама беру, түрлі үлгіде жазбаша баға беру, хат, үндеу, нұсқаулық жазу	Жазба тілі: тарихи эссе, глоссарий құрастыру, тақырыптық резюме, резолюция жазу, жол картасын, стратегиялық жоспар, бағдарлама құрастыру

16. Пәннің негізгі құзіреттіліктері мен құндылықтары

Сыныптар	7	8	9
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Қазақстан тарихын әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде түсіну; тарихи білім арқылы қалыптасатын әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен толеранттылық; ұлтының тарихы, мәдениетін құрметтеу және бағалау	Мәдениетаралық өзара түсіністік, жергілікті және жаһандық қоғамдастықтардың жауапты азаматтары ретіндегі жауапкершілік, жеке адамдар, қоғамдар арасындағы қарым-қатынасты түсіну, адам қоғамдастығы мен қоршаған ортаға қамқорлық	Абай дүниетанымындағы адамгершілік қағидаттарды ұстану; ұлттық болмысты сақтай отырып, әлеммен еркін байланыс құра алу; халықаралық деңгейде қазақ тарихы мен мәдениетінің мәртебесін көтеруге үлес қосатын дағдылар; проблемаларды шешу, жылдам шешім қабылдай алу; жаңа білім өндіре алу
Коммуникативтік құзыреттілік:	Қоғам мен мемлекеттегі тарихи және мәдени оқиғаларды	Ұйымдастыру, басқару, жетекшілік етудің қарапайым дағдылары;	Өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру және дәлелдеу; көпшілік алдында

	реконструкциялау әдісі арқылы пәндік сөйлеу дағдылары, қарым-қатынасқа түсудің қарапайым дағдыларын меңгеру	Топпен қарым-қатынасқа түсе алу, тіл табысу дағдылары. Толық адам концепциясы негізінде өзіндік азаматтық позициясы бар қоғамдық белсенді тұлға	ойын еркін жеткізу; диалог жүргізе алу; тиімді қарым-қатынас құру; көшбасшылық таныту, өзіне жауапкершілік алу, белсенділік, топты алға жетелеу
Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік:	Практикалық жағдайда қиын жағдаяттардың шешімін таба алу қабілетін дамыту. Тіл табыса алу, өзгелерді сыйлау. Әр түрлі дереккөздеріне талдау жасау арқылы оқиғаның себеп-салдарын түсінуге дағдылану.	Тарихи және цифрлық деректерге талдау жасау арқылы тарихи оқиғаның себеп-салдарын және рөлін түсінуді қамтиды. Әртүрлі көзқарастарды қабылдау.Мәдениетаралық үдерістердің ерекшелікте-не баға беріп, өз азаматтық позициясын білдіру	Тарихи оқиғаның болашаққа әсерін бағамдау, әлемдік және отандық тарих контекстінде бағалау. Өзгелермен қарым-қатынас құруда эмоциясын басқара алу; өзіндік танымымен ерекшелену; белгісіздікте батылдық таныту; қоршаған ортасын құрметтеу, тәуелсіздік, ұлттық құндылық қағидаттарын ұстану
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:	Дерек көздерімен жұмыс жасау, оқиғаға өзіндік пікірін білдіру, анықтау, ерекшелеу, салыстыру, қорытынды жасау, өзіндік баға беру; логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту	Тарихи дереккөздермен және цифрлық ақпарат көздерімен жұмыс істеу, талдау және өз бетінше қорытынды жасау; қисынды ойлау және креативтілік көрсету; дербес көзқарас білдіру, өзіндік тұжырым жасау	Ақпаратты, тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді сыни талдау және өз бетінше тұжырымдамалық қорытынды, дәлелді пайымдау жасау; қоғамдағы тарихи құбылыстарды зерттеу және оларға талдау жасау мен баға беру, цифрлық құзіреттілік
Базалық құндылықтар	Пәнаралық байланысты түсіну. Білім алуға құштарлық. Бірлікті, ынтымақтастықты қолдау және	Метапәндік білімдерді қолдану арқылы бір-бірімен ұштастыра дамыту. Жауапкершілік, қарым-қатынаста, жұмыс барысындағы әділдік,	Метапәндік білімдерді қолдану арқылы бір-бірімен ұштастыра дамыту және осы білімді өмірде қолдану.

	ұстану; еңбекқорлық, жаңалыққа құмарлық	отанын сүю, жаңашыл көзқарас	Бағалауда және қарым-қатынаста әділдік; жауапкершілікпен шешім қабылдай алу

17. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Тарихи өзгерістер аясында көшбасшы тұлғалардың рөлін «Өзгеріс пен сабақтастық» және «Маңыздылық» концептілері арқылы бағалау мен дәлелдеуді меңгеру. Көшбасшылық қабілеттер (стратегиялық ойлау, шешім қабылдау, проблемаларды шешу, жоспарлау, басқару, ынталандыру, шабыттандыру, оқыту, тәлімгерлік) мен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, эмоционалды интеллектісі мен өзін-өзі тану. Қоғамда орын алған үдерістер мен тарихи үдерістерді талдау мен бағалауда тарихи сөйлеу дағдыларын жетік қалыптастыру арқылы еркін түрде кумулятивті және зерттеушілік әңгімені академиялық тілде жүргізу қабілеттерін дамыту	Қазақ халқының негізгі ұлттық тарихи-мәдени үдерістерін түсіну мен реконструкциялау, бағалау арқылы жеке тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттері және патриоттық қасиеттерін дамыту. Тарихты өткеннен сабақ алу мен болашақты болжау құралы ретінде айшықтау, отандық тарихтың және жалпы тарихи білімнің жеке тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттері мен моральдық қасиеттерін дамытудағы рөлін анықтау, оның мектептегі білім алу процесіндегі маңыздылығын түсіну. Ұлттық көшбасшылардың тарихи тәжірибесі арқылы азаматтық ұстанымды қалыптастыру; Әділет пен даму идеялары негізінде тарихи	Түрлі талдау дағдыларын, тарихи және қисынды ойлауды меңгеру Зерттеушілік әңгіме жүргізу қабілетін жан-жақты метапәндік білімдер негізінде қалыптастыру Түрлі аймақтар мен кезеңдердегі көшбасшылық модельдерін салыстыру арқылы тарихи пайым жасау. Қоғамдық мәселелерді шешуде тарихи көшбасшылық мысалдарын қолдануды меңгеру

		көшбасшылықтың құндылығын түсіну	
Ғылым	«Себеп және салдар», «Дәлел» концептілері арқылы тарихи құбылыстарды ғылыми негізде талдау және бағалау дағдыларын меңгеру. Тарихи және қоғамдық құбылыстар мен фактілердің, жеке тұлғалардың рөлі мен қарым-қатынастарының негізгі себептерін түсіну және оларды түсіндіре білу; оқиғалар мен олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтап, бағалау; интерпретациялауда өзіндік көзқарас пен көзқарасты ғылым тұрғысынан түсіндіру мен дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру	Тарихи сана, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлтқа, отанға қызмет ету, мемлекетшілдік қасиетті сіңіру; ұлттық тарихты білу мен маңыздылығын түсіндіру, талдау дағдыларын меңгерту; интерпретациялауда өзіндік көзқарас пен көзқарасты ғылым тұрғысынан түсіндіру мен дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру Ғылыми дәлдікке негізделген тарихи түсінік қалыптастыру; ғылыми жетістіктер мен жаңалықтардың тарихи дамуға әсерін түсіну	Түрлі дерек көздерімен(тарихи және цифрлы деректер), ақпаратпен жұмыс дағдыларын жетілдіру; тарихтың, адамзаттың даму эволюциясы заңдылықтарын танудағы әдістер-тәсілдер, білім. Зерттеу жүргізуде карталар мен визуалды материалдарды тиімді қолдануды меңгеру
Шығармашылық	Оқу мақсаттарын тәуелсіз анықтау, жаңа міндеттерді қою және өз оқу мен танымдық қызметінде дамыту, өз танымдық қызығушылықтары мен қызығушылықтарын дамыту Ұқсастық пен айырмашылық» концептісі арқылы тарихи контекстерді салыстырып,	Әдептілік сана-сезімінің дамуы және моральдық мәселелерді шешу кезінде жеке таңдау негізінде кәсіби қабілеттілік, адамгершілік сезімдер мен адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру, өз іс-әрекетіне саналы және жауапты қатынас; оқуға	Алынған білім, білік және дағдыларды күнделікті өмірде қолдану «Интерпретация» концептісі негізінде әртүрлі тарихи көзқарастарды талдау және негізделген пікір қалыптастыру; жобалық жұмыс және көпаспектілі ойлау арқылы тарихи тәжірибені күнделікті өмірде қолдануды меңгеру

	креативті интерпретациялар жасау; тарихи тақырыпта жобалар, эсселер мен сценарийлер дайындау	жауапкершілікпен қарау; еңбекке құрметпен қарау, әлеуметтік маңызы бар еңбекке қатысу тәжірибесінің болуы Тарихи тұлғалардың шығармашылық тәжірибесі арқылы өзіндік идеялар мен көзқарас қалыптастыру; мәдениетаралық құндылықтарды түсіне отырып, рухани-адамгершілік ұстанымды дамыту	

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

18. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

19. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

20. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
1.1 Этникалық қатынастар	7.1.1.1 қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін сипаттау	8.1.1.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді талдау	9.1.1.1. қоғамдағы этникалық қатынастарды талдау
	7.1.1.2 «Қазақ» этнонимінің маңызын түсіндіру		9.1.1.2 Қазіргі Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді сипаттау
1.2 Әлеуметтік	7.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік құрылымын анықтау	8.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік ұйымдардың ерекшеліктерін анықтау	9.1.2.1 дамудың қазіргі кезеңіндегі Қазақстанның

қатынастар			әлеуметтік саясатын талдау
		8.1.2.2 қоғам өміріндегі тарихи оқиғалардың салдарын анықтау	9.1.2.2 Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау
			9.1.2.3 қоғамдық келісімді нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін бағалау

2) мәдениеттің дамуы:

Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
2.1 Дүниетаным және дін	7.2.1.1 Көшпелілер дүниетанымының ерекшеліктерін талдау	8.2.1.1 Қоғамдық сананы дамытудағы ағартушылардың үлесін бағалау	9.2.1.1 мерзімді басылымның ұлттық сана-сезімді оятудағы рөлін талдау
	7.2.1.2 жыраудың қоғамдағы рөлін бағалау	8.2.1.2 халық салт-дәстүрлерінің құндылығын анықтау	9.2.1.2 ұлттық мәдени-тарихи мұраның маңызын талдау
2.2 Өнер мен әдебиет	7.2.2.1 ортағасырлық қалалардың бірегейлігі мен маңызын анықтау	8.2.2.1 рухани мұраның маңызын бағалау	9.2.2.1 қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму процесін анықтау
	7.2.2.2 сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктерін анықтау	8.2.2.2 қалалардың сәулеттік келбетінің ерекшеліктерін анықтау	9.2.2.2 ұлттық мәдени мұраны жаңғыртудағы мемлекеттік бағдарламалардың рөлін бағалау
	7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау	8.2.2.3 халық ауыз әдебиетінің тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау	9.2.2.3 әдебиет және өнер туындыларының қоғамдық санаға әсерін бағалау
	7.2.2.4 қолданбалы өнер жетістіктерін бағалау	8.2.2.4 қазақ халқының қолданбалы өнерін талдау	9.2.2.4 тәуелсіз Қазақстанның мәдениет және спорт саласындағы жетістіктерін сипаттау
2.3 Білім және ғылым	7.2.3.1. ғылымның дамуының маңызын анықтау	8.2.3.1 XIX ғасырдың екінші жартысында ағарту ісінің дамуын талдау	9.2.3.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау

	7.2.3.2 ғалымның ғылымға қосқан үлесін бағалау	8.2.3.2 ғалымдардың ғылыми еңбектерінің маңыздылығын дәлелдеу	9.2.3.2 білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау
	7.2.3.3 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін бағалау		
	7.2.3.4. туған өлкенің тарихы мен мәдениетін талдау		

3) мемлекеттің дамуы:

Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	7.3.1.1 тарихи картада саяси өзгерістерді анықтау	8.3.1.1 картаны пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды сипаттау	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау
	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау
	7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау	8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау	9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	7.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін анықтау	8.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін бағалау	9.3.1.4 Қазақстанда әскери-өнеркәсіптік кешен құрудың салдарын бағалау
	7.3.1.5 мемлекеттік басқару жүйесін сипаттау	8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру	9.3.1.5 ұлттық автономиялардың халық тарихындағы рөлін дереккөздер арқылы интерпретациялау
	7.3.1.6 заңдардың мемлекеттегі маңыздылығын анықтау	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау	9.3.1.6 саяси көшбасшының ұлттық мүдделерді қорғаудағы қызметін бағалау
		8.3.1.7 мемлекетті нығайтудағы заңдардың маңыздылығын талдау	9.3.1.7 экологиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау
3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының	8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау	9.3.2.1 Қазақстанның халықаралық қатынастар субъектісі ретіндегі рөлін бағалау

	бағыттарын айқындау		
			9.3.2.2 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын анықтау
			9.3.2.3 Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесін бағалау
			9.3.2.4 Қазақстанның бітімгершілік бастамаларын анықтау

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
4.1 Шаруашылық	7.4.1.1 мемлекеттің экономикалық даму ерекшеліктерін анықтау	8.4.1.1 шаруашылық өзгерістердің ерекшеліктерін талдау	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау
	7.4.1.2 қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін сипаттау	8.4.1.2 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына әсерін талдау	9.4.1.2 экономикалық саладағы интеграцияны жаңғыртудың перспективалары мен бағыттарын анықтау
	7.4.1.3 материалдық мәдениеттің ерекшеліктерін сипаттау		9.4.1.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау
			9.4.1.4 Қазақстанды индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау
			9.4.1.5 фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, өнеркәсіптің жай-күйін талдау
4.2 Өндірістік қатынастар және сауда	7.4.2.1 мемлекеттің дамуындағы сауда қатынастарының маңызын анықтау	8.4.2.1 XIX ғасырдағы Қазақстан аумағындағы сауда ерекшеліктерін талдау	9.4.2.1 Қазақстанның әлемдік аренадағы сауда-экономикалық қатынастарын талдау

21. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

22. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспар

7-сынып:

Бөлім	Тақырып, зерттеу сұрағы	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
XIII ғасырдағы Ұлы Даладағы саяси процестер	Кіріспе. XIII–XVII ғғ. Ұлы Дала тарихына жалпы шолу Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала тарихы несімен қызықты?	7.3.1.1 тарихи картада саяси өзгерістерді анықтау(«Ұлы Дала» ұғымына анықтама беру)
	Шыңғыс хан империясының құрылуы Зерттеу сұрағы: Шыңғыс хан империясын Ұлы Түркі елінің мұрагері деп санауға бола ма?	7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау; 7.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін анықтау
	Моңғол мемлекетінің саяси-әкімшілік құрылысы мен заңдар жинағы Шыңғыс хан әскерінің Ұлы Далаға жорықтары Зерттеу сұрағы: 1218 жылы Шыңғыс ханның хорезмшахқа жіберген керуені қандай рөл атқаруы тиіс еді?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау («Жасақ» заңы, мемлекеттің саяси-әкімшілік құрылысының ерекшеліктерін анықтау); 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау; 7.3.1.1 тарихи картада саяси өзгерістерді анықтау
	Жошы ұлысының құрылуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Далада Жошы ұлысының құрылуының маңызы қандай?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.5 мемлекеттік басқару жүйесін сипаттау
	Бату және Орда Ежен Зерттеу сұрағы: Неліктен Алтын Орданың негізін қалаған Бату хан атағына ие болмады?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Жошы ұлысындағы Беркенің билігі Зерттеу сұрағы: Беркенің Жошы ұлысын сақтауға қосқан үлесі қандай?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	1206–1269 жж. Шағатай ұлысы Зерттеу сұрағы:	7.3.1.1 тарихи картада саяси өзгерістерді анықтау;

	Ұлыстардың пайда болуы нәтижесінде Ұлы Даланың саяси картасында қандай өзгерістер болды?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау
	1269 жылғы Талас құрылтайы Зерттеу сұрағы: Талас құрылтайының Жошы ұлысы тарихындағы маңызы қандай ?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.5 мемлекеттік басқару жүйесін сипаттау
Жошы ұлысы (1269–1313 жж.)	Меңгу Темірдің Жошы ұлысындағы билігі. Зерттеу сұрағы: Меңгу Темір билігін Жошы ұлысының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу уақыты деп атауға бола ма?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	1269–1313 жж. Орда Ежен ұлысы Зерттеу сұрағы: Орда Ежен ұлысында қандай саяси өзгерістер болды?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау (Ақ Орда хандарын анықтап, қызметіне баға беру)
	Жошы ұлысы халқының ру-тайпалық құрамы Зерттеу сұрағы: Жошы ұлысы халқының негізін қандай халықтар мен тайпалар құрады?	7.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік құрылымын анықтау(ұлыстық жүйе ерекшеліктерін сипаттау)
	Қайталау	
Өлкетану	Туристік маршруттар	7.2.3.4 туған өлкенің тарихы мен мәдениетін талдау
Өздік жұмыс	Мини-зерттеу(құжатпен жұмыс)	Тараудағы тақырыптар негізінде
2-тоқсан		
Алтын Орданың гүлденуі (1313–1359 жж.)	Алтын Орданың негізін қалаушы - Батый хан Алтын Орданың Өзбек пен Жәнібек хандар тұсындағы гүлденуі Зерттеу сұрағы: Алтын Орда Өзбек пен Жәнібек хандар тұсында қалай Еуразия кеңістігіндегі ең ірі қуатты империяға айналды?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау (Алтын Орданы нығайтқан хандар мен олардың саясатын анықтау)
	Алтын Орданың экономикалық дамуы және сауданың рөлі Зерттеу сұрағы: Неліктен Алтын Ордада белсенді түрде тиындар соғылды?	7.4.1.1 мемлекеттің экономикалық даму ерекшеліктерін анықтау; 7.4.2.1 мемлекеттің дамуындағы сауда қатынастарының маңызын анықтау
	Алтын Орда қалалары Зерттеу сұрағы: Неліктен Сарайшық қаласы араб саяхатшысы Ибн Баттутаға ерекше әсер қалдырды?	7.2.2.1 ортағасырлық қалалардың бірегейлігі мен маңызын анықтау(Алтын Орданың атақты қалаларын анықтау)

Алтын Орданың әлсіреуі мен ыдырауы	Алтын Ордадағы азаматтық соғыс және оның негізгі себептері Зерттеу сұрағы: Алтын Ордада 20 жылға созылған саяси қақтығыстарға қандай жағдайлар әкелді?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау(тарихи деректерге сүйене отырып, ішкі талас-тартыстың себептерін анықтау)
	Ақ Орда. Орда Ежен -Ақ Орданың негізін қалаушы Орыс (Ұрыс) хан және оның мұрагерлері Зерттеу сұрағы: Неліктен Орыс (Ұрыс) хан Сығанақта өз атынан теңге соға бастады?	7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау; 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау
	Әмір Темір мемлекеті Зерттеу сұрағы: Неге Әмір Темір мықты билеуші болғанына қарамастан хан атағын ала алмады?	7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау; 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау
	Тоқтамыс ханның билігі Зерттеу сұрағы: Неліктен Тоқтамыс 1382 жылы Мәскеуді талқандады?	7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау; 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау
	Едіге би және оның Алтын Орда тарихындағы рөлі Зерттеу сұрағы: Неліктен Едіге би Алтын Орда хандарын құлатып, таққа отырғызуға қол жеткізді?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Барақ хан Зерттеу сұрағы: Барақ хан ұлысы қандай аумақты біріктірді?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Моғолстан мемлекеті Зерттеу сұрағы: Моғолстанда күрделі саяси жағдайлардың қалыптасуына қандай алғышарттар әсер етті?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау
	Әбілқайыр хан және оның мұрагерлері Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр хандығының аумақтық құрылымының ерекшелігі неде?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Ноғай Ордасы Зерттеу сұрағы: Шоқан Уәлиханов неліктен «Ноғайлар мен қазақтарды екі туысқан орда» деп атады?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау

	Сібір хандығы Зерттеу сұрағы: Сібір хандығы мен Әбілқайыр ханның тарихы қалай байланысады?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Қайталау	
Өлкетану	Туған өлкенің көрнекті тұлғалары	7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
Өздік жұмыс	Жоба қорғау(тарихи тұлғалар)	Тараудағы тақырыптар негізінде
3-тоқсан		
Ұлы Дала мәдениеті	Материалдық мәдениет Зерттеу сұрағы: Көшпенділердің материалдық мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	7.4.1.3 материалдық мәдениеттің ерекшеліктерін сипаттау; 7.2.2.4 қолданбалы өнер жетістіктерін бағалау
	Сәулет өнерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Ислам сәулет өнерінің дамуына қалай әсер етті?	7.2.2.2 сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктерін анықтау; 7.2.2.4 қолданбалы өнер жетістіктерін бағалау
	XIII–XV ғасырлардағы рухани мәдениет Зерттеу сұрағы: Рухани мәдениетте қоғамдағы өзгерістер қалай көрініс тапты?	7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау
	XIII–XV ғасырлардағы жыраулар Зерттеу сұрағы: Жыраулар өз шығармаларында қандай мәселелерді көтерді?	7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау; 7.2.1.2 жыраудың қоғамдағы рөлін бағалау
	Алтын Ордадағы ғылым Зерттеу сұрағы: Алтын Ордада ғылымға қандай орын берілді?	7.2.3.1 ғылымның дамуының маңызын анықтау
	Дін және дәстүрлі дүниетаным Зерттеу сұрағы: Көшпенділердің дүниетанымының ерекшеліктері қандай?	7.2.1.1 көшпенділер дүниетанымының ерекшеліктерін талдау
	Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылардың еңбектерінде Ұлы Дала туралы қандай мәліметтер бар?	7.2.3.1 ғылымның дамуының маңызын анықтау; 7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау
Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық Зерттеу сұрағы: Қазақ халқының қалыптасуында түркі тайпаларының «Алаш мыңы» одағының рөлі қандай»?	7.1.1.1 қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін сипаттау; 7.1.1.2 «Қазақ» этнонимінің маңызын түсіндіру (Қадырғали Жалайридің еңбегіндегі «Алаш мыңы», «Алаш» туралы

	Қадырғали Жалайри: Жылнамалар жинағы	деректерге өзіндік зерттеу жүргізу)
	Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері қазақ халқы қалай қалыптасы?	7.1.1.1 қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін сипаттау
Қазақ хандығы	Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы Зерттеу сұрағы: Қазақ хандығын Жошы ұлысы мемлекетінің басты мұрагері деп атауға болады ма?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Қасым хан Зерттеу сұрағы: Қазақ хандығын нығайтуда Қасым ханның рөлі қандай?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау; 7.3.1.6 заңдардың мемлекеттегі маңыздылығын анықтау
	Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы Зерттеу сұрағы: Хақназар ханның сыртқы саясатының бағыттары қандай болды?	7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Шығай мен Тәуекел хандар Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан мәмілегер болды ма?	7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау
	Есім хан (Еңсегей бойлы Ер-Есім) тұсындағы Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының тұтастығын қалай сақтап қалды?	7.3.2.1 мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындау; 7.3.1.3 мемлекетті нығайтудағы тұлғаның рөлін сипаттау; 7.3.1.6 заңдардың мемлекеттегі маңыздылығын анықтау
	Қазақ хандығында орталық биліктің әлсіреуі Зерттеу сұрағы: Қазақ хандығының саяси жағдайының күрделенуіне не әкелді?	7.3.1.2 мемлекеттің ішкі саясатының ерекшеліктерін сипаттау
	Қайталау	
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	7.2.3.4 туған өлкенің тарихы мен мәдениетін талдау
Өздік жұмыс	Интерактивті тапсырма (презентация, тест құрастыру т.б.)	Тараудағы тақырыптар негізінде
4-тоқсан		
Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы	Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы Зерттеу сұрағы: Қазақ хандығын басқару жүйесі қандай болды?	7.3.1.5 мемлекеттік басқару жүйесін сипаттау

	Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекетінің әлеуметтік құрылымын сақтаудың маңызы неде?	7.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік құрылымын анықтау(билер, байлар, батырлар, сұлтандар, төленгіттер, шаруа, жалшы топтарына сипаттама беру)
	XV–XVII ғасырлардағы қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы Зерттеу сұрағы: Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына әсер еткен факторлар қандай?	7.4.1.2 қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін сипаттау (қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына әсер еткен факторларды анықтау)
	XV–XVII ғасырлардағы сауданың дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақ халқының сауда қатынастарының ерекшеліктері қандай?	7.4.2.1 мемлекеттің дамуындағы сауда қатынастарының маңызын анықтау
XV–XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті	Қазақ халқының рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Жыраулар шығармашылығында қандай құндылықтар көрініс тапты?	7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау; 7.2.1.2 жыраудың қоғамдағы рөлін бағалау
	XV–XVII ғасырлардағы тарихи еңбектер Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық тарихи еңбектердің құндылығы неде?	7.2.3.1 ғылымның дамуының маңызын анықтау; 7.2.3.2 ғалымның ғылымға қосқан үлесін бағалау
	Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары Зерттеу сұрағы: Көшпенділердің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің құндылықтары қандай?	7.2.2.3 халықтың рухани мәдениетінің рөлін талдау (қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының құндылығын анықтау)
	Астрономия, қазақ халқының жыл санауы туралы түсініктер Зерттеу сұрағы: Дәстүрлі шаруашылықта астрономиялық білімнің маңызы қандай?	7.2.3.3 көшпенділердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін бағалау; 7.4.1.2 қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін сипаттау
	Қазақ халқының қолданбалы өнері Зерттеу сұрағы: Көшпенділердің қолданбалы өнер жетістіктерінің құндылығы неде?	7.2.2.4 қолданбалы өнер жетістіктерін бағалау (қолданбалы өнер түрлерін анықтау)
	Қайталау	
Өлкетану	Мектебімнің тарихы	7.2.3.4 туған өлкенің тарихы мен мәдениетін талдау
Өздік жұмыс	Шығармашылық контекст (аутентикалық материал- газет шығару, мини-мақала,сұхбат алу т.б.)	Тараудағы тақырыптар негізінде

2) 8-сынып:

Бөлім	Тақырып, зерттеу сұрағы	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		

XVII – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғыстары	Кіріспе. XVII ғасырдағы Қазақ хандығы Зерттеу сұрағы: XVII ғасырдағы Қазақ хандығының саяси жағдайының ерекшеліктері қандай?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау
	Кіріспе. XVII – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар қатынастары мен соғыстары Зерттеу сұрағы: Неліктен жоңғарлар Қазақ хандығына үлкен қауіпке айналды? XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығы: саяси және экономикалық жағдайы	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау(қазақ қоғамындағы сепаратизмнің күшеюінің себептерін анықтау, ру-тайпалар арасындағы бірлік пен байланыстың әлсіреуін дәлелдеу); 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау
	Жәңгір хан Зерттеу сұрағы: Неліктен «Орбұлақ шайқасы» халықтың жауынгерлік рухын көтеруге ықпал етті деп санайды?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Тәуке ханның («Әз Тәуке») билігі Зерттеу сұрағы: Неліктен Тәуке хан ел басқарған уақыт «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәуір» деп аталды?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	«Жеті жарғы» заңдар жинағы Зерттеу сұрағы: Мемлекетті нығайтудағы «Жеті жарғының» рөлі қандай?	8.3.1.7 мемлекетті нығайтудағы заңдардың маңыздылығын талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Қазақ халқының атақты билері Зерттеу сұрағы: Қазақ халқының ұлы билері Төле, Қазыбек, Әйтеке қоғамда қандай рөл атқарды?	8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау(би-шешендердің нақыл сөздерінің ұстаным ретіндегі маңыздылығына талдау жасау)
	«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлмат жылы Зерттеу сұрағы: Неліктен «Елім-ай» жалпыхалықтық әнге айналды?	8.2.2.3ауызша халық шығармашылығының тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау(Ақын, жыраулардың шығармаларындағы тарихи деректерді анықтау, музыка өнерінің рухани дамудағы рөлін анықтау); 8.1.2.2 қоғам өміріндегі тарихи оқиғалардың салдарын анықтау
Жоңғар шапқыншылығына	Қарақұм құрылтайы. Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы Жоңғар шапқыншылығына	8.3.1.1 картаны пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды сипаттау(1710,1726 жылғы

тойтарыс беруді ұйымдастыру	тойтарыс беруді ұйымдастыру Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	құрылтайларға салыстырмалы талдау жасау); 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Батырлар – Отан қорғаушылар Зерттеу сұрағы: Жауынгерлердің рухын қандай әскери дәстүрлер нығайтты?	8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау; 8.3.1.4 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін бағалау(қазақ халқының батырлық дәстүрі мен әскери әдет-ғұрыптарды анықтау)
	Қазақ қоғамындағы жыраулар Зерттеу сұрағы: Неліктен қазақ қоғамында жыраулардың беделі жоғары болды?	8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау (жыраулардың рөліне баға беру); 8.2.2.3 халық ауыз әдебиетінің тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау(ақын, жыраулардың шығармаларындағы тарихи деректерді анықтау)
	XVIII ғасырдың 30–40-жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары Зерттеу сұрағы: Неліктен XVIII ғасырдың 30-40-жылдарында Қазақ хандығындағы жағдай шиеленісіп кетті?	8.3.1.1 картаны пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды сипаттау; 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ хандары: Қайып, Болат, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс, Әбілқайыр Зерттеу сұрағы: Хандар мемлекетте басқару рөлін атқара алды ма?	8.3.1.1 картаны пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды сипаттау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Қайталау	
Өздік жұмыс	Шығармашылық контекст (аутентикалық материал- газет шығару,мақала,сұхбат алу,үндеу жазу т.б.)	
2-тоқсан		
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	Қазақстан Ресей империясының мүдделер тоғысында Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау(қазақ қоғамындағы сепаратизмнің күшеюінің себептерін анықтау, ру-тайпалар арасындағы бірлік пен байланыстың әлсіреуін дәлелдеу); 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау
	Әбілқайыр хан және оның Ресеймен әскери-дипломатиялық қарым-	8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау;

	қатынасы Зерттеу сұрағы: Неліктен Әбілқайыр хан Ресей империясына жүгіну туралы шешім қабылдады?	8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	XVIII ғасырдың 30–50-жылдарындағы Ресей империясының Қазақстандағы саясаты Зерттеу сұрағы: Ресей империясы Қазақстанды отарлауды қандай әдістермен жүзеге асырды?	8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру
	XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығы: саяси және экономикалық жағдайы Абылай хан билігі тұсындағы Қазақ хандығы Зерттеу сұрағы: Абылай хан қалайша Қазақ мемлекетінің дербестігін сақтай алды?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Қазақ хандығының Цинь империясымен саяси-дипломатиялық қарым-қатынасы Зерттеу сұрағы: Неліктен «Мамырсу шарты» Қазақ хандығының ірі мәмілегерлік жеңісі саналады?	8.3.2.1 Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы Зерттеу сұрағы: Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың рөлі қандай болды?	8.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік ұйымдардың ерекшеліктерін анықтау (ақсүйектер мен қарасүйектердің ерекшеліктерін анықтау)
XVIII ғасырдағы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениеті	Қазақ халқының шежіресі – ел бірлігі мен тұтастығының кепілі Зерттеу сұрағы: Неліктен қазақ қоғамында шежірені білу маңызды болды?	8.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік ұйымдардың ерекшеліктерін анықтау; 8.2.2.3 халық ауыз әдебиетінің тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау
	XVIII ғасырдағы қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармашылығы Зерттеу сұрағы: Неліктен қазақтар батырлар жырларын «тарихи шығармашылық өнер» деп атайды?	8.2.2.3 халық ауыз әдебиетінің тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау (ақын, жыраулардың шығармаларындағы тарихи деректерді анықтау, би-шешендердің нақыл сөздерінің ұстаным ретіндегі маңыздылығына талдау жасау) 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Лирикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жырлар Зерттеу сұрағы:	8.2.2.3 халық ауыз әдебиетінің тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын анықтау

	«Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек» жырларының әдеби мұра ретіндегі құндылығы неде?	(лирикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жырлардағы тарихи деректерді анықтау)
	Қазақ халқының қолданбалы өнері Зерттеу сұрағы: Қазақ ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	8.2.2.4 қазақ халқының қолданбалы өнерін талдау
	Қайталау	
Өздік жұмыс	Әр түрлі жанр мен стиль (пікірталас,хат жазу,құжатпен жұмыс)	
3-тоқсан		
XVIII ғасырдағы қазақ жерлерін отарлау және ұлт-азаттық қозғалыстар.	XVIII ғасырдағы Қазақстанды әскери-казактық отарлау Зерттеу сұрағы: Қазақстан аумағындағы казак әскерлеріне қандай рөл берілді?	8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру(Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау) 8.1.1.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді талдау
	Қазақтардың 1773–1775 жж. Е. Пугачев көтерілісіне қатысуы Зерттеу сұрағы: Неліктен қазақтар Е. Пугачев көтерілісіне қатысты?	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау
	1783–1797 жж. Сырым Датұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы қазақтардың қандай құқықтарын қорғады?	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
XIX ғасырда қазақ жерлерін отарлаудың күшеюі және қазақ халқының ұлт-азаттық күресі	Бөкей ордасы Зерттеу сұрағы: Жәңгір хан қазақ қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріне қандай өзгерістер енгізді?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау (Жәңгір ханның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерін анықтау)
	1822–1824 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформалар Зерттеу сұрағы: 1822–1824 жылдардағы патшалық әкімшілік-аумақтық реформалар қазақтардың өміріне қандай өзгерістер әкелді?	8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру; 8.1.1.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді талдау(Орта және Кіші жүздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерді анықтау)
	Қасым мен Саржан сұлтандардың күресі Зерттеу сұрағы: Неліктен Қасым мен Саржан сұлтандардың күресі ұлт-азаттық сипатқа ие болды?	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	XIX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Жоламан Тіленшіұлы жетекшілігімен болған көтеріліс	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау

	Зерттеу сұрағы: Патшалықтың қандай әрекеттері халықты көтеріліске итермеледі?	
	Бөкей Ордасындағы 1836–1838 жылдардағы қазақтардың көтерілісі Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс Зерттеу сұрағы: Кенесары ханның көтерілісі неге жалпыхалықтық сипатқа ие болды?	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау(К.Қасымұлы бастаған көтерілістің ерекшеліктерін анықтау); 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік өңірлерін Ресейге қосу процесі қалай өтті?	8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру
	Тентектөре бастаған көтеріліс. XIXғ. 50-жылдарындағы Оңтүстік Қазақстандағы қазақтардың азаттық күресі Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер Зерттеу сұрағы: Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне экспансиясы неден көрінді?	8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	XIX ғасырдың 60–90-жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар Зерттеу сұрағы: Патша үкіметі «бөліп ал да билей бер» ұстанымын қалай жүзеге асырды?	8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру; 8.1.1.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді талдау(әкімшілік-аумақтық және басқару, салық жүйесіндегі өзгерістерді анықтау)
	1860–1870 жылдардағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістері Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60–70-жылдарындағы көтерілістерде халық талаптарының сабақтастығы неден байқалды?	8.3.1.5 Ресей империясының отарлық саясатының мәнін түсіндіру; 8.3.1.6 отарлық саясатқа қарсы қазақ халқының күресін талдау(көтерілістердің ерекшеліктерін анықтау)
	Қайталау	
Өздік жұмыс	Мәліметтерге интерпретация жасау (кесте,диаграмма, график, статистика)	
4-тоқсан		

Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер	Ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісуға қоныстандыру Зерттеу сұрағы: Ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы жергілікті халықтың өміріне әсер етті ме?	8.4.1.1 шаруашылық өзгерістердің ерекшеліктерін талдау
	Капиталистік қатынастардың енуі. Қалалар Зерттеу сұрағы: Неліктен шетелдіктер XIX ғасырда Қазақстанға ағылып келе бастады?	8.4.1.2 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына әсерін талдау; 8.2.2.2 қалалардың сәулеттік келбетінің ерекшеліктерін анықтау
	Сауда қатынастары мен кәсіпкерліктің дамуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстанда жәрмеңке саудасы басым дамыды?	8.4.2.1 XIX ғасырдағы Қазақстан аумағындағы сауда ерекшеліктерін талдау
XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті	XIX ғасырдағы білім мен ағартушылық ісі. Жәдидшілік. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағарту қандай бағыттарда дамыды? И.Гаспринский – жәдидшіліктің негізін қалаушы	8.2.3.1 XIX ғасырдың екінші жартысында ағарту ісінің дамуын талдау(білім беру мекемелерінің ерекшелігін анықтау) 8.2.3.1 XIX ғасырдың екінші жартысында ағарту ісінің дамуын талдау(ағарту ісіне үлес қосқан тұлғалардың рөліне баға беру)
	Қазақстандағы ғылыми зерттеулер Зерттеу сұрағы: Ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қандай тарихи деректер ұсынылды?	8.2.3.2 ғалымдардың ғылыми еңбектерінің маңыздылығын дәлелдеу
	Шоқан Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы Зерттеу сұрағы: Неліктен С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?	8.2.3.2 ғалымдардың ғылыми еңбектерінің маңыздылығын дәлелдеу (Шоқан Уәлихановтың еңбектерін анықтай отырып); 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, педагог, қоғам қайраткері Зерттеу сұрағы: Ы. Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?	8.2.1.1 қоғамдық сананы дамытудағы ағартушылықтың үлесін бағалау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады?	8.2.2.1 рухани мұраның маңызын бағалау; 8.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін талдау
	XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси ойдың дамуы. «Зар заман» дәуірінің ақындары. Зерттеу сұрағы:	8.2.2.1 рухани мұраның маңызын бағалау («Зар заман» дәуіріндегі ақындардың шығармашылығына әсер еткен тарихи оқиғаларды,

	«Зар заман» дәуіріндегі ақындардың шығармаларында қандай идеялар көрініс тапты?	ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін анықтай отырып, ақындардың негізгі идеяларын тұжырымдау)
	Тарихи еңбектер Зерттеу сұрағы: Ойшылдардың еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	8.2.2.1 рухани мұраның маңызын бағалау (тарихи еңбектерді және ойшылдардың еңбектерінің тарихи құндылығын анықтау)
	Қазақ музыкалық өнерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	8.2.2.1 рухани мұраның маңызын бағалау(қазақ ән және күй өнеріне үлес қосқан тұлғаларды анықтау және олардың шығармаларына өзіндік талдау жасау)
	Қазақ халқының салт-дәстүрлері Зерттеу сұрағы: Неліктен салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар халықтың ұлттық болмысын қалыптастырады?	8.2.1.2 халық салт-дәстүрлерінің құндылығын анықтау(салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың маңыздылығына баға беру)
	Белгілі суретшілердің шығармашылығындағы қазақтардың өмірі мен тұрмысының бейнеленуі Зерттеу сұрағы: Белгілі суретшілердің туындыларында қазақ даласы қалай сипатталды?	8.1.1.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді талдау
	Қайталау	
Өздік жұмыс	Жобалық және зерттеу қызметі(мұрағат материалдары негізінде мәліметтер жинау және анализ жасау, жоба қорғау)	

5) 9-сынып:

Бөлім	Тақырып, зерттеу сұрағы	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестер	Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты және XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Байтұрсынұлы «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп санады?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.1.2.2 Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	«Алаш» қозғалысы Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылылары ұлттық мүдделерді қалай қорғады?	9.2.1.1 мерзімді басылымның ұлттық сана-сезімді оятудағы рөлін талдау; 9.3.1.6 саяси көшбасшының ұлттық мүдделерді қорғаудағы қызметін бағалау(Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру)

	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Зерттеу сұрағы: Неге 1916 жылғы қозғалыс жалпыхалықтық сипатқа ие болды?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	1917 жылғы революциялар Зерттеу сұрағы: 1917 жылы Қазақстанда саяси белсенділіктің жоғарылағанын қандай оқиғалар айғақтайды?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау
	Ұлттық автономиялар Зерттеу сұрағы: Ұлт зиялыларының көшбасшылары қазақ егеменді мемлекетін құру идеясын қалай жүзеге асырды?	9.3.1.5 ұлттық автономиялардың халық тарихындағы рөлін дереккөздер арқылы интерпретациялау; 9.3.1.6 саяси көшбасшының ұлттық мүдделерді қорғаудағы қызметін бағалау
	Қазақстандағы азаматтық соғыс кезіндегі соғыс қимылдары (1918–1920 жж.) Зерттеу сұрағы: Халық арасында Қазан революциясының ұрандары қандай саяси ұмтылыстар мен үміттерді тудырды?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
1920–1930 жж. Қазақстан	Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстанның аумақтық тұтастығын сақтауда қазақ зиялы қауымы өкілдерінің рөлі қандай?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.6 саяси көшбасшының ұлттық мүдделерді қорғаудағы қызметін бағалау
	«Әскери коммунизм» саясатынан ЖЭС-ке өту Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың қандай оң нәтижелері болды? Жер-су реформасы. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан экономикасы ерекшеліктерінің ғылыми еңбектерде көрініс табуы	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау 9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау (Қазақстанда жүргізілген жер-су комитеттерінің қызметін, жер-су реформасының маңызын, жаңа экономикалық саясатқа көшу себептерін тарихи оқиғалармен салғастыра отырып анықтау, өнеркәсіптегі жаңа экономикалық саясаттың

		табыстылығын деректермен дәйектеп, тиімділігіне баға беру)
	Қазақстан индустрияландыру жылдарында Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қайшылығы неде?	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау; 9.4.1.4 Қазақстанды индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау
	1929–1932 жж. ұжымдастыру және шаруа көтерілістері Зерттеу сұрағы: Ұжымдастыру саясаты қазақ халқының өмірін қалай өзгертті?	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау; 9.1.2.2 Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау
	1920–1930 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық процестер Зерттеу сұрағы: Неге қазақтың ұлттық зиялы қауым өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшырады?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстан мәдениеті	А. Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы Зерттеу сұрағы: А. Байтұрсынұлының «ұлт ұстазы» ретіндегі рөлі қандай болды?	9.2.3.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Халық ағарту ісінің дамуы және жоғары оқу орындарының ашылуы Зерттеу сұрағы: Қ. И. Сәтпаев тұлғасының феноменді ерекшеліктері неде?	9.2.3.2 білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Әдебиет пен өнердің дамуы Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың 20–30-жылдары қазақ мәдениеті өзіндік ерекшелігін сақтай алды ма?	9.2.3.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау (XXғ. 20-30жж. қазақ әдебиетінің даму үдерісін анықтау, әдеби шығармаларды дереккөздер ретінде социалистік реализмнің ерекшеліктерін анықтауда қолдану); 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Қайталау	
Зерттеу	Жобалық және зерттеу қызметі(әртүрлі дереккөздерді салыстыра талдау, жоба қорғау, презентация)	
2-тоқсан		
1940–1950 жылдардағы Қазақстан	1941–1945 жж. соғыс жылдарындағы Қазақстан Зерттеу сұрағы:	9.3.2.3 Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесін бағалау;

	Қазақ халқы өзге КСРО халықтарымен қатар жеңіске қандай үлес қосты?	9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Қазақстан – майдан арсеналы Зерттеу сұрағы: Қазақстан неге майдан арсеналына айна лды?	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау; 9.3.2.3 Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесін бағалау
	КСРО халықтарын Қазақстанға депортациялау Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан депортацияланған халықтардың Отанына айналды?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.1.2.2 Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау
	Қазақстан мәдениеті Зерттеу сұрағы: Қазақ ұлттық мәдениетінің даму ерекшеліктері қандай?	9.2.2.3 әдебиет және өнер туындыларының қоғамдық санаға әсерін бағалау
	Қазақстанның экономикасы мен шаруашылығын қалпына келтіру Зерттеу сұрағы: Қазақстан неліктен ядролық сынақ алаңына айналды?	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау; 9.3.1.4 Қазақстанда әскери-өнеркәсіптік кешен құрудың салдарын бағалау
	Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінің ерекшеліктері Зерттеу сұрағы: Тарихшы Е. Бекмаханов неліктен 25 жылға сотталды?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау(соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси үрдістердің өзгеру себептері мен салдарына талдау жасау, социализм идеологиясының шарықтау шегіне жеткенін дереккөздер арқылы дәлелдеу); 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
1950–1970 жж. Қазақстан	Қазақстанның «жылымық» жылдарындағы әлеуметтік-саяси дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақ жерлерінің тұтастығын сақтауда саяси қайраткерлердің рөлі қандай болды? XX ғ. 60-80 жылдарындағы қазақтың қоғамдық-саяси қайраткерлерінің қызметі	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.6 саяси көшбасшының ұлттық мүдделерді қорғаудағы қызметін бағалау 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	Қазақстан тың игеру жылдарында Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау (соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығының және ауыл халқының өмір сүру жағдайларын анықтау, ауыл

		шаруашылығының дамуындағы мәселелерді деректер негізінде сараптай отырып, КСРО мен одақтас республикалардың ауыл шаруашалығындағы дағдарыстың себептеріне талдау жасау); 9.1.2.2 Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау
	1965 жылы шаруашылық-экономикалық жүйені қайта құру Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру кезінде ұлттық мүдделер қаншалықты ескерілді? КСРО-ғы 1950-60 жылдардағы экономикалық реформалар және оның Қазақстанға әсері	9.4.1.5 фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, өнеркәсіптің жай-күйін талдау
	1960–1980 жылдардағы республика халқының әлеуметтік-саяси өмірі Зерттеу сұрағы: Неге 1965–1985 жылдар «тоқырау жылдары» деп аталады?	9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау; 9.4.1.5 фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, өнеркәсіптің жай-күйін талдау
	XX ғасырдың 40–80-жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың жетістіктері Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қандай салалары неғұрлым табысты дамыды?	9.2.3.2 білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау(мұрағат құжаттары құжаттар негізінде ғылым мен білімнің бағыттары, даму кезеңдерін анықтау,тілге, ғылым, білімге қатысты мемлекеттік саясатты анықтау); 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Әдебиет пен өнердің дамуы Зерттеу сұрағы: Әдебиет пен өнерде қандай жаңа бағыттар, стильдер мен жанрлар орын алды?	9.2.2.3 әдебиет және өнер туындыларының қоғамдық санаға әсерін бағалау(қазақ әдебиетінің дамуындағы социалистік реализм ықпалын анықтай отырып, Қазақстанның кеңестік әдебиетінің ерекшеліктеріне талдау жасау, «алпысыншы жылдықтар» шығармашылығының ерекшеліктерін қайнаркөздер негізінде дәйектеу)

		9.2.3.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау
	Қайталау	
Зерттеу	Мәліметтерге интерпретация жасау(кесте, диаграмма, инфографика, статистика, мониторинг, талдау)	
3-тоқсан		
1980–1990 жж. Қазақстан	Қазақстанның экологиялық проблемалары Зерттеу сұрағы: Әскери полигондар, тың игеру және өнеркәсіп Қазақстандағы табиғат пен адамдардың өмірін қалай өзгертті?	9.3.1.4 Қазақстанда әскери-өнеркәсіптік кешен құрудың салдарын бағалау; 9.3.1.7 экологиялық өзгерістердің себептері мен салдарын талдау
	Партиялық-кеңестік басқару жүйесінің дағдарысы Зерттеу сұрағы: Қайта құру Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге қалай әсер етті?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау
	1986 ж. Желтоқсан оқиғасы Зерттеу сұрағы: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қалай ықпал етті?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Қазақстанда азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру Зерттеу сұрағы: Қоғамды демократияландыру процесінде азаматтық қозғалыстар мен қоғамдық ұйымдар қандай рөл атқарды?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау(қоғамды демократияландырудағы азаматтық қозғалыстар мен қоғамдық ұйымдардың рөлін анықтау)
Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан	Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау Зерттеу сұрағы: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңның тарихи мәні қандай?	9.3.1.1 Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді талдау; 9.3.1.3 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық ынтымақтастығы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа кірігу процесі қалай жүрді?	9.3.2.1 Қазақстанның халықаралық қатынастар субъектісі ретіндегі рөлін бағалау; 9.3.2.4 Қазақстанның бітімгершілік бастамаларын анықтау
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттік құрылыс Зерттеу сұрағы: Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы қалай болды?	9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы	9.4.1.3 Қазақстан Республикасы

	Зерттеу сұрағы: Нарықтық экономикаға көшудің әлеуметтік-экономикалық салдары қандай?	экономикасының даму кезеңдерін талдау; 9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау
	Астана – Қазақстан Республикасының елордасы Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру елдің дамуына қалай әсер етті?	9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау
Қазақстандағы әлеуметтік процестер	Әлеуметтік-демографиялық процестер Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде? Қазақ диаспорасы мен ирридентасының қалыптасу үдерісі	9.1.1.2 қазіргі Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді сипаттау; 9.3.2.2 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын анықтау
	Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары Зерттеу сұрағы: Мемлекеттік стратегиялар Қазақстанның дамуына қалай ықпал етеді?	9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау; 9.4.1.1 Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді талдау
	Қазақстандағы қоғамдық келісім және дінаралық қатынастар Зерттеу сұрағы: Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің мәні қандай?	9.1.2.3 қоғамдық келісімді нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін бағалау; 9.1.1.2 қазіргі Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді сипаттау; 9.1.1.1 қоғамдағы этникалық қатынастарды талдау
	«Мәңгілік Ел» идеясы – жалпықазақстандық ұлттық идея Зерттеу сұрағы: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының біріктіруші рөлі қандай?	9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау; 9.2.2.2 ұлттық мәдени мұраны жаңғыртудағы мемлекеттік бағдарламалардың рөлін бағалау
	Қайталау	
Зерттеу	Әр түрлі жанр мен стиль (пікірсайыс, репортаж, резюме, сауалнама, хат, құжатпен жұмыс)	
4-тоқсан		
Жаһандану жағдайында Қазақстанды жаңғырту	Президент Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан дамуының қазіргі кезеңіндегі бастамалары Зерттеу сұрағы: Мемлекет тарихындағы өзгерістерде саяси көшбасшының рөлі қандай?	9.3.1.2 тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау; 9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау

	Қазіргі Қазақстанның экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан экономикасының өсуін қамтамасыз етудегі әртараптандырудың рөлі қандай?	9.4.2.1 Қазақстанның әлемдік аренадағы сауда-экономикалық қатынастарын талдау; 9.4.1.2 Қазақстан экономикасын жаңғыртудың перспективалары мен бағыттарын анықтау
	Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік саясаты Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлеуметтік саясатының ерекшеліктері қандай?	9.1.2.1 дамудың қазіргі кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік саясатын талдау
Қазіргі Қазақстанның мәдени дамуы	Қазіргі Қазақстандағы ағартушылық ісінің дамуы Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайында қазақстандық білім берудің даму үрдістері қандай болды?	9.2.3.2 білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау(мұрағат құжаттары негізінде ғылым мен білімнің бағыттары, даму кезеңдерін анықтау)
	Қазіргі кезеңдегі ғылымның дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстандық ғылымды дамытудың негізгі бағыттары қандай?	9.2.3.2 білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау
	Ұлттың мәдени мұрасы Зерттеу сұрағы: «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының ұлт мұрасын сақтаудағы маңызы қандай?	9.2.1.2 ұлттық мәдени-тарихи мұраның маңызын талдау (ұлттық мәдени-тарихи мұраларға не жататынын анықтау)
	Абай және XXI ғасыр Зерттеу сұрағы: Адамның, азаматтың дүниетанымын қалыптастыруда Абай философиясының рөлі қандай?	9.3.1.3 жеке тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау; 9.2.1.2 ұлттық мәдени-тарихи мұраның маңызын талдау (адам мен азаматтың дүниетанымын қалыптастыруда Абайдың философиялық ойларын анықтау)
	Қазіргі заманғы әдебиет, өнер және спорт Зерттеу сұрағы: Мәдениет пен спорттағы жетістіктер неге маңызды?	9.2.2.1 қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму процесін анықтау; 9.2.2.4 тәуелсіз Қазақстанның мәдениет және спорт саласындағы жетістіктерін сипаттау
	Қайталау	
Зерттеу	Шығармашылық контекст (цифрлы технология және аутентикалық материал-есеп жазу, мақала,бағдарлама жазу, жол нұсқа, билборд, жарнама, ойша саяхат т.б.)	

4-параграф. Бағалау критерийлері

23. Әр тақырыптық блоктың соңында білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі, оларға мыналар кіреді:
1) қорытынды тестілеу
2) ашық тарихи диктант
3) әртүрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмалар
4) әртүрлі деңгейдегі тарихи эссе
5) әртүрлі деңгейдегі ауызша баяндама
6) сынақ
7) дебат

24. «Қазақстан тарихы» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл білім алушылардың жұмысына педагогтердің шешім қабылдауына негіз болады

Критерий A: Талдау	Критерий B: Ұйымдастыру	Критерий C: Дереккөздерді зерттеу	Критерий D: Сыни ойлау
Білім алушылар дереккөздегі оқиғалар мен тарихи үдерістер арасындағы байланысты, сондай-ақ тарихи реконструкциялау және анализ бен синтез тұрғысынан интерпретациялайды, өз пікірін білдіріп, дәлелдеп, қорғайды. Өз пікірін қорғауда академиялық тілді, сөз тіркестерін қолданып, ғылыми болжамдар жасайды.	Білім алушылар ақпарат пен идеяларды аудитория мен мақсатқа сәйкес келетін түрде жеткізеді. Ақпарат пен идеяларды тапсырма нұсқауларына сәйкес құрылымдайды. Ақпарат көздерінің тізімін жасайды және дереккөздерді көрсетеді. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	Білім алушылар зерттеу жүргізу үшін іс-шара жоспарын құрастырып, орындайды.Түрлі дереккөздерді қолдана отырып, дереккөздерді жинайды және оларға сараптама жасайды. Берілген мақсаттарға сәйкес оларды тарихи оқиғаларды талдауда қолданады. Деректерді зерттеуде тиісінше әдістерді қолданады: сұрыптау, анализ, синтез, дедукция, индукция, бағалау (деректегі автордың көзқарасын бағалау: оң және теріс)	Білім алушылар тарихи ұғымдарды, заңдылықтарды, теорияларды талдайды. Ақпаратты жинақтап, дұрыс, негізделген пікірлер қалыптастырады. Түрлі көзқарастарды түсінеді және олардың салдарын түсіндіре алады. Өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Дүниежүзілік және мәдениетаралық контексте қарайды. Ақпараттардағы ұлттық құндылықтарды айқындайды.

25. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

26. Бағалау:

Қазақстан тарихы бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

1) Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты
2) Экономикалық даму және шаруашылық
3) Өндірістік қатынастар (индустрияландыру және технологиялар) және сауда
4) Отарлау және ұлт-азаттық күрес
5) Саяси жүйелер: билік және қарсылық, әділет
6) Білім және ғылым, өнер мен әдебиет
7) Этникалық және әлеуметтік қатынастар, демография
8) Дүниетаным мен дін, құндылықтар

27. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	**Бағалау критерийлері**	**Ұпайлар**
Дереккөзбен жұмыс	Дереккөздегі оқиғалар мен тарихи үдерістер арасындағы байланысты, сондай-ақ тарихи реконструкциялау және анализ бен синтез тұрғысынан интерпретациялайды, өз пікірін білдіріп, дәлелдеп, қорғайды (А) Білім алушылар зерттеу жүргізу үшін іс-шара жоспарын құрастырып, орындайды. Түрлі дереккөздерді қолдана отырып, дереккөздерді жинайды және оларға сараптама жасайды. Берілген мақсаттарға сәйкес оларды тарихи оқиғаларды талдауда қолданады (С)	32
Зерттеу	Білім алушылар ақпарат пен идеяларды аудитория мен мақсатқа сәйкес келетін түрде жеткізеді. Ақпарат пен идеяларды тапсырма нұсқауларына сәйкес құрылымдайды. Ақпарат көздерінің тізімін жасайды және дереккөздерді көрсетеді (В) Білім алушылар ақпаратты жинақтап, дұрыс, негізделген пікірлер қалыптастырады. Түрлі көзқарастарды түсінеді және олардың салдарын түсіндіре алады. Өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды (Д)	48

28.Үлгі сұрақ (дереккөзді зерттеу):

Білім алушыларға тақырыпқа сәйкес цифрлы мұрағат материалы ұсынылады. Тарихи оқиғаға сәйкес, сараптама жасайды.

1) Тарихи дереккөздің жазылу мақсаты мен ерекшелігін анықтайды
2) Дереккөзді зерттеуде тиісінше әдістерді қолданады(индукция, дедукция, анализ, синтез, бағалау)

3) Таңдаған зерттеу әдісін дәлелдейді
4) Деректегі автордың көзқарасын бағалайды және тарихи оқиғаға жеке өзінің пікірін білдіреді
5) Дереккөздегі тарихи оқиғаның құндылығы мен маңызына баға береді

7-9-сыныптарға арналған «Әлем тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

«Әлем тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Әлем тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама адамзат өркениетінің жаңа заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өзгерістер және өркениеттердің тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты: Абайдың рухани мұрасы мен ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, тарихи саналы, өз елі мен адамзат тарихының ортақ тәжірибесіне құрметпен қарайтын, тарихи сабақтарды ескере отырып саналы шешім қабылдай алатын, зерттеушілік және академиялық дағдылары дамыған, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті, ұлттық және жаһандық құзыретіліктері үйлескен заманауи тұлғаны қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1) Абайдың рухани мұрасы мен «Толық адам» концепциясына сүйене отырып, оқушылардың әділеттілік, еңбекқорлық, білімге ұмтылыс пен жауапкершілікке негізделген адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;
2) адамзат өркениетінің жаңа заманнан бастап қазіргі кезеңге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру арқылы мәдениетаралық коммуникацияны дамыту;
3) тарихи дереккөздермен жұмыс істеу, интерпретация жасау, себеп-салдар байланысын орнату арқылы тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді жіктеу, салыстыру, интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін әлем тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
5) тарихи деректерді талдау негізінде дәлелді пайымдау дағдысын дамыту;
6) зерттеу жүргізу дағдыларын (зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды тұжырымдап, өз ұстанымын анықтау, зерттеу тақырыбы бойынша гипотезаларды ұсыну), түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, интернеттегі жарияланымдар (интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтай отырып) мен электрондық оқыту құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, діни және мәдени процестерде бағдар алу үшін тарихи білімін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;
8) коммуникативті дағдыларды, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топтық оқу іс-әрекетінде тиімді өзара әрекеттесуін қалыптастыру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Әлем тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағат;
2) 8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағат;
3) 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

2. «Әлем тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және

абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

11. Әлем тарихы оқу пәнінің мазмұны

5. «Әлем тарихы» оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;

2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі;

3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі;

4) экономикалық қатынастардың дамуы.

6. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: уақыт пен кеңістікте бағдар алу, тарихи оқиғалар мен процестерді талдау және түсіндіру, тарихи деректерді интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. «Әлем тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілер (түсініктер) негізінде жүзеге асырылады:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

7 сынып	8 сынып	9 сынып
Коммуникативтік дағдылар: тарихи және мәдени тақырыптар аясында пікіралмасу және талдау сипаттағы әрекеттері. Тарихи деректер негізінде өзіндік ой-пікірді қалыптастыру	Коммуникативтік дағдылар: тақырыптық дискуссиялар (саяси оқиғалар, ҒТР-дің қоғамға әсері т.б.). Тарихи аргументтелген пікірді қолдау.	Коммуникативтік дағдылар: дебаттарға қатысу, қарсылас аргументтерін талдау. Презентациялар: өзекті тақырыптар бойынша. Рөлдік қойылымдар: (Тарихи оқиға үзіндісі, тұлғалардың айтқан өзекті ойлары)
Сыни ойлау: Себеп-салдарын анықтап және дәлелдеу.	Сыни ойлау: дәлелдерді немесе сөйлемдер мен пайымдауларды бағалау.	Сыни ойлау: Әр түрлі әдістер арқылы тарихи оқиғаны, тұжырымды зерттеу. Тарихи тұлғалардың ерекшеліктерін тануға бағыттау.
Тарихты талдау және интерпретациялау: маңыздылық; интерпретация.	Тарихты талдау және интерпретациялау: тарихи үдерістерді түсінуге негізделген зерттеулер жүргізу және өткен туралы түсінік алу.	Тарихты талдау және интерпретациялау: тарихи дереккөздерді, артефактілерді және оқиғаларды зерттеу үшін сыни ойлауды, зерттеу

		әдістерін және аналитикалық құралдарды қолдану
Деректермен жұмыс: Ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды	Деректермен жұмыс: өзгеріс пен сабақтастықты анықтайды	Деректермен жұмыс: аналитикалық талдау, ғылыми тұжырым жасау.

7. Пәннің негізгі бағыттары (пәндік және метапәндік дағдыларымен байланыстыру)**:**

Сыныптар	7	8	9
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Өзгеріс пен сабақтастық концептерінің негізінде әлем халқының тарихын әлем тарихындағы процестермен байланыстырып қарастыру; ұлттық құндылықтарды бағалап, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға құрметпен қарау;	Әртүрлі өркениеттер мен мемлекеттердің дамуын, жаһандық оқиғалардың тарихи маңызын немесе салдарын ұғыну; мәдени әртүрлілікті құрметтеу; өзге елдер мен халықтардың тарихына, дәстүріне, сеніміне толеранттылық таныту; жаһандық мәселелерге жауапкершілікпен қарау;	Ұлттық және жаһандық құзыреттілік арқылы өзіндік нақты ұстанымын қалыптастыру және мәдениетке деген құрметін жаһандық мәселелерге бейімдеу; Экология, соғыс, миграция, адам құқықтары сияқты қазіргі жаһандық проблемаларды түсіну және дәлелдеу .
Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік:	Адамзат өркениетінің әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі мәдени жетістіктерін салыстыра отырып, өзара құрмет пен түсіністікке бейімделу;	Әлем халықтарының діні, тілі, салт-дәстүрі туралы білім қалыптастыра отырып, оқушыларда бейбіт қатар өмір сүруге деген көзқарасты дамыту;	Өзінің ұлттық мәдениетін әлемдік өркениет контекстінде салыстыра отырып бағалайды және басқа мәдениеттерге құрметпен қарау;
Коммуникативтік құзыреттілік:	Тарихи кезеңдердегі тарихи және мәдени оқиғаларды талдау, талқылау арқылы пәндік сөйлеу дағдылары қалыптастырып, қарым-қатынасқа түсудің қарапайым дағдыларын меңгеру	Ұйымдастыру, жетекшілік ету арқылы топпен қарым-қатынасқа түсе алу, тіл табысуға дағдыландыру; Абай танымындағы толық адам концепциясы негізінде өзіндік азаматтық позициясы бар қоғамдық	Өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру және дәлелдеумен қатар, көпшілік алдында ойын еркін жеткізу; диалог жүргізе алу; тиімді қарым-қатынас құру;

		белсенді тұлға қалыптастыру;	көшбасшылық таныту, өзіне жауапкершілік алу, белсенділік, топты алға жетелеу
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:	Тарихи мәтіндерді талдау және түсіндіру; Фактіні анықтау, жалған ақпаратты ажырату;	Тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланысын орнату; Гипотеза ұсыну және оны деректер арқылы дәлелдеу; Пікірталасқа қатысып, өз ойын нақты дәлелдермен қорғау;	Бір тарихи оқиғаға қатысты бірнеше дерек көзін салыстыру және қорытынды жасау; Бір тұлға немесе оқиға туралы әртүрлі авторлардың пікірін талдау; Тарихи карталарды зерттеп, геосаяси өзгерістерді түсіндіру; Нақты тарихи оқиғаға себеп болған факторларды анықтау;
Базалық құндылықтар	Әлем халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрін танып-білу, өзге көзқарастарға төзімді болу; Әртүрлі елдер мен халықтар арасындағы өзара байланысты, тарихи серіктестікті бағалай білу;	Соғыстар мен төңкерістер, қақтығыстар арқылы адамзаттың бейбіт өмірге ұмтылысы туралы түсінік қалыптастыру; Тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдай отырып, оқиғаларды әділетті бағалауға дағдылану;	Өз елі мен халқының тарихи тәжірибесін әлем тарихымен байланыстыра отырып құрметтейді, азаматтық ұстанымын қалыптастыр; Адамзат өркениетінің дамуына әсер еткен еңбектің, жаңалықтар мен өнертабыстардың маңызын түсіну

1) Ұлттық және жаһандық құзыреттілік: Қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін түсіну арқылы көшбасшылық қасиеттерді дамыту, халықаралық білім беру стандарттарын меңгеру, оның ішінде: «адалдық және даму, жаһандану және тұрақтылық, тұлғалар және қарым-қатынастар, уақыт пен кеңістіктегі бағдар, жеке және мәдени көзқарас, ғылыми және техникалық инновация» секілді компоненттер қамтылады. Әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен

толеранттылықты қалыптастыру; халықаралық деңгейде қазақ тілінің мәртебесін көтеруге үлес қосу.

2) Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік:

Өз халқының тарихы мен әлемдік тарихи үдерістерді түсіну, бағалау: жалпы азаматтық тарихи жетістіктері мен құбылыстарды пайымдай білу. Толеранттық идеяларына бейім болу.

3) Коммуникативтік құзыреттілік:

Оқушының ойын нақты, жүйелі жеткізуі; диалог жүргізу, пікірталасқа қатысу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту; ақпаратты түсіну, өңдеу және оны өз көзқарасын білдіру үшін қолдану.

4) Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:

Ақпарат көздерімен жұмыс істеу, талдау және өз бетінше қорытынды жасау; тарихи құбылыстарды зерттеу және олардың қолданысын талдау; логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту.

5) Базалық құндылықтар:

Әлем тарихы пәні бойынша базалық құндылықтар білім алушылардың адамзат тарихына, адамгершілікке, мәдениетке және қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын іргелі ұстанымдар. Төмендегі тарихи концептер негізінде бұл құндылықтар білім алушылардың тұлғалық, азаматтық және әлеуметтік дамуына бағыт береді:

1) тәуелсіздік және патриотизм;

2) бірлік және ынтымақ;

3) әділдік пен жауапкершілік;

4) заң және тәртіп;

5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

6) жасампаздық пен жаңашылдық.

8. Пәннің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен Қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, оқушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

9. «Әлем тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін қызықты, өзекті, қиын әрі маңызды мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу негізіндегі бағдарлама әлем тарихын зерттеуінде факттік, концептуалды және талқылауға тұрарлық сұрақтарды зерттейді.

10. Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық контексттері арқылы зерттейді:

1) Сәйкестілік және қатынастар

2) Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау

3) Жеке және мәдени өрнек

4) Ғылыми және техникалық инновациялар

5) Глобализация және тұрақтылық

6) Әділеттілік және даму

11. 8-сыныпқа арналған «Әлем тарихы» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) Жаңа заманның басталуы. «Жаңа заман» ұғымы. XYII ғасырдағы ағылшын революциясы. Өнеркәсіп төңкерісі және оның әлемдегі өзгерістерге әсері.

2) XYIII ғ. Үндістан және Ұлыбритания. Ұлы Моғолдар империясының дағдарысы. Еуропалық мемлекеттердің Ост-Үнді компаниясы. «Британ отарлық империясының құрылуы;

3) Ағартушылық идеялардың таралуы. Ағартушылық дәуірінің қайраткерлері және олардың қоғамның дамуы туралы көзқарастары (Томас Гоббс, Джон Локк, Шарль Монтескье, Дени Дидро, Вольтер, Жан-Жак Руссо, Адам Смит). Америка Құрама Штаттарының құрылуы;

4) XYIII ғ. Француз революциясы. XYIII ғ. Француз революциясының негізгі оқиғалары. Республикалық құрылыстың ерекшеліктері. Наполеонның Ресейге шабуылы. Наполеон империясының құлауы;

5) XIX ғ. империялар және олардың бәсекелестігі. «Үлкен ойын» (The Great Game) және «Шығыс мәселесі» ұғымдары. XYIII ғ. екінші жартысында Осман империясының әлсіреуі. Танзимат реформалары. XIX ғасырдың ортасындағы Қырым соғысының себептері мен салдары;

6) XIX ғ. Қытай және еуропалық державалар. Цин династиясының оқшаулану саясаты. Апиын соғыстары: себептері мен салдары. Тайпин көтерілісі. «Миссионерлік» түсінігі. Еуропалық мемлекеттердің, АҚШ пен Жапонияның Қытайды «ықпал ету аймақтарына» бөлуі. Ихэтуаньдар көтерілісі. Қытайдың жартылай отар елге айналуы;

7) Қоғамдық-саяси идеялардың XIX ғ. Еуропаның дамуына әсері. «Ұлттар көктемі» («Spring of Nations»): Еуропадағы 1848–1849 жылдардағы революциялар. Италияның бірігуі. Германияның бірігуі;

8) XIX ғ. Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және қоғамдық-саяси қозғалыстар. Ресейдегі патшалық билік (самодержавие) пен басыбайлылық құқық (крепостное право) дағдарысы. II Александр императордың реформалары. III Александрдың контрреформалары.

9) XIX ғ. екінші жартысындағы еуропалық отарлық үстемдік. 1857–1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс. Үндістанды басқарудағы өзгерістер. Үнді ұлттық конгресінің (ҮҰК) құрылуы. Үндіқытайдағы француз отарлары. Әлемдік отарлық жүйенің қалыптасуының аяқталуы;

10) Америка Құрама Штаттарының күшеюі. Монро доктринасы. АҚШ территориясының ұлғаюы. Трансатлантикалық құл саудасы. 1861–1865 жылдардағы азамат соғысы және Америка Құрама Штаттарындағы құлдықтың жойылуы. АҚШ-тың сыртқы экспансиясының басталуы. Әскери кеме дипломатиясы және Жапонияның «ашылуы». «Мэйдзи» реформалары. Алғашқы қаржылық-өнеркәсіптік монополиялардың қалыптасуы. (Дж. Рокфеллер, Дж. Морган, Э. Карнеги, П. Дюпон);

11) XIX ғ. ғылым мен мәдениеттің дамуы. XIX ғ. әдебиет пен бейнелеу өнері. Өнер стильдері: неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм. Әдебиетте әлеуметтік әділетсіздіктің көрініс табуы (Э. Золя, А. Құнанбаев, Ч. Диккенс, Ф. М. Достоевский, Р. Тагор). Жаңа дәуірдің көрнекті ғалымдары: И. Ньютон, М. Ломоносов, Ч. Дарвин, Г. Мендель, М. Фарадей, Л. Пастер,

Ш. Уәлиханов, Д. Менделеев, К. Рентген, Р. Кох, А. Беккерель және П. Кюри, А. Попов, А. Белл.

12. 9-сыныпқа арналған «Әлем тарихы» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) Бірінші дүниежүзілік соғыс. XX ғасырдың басындағы әлем. XX ғасырдың басындағы әлемнің аумақтық бөлінуі және мемлекеттердің саяси құрылымы. Жетекші капиталистік державалар арасындағы қайшылықтар: Үштік одақ пен Антанта. Бірінші дүниежүзілік соғыстың негізгі оқиғалары. Париж және Вашингтон бейбітшілік конференциялары. Версаль-Вашингтон жүйесі. Әлемнің саяси картасының өзгеруі;

2) XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы алғашқы социалистік мемлекет. 1917 жылғы Ресейдегі революциялық оқиғалар және олардың салдары. Саяси күштердің күресі. Большевиктердің билік басына келуі. Азамат соғысы және шетел интервенциясы. «Әскери коммунизм» саясатынан жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу. Жаппай саяси репрессиялар;

3) 1929–1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыс. Тоталитаризм мен демократияның қарама-қайшылығы. Америка Құрама Штаттары «гүлдену» (prosperity) кезеңінде. Әлемдік экономикалық дағдарыс және оның салдары. Франклин Делано Рузвельттің «Жаңа бағыты» (The New Deal). Соғысаралық кезеңдегі АҚШ-тың сыртқы саясаты; Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Италия. Фашистердің билікке келуі. Б. Муссолини үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты; Германия. Веймар Республикасының құрылуы. Экономикалық және саяси дағдарыс. А. Гитлер және Ұлттық социалистік неміс жұмысшы партиясы. (Nationalsozialistische Deutsche Arbeiterpartei – NSDAP). Тоталитарлық режимнің орнығуы. XX ғ. 30-жылдарындағы нацистік Германияның сыртқы саясаты; Франция мен Испаниядағы «Халық майданы». 1936–1939 жылдардағы Испаниядағы азамат соғысы;

4) XX ғ. бірінші жартысындағы Азия елдері. Сұлтан режимінің құлдырауы және түрік халқының шетел интервенттеріне қарсы күресі. Мұстафа Кемалдың (Ататүрік) Түркия Республикасын құрудағы рөлі; Синхай революциясы. Сун Ятсеннің «Үш халықтық қағидасы». Гоминдан мен Қытай коммунистік партиясының (ҚКП) қарсыласуы. Жапонияға қарсы біртұтас майдан құру; Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония. 1918 жылғы «Күріш бүліктері». «Ұлы Азия»: Жапонияның экспансионистік саясатын күшейту; Амритсардағы 1919 жылғы оқиғалар. М. Ганди – ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі. Зорлық-зомбылықсыз қарсылық науқандары: сатьяграха;

5) Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері. Мюнхен келісімі және Молотов-Риббентроп келісімі. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның Еуропа елдерін басып алуы мен «жаңа тәртіп». Ұлы Отан соғысы. АҚШ-тың соғысқа кіруі. Антифашистік коалиция. «Үлкен үштік» Тегеран конференциясы. Соғыс кезіндегі түбегейлі өзгеріс. «Екінші майданның» ашылуы. Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесі Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары;

XX ғ. бірінші жартысындағы ғылым мен мәдениеттің дамуы. Бұқаралық мәдениет. XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылым мен техникадағы маңызды жаңалықтар мен жетістіктер;

6) XX ғ. екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы. Отарлау жүйесінің күйреуі. Үндістан мен Пәкістанның құрылуы. «Африка жылы»;

«Қырғи қабақ соғыстың» басталуы. Биполярлық әлем. Әскери-саяси одақтар Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымы (НАТО) және Варшава шарты ұйымы (ОВД). 1948–1962 жылдардағы «қырғи қабақ соғыстың» түйінді оқиғалары (1948–1949 жж. Берлин дағдарысы, Корея соғысы, Кариб дағдарысы). 1963 жылғы үш саладағы ядролық сынақтарға тыйым салу туралы келісім. 1970 жылдардағы «шиеленісті жеңілдету» саясаты; Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) құрылуы мен қызметі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. XX ғ. екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді реттеудің жолдары. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) құрылуы және оның мақсаты;

7) XX ғ. екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы. Маршалл жоспары. XX ғасырдың 50–60-жылдарындағы «экономикалық ғажайып». Батыс Еуропада «әл-ауқатты мемлекеттер» негізінің қалыптасуы. Ұлыбританиядағы неоконсерватизм. «Тэтчеризм». Социализмнің «швед моделінің» ерекшеліктері; Соғыстан кейінгі қалпына келу және КСРО-да әкімшіл-әміршіл жүйенің нығаюы. «Хрущев жылымығы». «Тоқырау» кезеңі (1960 жылдың II жартысы – 1980 жылдың басы);

8) Биполярлық әлемнен көпполюсті әлемге бағыт алу. Ауған дағдарысы және «шиеленісті жеңілдету» кезеңінің аяқталуы. КСРО-дағы қайта құру саясаты, «жаңаша саяси ойлау». Биполярлық жүйенің ыдырауы және саяси картадағы өзгерістер («Барқыт революциялар», Германияның бірігуі, Югославия, КСРО мен Чехословакияның ыдырауы);

9) XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктері. Палестина мәселесі. «Араб көктемі». ҚХР-ның құрылуы. Мао Цзэдун мен Дэн Сяопиннің реформалары. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Үндістанның дамуы: мәселелер мен оны шешу жолдары (Дж. Неру, И. Ганди, «Дели консенсусы»); Тургут Өзалдың Түрік даму моделі; Жапондық және Оңтүстік Кореялық «экономикалық ғажайыптың» себептері. «Азиялық серпіліс» және жаңа индустриалды елдердің (ЖИЕ) құрылуы;

10) XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы мәдениет, ғылым, білім және технология. Мәдениеттің негізгі даму бағыттары. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудағы ЮНЕСКО-ның қызметі. Түркітілдес елдердің мәдени интеграциясы (ТҮРКСОЙ). Қазіргі әлемдегі жаһандану үдерісінің мәні. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі. Ғылыми техникалық революция (ҒТР) – ғылыми-техникалық прогрестің жаңа кезеңі. Байқоңыр ғарыш айлағындағы ғарыштық зерттеулер. XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер. Цифрлық технологиялар мен ақпараттық қоғамды дамыту. Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы білімнің рөлі.

13. Күтілетін нәтижелер:

«Әлем тарихы» пәні бойынша бағдарлама шеңберінде үш бағыт бойынша: «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» дағдыларын дамытуға бағытталған күтілетін нәтижелер тарихи концептілер негізінде құрылды.

14. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен мәдени-құбылыстарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт кезеңінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар бірқатар себептер мен салдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып, тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың факторларын түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар қарастырылып отырған дәлелге қатысты аудитория, мақсат, көзқарас, формат, аргумент, шектеу және контекст сияқты тарихи айғақтарды талдайды; тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және әртүрлі қоғамдар, өркениеттер немесе бір қоғам контекстінде тарихи оқиғалар мен процестерді салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар өркениеттің дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

Бағыт	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Тарихи өзгерістер аясында көшбасшы тұлғалардың рөлін «Өзгеріс пен сабақтастық» және «Маңыздылық» концептілері арқылы бағалау мен дәлелдеуді меңгеру;– Әлеуметтік-саяси процестерде көшбасшылық ұстанымдарды нақты мысалдар негізінде талдау.	Ұлттық көшбасшылардың тарихи тәжірибесі арқылы азаматтық ұстанымды қалыптастыру; Әділет пен даму идеялары негізінде тарихи көшбасшылықтың құндылығын түсіну.	Түрлі аймақтар мен кезеңдердегі көшбасшылық модельдерін салыстыру арқылы тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды; Қоғамдық мәселелерді шешуде тарихи көшбасшылық мысалдарын қолдануды меңгеру.

Ғылым	– «Себеп және салдар», «Дәлел» концептілері арқылы тарихи құбылыстарды ғылыми негізде талдау және бағалау дағдыларын меңгеру;– Тарихи дереккөздерді салыстыру арқылы дәлелді қорытынды жасау.	Ғылыми дәлдікке негізделген тарихи түсінік қалыптастыру; Ғылыми жетістіктер мен жаңалықтардың тарихи дамуға әсерін түсіну.	Себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи ақпарат көздерімен жүйелі жұмыс істеу дағдысын дамыту; Зерттеу жүргізуде карталар мен визуалды материалдарды тиімді қолдануды меңгеру.
Шығармашылық	«Ұқсастық пен айырмашылық» концептісі арқылы тарихи контекстерді салыстырып, креативті интерпретациялар жасау; Тарихи тақырыпта жобалар, эсселер мен сценарийлер дайындау.	Тарихи тұлғалардың шығармашылық тәжірибесі арқылы өзіндік идеялар мен көзқарас қалыптастыру; Мәдениетаралық құндылықтарды түсіне отырып, рухани-адамгершілік ұстанымды дамыту.	«Интерпретация» концептісі негізінде әртүрлі тарихи көзқарастарды талдау және негізделген пікір қалыптастыру; Жобалық жұмыс және көпаспектілі ойлау арқылы тарихи тәжірибені күнделікті өмірде қолдануды меңгеру.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

15. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

16. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

Бөлімше	7-сынып Жаңа заман тарихы (XVII ғ. бірінші жартысы – XIX ғасыр)	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасыр – XX ғасырдың ортасы) 1-бөлім	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басы) 2-бөлім
1.1 Әлеумет тік құрылымдар	8.1.1.1 Еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын анықтау	9.1.1.1 1917 жылғы Қазан төңкерісінің Ресейдегі әлеуметтік құрылым мен саяси жүйенің өзгеруіне тигізген әсерін сипаттау	9.3.1.1 «әл-ауқатты мемлекеттер» ұғымын 1970 1980 жылдардағы әлеуметтік саладағы өзгерістерді сипаттау үшін қолдану
			9.1.1.2 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл

			идеологиялардың (фашизм, нәсілшілдік, шовинизм, нацизм, милитаризм) таралу ықпалын талдау
1.2 Әлеумет тік өзара әрекеттестік	8.1.2.1 қоғамдық қатынастар жүйесіндегі буржуазияның рөлін бағалау	9.1.2.1 қоғамдық-саяси қозғалыстардың (әлеуметтік либерализм мен консерватизм, марксизм және социал-демократия) қоғам өміріне әсерін талдау	9.1.2.2 қазіргі халықаралық ұйымдардың қызметіне адам құқықтарын қорғау идеяларының әсерін бағалау
	8.1.2.2 республикалық жүйенің ерекшеліктерін анықтау		9.1.2.3 жаһанданудың қоғамның дамуына әсерін жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы талдау
	8.1.2.3 трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін сипаттау		9.1.2.4 қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін бағалау

2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі:

Бөлімше	7-сынып Жаңа заман тарихы (XVII ғ. бірінші жартысы – XIX ғасыр)	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасыр – XX ғасырдың ортасы) 1-бөлім	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басы) 2-бөлім
2.2 Өнер	8.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану	9.2.2.1 мультимедиялық оқу ресурстарын пайдалана отырып, қоғамның рухани дамуына бұқаралық мәдениеттің әсерін бағалау	9.2.2.2 жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын дәлелдеу
2.3 Философиялық жүйелер	8.2.3.1 Ағартушылық дәуір идеяларының		9.2.3.1 түрлі философиялық

	қоғамдық дамуға ықпалын талдау		көзқарастардың қазіргі қоғамдық өмірге ықпалын бағалау;
2.4 Ғылым	8.2.4.1 әлем тарихының жаңа кезеңін сипаттау үшін «жаңа заман» ұғымын қолдану	9.2.4.1 ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нанотехнологиялар, ядролық физика) қоғам дамуына ықпалын талдау	9.2.4.1 ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялау;
	8.2.4.2 өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдау		9.2.4.2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасау

3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі:

Бөлімше	7-сынып Жаңа заман тарихы (XVII ғ. бірінші жартысы – XIX ғасыр)	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасыр – XX ғасырдың ортасы) 1-бөлім	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басы) 2-бөлім
3.1 Мемлекет: белгілері, құрылымы және басқару тәртібі	8.3.1.1 тұлғаның тарихтағы рөлін талдау	9.3.1.1 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	9.1.1.1 социалистік даму жолынан бас тартуға байланысты әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді анықтау;
	8.3.1.2 тарихи оқиғаларды салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын бағалау	9.3.1.2 Версаль-Вашингтон жүйесі мен Ұлттар Лигасының құрылуының маңызын талдау	9.1.2.1 батыс және шығыс мемлекеттеріндегі әлеуметтік құрылымның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, мобильділікке тігінен және көлденеңінен мысал келтіру;

		9.3.1.3 XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуін және мемлекеттердің саяси құрылымын сипаттау	9.3.1.4 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыру арқылы мемлекет пен діннің өзара қатынасын талдау
3.2 Империялар, соғыстар, көтерілістер және революциялар	8.3.2.1 ұлы державалардың отаршылдық экспансиясы нәтижесінде XIX ғасырдағы дүниежүзінің саяси картасында орын алған өзгерістерді анықтау	9.3.2.1 Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, негізгі оқиғалары мен салдарын карта негізінде сипаттау	9.3.2.6 XX ғасырдың екінші жартысында әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау
	8.3.2.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану	9.3.2.2 Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастарды бағалау	
	8.3.2.3 XIX ғасырдағы Ресейдің даму ерекшеліктерін түсіндіру	9.3.2.3 Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі оқиғаларын зерттеу	
	8.3.2.4 революциялардың себептері мен салдарын талдау	9.3.2.4 Кеңес Одағы халықтарының фашистік Германияны жеңуге іске қосқан үлесін бағалау	
	8.3.2.5 АҚШ-тағы Азамат соғысының себептері мен салдарын зерттеу	9.3.2.5 Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесі мен тарихи сабақтарын бағалау	

4) экономикалық қатынастардың дамуы:

Бөлімше	7-сынып Жаңа заман тарихы (XVII ғ. бірінші жартысы – XIX ғасыр)	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасыр – XX ғасырдың ортасы) 1-бөлім	9-сынып Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы –

			XXI ғасырдың басы) 2-бөлім
4.1 Экономикалық жүйелер түрлерінің эволюциясы	8.4.1.1 Еуропадағы феодалдық шаруашылықтан капиталистік шаруашылыққа (мануфактура, фабрика) өту процесін сипаттау	9.4.1.1 индустриялық қоғам қайшылықтарының шиеленісу себептері мен салдарын анықтау	9.4.1.2 әлемдегі интеграциялық және дезинтергациялық процестерді цифрлық құралдарды қолдану арқылы зерттеу
	8.4.1.2 Англияның әлемдік жетекші державаға айналуына өнеркәсіп төңкерісінің әсерін талдау		9.4.1.3 «әл-ауқатты мемлекеттер» ұғымын әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерді сипаттау үшін қолдану
	8.4.1.3 XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастардың сипатын бағалау		
	8.4.1.4 XIX ғасырдағы АҚШ-тың экспансия саясатын талдау		
4.2 Әртүрлі экономикалық жүйелер шеңберіндегі өзара іс-әрекет	8.4.2.1 «экспорт», «импорт», «экспансия», «отарлау», «фактория» ұғымдарын қолдану арқылы тауар-ақша қатынастарының дамуын талдау	9.4.2.1 экономикалық жүйелердің тиімділігін бағалау	9.4.2.1 экономикалық жүйелердің тиімділігін интерпретациялау және негіздеу;
	8.4.2.2 түрлі елдердің қоғамның өнеркәсіптік даму сатысына өту процесін салыстыру		9.4.1.3 жаһандану жағдайындағы экономикалық интеграцияның маңызын бағалау;
	8.4.2.3 XIX ғасыр соңындағы АҚШ-тың экономикалық дамуын сипаттау үшін «монополия» ұғымын қолдану		9.4.2.2 постиндустриалды қоғамның басты экономикалық ресурсы ретінде ақпараттың рөлін анықтау

17. Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

18. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

19. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 7-9-сыныптарына арналған «Әлем тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. 7-9-сыныптарға арналған «Әлем тарихы» оқу пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспар

20. Ұзақ мерзімді жоспардағы сыныптар бойынша 2-параграфтың 12-пунктінде көрсетілген құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілердің реті сақталып бөлім атауы ретінде алынды.

21. Бөлім тақырыбы атауы тарихи кезеңдерге байланысты.

1) Бөлім тақырыбы: Жаңа заманның басталуы (2 сағат)
XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания (3 сағат)

2) Бөлім тақырыбы: XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы (2 сағат)

3) Бөлім тақырыбы: XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері (2 сағат)

4) Бөлім тақырыбы: XIX ғасырдағы еуропалық отаршыл үстемдік (2 сағат)

5) Бөлім тақырыбы: Суретшілер мен жазушылардың көзқарасымен
XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу (2 сағат)

6) Бөлім тақырыбы: Ғылыми ойдың дамуы (1 сағат)

7) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың басындағы әлем (2 сағат)

8) Бөлім тақырыбы: Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары (1 сағат)

9) Бөлім тақырыбы: 1917 жылғы Ресейдегі революция (1 сағат)

10) Бөлім тақырыбы: Әлемдік экономикалық дағдарыс (1 сағат)

11) Бөлім тақырыбы: Еуропа елдеріндегі Тоталитарлық режимдер

12) Бөлім тақырыбы: Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен салдары(1 сағат)

13) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениет және ғылым(2 сағат)

14) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы (2 сағат)

15) Бөлім тақырыбы: Халықаралық ұйымдардың қалыптасуы

16) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы

17) Бөлім тақырыбы: Екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге(1 сағат)

18) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың екінші жартысындағы батыс елдерінің даму ерекшеліктері

19) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктері

Бөлім тақырыбы: Қазіргі әлемнің жаһандануы(2сағат)

20) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың екінші жартысындағы- XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технология (2 сағат)

21) Бөлім тақырыбы: XX ғасырдың екінші жартысындағы- XXI ғасырдың басындағы мәдениет(2 сағат)

4-параграф. Бағалау критерийлері

22. Әр тақырыптық блоктың соңында оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі, оларға мыналар кіреді:

1) қорытынды тестілеу

2) сәйкестендіру

3) тарихи талдау жұмысы

4) шығырмашылық, зерттеу жұмысын қорғау

23. «Әлем тарихы» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий A: Талдау	Критерий B: Ұйымдастыру	Критерий C: Мәтін өндіру	Критерий D: Тілді қолдану
Оқушылар мәтіннің түрлі компоненттері мен мәтіндер арасындағы байланысты, сондай-ақ аудиторияның реакциясы мен жасаушының мақсаттары туралы түсінік көрсетеді. Оқушылар мәтінді өз жауаптарын қолдауға және әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	Оқушылар өз идеялары мен пікірлерін түрлі коммуникациялық формалар мен мақсаттарға арналған тиісті ережелерді пайдалана отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	Оқушылар жазбаша және ауызша мәтіндер жасайды, шығармашылық процесс пен жасаушы мен аудитория арасындағы байланысты түсіну негізінде. Оқушылар мәтіндер жасау барысында жасаушы мен аудиторияға әсер ететін шешімдер қабылдайды.	Оқушылар өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Олар контекстке және мақсатқа сәйкес келетін дәл және әртүрлі тілдерді қолданады.

24. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	финалды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

25. Бағалауы:

Әлем тарихы бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

1) Әлем емлекеттерінің ішкі және сыртқы саясаты

2) Экономикалық даму және шаруашылық

3) Өндірістік қатынастар (индустрияландыру және технологиялар)және сауда

4) Отарлау және ұлт-азаттық күрес

5) Саяси жүйелер: билік және қарсылық, әділет

6) Білім және ғылым, өнер мен әдебиет

7) Этникалық және әлеуметтік қатынастар, демография

8) Дүниетаным мен дін, құндылықтар

26. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпай
Дереккөзбен жұмыс	Дереккөздегі оқиғалар мен тарихи үдерістер арасындағы байланысты, сондай-ақ тарихи реконструкциялау және анализ бен синтез тұрғысынан интерпретациялайды, өз пікірін білдіріп, дәлелдеп, қорғайды(А) Білім алушылар зерттеу жүргізу үшін іс-шара жоспарын құрастырып, орындайды.Түрлі дереккөздерді қолдана отырып, дереккөздерді жинайды және оларға сараптама жасайды. Берілген мақсаттарға сәйкес оларды тарихи оқиғаларды талдауда қолданады (С)	32
Зерттеу	Білім алушылар ақпарат пен идеяларды аудитория мен мақсатқа сәйкес келетін түрде жеткізеді. Ақпарат пен идеяларды тапсырма нұсқауларына сәйкес құрылымдайды. Ақпарат көздерінің тізімін жасайды және дереккөздерді көрсетеді (В) Білім алушылар ақпаратты жинақтап, дұрыс, негізделген пікірлер қалыптастырады. Түрлі көзқарастарды түсінеді және олардың салдарын түсіндіре алады. Өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды (Д)	48

27. Үлгі сұрақ (дереккөзді зерттеу):

Білім алушыларға тақырыпқа сәйкес цифрлы мұрағат материалы ұсынылады. Тарихи оқиғаға сәйкес, сараптама жасайды:

1) Тарихи дереккөздің жазылу мақсаты мен ерекшелігін анықтайды

2) Дереккөзді зерттеуде тиісінше әдістерді қолданады(индукция, дедукция, анализ, синтез, бағалау)

3) Таңдаған зерттеу әдісін дәлелдейді

4) Деректегі автордың көзқарасын бағалайды және тарихи оқиғаға жеке өзінің пікірін білдіреді

5) Дереккөздегі тарихи оқиғаның құндылығы мен маңызына баға береді

9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген оқу бағдарламасы болып табылады. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына сәйкес әзірленген. Бағдарлама білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан және талдағыш ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

«Құқық негіздері» пәні халықаралық бағдарламасының құрылымына сай оқушылардың құқықтық олардың заң талаптары мен құқықтық нормаларды түсініп, күнделікті өмірде қолдана алуына жағдай жасауды мақсат етеді.

Пән мазмұны құқықтық білімді шынайы өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың зияткерлік белсенділігін арттыруға, азаматтық жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушылардың мәдениетаралық түсінігі, байланыс орнату және жаһандық мәселелерге бей- жай қарамау қабілеттері дамыта отырып, оларды адамгершілігі жоғары, әділеттілік пен заң үстемдігін бағалайтын белсенді азамат және көшбасшы ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделіп, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасымен үндесіп, ақыл, жүрек және қайратты тең ұстаған тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді. Яғни, оқушылар тек құқықтық біліммен ғана шектелмей, оны әділеттілік пен ар-ождан тұрғысынан бағалауға үйренеді. Бұл – Абай ілімінің қазіргі білім беру жүйесіндегі өзектілігін көрсетеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, заң нормаларын білуге және оларды күнделікті өмірде қолдана білуге, құқықтық мәдениет қалыптастыруға бағытталған пән.

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1. Білім алушыларға құқық, заң, құқықтық норма, жауапкершілік, әділеттік сияқты негізгі құқықтық ұғымдар туралы ұғымдар қалыптастыру;
2. ҚР Конституциясы, мемлекеттік құрылымы және қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелерімен таныстыру құқықтық нормаларды күнделікті өмірде қолдану және құқықтық жағдаяттарды шешу дағдыларын дамыту;
3. оқу және практикалық іс- әрекетте құқықтық ақпаратты табы, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;
4. құқық бұзушылықтың алдын алу мәдениетін және заңға сәйкес мінез-құлық моделін қалыптастыру;
5. әділеттілік, заңға бағыну, жауапкершілік адамгершілік сияқты базалық құндылықтарға негізделген құқықтық сана мен мәдениетті нығайту;

6. азаматтық белсенділікке, қоғам өміріне жауапкершілікпен араласуға өз ұстанымын заң аясында қорғауға тәрбиелеу;
7. сын тұрғысынан талдау және қоғамда құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды бағалау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту.
8. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

Бағдарламаның мазмұны: білім алушылардың бойында XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған:

1) Тұлғаның сыни ойлау қабілетін дамыту арқылы заңдық ақпаратты талдауға құқықтық мәселелер бойынша дәлелді пікір білдіруге үйретеді;

2) Зерттеушілік дағдыларын жетілдіру арқылы оқушылардың заңнамалық актілермен жұмыс істеуін, нақты құқықтық жағдайларды зерделеуін қамтамасыз етеді;

3) Коммуникативті қабілеттерін дамыту арқылы құқықтық пікірталастарға қатысу, өз көзқарасын дәлелдеу және ортақ шешімге келу мәдениетін қалыптастырады;

4) шығармашылық ойлау қабілетін дамыту арқылы оқушыларды құқықтық жағдайларға балаламалы шешімдер ұсынуға ынталандырады;

5) Құндылық бағдарын айқындауға көмектеседі, әсіресе әділеттілік, ар-ождан, адам құқықтары секілді құқықтық- этикалық құндылықтарды түсіну арқылы;

6) Білім алушының жеке оқу траекториясын құру қабілетін дамытады-оқушы өз қызуғышылықтары мен қабілеттеріне сай құқықтық тақырыптарды таңдауға тереңдетіп оқуға үйренеді;

7) Пәнаралық байланысты орнату мүмкіндігін ұсынады: құқықтық білім, тарих, этика, әдебиет экономика сияқты пәндермен байланысты қарастырады.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 38 сағат

2. Бағдарламаның құрылымы төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған: білім алушылардың сыни ойлау, зерттеушілік, коммуникативтік шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік жауапкерішілігін, құдылықтық бағдарын, жеке оқу траекториясын құру қабілетін және пән аралық байланысты орнату мүмкіндіктерін дамыту.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

3. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі

түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

4. Құқық негіздері пәнінің мазмұны:

9 сынып
Коммуникативтік дағдылар: Қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу, қарсылас аргументтерін талдау
Мәтінмен жұмыс: Интервью, эссе, Мақала + медиа мәтін, Диалог, Сот кейсі, шағын хроника Ашық сұраққа негізделген ойтолғау. Авторлық идея, подтекст, символика. Мақалалар,блогтар, медиаматериалдарды сыни тұрғыдан талдау.
Жазба тілі: құқықтық эссе, аналитикалық есеп. Рецензия (заңнамалық құжатқа мақалаға бейнематериалдарға) сыни мақала.

5. Пәннің негізгі бағыттары (пәндік және метапәндік дағдыларымен байланыстыру)**:**

Сыныптар	9
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оларды елжанды әрі жаһандық ойлай алатын азамат ретінде тәрбиелеу. Әлемдік құқықтық құндылықтарды тануы, адам құқықтарын қорғауға бағытталған жаһандық бастамаларды түсінуі және әлемдік мәселелерге құқықтық баға бере алуы.
Коммуникативтік құзыреттілік:	Құқықтық білімін ғана емес, өз ойын еркін, нақты, дәлелді жеткізу, пікір алмасу, тыңдау және құқықтық ортада сауатты сөйлесу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған маңызды міндет.
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:	Құқық пәнінде зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігін дамыту – оқушыларды тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдай алатын, сұрақ қойып, дәлелдермен негізделген қорытынды жасай алатын азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған маңызды міндет.
Базалық құндылықтар	Құқық пәнінде базалық құндылықтарды дамыту – оқушылардың құқықтық білімін тереңдетумен қатар, оларды адамгершілікке, әділеттілікке, жауапкершілікке және заңға құрметпен қарауға тәрбиелеудің негізгі жолы. Бұл құндылықтар тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналып, оның қоғамдағы белсенді әрі әділетті азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

1) Ұлттық және жаһандық құзыреттілік: «Құқық негіздері» пәні қазақ халқының мәдениеті мен құқықтық дәстүрлерін таныту арқылы оқушылардың азаматтық жауапкершілігін, әділеттілікке деген көзқарасын және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Пән мазмұны халықаралық білім беру стандарттарымен үйлестіріліп, «адалдық және даму», «жаһандану және тұрақтылық», «тұлғалар және қарым-қатынастар», «уақыт пен кеңістіктегі бағдар», «жеке және мәдени көзқарас», «ғылыми және техникалық инновация» сияқты жаһандық тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, пән аясында қазақ тілін құқықтық контексте көптілді және көпмәдениетті ортада қолдануға, мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыруға

және халықаралық деңгейде қазақ тілінің мәртебесін арттыруға назар аударылады.
2) Коммуникативтік құзыреттілік: «Құқық негіздері» пәні аясында білім алушылардың қазақ тілінде өз ойларын ауызша және жазбаша түрде нақты, жүйелі жеткізе білуіне, құқықтық мазмұндағы диалог жүргізу, пікірталасқа қатысу және көпшілік алдында сенімді сөйлеу дағдыларын дамытуға басымдық беріледі. Сондай-ақ оқушылар ақпаратты дұрыс түсіну, талдау және оны өз көзқарасын дәлелдеу үшін тиімді қолдану дағдыларын меңгереді.
3)Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі: «Құқық негіздері» пәні оқушылардың құқықтық ақпаратпен (заңнамалық құжаттар, құқықтық жағдайлар, нормативтік актілер) жұмыс істеу, оны талдау және тұжырым жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Білім алушылар өз бетінше құқықтық мәселелерді зерделеу, құқықтық нормаларды салыстыру және олардың қоғамдағы қолданысын талдау арқылы сыни және логикалық тұрғыдан ойлауға дағдыланады. Сонымен қатар, олар қоғамдағы өзекті құқықтық мәселелерге креативті шешім ұсыну арқылы азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Бұл құзыреттілік тұлғаның терең пайымдайтын, жауапты әрі әділетті көзқарас иесі болуына негіз қалайды.
4) Базалық құндылықтар:

1) тәуелсіздік және патриотизм;
2) бірлік және ынтымақ;
3) әділдік пен жауапкершілік;
4) заң және тәртіп;
5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
6) жасампаздық пен жаңашылдық.

Оқыту бағыттары: Барлық бөлімдер оқушыларға пәндік топтың мақсаттары мен міндеттерін орындауда оқушыларға құнды көмекті ұсынады. Сыныпта және сыныптан тыс жерде таныстыруға, тәжірибеде қолдануға және жетілдіруге болатын әрбір категорияның бөлек дағдыларын анықтайды.

6. Оқытуда маңызды болатын кейбір индикаторларды ұсынады.

Категория	Дағды индикаторы
Ойлау дағдылары	Идеяларды басқа көзқарастар мен ойлар тұрғысынан пікір-таласта қарастыру
Әлеуметтік дағдылар	Басқалардан, сондай-ақ оқутышылар мен құрдастарынан сын мен фидбэкты іздестіру және оларды өзінің жұмысына қосу туралы шешімдер қабылдау
Байланысқа бейімділік дағдылары	Академиялық зерттеу есебі үшін жазудың сәйкес формасын қолдану
Өзін-өзі басқару дағдылары	Ауызша презентацияда ақпаратты сәйкесінше құрылымдау
Зерттеу дағдылары	Ізденіс үшін провокациялық және орынды зерттеу сұрақтарын құрастыру.

7. Пәннің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен Қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, оқушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

8. «Құқық негіздері» пәнінің оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, мазмұны терең, өзекті, күрделі әрі маңызды білім саласын ұсынады. Пән оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, зерттеуге негізделген оқыту тәсілін қолдана отырып, құқықтық тілді, ұғымдарды және процестерді тануға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде білім алушылар фактологиялық, концептуалдық және пікірталасқа негізделген сұрақтарды талдау арқылы құқықтық ойлау мен дәлелді пікір айту дағдыларын дамытады.

9. Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық контексттері арқылы зерттейді:

«Сәйкестілік және қатынастар» контексінде тұлға мен қоғам, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі және мемлекетпен өзара байланысы мәселелерін қарастырады.

«Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау» арқылы Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің тарихи қалыптасуы мен эволюциясын зерделейді. «Жеке және мәдени өрнек» тақырыбында ұлттық құқықтық дәстүрлер мен заманауи құқықтық көзқарастар арасындағы байланысқа назар аударады.

«Ғылыми және техникалық инновациялар» контексі аясында киберқұқық, цифрлық қауіпсіздік және инновациялық технологиялардың құқықтық салдары талданады.

«Глобализация және тұрақтылық» бағыты халықаралық құқық, жаһандық құқықтық мәселелер мен тұрақты даму ұстанымдарын қамтиды. Ал «Әділеттілік және даму» контексінде құқық пен әділеттің қоғамдағы орны, әлеуметтік теңдік және құқықтық мемлекет қағидалары қарастырылады.

10.Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгерту	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Конституциядағы баптарды талдау, өз құқықтарын қорғауға байланысты ұсыныстар әзірлеу	Азаматтық жауапкершілік пен патриоттық сезімді дамыту, заң алдында теңдік қағидатын түсіну	Құқықтық құбылыстарды салыстыра білу, өз көзқарасын дәлелді түрде ұсыну
Ғылым	Конституциясы мен құқықтық құжаттардан қажетті ақпаратты табу, баптармен жұмыс істеу	Заңға саналы бағыну, қоғамдағы құқықтық тәртіптің маңызын түсіну	Құқықтық терминдерді қолдану құқықтық дереккөздермен жұмыс жүргізу дағдыларын жетілдіру
Шығармашылық	Құқықтық жағдаяттар бойынша шешім	Өзінің және өзгелердің құқықтарын	Құқықтық мазмұндағы постер, инфографика,

	ұсыну, Конституцияны таныстыру жобаларын жасау	құрметтеу, заң бұзушылықты болдырмауға ықпал ету	баяндама, эссе жазу дағдыларын дамыту

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

11. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

12. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

	Білім алушылар:
	9-сынып
Құқыққа кіріспе	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру
Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы	9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру
Еңбекті қорғау	9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну Еңбек дауларын шешуде әділдік пен ақыл-парасат қажет.
Еңбекті қорғау	9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
Қоғамдық тәртіп және көшбасшы тұлға	9.5.4.1 Көшбасшы қоғамдағы тәртіп пен заңдылықты қолдап, сақтау үшін қызмет ету

13. Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

14. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

15. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 9-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

4-параграф. 9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспар

16.Ұзақ мерзімді жоспар бағдарлама шеңберіндегі негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес құрылып, оқу мақсаттарын құрастыруда құндылықтарға негізделген мазмұндық

концептілердің реті сақталып, олар бөлім атаулары ретінде алынады. Бұл тәсіл оқу мазмұнын бірізділікпен ұйымдастыруға және пәнаралық байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

17. Барлық сыныптар бойынша **б**өлім тақырыптарының атауы тұрақты түрде сақталады және қайталанады. Оқушының даму деңгейіне қарай мазмұн күрделене түседі:

9-сынып – жүйелеу және қолдану, мұнда оқушылар алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға, құқықтық шешімдер қабылдауға машықтанады.

Мазмұн шиыршықтап сынып деңгейіне сай күрделендіріліп, кеңейтіліп және түрлендіріліп ұсынылады**.** Бұл тәсіл оқушылардың құқықтық білімін біртіндеп және жүйелі түрде меңгеруін қамтамасыз етеді.

9-сынып

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
Адам мен қоғам өміріндегі құқықтың рөлі	Адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері	Әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың рөлі	9.1.1.1 мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдарды анықтау; 9.1.1.2 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқықтың маңыздылығын түсіндіру
		Конституция – мемлекеттің негізгі заңы	9.1.1.3 адам құқықтарын жүзеге асырудағы Конституцияның мәні мен маңызын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
		Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен міндеттері	9.1.1.4 өмірлік жағдаяттар негізінде адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін түсіндіру
	Қазақстанның Конституциялық құрылысы – қуатты мемлекет негізі	Мемлекет түсінігі және белгілері	9.1.2.1 мемлекет түсінігі, қызметтері, механизмі, формаларын, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам ұғымдарын ашып көрсету
		Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылысы	9.1.2.2 Қазақстанның Конституциялық құрылысының ерекшеліктерін анықтау арқылы адам құқықтарын қорғаудағы мемлекеттің рөлін сипаттау
		Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесі	9.1.2.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесі мен қызметін сипаттау; 9.1.2.4 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметті арттырудың заңнамалық мазмұнын ашу
Қайталау			
2-тоқсан			

Азаматтық және еңбек қатынастарын құқықтық реттеу	Азаматтық құқық негіздері	Мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар	9.2.1.1 күнделікті өмірлік жағдаяттар мысалында мүліктік және жеке мүліктік емес құқық ұғымдары мен мазмұнын сипаттау
		Меншік иелерінің құқықтары мен міндеттері	9.2.1.2 меншік құқығына ие болу және оның тоқтатылу жолдарын көрсету
		Тұтынушы құқықтары	9.2.1.3 күнделікті өмірлік жағдаяттар негізінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын анықтау
	Еңбек құқығы негіздері	Еңбек қатынастары	9.2.2.1 еңбек қатынастарының мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру
		Еңбек жағдайлары және еңбекті қорғау	9.2.2.2 күнделікті өмірлік жағдаяттарды талдау арқылы кәмелетке толмағандардың еңбек жағдайлары мен еңбегін қорғау жолдарын анықтау
		Еңбек шартын жасау және тоқтату тәртібі	9.2.2.3 еңбек шартының мазмұнын, оны жасау мен тоқтату тәртібін практикалық түрде түсіндіру
Қайталау			
3-тоқсан			
Кәмелетке толмағандардың құқықтық қатынастарға қатысушы ретіндегі жауапкершілігі	Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік	Құқық бұзушылық түсінігі	9.3.1.1 құқық бұзушылық ұғымы мен оның себептерін түсіндіру
		Заңды жауапкершілік	9.3.1.2 заңды жауапкершіліктің маңызын бағалау
		Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі	9.3.1.3 құқықтық жағдаяттар негізінде кәмелетке толмағандардың заңға қайшы әрекетінің салдарын талдау
	Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік	Әкімшілік жауапкершілік	9.3.2.1 күнделікті құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауапкершілікке тарту ерекшеліктерін анықтау
		Қылмыстық жауапкершілік	9.3.2.2 күнделікті құқықтық жағдаяттар негізінде кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту ерекшеліктерін талдау
			9.3.2.3 қоршаған ортаға қатысты өз әрекеттерінің құқықтық салдарын бағалау
		Сыбайлас жемқорлық құқық	9.3.2.4 нақты мысалдар арқылы сыбайлас жемқорлық құқық

		бұзушылық үшін заңды жауапкершілік	бұзушылықтардың салдарын анықтау
	Құқық қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары	Жеке деректер және оларды қорғау	9.3.3.1 құпиялылық құқығын сақтау мақсатында интернетте қауіпсіз әрекет әдістерін қолдану
		Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау	9.3.3.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін сипаттау
			9.3.3.3 білікті заң көмегін алу үшін құзырлы органдар мен ұйымдарға жүгіну кезінде құқықтық білімді қолдану
		Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары	9.3.3.4 кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдеу
Қайталау			
4-тоқсан			
Отбасы –қоғам мен мемлекеттің негізі	Отбасы құқығының негіздері	Отбасы – қоғамның негізі	9.4.1.1 отбасы құқығы принциптері мен отбасының моральдық құндылықтарының өзара байланысын түсіндіру
		Некеге тұру және некені тоқтату шарттары мен тәртібі	9.4.1.2 құқықтық жағдаяттар негізінде некені қию және оның тоқтатылу шарттарын анықтау
	Отбасылық-некелік қатынастардағы құқықтар мен міндеттер	Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	9.4.1.3 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін моральдық құндылықтар, неке және отбасы заңнамасы нормалары негізінде топтастыру
		Баланың құқықтары мен міндеттері	9.4.1.4 баланың құқықтары мен міндеттерін моральдық құндылықтар, неке және отбасы заңнамасы нормалары негізінде анықтау
		Отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелері	9.4.1.5 отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелерін жіктеу

	Баланың құқықтарын қорғау	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау нысаны	9.4.2.1 ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау нысанын анықтау
		Баланың құқықтарын қорғаудағы мемлекеттің рөлі	9.4.2.2 баланың құқықтарын қорғау үшін мемлекет тарапынан қабылданатын шараларды сипаттау
			9.4.2.3 отбасы мен отбасылық құндылықтарды нығайтудағы мемлекет пен қоғамның рөлін бағалау
Қайталау			

5-параграф. Бағалау критерийлері

18. 1. Теориялық тестілер

Құқықтық ұғымдар мен терминдерді түсінуге арналған сұрақтар;

Конституциялық құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы туралы қысқа сұрақтар;

Құқықтық нормалардың түрлері мен ерекшеліктерін тексеру.

2. Жазбаша тапсырмалар

Құқықтық ұғымдар мен нормаларды түсіндіру;

Құқықтық жағдайларды талдау (құқықтық жағдаяттар);

Конституциялық құқықтағы негізгі құқықтар мен міндеттерді сипаттау.

3. Практикалық жұмыстар

Жағдаяттық тапсырмаларды шешу: құқық бұзушылық, еңбек даулары, отбасы мәселелері;

Құқықтық актілерді оқу және талдау;

Мысал бойынша құқықтық нормаларды қолдану.

4. Пікірсайыс және талқылау

Құқықтық мәселелер бойынша топтық талқылаулар;

Әділеттік, құқықтық тәртіп тақырыптарында пікір айту;

Құқықтық этика мен адамгерілік мәселелерін қарастыру.

19. «Құқық негіздері» пәнінің міндетті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий A: Талдау	Критерий B: Ұйымдастыру	Критерий C: Мәтін өндіру	Критерий D: Тілді қолдану
Оқушылар мәтіннің түрлі компоненттері	Оқушылар өз идеялары мен пікірлерін түрлі	Оқушылар жазбаша және ауызша мәтіндер	Оқушылар өз ойларын,

мен мәтіндер арасындағы байланысты, сондай-ақ аудиторияның реакциясы мен жасаушының мақсаттары туралы түсінік көрсетеді. Оқушылар мәтінді өз жауаптарын қолдауға және әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	коммуникациялық формалар мен мақсаттарға арналған тиісті ережелерді пайдалана отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	жасайды, шығармашылық процесс пен жасаушы мен аудитория арасындағы байланысты түсіну негізінде. Оқушылар мәтіндер жасау барысында жасаушы мен аудиторияға әсер ететін шешімдер қабылдайды.	идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Олар контекстке және мақсатқа сәйкес келетін дәл және әртүрлі тілдерді қолданады.

20. Бағалау шәкілі:

A критерийі	Білу және түсіну	Максимум 8
B критерийі	Іздену	Максимум 8
C критерийі	Байланысқа бейімділік	Максимум 8
D критерийі	Сыни тұрғыдан ойлау	Максимум 8

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

21. Бағалау:

«Құқық негіздері» бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

1) Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары – Қазақстан Республикасының Конституциясына сүйене отырып, адамның құқықтық мәртебесін анықтау, негізгі құқықтары мен міндеттерін түсіну.

2) Құқықтың салалары – Азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек, отбасы құқығының мәні мен ерекшеліктері.

3) Құқықтық нормалар мен құқықтық жауапкершілік – Құқықтық нормалардың түрлері, олардың қоғамдағы рөлі, құқық бұзушылық пен жауапкершілік түрлері.

4) Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам – Құқықтық мемлекеттің белгілері, заң үстемдігі, әділеттілік принциптері, азаматтық қоғам институттарының маңызы.

5) Сот және құқық қорғау органдарының қызметі – Сот билігі, прокуратура, ішкі істер органдарының құрылымы мен функциялары.

6) Құқықтық мәдениет және құқықтық сауаттылық – Жастардың құқықтық білімін қалыптастыру, құқықтық мінез-құлықты тәрбиелеу.

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заң алдындағы теңдік – Қоғамдағы әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз ету жолдары.

22. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Анализ	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратады қосымша дәлел ретінде келтірілген ақпаратты анықтайды. Ұқсастық пен айырмашылықты салыстырады. Себеп салдар шарт мақсат байланыстарын көрсетеді. Мәтін құрылымына талдау жасайды Қорытындысын нақты дәлелмен негіздейді (критерийлер A және B).	30
Шығармашылық жазу	Оқушылардың қиялын, ойлау қабілетін, тілдік қорын және өзіндік көзқарасын дамытатын маңызды әрекет. Мұндай тапсырмаларды бағалау барысында бірнеше негізгі критерийлерге сүйену қажет. Тақырыптың ашылуы– шығармашылық жұмыстың мазмұндық негізі. Оқушының жазбасы ұсынылған тақырыпқа сай болуы және оны толық ашуы – жұмыстың мазмұндық құндылығын айқындайды, креативтілік пен даралық бағаланады. Шығармашылық жазу барысында оқушы өз ойын стандартты емес тәсілмен жеткізуі, тосын шешім ұсынуы немесе ерекше көзқарас білдіруі маңызды. Бұл оның шығармашылық әлеуетінің көрінісі ретінде танылады. Жұмыстың құрылымы мен логикалық тұтастығы назарға алынады. Жазба жұмыстың кіріспесі негізгі бөлімі және қортындысы болуы тиіс. Ой жүйелі бірізді, түсінікті жеткізеді. (критерийлер C және D).	50

23.Үлгі сұрақ (шығармашылық жазу):

Оқушыларға визуалды бейне ұсынылып, төмендегі үш тапсырманың біреуіне жауап ретінде 400-600 сөзден тұратын мәтін жазуы қажет. Көзқарасыңызды білдіріп құқық пен міндет арасындағы тепе- теңдік туралы ойыңызды ашыңыз. Күнделікті өмірдегі құқық бұзушылықтарға көзқарасыңды айтып, азамат ретінде заңды сақтау үшін маңызды екенін дәлелдеңіз. Мысал ретінде келтіре отырып, өзіңізді ел болашағы үшін жауапты тұлға ретінде сипаттаңыз.

7-9 сыныптарына арналған
«Еңбек» пәнінен оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты – Абайдың рухани мұрасына және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, білім алушылардың өнер, технология, дизайн және цифрлық модельдеу бағыттарында тәжірибелік дағдыларын, шығармашылық ойлауын дамытып, заманауи технологияларды өмірлік мәселелерді шешуде қолдана алу қабілетін қалыптастыруға тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

- Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын оқып үйренуге;
- ұлттық және әлем мәдениеттің өнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін зерттеуге;
- заманауи жабдықтарды, цифрлық құралдарды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданып, шығармашылық жобаларды идеядан бастап дайын өнімге дейін өздігімен жоспарлау және жүзеге асыру біліктілігін қалыптастыруға;
- өзінің және өзгелердің еңбектерінің нәтижелерін талдау және бағалау, өзгеше бұйым жасау, зерттеу барысында білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға;
- 2D және 3D модельдеуге арналған графикалық редакторлар, заманауи құралдар мен сандық бағдарламалық басқару (СББ) бар жабдықтарымен заманауи технологияларды меңгеру және техникалық дағдыларды дамыту;
- экологиялық тұрғыдан тұрақты жобалау қағидаларын зерттеуге және салауатты өмір сүру ортасын құруға;
- оқу іс-әрекетінің барлық түрлерінде (зерттеу, идеяларды шығармашылықпен жүзеге асыру, жұмысты таныстыру) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану тәжірибесін жинақтауға;
- эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие беру және адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыруға;
- қоғамдық тамақтанудағы этикет ережелерін сақтау және дастарқан жабдықтауға ерекше көңіл аудара отырып, іс-шараларды жоспарлау және

ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға;

- ағзаның қажеттіліктерін ескере отырып, мәзір құрастыруға арналған дұрыс тамақтану қағидаларын қалыптастыру;

- тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында материалдар және құралдармен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны: білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Еңбек» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 7-сыныпта: аптасына 1 сағатты, оқу жылында 38 сағат;

2) 8-сыныпта: аптасына 1 сағатты, оқу жылында 38 сағат;

3) 9-сыныпта: аптасына 1 сағат, оқу жылында 38 сағатты құрайды.

2. «Еңбек» оқу пәнінің оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық санпин талаптарына консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. Пәннің базалық мазмұны шиыршық қағидатына сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, сатылай күрделене отырып, тереңдей түседі. Бұл тәсілдеме оқушылардың білім мен құзыреттілікті тұрақты игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді ғылыми тұрғыда меңгеруіне негізделеді.

5. «Еңбек» пәнінің мазмұны:

7-сынып	8-сынып	9-сынып
«Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі білім алушыларда зерттеу, жоспарлау, орындау және өз жұмысына сыни баға бере алатын – "Толық адам" тұжырымдамасындағы тұлғалық және әлеуметтік жауапкершілік,	«Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі білім алушыларда зерттеу, жоспарлау, орындау және өз жұмысына сыни баға бере алатын – "Толық адам" тұжырымдамасындағы тұлғалық және әлеуметтік жауапкершілік, еңбекқорлық, табандылық,	«Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі білім алушыларда зерттеу, жоспарлау, орындау және өз жұмысына сыни баға бере алатын – "Толық адам"тұжырымдамасындағы тұлғалық және әлеуметтік жауапкершілік, еңбекқорлық, табандылық, шығармашылық, өмір бойы білім алуға ұмтылу

еңбекқорлық, табандылық, шығармашылық, өмір бойы білім алуға ұмтылу құндылықтарын қалыптастырады: тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік; ақпарат көздерімен жұмыс істеу; шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау; дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау; материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникаларымен танысу;	шығармашылық, өмір бойы білім алуға ұмтылу құндылықтарын қалыптастырады: тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсініктерін қолдану; ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қолдану; шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау; дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау жоспарын құрастыру; материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары туралы ақауды анықтау, жұмыстың тиімді жолын ұсыну.	құндылықтарын қалыптастырады: тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсініктерін талдау; ақпарат көздерімен жұмыс істеудің тиімді жолдарын ұсыну; шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау,дайын өнімге дейін, бұйымды әрлеу, бұйымды соңғы (эстетикалық) өңдеу, бұйымды сынақтан өткізу, сапаны қамтамасыз ету және ақауды анықтау, жобаны таныстыру, жұмысты тиімді ұсыну; дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау,таныстыру;
«Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі – білім алушылардың идеяларын нақты өнімге айналдыру қабілетін дамытатын негізгі тәжірибелік бөлім. Білім алушылар әртүрлі материалдармен жұмыс істеп, құрал-жабдықтарды қауіпсіз әрі тиімді пайдаланады, бұйымдар әзірлейді. Бұл білім алушылардың ұқыптылық, шыдамдылық, жоспарлау мен еңбек мәдениетін игеруіне, цифрлық құралдарды қолдану арқылы сандық сауаттылығын жетілдіреді. Мұндағы дағдылар технология, информатика, математика және көркем өнер пәндерімен кіріктіріледі.	«Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі – білім алушылардың идеяларын нақты өнімге айналдыру қабілетін дамытатын негізгі тәжірибелік бөлім. Білім алушылар әртүрлі материалдармен жұмыс істеп, құрал-жабдықтарды қауіпсіз әрі тиімді пайдаланады, бұйымдар әзірлейді. Бұл білім алушылардың ұқыптылық, шыдамдылық, жоспарлау мен еңбек мәдениетін игеруіне, цифрлық құралдарды қолдану арқылы сандық сауаттылығын жетілдіреді. Мұндағы дағдылар технология, информатика, математика және көркем өнер пәндерімен кіріктіріледі. жасау технологиясы;	«Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі – білім алушылардың идеяларын нақты өнімге айналдыру қабілетін дамытатын негізгі тәжірибелік бөлім. Білім алушылар әртүрлі материалдармен жұмыс істеп, құрал-жабдықтарды қауіпсіз әрі тиімді пайдаланады, бұйымдар әзірлейді. Бұл білім алушылардың ұқыптылық, шыдамдылық, жоспарлау мен еңбек мәдениетін игеруіне, цифрлық құралдарды қолдану арқылы сандық сауаттылығын жетілдіреді. Мұндағы дағдылар технология, информатика, математика және көркем өнер пәндерімен кіріктіріледі. жасау технологиясы, модельдеуге , цифрлық технология, жобалау; ; тамақтану мәдениеті; үй мәдениеті, идеяларды визуализациялау;

жасау технологиясымен танысу; цифрлық технологияны қолдану; тамақтану мәдениетімен танысу; үй мәдениетімен танысу; техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау ережелерін үйрену.	цифрлық технологияны қолдану, өңдеу ; тамақтану мәдениеті, ұйымдастыру,мәзір дайындау,жабдықтау; үй мәдениеті: интерьерді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері, үйден кеңсеге дейін, интерьерге қойылатын негізгі талаптар: функционалдылық, эстетика және қауіпсіздік, интерьерді жобалау: тұжырымдамадан визуализацияға дейін	техника қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың тиімді ұсыну
«Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі – білімалушылардың рефлексия жасау, өз еңбегін таныстыру, өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру қабілеттерін дамытады. Бұл арқылы олар өз пікірін дәлелдеп айтуға, жауапкершілікпен сын айтуға, кері байланысты қабылдауға дағдыланады. Мұндай дағдылар коммуникативтік құзыреттілікті дамытып, тіл және әдебиет, ағылшын тілі пәндерімен өзара байланысады. шығармашылық жұмыстардың таныстырылымын жасау; әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау жолдарын анықтау; жұмысты жетілдіру және бейімдеудің тиімді жолдарын анықтау	«Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі – білімалушылардың рефлексия жасау, өз еңбегін таныстыру, өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру қабілеттерін дамытады. Бұл арқылы олар өз пікірін дәлелдеп айтуға, жауапкершілікпен сын айтуға, кері байланысты қабылдауға дағдыланады. Мұндай дағдылар коммуникативтік құзыреттілікті дамытып, тіл және әдебиет, ағылшын тілі пәндерімен өзара байланысады. шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы; әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау; жұмысты жетілдіру және бейімдеу жодарының тиімді жолдарын ұсыну;	«Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі – білімалушылардың рефлексия жасау, өз еңбегін таныстыру, өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру қабілеттерін дамытады. Бұл арқылы олар өз пікірін дәлелдеп айтуға, жауапкершілікпен сын айтуға, кері байланысты қабылдауға дағдыланады. Мұндай дағдылар коммуникативтік құзыреттілікті дамытып, тіл және әдебиет, ағылшын тілі пәндерімен өзара байланысады. бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі; құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды өңдеу және безендіру, бұйымды сынақтан өткізу, ақауларын анықтау, шығармашылық жұмысты таныстыру;

6. Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Атаулары	Құзыреттіліктер мен құндылықтар
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Еңбек пәні оқушыларға тек практикалық дағды мен кәсіби бағыт қана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен жаһандық еңбек мәдениетін ұштастыру мүмкіндігін береді. Бұл бағыттағы құзыреттілік келесі түрде көрініс табады: Ұлттық құзыреттілік: Ұлттық қолөнерге, дәстүрлі кәсіптерге қызығушылық қалыптастырады (мысалы: зергерлік, ағаш өңдеу, киіз басу, ұлттық киім тігу). Қазақ халқының еңбекке деген көзқарасын, еңбек тәрбиесін таниды, үлкенді сыйлау, бірлесе жұмыс істеу, ұқыптылық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Этномәдени мұраларды сақтауға үлес қосады, мысалы: ұлттық ою-өрнек, қолөнер бұйымдарын жасау арқылы. Жергілікті шикізатты тиімді пайдалану мен үнемшілдікке үйренеді, бұл – ата-бабадан қалған еңбек мәдениетінің жалғасы.
Тілдік құзыреттілік	Еңбек пәні тек практикалық дағдыларды ғана емес, оқушының тілдік қабілетін, қарым-қатынас жасау мәдениетін, және кәсіби терминологияны меңгеруін де дамытатын маңызды сала. Бұл пән арқылы оқушыларда келесі тілдік құзыреттер қалыптасады: Құрал-жабдықтардың атауын, олардың қызметін дұрыс атау (мысалы: балға, сүргі, ара, ине, оймыш). Өндірістік, технологиялық процестерге қатысты сөздік қорын байыту (мысалы: макет, жоба, пішімдеу, тігіс түрлері). қушы еңбекке қатысты с Жазбаша және ауызша сөйлеу дағдылары Жобалық жұмыс туралы ауызша баяндау (жобаны қорғау кезінде); Жұмыс жоспарын, құрал тізімін, өнім сипаттамасын жазбаша түрде ұсыну; Нұсқаулық, ереже, қауіпсіздік техникасын түсініп оқу және оны басқаларға түсіндіре білу. Нәтиже: Оқушы өз ойын нақты, жүйелі жеткізе алады; топта және көпшілік алдында еркін сөйлейді. өздік қорын дамытып, кәсіби лексиканы дұрыс қолданады.
Коммуникативтік құзыреттілік	Коммуникативтік тілдік құзыреттілік Топпен жұмыс істеу кезінде пікір алмасу, келісімге келу; Сұрақ қою, ұсыныс айту, нұсқау беру дағдыларын меңгеру; Басқа оқушылардың идеясына ой қоса білу, сындарлы пікір айту. Нәтиже: Оқушы тіл арқылы ынтымақтастықты дамытып, коммуникативтік мәдениетін қалыптастырады.
Әдеби-мәдени құзыреттілік	Еңбек пәні оқушылардың тек кәсіби дағдысын ғана емес, ұлттық әдеби-мәдени мұраға деген құрметін қалыптастырып, шығармашылық пен эстетикалық талғамын дамытады. Бұл пәндегі әдеби-мәдени құзыреттілік келесі бағыттарда көрінеді: Ұлттық қолөнер мен мәдени мұраны тану Қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін (ою-өрнек, кестелеу, киіз басу, ағаш ою, зергерлік бұйым жасау) зерттеу және оны еңбек процесінде қолдану. Ұлттық тұрмыстық бұйымдардың тарихи және мәдени мәнін түсіну.

	Оқушы ұлттық мәдениетті құрметтейді, дәстүрлі өнерді заманауи еңбекпен ұштастыра алады. Эстетикалық талғам мен шығармашылық Бұйымның пішінін, түрін, түс үйлесімін таңдауда көркемдік талғам таныту; Өзінің жеке дизайндық идеясын ұсыну, шығармашылықпен жұмыс істеу; Мәдени құндылықтарды визуалды түрде бейнелеу (ою, бейнелеу элементтері арқылы). Оқушының шығармашылық ойлауы дамиды, өнер мен еңбекті біріктіре біледі. Еңбекке қатысты ұлттық салт-дәстүр мен әдеби туындылардағы көріністерді талдау. Оқушы әдеби мұра мен еңбек құндылықтары арасындағы байланысты түсініп, терең ойлай біледі. Мәдени әртүрлілікке құрмет Басқа ұлттардың еңбек мәдениетін тану, әртүрлі стильдерді салыстыру; Көпмәдениетті ортада өз мәдениетін таныстырып, өзгенікін құрметтеу. Оқушы әлем халықтарының мәдениетімен танысып, толерантты көзқарас қалыптастырады.
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Еңбек пәні зерттеу жүргізуге, мәселені талдауға, тиімді шешім табуға және шығармашылықпен ойлауға мүмкіндік беретін маңызды орта. Бұл пән арқылы оқушыда зерттеу жүргізу дағдылары мен сыни ойлау қабілеттері қалыптасады. Зерттеу дағдылары Материалдар мен құралдардың қасиеттерін зерттеу (мысалы, ағаш, мата, металл түрлері). Бұйым немесе жоба жасау алдында ақпарат жинау, үлгілерді салыстыру, анализ жасау. Түрлі технологиялық тәсілдерді салыстырып, тиімдісін таңдай білу. Оқушы өз бетімен ақпарат іздеуді, сұрыптауды, логикалық қорытынды жасауды меңгереді. Мәселені шешу және технологиялық ойлау Жоба барысында туындаған қиындықтарды анықтап, баламалы шешім ұсыну. Тиімді құрал-сайман таңдау, жұмыс ретін оңтайландыру. Қателіктерді талдау, жетілдіру жолдарын ұсыну. Оқушы нақты еңбек жағдайларында өздігінен шешім қабылдауға бейімделеді. Сыни ойлау және талдау Өз және басқа оқушылардың жұмыстарын саралау, бағалау, салыстыру. Бұйым сапасына, жұмыс нәтижесіне сыни көзқараспен қарау. «Неліктен?», «Қалай?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы терең ойлау. Оқушы сыни тұрғыдан ойланып, негізделген пікір айтып, өз жұмысын жақсартуға талпынады. Жобалық-зерттеу жұмысын жүргізу Өз бетімен шағын жоба құрып, оның кезеңдерін жоспарлау (мақсат қою, қажетті құралдарды анықтау, өнімді жасау, бағалау).

	Тақырып бойынша зерттеу, талдау, қорытынды жасау. Өз жұмысын көпшілік алдында қорғау (жобаны презентациялау). Оқушыда зерттеушілік қабілет, жоспарлау, талдау және дәлелдеу дағдылары қалыптасады.
Базалық құндылықтар мен мазмұндық концептілері	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат»

7. Пәннің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен Қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, білім алушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

8. «Еңбек» пәнінің оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін қызықты, өзекті, қиын әрі маңызды мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу негізіндегі бағдарлама еңбекті зерттеуінде дәйектілік, концептуалды және талқылауға тұрарлық мәселелерді зерттейді.

9. Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық мәнмәтіндері арқылы зерттейді:

1) Сәйкестілік және қатынастар
2) Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау
3) Жеке және мәдени өрнек
4) Ғылыми және техникалық инновациялар
5) Жаһандану және тұрақтылық
6) Әділеттілік және даму

10. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Топты басқару және ұйымдастыру дағдылары Міндеттерді әділ бөлу, жұмыс барысын қадағалау Коммуникация және пікір алмасу Идеяны анық жеткізу, келіспеушілікті шешу, келіссөз жүргізу Шешім қабылдау және мәселе шешу Жағдайды талдап, ең тиімді жолды таңдай білу Уақытты басқару және жоспарлау	Өзін-өзі бағалау мен сенімділік Өзіндік пікір айтуға және шешім қабылдауға батыл болады Жауапкершілік пен бастамашылдық Топтың жетістігі үшін жауапкершілікті сезінеді Эмпатия және өзара түсіністік Басқа оқушылардың пікірін ескеріп, қолдау көрсетеді	Критериалды ойлау Ақпаратты сұрыптап, дәлелді қорытынды шығару Жобалық жұмыс жүргізу Ұжымдық жобаларды ұйымдастыру және ұсыну Цифрлық және медиа сауаттылық

	Белгілі мерзім ішінде тапсырмаларды тиімді аяқтау	Мақсатқа ұмтылу және табандылық,қиындық қа қарамастан нәтиже үшін күреседі	ақпаратты технология арқылы өңдеп, ұсыну Коммуникация мен көптілділік Түрлі тілде немесе ортада пікір алмасу, көпмәдениеттілікке бейімделу
Ғылым	Зертханалық жұмыстарды дәл және жүйелі орындау арқылы ғылыми әдістерді игереді. Мәлімет жинау және талдау: Түрлі дереккөзден ақпарат жинап, салыстырып, дәйекті қорытынды жасай алады. Графиктер, диаграммалар, модельдермен жұмыс істеу: Күрделі ғылыми ақпаратты көрнекі құралдар арқылы түсіндіре біледі. Зертханалық және дала жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайды.	Жауапкершілік тапсырмаларды мұқият орындауға және өз әрекеті үшін жауап беруге үйренеді. ЫнтызарлықжәнеЗерттеуге құштарлық – табиғат пен құбылыстарға қызығушылық артады. Сабырлылық пен төзімділік – ұзақмерзімді ғылыми жұмысқа шыдамдылықпен қарайды. Экологиялық сана – табиғатты қорғауға, ресурс үнемдеуге және қорша	Ғылыми сауаттылық қалыптасады; Нақты дәлелдерге сүйеніп, логикалық ойлау дамиды; Эксперименттік дағдылары нығаяды.
Шығармашылық	Жобалау барысында туындаған қиындықтарға жаңаша, тиімді шешім таба білу – көшбасшылық қабілеттін қалыптастырады	Шығармашылық тәсілдер өнімнің көркемдік және сапалық деңгейін артту жолдарына ұмтылу.	Игерген білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану

11. «Еңбек» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

12. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

13. «Еңбек» оқу пәні бойынша 7-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқу мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет

үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған.

14. «Еңбек» оқу пәнінің оқу мақсаты бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған.

15. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу;

2) Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау;

3) Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау.

«Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды :

1) тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік;

2) ақпарат көздері;

3) шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау;

4) дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау;

5) материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.

«Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды құралдар мен жабдықтар,;

1) жасау технологиясы;

2) цифрлық технология;

3) тамақтану мәдениеті;

4) үй мәдениеті;

5) техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

«Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі келесі бөлімшелерді:

1) шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы;

2) әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау;

3) жұмысты жетілдіру және бейімдеу.

16. «Еңбек» пәнінің базалық мазмұны 7-сыныпқа арналған оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Цифрлық технология»: 2D графикалық редакторларына кіріспе, графикалық редактор құралдары мен интерфейс негіздері, графикалық редакторлардағы кескіндермен негізгі операциялар, графикалық элементтерді құру және өңдеу, қарапайым графикалық жобалар дайындау: логотип, баннер, қарапайым нысандардың сызбалары.

2) «Сәндік-қолданбалы өнер»: ұлттық дәстүрге негізделген бұйым дизайны және дайындау, ұлттық бұйым эскизі (дизайн) мен концепциясын әзірлеу, бөлшектерді өңдеуге арналған заманауи материалдар мен жабдықтар, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі: құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды әрлеу: бұйымның соңғы (эстетикалық) көрінісі, бұйымды сынақтан өткізу: сапаны қамтамасыз ету және ақауды анықтау, жобаны тиімді таныстыру.

3) Дизайн және технология»: бір материалдан жасалған әртүрлі бөліктерден тұратын бұйымды жобалау және дайындау (робот, ойыншық), бір материалдан жасалған әртүрлі бөліктерден тұратын бұйым дизайны, идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен құрал-жабдықтар, бұйым дайындау, бұйым

бөлшектерін өңдеу, бөліктерді біріктіру, бұйымды өңдеу және сәндеу, бірнеше материалдан әртүрлі бөліктерден тұратын бұйымды жобалау және дайындау (құрақ, зергерлік бұйымдар), бірнеше материалдан әртүрлі бөліктерден тұратын бұйым дизайны, идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен құрал-жабдықтар, бұйым бөлшектерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру, бұйымды өңдеу және сәндеу, шығармашылық жұмысты таныстыру;

4) «Тамақтану мәдениеті»: қазақ халқының ұлттық тағамдары, дәстүрлі тағамдар, әлем халықтарының асханасы: дәстүрлер және заманауи интерпретациялар, әлем халықтарының тағамдары, әртүрлі елдердің тағамдарын әзірлеу (тәжірибе жұмысы).

5) «Үй мәдениеті»: киім және аяқ киім күтімі, гигиена ережелері, бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау, электр қуатының негізгі көздері туралы жалпы мәліметтер, электротехникалық арматура, электр энергиясының әртүрлі көздерімен тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элементтер), өсімдік сән және интерьер элементі ретінде.

17. «Еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 8-сыныпқа арналған оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Цифрлық технология»: 3D графикалық редакторларына кіріспе, 3D модельдеу құралдары және интерфейс негіздері, 3D модельдеу негіздері, қарапайым модельдерді (геометриялық денелер) құру және өңдеу, тәжірибелік жобалар: қарапайым 3D модельдерін құру: кейіпкерлер, көлік құралдары, ғимараттар.

2) «Сәндік-қолданбалы өнер»: заманауи дизайндағы ұлттық стиль мен тенденциялар, этностильдегі заманауи бұйымдардың эскизін (дизайн) және концепциясын әзірлеу, бөлшектерді өңдеуге арналған заманауи материалдар мен жабдықтар, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі: құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды әрлеу: бұйымды соңғы (эстетикалық) өңдеу, бұйымды сынақтан өткізу: сапаны қамтамасыз ету және ақауды анықтау, жобаны таныстыру, жұмысты тиімді ұсыну.

3) «Дизайн және технология»: заманауи стильде бұйым дайындау, дизайндағы заманауи стиль бағыттары, дизайндық идея эскизін және тұжырымдама әзірлеу, бөлшектерді өңдеуге арналған заманауи материалдар мен жабдықтар, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі; құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды өңдеу және безендіру, бұйымды сынақтан өткізу, ақауларын анықтау, шығармашылық жұмысты таныстыру.

4) «Тамақтану мәдениеті»: фуршет үстелінің дизайны және оны ұйымдастыру, идеядан іске асыруға дейін, фуршеттік іс-шараға арналған мәзір және бюджетті есептеу, тәжірибе жұмысы, тағам дайындау және фуршет үстелін жабдықтау.

5) «Үй мәдениеті»: интерьерді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері, үйден кеңсеге дейін, интерьерге қойылатын негізгі талаптар: функционалдылық, эстетика және қауіпсіздік, интерьерді жобалау: тұжырымдамадан визуализацияға дейін.

18. «Еңбек» пәнінің базалық мазмұны 9-сыныпқа арналаған оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Цифрлық технология»: 3D модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді үйрену, визуализация және анимация, күрделі 3D модельдерін құру және өңдеу, жарық және камерамен жұмыс, тәжірибелік жоба: 3D объектілерін жобалау және визуализациялау.

2) «Сәндік-қолданбалы өнер»: заманауи нысан дизайнындағы мәдени әртүрлілік, әртүрлі мәдениеттердің ұлттық бұйымдарының эскизін (дизайн) және концепциясын әзірлеу, бөлшектерді өңдеуге арналған заманауи материалдар мен жабдықтар, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі, құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды әрлеу, бұйымды соңғы (эстетикалық) өңдеу, бұйымды сынақтан өткізу, сапаны қамтамасыз ету және ақауды анықтау, жобаны таныстыру, жұмысты тиімді ұсыну.

3) «Дизайн және технология»: заманауи сәулет нысандарын жобалау және дайындау, сәулет нысанының эскизі, сызбасы, сәулет нысанының макетін жасауға арналған материалдар мен құралдар, шығармашылық жұмыс, сәулет нысанының макетін жасау, шығармашылық жұмысты таныстыру.

4) «Тамақтану мәдениеті»: ивент-менеджмент; заманауи іс-шараларды жоспарлау және өткізу, іс-шараларға арналған мәзір құру және шығынды есептеу, атмосфера құру, дастарқан жабдықтау және кеңістікті безендіру.

5) «Үй мәдениеті»: заманауи жарықтандыру технологиялары, ақылды құрылғылардан автоматтандыруға дейін, интерьерді тиімді жарықтандыру, әртүрлі кеңістік түрлерін жобалау, жарықтандыру сызбалары, шартты белгілерді пайдалана отырып идеяларды визуализациялау.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

19. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

20. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі:

Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім және түсінік	7.1.1.1 Қазақстан халқының және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын тану.	8.1.1.1 Қазақстан халқының және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын танып, ұлттық құндылықтарды сипаттау.	9.1.1.1Қазақстан халқының және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын танып, ұлттық құндылықтарды заманауи еңбек пен өнер арқылы ұштастыру.
1.2 Ақпарат көздері	7. 1. 2. 1 зерттеу және шығармашылық идеяны	8.1. 2. 1 зерттеу және шығармашылық идеяны	9. 1. 2. 1 зерттеу және шығармашылық идеяны генерациялау үшін бастапқы

	генерациялау үшін ең тиімді ақпарат көздерін (соның ішінде АКТ және ЖИ) қолдану	генерациялау үшін ең тиімді ақпарат көздерін (соның ішінде АКТ және ЖИ) қолдану	зерттеулерді және өздігімен таңдаған ақпарат көздерін (АКТ және ЖИ қоса) қолдану
1.3 Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау	7. 1. 3. 2 материал шығыны мен бұйымның өзіндік құнын анықтау 7. 1. 3. 1. тәжірибиені қолдана отырып, болашақ іс-әрекетін анықтау, шығармашылық жұмыстың идеясын ойлап табудан бастап, оны дайын өнімге дейін өздігінен жүзеге асыруды жоспарлау;	8. 1. 3. 2 зерттеу нәтижелері негі зінде тұтыну шылардың өнім түрлеріне қажеттілігін анықтау 8. 1. 3. 1.тәжірибиені қолдана отырып, болашақ іс-әрекетін анықтау,шығармашылық жұмысты жоспарлау, шығармашылық шешім қабылдай отырып, бұйымдарды құрастыру, сынақтан өткізу және жетілдіру жұмыстарын жүргізу;	9. 1. 3. 2 пайданы анықтау мақсатында әртүрлі тауарлардың өткізім нарығын талдау 9. 1. 3. 1 жұмысты орындаудың тиімді әдістері мен реттілігін ұтымды тәсілін анықтай отырып, шығармашылық әрекеттерді жоспарлау, өз жобасын таныстырып, сын тұрғысынан талдап, рефлексия жасау.
1.4 Дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс	7. 1. 4. 1 функционалдық және эстетикалық талаптарға сай нысанның дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды (эскиз, техникалық сурет, сызба) орындау (соның ішінде АКТ және ЖИ мүмкіндіктерін орындау);	8. 1. 4. 1 функционалдық және эстетикалық талаптарға сай (соның ішінде АКТ және ЖИ мүмкіндіктерін қолдана отырып) нысанның дизайнын (эскиз, техникалық сурет, сызба) әзірлеу бойынша тапсырмаларды (эскиз, техникалық сурет, сызба) мағынасына қарай ажырату,орындау;	9. 1. 4. 1 функционалдық, экологиялық, эстетикалық және эргономикалық талаптарға сай күрделі нысандардың дизайнын (эскиз, техникалық сурет, сызба) әзірлеу үшін білімдерін қорытындылау; 9.1.4.2 графиканың әртүрлі тәсілдерін (соның ішінде ЖИ мүмкіндіктерін) қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжат құру.

1.5 Материалдар, олардың қасиеттері және жұмыс істеу техникалары	7.1.5.1 әртүрлі материалдарды (дәстүрлі, заманауи, дәстүрлі емес) тану және жіктеу, олардың қасиеттері мен қолданыс аясында сыни тұрғыда саралап,салыстыру; 7.1.5.2 шығармашылық жұмыс немесе бұйым жасау кезінде әртүрлі техникалар мен материалдарына және тәжірибе жасау	8.1.5.1 әртүрлі материалдарды (дәстүрлі, заманауи, дәстүрлі емес) тану және жіктеу, олардың қасиеттері мен қолданыс аясын да салыстыру; 8.1.5.2 шығармашылық жұмыс немесе бұйым жасау кезінде әртүрлі техникалар мен материалдарды қиыстыру және тәжірибе жасау	9.1.5.1 техникалық, экологиялық, пайдаланылу және эргономикалық сипаттамаларын ескере отырып, материалдарды, дайындау және өңдеудің өзіндік әдістерін таңдау; 9.1.5.2 шығармашылық жұмыс немесе бұйым жасау, оның ішінде СББ(сандық бағдарламамен басқару) жабдығын қолдану кезінде әртүрлі орындау техникалары мен материалдарды қолдану бойынша тиімді шешімдер негізгі ойды ұсыну

2) «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі:

Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Құралдар мен жабдықтар	7.2.1.1 заманауи технологиялар мен жабдықтардың жұмыс істеу принциптерін меңгеру және оларды әртүрлі материалдар мен бұйымдарды өңдеу кезінде қолдану	8.2.1.1 заманауи технологиялар мен жабдықтардың жұмыс істеу принциптерін меңгеру және оларды әртүрлі материалдар мен бұйымдарды өңдеу кезінде қолдану	9.2.1.1 заманауи технологиялар мен жабдықтардың жұмыс істеу принциптерін меңгеру және оларды әртүрлі материалдар мен бұйымдарды өңдеу кезінде қолдану (соның ішінде СББ(сандық бағдарламамен басқару); 9.2.1.2 қазіргі заманғы технологиялық станоктарда материалдарды өңдеу

			бойынша күрделі операцияларды орындау (соның ішінде СББ (сандық бағдарламамен басқару)
2.2 Жасау технологиясы	7.2.2.1 әртүрлі техникалар, материалдар мен конструкцияларды біріктіріп бұйым немесе шығармашылық жұмыс жасау	8.2.2.1 әртүрлі техникалар, материалдар мен конструкцияларды қиыстыру арқылы бұйым немесе шығармашылық жұмыс жасау (соның ішінде СБЖ жабдығымен)	9.2.2.1 әртүрлі техникалар, конструкция түрлерін және заманауи материалдарды, соның ішінде СББ (сандық бағдарламамен басқару) қолдану арқылы бірегей бұйым жасау
	7.2.2.2 шығармашылық жұмысы мен бұйым жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін қолдану	8.2.2.2 шығармашылық жұмысы мен бұйым жасау барысында дәл және жүйелі орындау арқылы ғылыми әдістерді игеру;	9. 2. 2. 2 шығармашылық жұмысы мен бұйым жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін қолдану арқылы, эксперименттік дағдылары нығайту;
	7. 2. 2. 3 материалдарды өңдеу және олардың функционалдық және эстетикалық қасиеттерін жақсарту үшін бұйымды әрлеу	8. 2. 2. 3 әртүрлі техникалар, құралдар және заманауи технологияларды қолдану арқылы олардың функционалдық және эстетикалық қасиеттерін жақсарту үшін материалдарды әрлеу	9. 2. 2. 3 әртүрлі материалдарды олардың қасиеттерін, бұйымға қойылатын талаптарды, сонымен қатар заманауи технологиялар мен құралдарды ескере отырып, өңдеу мен безендірудің тиімді әдістерін қолдану
2.3 Цифрлық технология	7.2.3.1 растрлық және векторлық графика редакторларыны	8.2.3.1 3D графикалық редакторлардың негізгі жұмыс принциптерін,	9.2.3.1 3D нысандарын визуализациялау және анимациялау үшін графикалық

	ң негіздерін білу және олардың білу; 7.2.3.2 2D графикалық редакторлардың негізгі жұмыс принциптерін, мүмкіндіктері мен функцияларын және олардың қолданылуын анықтау; 7.2.3.2 2D графикалық редакторлардың негізгі жұмыс принциптерін, мүмкіндіктері мен функцияларын және олардың қолданылуын анықтау және графикалық редакторлармен жұмыс істеу негіздерін меңгеру; 7.2.3.3 графикалық редакторлардың интерфейсін және негізгі басқару элементтерін үйрену; 7.2.3.4 қию, өлшемін өзгерту және түсті түзету сияқты негізгі кескін әрекеттерін орындау; 7.2.3.5 берілген визуалды әсерге қол жеткізу үшін графикалық	мүмкіндіктері мен функцияларын және олардың қолданылуын білу; 8.2.3.2 3D графикалық редакторларының интерфейсін және негізгі басқару элементтерін үйрену және графикалық жобалар, модельдер, эскиздер құрастыру; 8.2.3.3 әдістері мен техникаларын базалық пішінді жасау үшін 3D модельдеудің негізгі қолдану; 8.2.3.4 модельдеу құралдарын қолданып қарапайым 3D модельдерін жасау және жасалған үлгілерді олардың пішіні мен құрылымын жақсарта отырып өңдеу; 8.2.3.5 функционалдылық және егжей-тегжейлі ашуға қойылатын талаптарды ескере отырып, қарапайым 3D модельдерін жасауға арналған графикалық редакторлардың мүмкіндіктері мен құралдарын қолдану	редакторлардың мүмкіндіктері мен құралдарын білу; 9.2.3.2 жетілдірілген модельдеу құралдарын пайдаланып, графикалық редакторларда күрделі 3D модельдерін жасау және жасанды интеллект пен цифрлық жабдықтарды (3D-принтер, AR/VR, лазерлік кескіштер) қолдана отырып, шығармашылық жобалар орындау. 9.2.3.3 графикалық редакторлардағы күрделі 3D модельдерді егжей-тегжейлі жақсарту үшін оңтайландыру және өңдеу; 9.2.3.4 шынайы 3D көрінісін (рендер) жасау үшін графикалық редакторлардағы жарық және камераны баптау қағидаларын қолдану; 9.2.3.5 3D нысандарын әзірлеу және визуализациялау үшін 3D графикалық редакторларының мүмкіндіктері мен құралдарын қолдану; 9.2.3.6 жобаның эстетикалық және функционалдық талаптарына назар

	элементтерді өңдеу; 7.2.3.6 2D объектілерді жасау процесін жеделдету және оңтайландыру технологиясын білу және қолдану; 7.2.3.7 2D графикалық редакторларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дизайн жобасын (бұйым, объект) әзірлеу		аудара отырып, жасалған 3D нысандары мен көріністерін талдау;
5) Жаһандану және тұрақтылық
6) Әділеттілік және даму

10. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Дене шынықтыру пәні оқушыларға тек қимыл-қозғалыс әрекеттерін үйретіп қана қоймай, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл пән арқылы оқушы өзін-өзі басқару, шешім қабылдау, ұйымдастыру және жауапкершілік алу сияқты маңызды қабілеттерді меңгереді. Көшбасшылық дағдылары: Топтық ойындар мен жаттығуларда топты басқару, рөлдерді бөлу; Өзге оқушыларға нұсқау беру, қолдау көрсету, жаңадан үйренушілерге көмектесу; Стратегиялық шешім қабылдау: ойын барысындағы тактиканы	Дене шынықтыру пәні – оқушының физикалық қана емес, рухани, ерік-жігерлік және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын маңызды білім саласы. Бұл пән арқылы оқушылар өзін-өзі таниды, сенімділік қалыптастырады, көшбасшылық қабілеттерін дамыта отырып, жауапты және белсенді тұлғаға айналады. Жеке тұлғалық даму бағыттары: Өзін-өзі тану және бағалау Өз қабілеті мен әлсіз тұстарын жаттығу арқылы тану;	Дене шынықтыру пәні оқушының тек физикалық дамуымен шектелмей, оның логикалық, шығармашылық, цифрлық, коммуникативтік және жобалық қабілеттерін кешенді дамытатын метапәндік білім кеңістігі болып табылады. Ақпаратты сұрыптап, дәлелді қорытынды шығару Әртүрлі жаттығулар мен ойын әдістерінің тиімділігін салыстыру, бағалау;

	өзгерту, командаға бағыт беру; Командалық рухты көтеріп, мотиватор болу.	Спорттық жетістіктер арқылы жеке даму траекториясын бақылау.	
Ғылым	Дене шынықтыру пәні – ғылыммен тығыз байланысты. Бұл пәнде оқушылар адам ағзасының жұмысы, қозғалыс заңдылықтары, денсаулыққа әсер ететін факторлар сияқты ғылыми ұғымдарды тәжірибе арқылы меңгереді. Оқушының ғылыми білімге сүйене отырып, қозғалыс дағдыларын саналы, дәлелді түрде меңгеруіне мүмкіндік жасалады. Адам ағзасы және физиология негіздері Жаттығудың жүрек, тыныс алу, бұлшықет жүйесіне әсері; Дененің қалпына келуін бақылау: пульс, тыныс алу жиілігі, шаршау деңгейі; Тамақтану мен ұйқының денсаулыққа әсерін түсіну. Мысалы: Жаттығу алдында және кейін жүрек соғуын өлшеп, нәтижені салыстыру арқылы ағзаның реакциясын бағалау. озғалыс және биомеханика Қозғалыстың тиімділігін ғылыми тұрғыдан түсіну (тепе-теңдік, күш, иінтірек, траектория); Дұрыс қозғалыс техникасының жарақаттың алдын алуға әсері; Қозғалыс дәлдігін, жылдамдығын және икемділікті өлшеу.	Дене шынықтыру пәні оқушыларға физикалық қимыл-қозғалыс арқылы ғана емес, ғылыми негіздерді түсіну арқылы өз денсаулығын және тұлғалық қасиеттерін дамытып, саналы тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл пән жеке тұлғаның жүйелі ойлау, өзіне жауапкершілік алу және денсаулығын басқару қабілеттерін қалыптастырады. Жеке тұлғалық даму аспектілері: Ғылыми таным негізінде өзін-өзі тану Ағзаның физиологиялық ерекшеліктерін түсіну арқылы өз физикалық мүмкіндіктерін бағалау; Денсаулықтың маңызын түсініп, оған қатысты жеке жауапкершілікті сезіну. Саналы өзін-өзі басқару кедергілерді жеңе білу; Өз жетістіктерін ғылыми әдістер арқылы бақылап, жетілдіру.	Дене шынықтыру пәні оқушыларға физикалық белсенділікті ғана емес, сонымен қатар ғылыми әдістер мен ойлау қабілеттерін қолдана отырып, ақпаратты жинау, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл пән оқушылардың жүйелі ойлау, зерттеу жүргізу және өз білімін басқа салалармен байланыстыру қабілетін қалыптастырады.

Шығармашылық	Шығармашылық дағдыларды меңгеру: Қозғалыс түрлерін жаңаша орындау Жаттығу әдістерін түрлендіру, өз қозғалыс комбинацияларын құрастыру; Спорттық ойындарда стратегиялар мен тактикаларды шығармашылықпен қолдану. Жеке және топтық шығармашылық жобалар Физикалық дайындыққа арналған жаңа жаттығу кешендерін жасау; Командамен бірге спорттық флешмоб немесе шоу ұйымдастыру. Проблемаларды шығармашылық шешу Жаттығу барысындағы қиындықтарды жеңудің инновациялық тәсілдерін іздеу; Қозғалыс техникаларын жақсарту үшін өз идеяларын енгізу. Өздік шығармашылықты дамыту Қозғалыстардың көркемдік және эстетикалық құрамдас бөлігін меңгеру; Би, гимнастика, акробатика сияқты шығармашылық спорт түрлеріне қатысу.	Спорттық жаттығулар мен қозғалыстарды өз қалауынша түрлендіру; Би, гимнастика сияқты шығармашылық спорт түрлерінде өзіндік мәнерін көрсету. Өзін-өзі тану және сенімділік Жаттығу барысында өз мүмкіндіктерін бағалап, шығармашылықпен шеберлігін арттыру; Қиындықтарды жеңіп, жаңа қозғалыс элементтерін меңгеру арқылы өзін-өзі сенімді сезіну. Эмоциялық өзін-өзі білдіру Қозғалыс арқылы көңіл-күйін, сезімін көрсету; Командалық ойындар мен спорттық сайыстарда шығармашылық тәсілдерін қолдану. Төзімділік пен табандылықты дамыту Жаңа қозғалыс элементтерін үйренуде шыдамдылық пен табандылық таныту; Қателіктерден сабақ алып, өзіне сенімін нығайту.	Өзін-өзі бақылау және бағалау Жаттығу барысында қозғалыстардың дұрыстығын бағалап, қажетті түзетулер енгізу; Өз нәтижелерін салыстырып, шығармашылық тұрғыдан жақсарту жолдарын іздеу. Жоспарлау және ұйымдастыру Қозғалыс элементтерін және жаттығу әдістерін басқа пәндермен байланыстыру.

11. «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

12. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

13. Пәннің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) пәннің теориялық негіздері;

2) қимыл-қозғалыс қызметі;

3) қимыл-қозғалыс қызметі арқылы шығармашылық қабілеттер мен өзара әрекеттесу;

4) денсаулық және салауатты өмір салты.

«Пәннің теориялық негіздері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дене мәдениетінің, спорттың және Олимпиада ойындарының даму тарихы туралы білімді қалыптастыру;

2) дене дайындығын және спорттық нәтижелерді жақсарту үшін спорт ғылымының маңыздылығы;

3) жекебас гигиенасы және денені шынықтыру ережелері;

4) дене мәдениеті мен спорттағы инклюзивті көзқарастың маңызын түсіну.

«Қозғалыс әрекеті» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) үйлестіру қабілеттерін дамыту;

2) дененің дамуына ықпал ететін түрлі дене жаттығуларын меңгеру және орындау;

3) жаттығуларды орындау техникасының негіздері және олардың ретін сақтау;

4) денсаулық пен ағзаның жалпы дамуына арналған жаттығуларды меңгеру және орындау;

5) қозғалыс дағдылары мен біліктерін бағалау;

6) жаттығуларды орындау кезінде кездесетін қиындықтар мен қауіптерді еңсеру дағдыларын қалыптастыру.

«Шығармашылық қабілеттер және қозғалыс әрекеті арқылы өзара әрекеттесу» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ойын жағдайларында тактикалық әдістерді қолдану;

2) командалық жұмыста көшбасшылық дағдыларды дамыту және қолдану;

3) әділ бәсекелестік пен командалық өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;

4) қашықтықты еңсеру кезіндегі тактикалық әрекеттер;

5) шығармашылық қабілеттерді бағалау және балама шешімдер ұсыну;

6) Негізгі спорт түрлері мен төрешілік ережелерін білу;

7) мәдени дәстүрлерді сақтау үшін ұлттық ойындардың маңызы;

8) ойын әрекетіндегі функционалдық міндеттерді түсіну.

«Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қауіпті жағдайларда негізгі құтқару дағдылары мен алғашқы көмек көрсету әдістерін қолдану;

2) дене мәдениеті мен салауатты өмір салтының ұлт денсаулығын нығайтудағы рөлін түсіну;

3) қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау;

4) жаттығу алдындағы қыздыру мен қалпына келтіру техникаларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну;

5) дене жүктемесі кезінде ағза жүйесін бақылау әдістері мен тәсілдерін білу;

6) мектеп ішінде және одан тыс жерде дене белсенділігіне қатысу;

7) өзіңнің дене дайындығы нәтижелерін бағалау.

8) дене белсенділігін жақсарту үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану дағдылары;

14. «Қозғалыс әрекеті» және «Шығармашылық қабілеттер және қозғалыс әрекеті арқылы өзара әрекеттесу» бөлімдерінің мақсаттарын жүзеге асыру оқу бағдарламасына енгізілген негізгі спорт түрлері арқылы іске асырылады: жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар (футбол, волейбол, баскетбол, гандбол), шаңғы дайындығы, ұлттық ойындар.

15. 7-сыныпқа арналған «Дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Дене шынықтырудың теориялық негіздері»: Дене шынықтыру, спорт және Олимпиада ойындарының даму кезеңдері. Дене шынықтыру мен спорттық көрсеткіштерді жақсартуға арналған спорт ғылымының принциптері. Дене шынықтыруды өзін-өзі бақылау әдістері (жүрек соғу жиілігін өлшеу, жаттығу уақытын өлшеу және т.б.). Жеке гигиена ережелері және денені шынықтыру шаралары. Дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсіл. Қауіпті жағдайларда алғашқы көмек көрсетудің негізгі ережелері мен әдістері. Оқу жағдайларындағы нақты құтқару дағдылары. Жарақаттар, жарақаттар және жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек. Ұлт денсаулығын нығайтудағы дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының рөлі. Қауіпсіздік ережелері және жарақаттанудың алдын алу. Дене белсенділігі кезінде дене жүйелерін бақылау әдістері. АКТ және ЖИ қолдана отырып, дене белсенділігі мен спорттық нәтижелер мониторингінің деректерін пайдалану.

2) Жеңіл атлетика. Жүгіру. Жоғарғы, төменгі сөре. Сөрелік жылдамдата жүгіру. Қашықтықтар бойынша жүгіру. Мәрелеу. 30 м, 60 м спринттік жүгіру. 100 м дейін жылдамдата жүгіру. Бір қалыпты ырғақта 15-20 минутқа дейін жүгіру. 1000 м уақытқа жүгіру. Уақытты есептемей, 1500 м дейін жүгіру. Кедергілерден жүгіріп өту. Қайталап жүгірудің нұсқалары. Эстафеталық жүгіру.

Секірулер. «Аяқтарды бүгіп» әдісімен жүгіріп келіп, ұзындыққа секіру. «Аттап өту» әдісімен жүгіріп келіп, биіктікке секіру. Ұзындық пен биіктікке секірулер кезінде әрбір қатысушының жеке жүгіру әдісін таңдап алу. Секірулер мен көп қайтара секірулердің әр түрлері.

Лақтырулар. Көлденең және тігінен нысаналарға (1х1 м) кіші доптарды 10-12 м қашықтан лақтыру. Кіші допты 5-7 адымнан жүгіріп келіп, қашыққа лақтыру. Отырған қалпынан салмағы 1 кг құм толтырылған допты бастан асыра лақтыру. Жүгірулер, секірулер, лақтырулар бөліктері бар ойындар мен эстафеталар.

3) Гимнастика. Саптық жаттығулар. 45°-қа бұрылу: «жартылай бұрыла, оңға!» және «жартылай бұрыла, сол-ға!». Адым ұзындығын өзгерту: «Қадам кеңірек!», «Қадам қысқарақ!», «Қадам жиірек!», «Сирек-ТЕП!», «Толық адымда!», «Жартылай адымда!».

Жалпы дамыту жаттығулары. Заттармен және заттарсыз жалпы дамыту жаттығуларының кешені. Жұптағы жалпы дамыту жаттығулары. Дене дамуының жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, дұрыс дене бітімін қалыптастыруға көмек ететін, тыныс алу гимнастикасын, дене салмағын реттейтін және дене бітімін түзейтін жаттығулар. Ырғақты гимнастика.

Гимнастика мен гимнастикалық жабдықтардың бөліктерін пайдалануымен ойындар мен эстафеталар.

Акробатика. Тік аяқтарға отырған соң, негізгі тұрыстан артқа аунау, алға аунап, жауырында тұрыс, аяқтарды бүгіп, баста және қолдарда тұру. Алға ұзындай аунау (ұлдар), жартылай шпагатқа артқа аунау, «көпір» және «көпірден» тұру (қыздар).

Ұлдарға арналған акробатикалық амал-тәсіл: ұзындыққа аунау; тіреп отыра алға аунау, жауырында тұрыс; бүйірлей алға аунап, еңкейе отыру; артқа аунап, тіреп отыру; аяқтарды бүгіп, баста тұру; тіреп отыруға түсіп, еңкейе жоғарыға секіру.

Қыздарға арналған акробатикалық амал-тәсіл: тіреп отыра, алға аунау; алға аунап, еңкейе отыру; артқа бүйірлей аунап, жауырында тұрыс; алға бүйірлей аунай, тіреп отыру; тұру, «көпірден» артқа ииле тұрысынан тұру; тіреп отырудан артқа жартылай шпагатпен аунау, қолдар жан-жаққа.

Тіреп секіру. Гимнастикалық кіші аттан көлденең екі аяқты ашып, секіру. Қыздар: биіктігі 105-110 см. Ұлдар: көлденең биіктігі 110-115 см гимнастикалық ешектен аяқтарды бүге, тіреп секіру.

Асылулар мен тіректердегі жаттығулар.

Орта кермедегі жаттығулар (ұлдар). Бұрын игерілген тіректер, сермеулер, көтерілулер жаттығуларының техникасын жетілдіру. Биік кермеде тартылу және асылып тұрған тік аяқтарды көтеру, асылып тұрып қозғалыстар жасау. Аяқтар ашылған, тіректен оң (сол) аяқпен артқа қарай сол (оң) аяқпен айналып сермей бұрылу. Екі аяқты сермей, кермеге аунай көтеріле шығу.

Оқу амал-тәсілі: тұрған күйде асылып, екі аяқпен тірей сермеп, кермеге аунай көтеріле шығу; оң аяқпен тірей, аяқтар ашық, оңға сермеу; сол аяқпен артқа тірей сермеп, айналып солға бұрылу; бұрышта асылу арқылы алға қарай түсу; жамбас буындарында артқа ииле және қолдарды артқа бұра, кермеде қолдармен серпіле отырып, н.т. өту.

Параллель сырықтарда жаттығулар (ұлдар). Қолдармен сырықтарда тірей отырып, қозғалыс жасау, бұрылулар, қолдарды бүгу және жазу. Шынтақтарда, қолдарда және тіреулерде тіреле отырып, сермеулер жасау. Тірей отырып сермеуден артқа қарай сермеле секіріп түсу.

Оқу амал-тәсілі: сырықтардың ортасына тіреле секіріп, және алға сермеле, аяқтарды ашып отыру; ішке қарай серпіле, артқа қарай сермеу; алға сермеу; артқа сермей, аяқтарды сырықтардың үстіне ашып қою; аяқтарды қосып, алға сермеу; солға қарай бүгіле, артқа сермей, секіріп түсу.

Әртүрлі биіктіктегі сырықтар (қыздар). Бұрын игерілген жаттығуларды орындауды жетілдіру. Жата ілінген қалыптан тартылу. Тұрып асылып тұрған қалыптан т/с оң (сол) аяқпен сермей, сол (оң) аяқпен серпіле, кермеге аунай көтеріле шығу.

Оқу амал-тәсілі: қолдар бүгілген, ж/с бетімен қарай, тұрып ілінген қалыптан бір аяқпен сермей, екінші аяқпен серпи, т/с тірей, кермеге аунай көтеріле шығу; аяқтар ашық оңға қарай, оң аяқпен тірей сермеу; ж/с сол қолмен айқастыра ұстап, аяқтар ашық, сол, әртүрлі ұстаумен (сол қолмен төменнен, оң қолмен жоғарыдан) жата асылып тұра, солға айналып бұрылу; сол қолмен

үстінен айқастыра ұстап, және т/с асыла жата оң аяқпен сермеу; оң жамбаста отыра, оңға бұрыла, ж/с оң қолмен айқастыра ұстай, сол қолмен бүйірлей ұстау; сол қолмен алдынан айқастыра ұстап, оң қолмен серпи, сырықтарға қарап оңға қарай бұрыла, секіріп түсу.

Бөренеде тепе-теңдік жаттығулары (қыздар).

Жетілдіруге арналған жаттығулар:

1. Б.қ. – бөрене үстінде кездесуде екі айырыла өту.

2. Б.қ. – аяқ ұшымен көлденең тұрыс, оң аяқ сол аяқтың алдында, қолдар жан-жаққа.

1 – аяқтар ұшымен жылдам төрт адым жасау, қолдар белде (көлденең тұрыс, оң аяқ сол аяқтың алдында); 2 – сол аяқ ұшымен оңға бұрыла, 360° сол аяқпен алға бүгіле адымдай, қолдар жан-жаққа; 3 – сол аяққа тіреп отыра; 4 – сол аяқты жаза, сол аяқта тұрып, оң аяқпен алға сермей, қолдар артқа; 5 – оң аяқты ұшымен артқа, қолдар доғалай төменнен жоғарыға қарай; 6 - оңға қарай айнала бұрылу, қолдар жан-жаққа; алға жылжи, сол аяқта екі рет секіру, қолдар белде; 8 – тура солай, оң аяқта; 9 – сол аяқты тақай, бөренеңің шетіне дейін барып, н.т. қабылдау, қолдар доғалай алға-жоғары-артқа және «жүзуші сөресі»; 10 – бөрене шетінен қолдарды жоғары-жан-жаққа сермей отырып, бүгіле секіріп түсу.

Оқу амал-тәсілі: Б.қ. – бөренеңің оң жақ шетінде ұзындық бойы тұрыс. Жүгіріп келіп, бір аяқпен сермей, екінші аяқпен серпіле, тіреп отыру; тұрып, көлденең тұрыспен солға бұрыла, сол аяқ оң аяқтың алдында, қолдар жан-жаққа; он аяқпен адымдап, еңкейе қалпында аяқты бүге, алға қарай серіппелі еңкею, қолдар кеуденің алдында айқастыра, доғалай төмен қарай, тіктеліп, оң аяққа тұру, сол аяқты артқа, қолдар жан-жаққа; тура солай, сол аяқтан; ауыспалы адымдармен бөренеңің соңына дейін бару, қолдар белде; бөренеңің шетінен екі аяқпен серпи, бүгіле, секіріп түсу.

Өрмелеу. Бұрын үйренген тәсілдермен арқанмен шығу (екі және үш тәсілмен өрмелеп шығу, арқан биіктігі қыздар үшін – 3 м, ұлдар үшін – 4 м).

4) Спорттық ойындар. Баскетбол. Ойыншының тұрысы. Тұрыс кезіндегі орын ауыстырулар. Секіре және екі адымдай тоқтау, бұрылулар. Игерілген бөліктерден құралған амал-тәсілдер: тұрыстағы орын ауыстырулар, тоқтау, бұрылу, жылдамдату. Қорғаушының әлсіз қарсыласуымен бір орында және қозғалыста допты қағып алу және беру. Допты жұлып және тартып алу, қарсыластан қағып алу. Қорғаушының әлсіз қарсыласуымен, әртүрлі тұрыстарда допты алып жүру.

Қорғаушының әлсіз қарсыласуымен, бір орында және қозғалыста, допты бір және екі қолмен тастау. Айып доптарын тастау. Кәрзеңкеге түспей қалған доп үшін күрес. Шабуылдау кезіндегі өзара әрекеттесу. Жылдам шепті бұза шабуылдау. Ойыншылардың орнын өзгерте отырып, позициялық (5:0) шабуылдау. Баскетбол бөліктері бар жақындататын ойындар мен қолжалғаулар. Ойындық амал-тәсілдер. Баскетболдың қарапайым ережелерімен ойын.

Волейбол. Ойыншының тұрысы, орын ауыстыру. Волейболдағы техникалық тәсілдерді жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Бір орында және орын ауыстырып болған соң екі қолмен жоғарыдан допты беру, допты тордан асыра беру. Тордан асыра, екі қолмен төменнен допты қабылдау.

Төменнен тікелей доп беру. Допты ойынға қосқан кезде қабылдау. Әріптесі допты әуелетіп берген соң, тікелей шабуылдау соққысы. Игерілген бөліктерден амал-тәсілдерді қолдану. Волейбол бөліктері бар жақындататын ойындар мен қолжалғаулар. Ойындық амал-тәсілдер. Волейболдың қарапайым ережелері бойынша ойын.

Футбол/ кіші футбол/ футзал. Орын ауыстырулар, жылдамдатулар, әртүрлі қалыптардан сөрелеулер, футболдағы техникалық тәсілдерді жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Тобықтың ішкі жағымен, табанмен допты тоқтату. Доға бойынша допты алып жүру: қозғалыстың жылдамдығы мен бағытын өзгерте, қорғаушының әлсіз қарсыласуымен. Допты жұлып, тартып және қарсыластан қағып алу. Әртүрлі тәсілдермен қақпаға қарай доп тебу. Қақпашының ойыны. Тобықтың ішкі және сыртқы жағымен бір орында және домалап кетіп бара жатқан допты тебу. Орын ауыстыру мен допты меңгеру техникасының игерілген бөліктерінен амал-тәсілдер құру. Ойыншылардың орнын өзгерте отырып, позициялық шабуылдау. Футболдың қарапайым ережелері бойынша ойын. Ойындық амал-тәсілдер. Футбол бөліктері бар жақындататын ойындар, ойындық жаттығулар мен қолжалғаулар.

Гандбол. Гандболдағы техникалық тәсілдерді жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Қозғалыстағы әртүрлі тәсілдермен қашықтыққа және дәлдікке доп берулер. Допты жоғарыдан, төменнен, бүйірінен бүгілген және тік қолдармен бір орында және қозғалыста тастау. Домалап келе жатқан допты қағып (іліп) алу. Тіреліп тұрып, бір орында тұрып және қозғалыста қолды сермеп және сермемей; жұлып алу, доп тастауларды бұғаттау. Еденнен төмен секірген допты алып жүру. Жеке қорғаныс. Қақпашының ойыны. Гандбол бөліктері бар жақындататын ойындар мен қолжалғаулар. 5:1, 4:2 ойындық амал-тәсілдер. Қарапайым ережелермен ойын.

5) Шаңғы дайындығы.Бір уақытта екі адымды жүріс. Бір уақытта адымсыз жүріс. Бір уақытта бір адымды және екі адымды жүрістердің ауыспалы екі адымды жүрістермен кезектесе, қозғалыстар жасау. Тіреп және сермей бұрылулар. Төменгі тұрыста ылдилай түсулер. «Соқалай» тежелу. Конькилік жүріс. Онша емес және орташа ойлы-қырлы жерлерде шаңғымен қозғалыстар жасау. 2 км қашықтықты уақытқа, 3 км қашықтықты уақытты есептемей өту.

Дала жарысы (қарсыз аймақтарда шаңғы дайындығының орнына). Ойлы-қырлы жерлерде жүру және жүгіру. Табиғи кедергілерден өте жүгіру. 1500 м қашықтыққа дала жарысымен жүгіру.

6) Ұлттық ойындар.Қазақтың ұлттық ойындары: «Ақ сүйек, «Алярман», «Бақташы мен қой», «Бөрік жасырмақ», «Аңшылар», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Бес тас (Бес асық)», «Арынды арқан», «Бұқа тартыс», «Арқан тартыс», «Қазақ күресі», «Жаяу көкпар» және басқалары.

Асық ату. Қазақстан өңірлерінде ойынның пайда болу тарихы. Асық ату ойынында пайдаланатын негізгі жаттығулар. Таңдау «Сақа». Сақаны иіру және шерту әдістері. Ойынға төрешілік ету: «Алшы», «Ханталапай», «Бәйге», «Тас қала», «Мерген».

«Бес тас». Қазақстан өңірлерінде ойынның пайда болу тарихы. Ойын кезеңдерінің тактикасы, мазмұны мен ережелері. Төрешілік ережелері және ойын

есебі: «Бірлік, «Екілік», «Үштік», «Төрттік», «Жалақ, «Алақан», «Алмастыру», «Үндемес», «Сарт-сұрт», «Қаршу», «Нәби».

«Тоғызқұмалақ». «Тоғызқұмалақ» ойынның даму тарихы. Басқа елдерде "Тоғызқұмалақ" ойынының дамуы мен ерекшеліктері. Ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі "Тоғызқұмалақ" ойынының маңыздылығы. Ойын жүрістерінің ережелері мен ерекшеліктері. Жүрісті есептеу. Ойынның ортасымен соңы. «Айла – тәсілдер» рөлдері мен қызметтері, «Карымта», «Тұздық». Отау атауларының ерекшелігі мен мағынасын зерттеу: бірінші отау-1- «Арт»; екінші отау -2- «Тектұрмас»; үшінші отау-3-«Атөтпес»; төртінші отау-4- «Атсыратар»; бесінші отау-5-"Бел"; алтыншы отау -6-«Беласар"; жетінші отау-7-«Қанды қақпан»; сегізінші отау-8 -«Көк мойын»; тоғызыншы отау-9-«Маңдай». Тұздық жарысы: «Арт-Атсыратар», «Арт-Бел», «Арт-Белбасар», «Арт-Кандықақпан», «Арт-Бел". Ойындарды талдау 76-76, 76-98. Ойын тактикасы. «Тұзақ құру», "Комбинация". Партияны жазу тәртібі. Өздігімен есеп құру. Тоғызқұмалақ этюды. Құрастыру этюдтері "Байлау" и "Жүрістерді қысқарту". Отауға құмалақтарды көбейту. Қарсыластың ойынын талдау. Төрешілік етудің ережесі. Есептеу ойыны.

16. 8-сыныпқа арналған «Дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Дене шынықтырудың теориялық негіздері»: Дене шынықтыру, спорт және Олимпиада ойындарының даму кезеңдері. Дене шынықтыру мен спорттық көрсеткіштерді жақсартудағы спорт ғылымының рөлі. Денені шынықтыру гигиенасы мен шараларының пайдасы. Дене мүсінін, артық дене салмағын түзету және түзету гимнастикасының жеке жоспарларын жасау. Дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсілдің маңыздылығы. Қауіпті жағдайларда алғашқы көмек көрсету стратегиялары мен әдістері. Төтенше жағдайларда құтқару дағдыларының тиімділігі және қауіптер мен зіл залалдарды азайту үшін өзіндік құтқару кезінде дұрыс қолдануы. Ұлт денсаулығын нығайту үшін дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының маңызы. Салауатты өмір салты туралы түсініктер. Жастардың денсаулығы мен өмір салты. Қауіпсіздік ережелері. Қауіпсіздік және жарақаттанудың алдын алу. Жаттығуды орындау кезінде серіктесін сақтандыру. Дене белсенділігі кезінде дене жүйелерін бақылау әдістері мен әдістерінің тиімділігі. Дене белсенділігін жақсарту үшін АКТ және ЖИ қолдану. Дене белсенділігінің тиімділігін арттыру үшін АКТ мен ЖИ қолданатын жеке жаттығу жоспарларын құру.

2) Жеңіл атлетика. Жүгіру. Жоғарғы, төменгі сөре. Бір қалыпты ырғақта жүгіру. Ауыспалы жылдамдықта жүгіру. 30 м, 60 м спринттік жүгіру. 2000 м уақытқа, 3000 м уақытты есептемей жүгіру. Қолжалғаулық жүгіру. Қайталап жүгірудің нұсқалары.

Секірулер. Бір орыннан ұзындыққа секірулер. Ұзындық пен биіктікке секірулер кезінде әрбір қатысушының жеке жүгіру әдісін таңдап алу. «Аяқтарды бүгіп» әдісімен жүгіріп келіп, ұзындыққа секіру. «Аттап өту» әдісімен жүгіріп келіп, биіктікке секіру. Секірулер мен көп қайтара секірулердің әр түрлері.

Лақтырулар. Көлденең және тігінен нысаналарға (1х1 м) кіші доптарды қыздар – 12-14 м; ұлдар – 16 м қашықтан лақтыру. Кіші допты 5-7 адымнан жүгіріп келіп, қашыққа лақтыру. Отырған қалпынан салмағы 1 кг құм

толтырылған допты бастан асыра лақтыру. Жүгірулер, секірулер, лақтырулар бөліктері бар ойындар мен қолжалғаулар.

3) Гимнастика.Саптық жаттығулар. «Тіке!» командасы бойынша бір орында қадам басудан жүруге өту. Қозғалыста оңға, солға бұрылулар.

Жалпы дамыту жаттығулары. Заттармен және заттарсыз жалпы дамыту жаттығуларының кешені. Жұптағы жалпы дамыту жаттығулары. Ырғақты гимнастика кешендері. Гимнастика мен гимнастикалық жабдықтардың бөліктерін пайдалануымен ойындар мен қолжалғаулар.

Акробатика. Алға ұзынынан аунау, бір орыннан және 2-3 қадам жүгіріп келіп, жіптен (биіктігі 70 см) алға аунау (ұлдар); аяқтар алшақта, тіреп тұрыста артқа аунау; бір аяқпен тепе-теңдікте алға аунау, «көпір» және бір тізеде тіреп тұрып бұрылу (қыздар). Артқа аунап, әріптестің көмегімен қолдармен тұрыс жасау (ұлдар). Тұрыстар: баста, иықтарда, бас пен қолдарда (ұлдар).

Ұлдарға арналған акробатикалық амал-тәсіл: тіреп отырудан алшақ аяқтарда тіреп тұрып, артқа аунау; алға еңкейе бүгілу, қолдар жан-жаққа; тіреп отыра, екі аяқпен серпи, баста тұрыс жасау; отыра тіреуге түсу және алға аунау; ұзынынан секіру және бүгіле жоғарыға қарай секіру.

Қыздарға арналған акробатикалық амал-тәсіл: тіреп отыра, артқа аунау; бүйірлей аунай, жауырындағы тұрыс; алға бүйірлей аунай жату және «көпір»; оң тізеде тірей тұрыспен бұрылу, сол аяқ артқа; сол аяқпен сермей, тіреп отыру және алға аунау; бүгіле жоғарыға қарай секіру және н.т.

Тіреп секіру. Ұлдар: көлденең биіктігі 110-115 см Гимнастикалық кіші аттан аяқтарды бүге, тіреп секіру. Қыздар: көлденең биіктігі 110 см гимнастикалық аттан 90° бұрыла отырып, бүйірлей жанымен секіру.

Асылулар мен тіректердегі жаттығулар.

Орта кермедегі жаттығулар (ұлдар). Екі аяқпен серпи және аяқтармен сермеле, кермеге аунай көтеріле шығу техникасын жетілдіру. Биік кермеде тартылу және асылып тұрған тік аяқтарды көтеру, асылып тұрып қозғалыстар жасау.

Бір қолда асылып тұрып, екінші қолмен, аяқтар алшақ, біреуімен көтерілу (жоғарылай тіреу). Бүгілген аяқтармен асылып тұрған жерден қолдардағы тұрыс арқылы отыра тірекке түсу.

Оқу амал-тәсілі: тұрыста асылып, екі аяқпен серпи, кермеге аунай көтерілу; аяқтар алшақ, тіреп, оң аяқпен сыртқа сермелу (жоғарылай, сыртқа); артқа түсе және оң аяқпен сыртқа көтеріле (сыртқа айналдыра), аяқтарды алшақ тірей, оң аяқпен сыртқа; оң аяқпен орап ала, аяқтарды алшақ тіреп, оң аяқпен (жоғарылай тіреп) және арттан тіреп, сол аяқпен алға сермеу; бүгілген қолдар мен аяқтарда артқа асыла, баяу түсіру (екі қолмен айналдыра асылу); бүгілген аяқтарда асылу, қолдар жан-жаққа; қолдарда тұрыс арқылы тірей отыруға түсу және, тіктеліп, н.т.

Параллель сырықтарда жаттығулар (ұлдар). Тіректерде, қолдарда және шынтақтарда тіректерде сермелуді, артқа сермеле секіріп түсуді жетілдіру. Қолдармен сырықтарда тірей отырып, қозғалыс жасау, бұрылулар, қолдарды бүгу және жазу. Аяқтар алшақ, отырыстан алға аунап, аяқтар алшақ, отырыс

жасау. Шынтақтарда тірей отырып, сермеуден артқа сермеле көтеріліп, аяқтар алшақ, отырыс жасау.

Оқу амал-тәсілі: сырықтардың ортасына шынтақтармен тіреле секіру; аяқтар алшақ, артқа сермеле көтеріліп, отырыс жасау; аяқтар алшақ, алға аунай, отырыс жасау; сырықтар ішінде серпи, артқа сермеу жасау; алға сермеу; артқа сермеу жасап, бүгіле, оңға (солға) секіріп түсу.

Әртүрлі биіктіктегі сырықтар (қыздар). т/с бір аяқпен сермей, екінші аяқпен тірей серпи, кермеге аунай көтерілуді жетілдіру, иіле серпілу, қарапайым және аралас асылулар мен тіректер. Жатып асылумен аласа кермеде тартылу. т/с тіреле отырып, алға асыла, төмен түсу.

Оқу амал-тәсілі: ж/с асылып, иіле сермеуден т/с отыра асылу; жата асылып, екі аяқпен серпу; артқа тірей отырып, қолдармен қайта ұстай және тіреп, солға айнала бұрылу; отырып, алға асыла, төмен түсу және т/с бүгілген қолдармен тұрыста асылу; т/с бір аяқпен сермей, екінші аяқпен тірей серпи, кермеге аунай көтерілу; артқа сермеле, секіріп түсу.

Бөренеде тепе-теңдік жаттығулары (қыздар).

Жетілдіруге арналған жаттығулар:

1. Б.қ. – бөренеңің оң жақ шетінде ұзындық бойы тұрыс.

1 – сол тізеде тірей тұрып, жүгіріп келіп, екі аяқпен серпи, оң аяқты жанына, аяқ ұшымен; 2 – оң аяқты бүге, оны оң саусақ жанына қойып, ұзынынан аяқтар алшақ тұрысқа тұру, қолдар жан-жаққа және көлденең тұрыста солға бұрылып, оң аяқты артқа, аяқ ұшына, қолдар белде; 3 – оң аяқпен адымдау, онда жартылай отыра және оң аяқпен артқа айнала; 4 – сол аяқпен адымдау, онда жартылай отыра және сол аяқпен артқа айнала; 5 – оң аяқпен адымдап және онымен секіріп, доғалай төменнен артқа, қолдар артқа-жан-жаққа, сол аяқ артқа; 6 – сол аяқпен адымдап және онымен секіре, доғалай төменнен алға, қолдар артқа-жан-жаққа, оң аяқ артқа; 7 – оң аяқпен адымдап, аяқ ұшында айналып бұрылу, қолдар доғалай төменнен-жоғарыға және жан-жаққа, ауыспалы адымдармен бөрене ортасына дейін барып, екі аяқпен серпи, жанына қарай секіріп түсу.

Оқу амал-тәсілі: Б.қ. – сол бүйірмен бөренеге бұрыштай тұру.

Жанамалай жүгіріп келіп, екі аяқпен серпи, отыра тірекке секіріп шығу, сол аяқ алда; тұру, қолдар жан-жаққа; би қадамын сол аяқтан, қолдар белде; оң аяқпен алға және сол аяқты арттан тақай, айналып солға бұрылу, қолдар жоғары және жан-жаққа; оң аяқпен адымдап, сол аяқпен алға сермеу; сол аяқпен адымдап, оң аяқпен алға сермеу; оң аяқпен алға түсу, қолдар белде; оң тізеде тіреле тұрыс, сол аяқ артқа; оң бүйірмен бөренеге қарай тұрыста, артқа сол аяқпен сермей, секіріп түсу.

Өрмелеу. Арқанмен өрмелеу. Арқанмен жылдамдыққа өрмелеу (ұлдар).

4) Спорттық ойындар. Баскетбол. Айып добын тастау. Бір орында допты беру. Допты қарсы қимыл кезінде және еденнен кері секіргенде беру. Допты жұлып алу, тартып алу, қағып алу. Қорғаныстағы ойын, ойыншыны қорғаштау. Жылдам шепті бұза шабуылдау. Позициялық шабуылдау және ойындық тапсырмалардағы қорғаныс. Екі ойыншының «кедергі» арқылы

шабуылдау мен қорғаныстағы өзара әрекеті. Баскетбол бөліктері бар жақындататын ойындар. Оқу ойыны.

Волейбол. Игерілген бөліктерден қозғалыс жасау техникасының амал-тәсілдерін қолдану. Волейболдағы техникалық тәсілдерді жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Қарсы лектерде допты беру. Тапсырма бойынша допты беру. Орын ауыстырудан кейін екі қолмен төменнен допты қабылдау. Допты жоғарыдан тікелей ойынға қосу, допты дәлдікпен беру. Тікелей шабуылдау соққы. Тосқауыл қою (жалғыз ойыншы). Игерілген бөліктерден амал-тәсілдер, ойын жағдайлары. Волейбол бөліктері бар жақындататын ойындар. Шектеулі ойыншылар санымен ойындар және ойындық тапсырмалар. Оқу ойыны.

Футбол. Қайта қозғалыс жасау техникасының игерілген бөліктерінен құралған допты алып жүру тәсілдері. Футболдағы техникалық тәсілдерді жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Тобықтың ішкі жағымен, табанмен, аяқ ұшымен домалап келе жатқан допты тебу. Маңдай ортасымен ұшып келе жатқан допты ұру. Допты қағып алу. Үйренген тәсілдермен қақпаға қарай доп тебу. Қақпашының ойыны. Жылдамдық пен бағытты өзгерте, допты тобықтың ішкі және сыртқы жағымен алып жүру. Бір орында қапталдан допты лақтырып, ойынға қосу. Ойыншылардың орнын өзгерте отырып, позициялық шабуылдаулар. Қақпаны шабуылдай және шабуылсыз ойындық тапсырмалардағы шабуылдаулар. Футбол бөліктері бар жақындататын ойындар, ойындық жаттығулар. Оқу ойыны.

Гандбол. Гандболдағы техникалық тәсілдерді жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Қозғалыстағы доп берулердің әртүрлері. 7-метрлік айып добын лақтыру. Қақпашының ойыны. Қарапайым ережелер бойынша оқу ойыны.

5) Шаңғы дайындығы. Игерілген шаңғы жүрістерінің, бір жүрістен екіншісіне ауысу техникасын жетілдіру. Төменгі тұрыста ылдилай түсулер. «Соқалай» тежелу мен бұрылулар. Конькилік жүріс. Шаңғыда табиғи кедергілерден еңсеріп өту. Оқу қашықтықтарын шаңғы жүрістерімен алмастыра өту. 3 км қашықтықты уақытқа, 5 км қашықтықты уақытты есептемей өту.

Дала жарысы (қарсыз аймақтарда шаңғы дайындығының орнына). Ойлы-қырлы жерлерде жүру және жүгіру, дала жарысын, секірулерді, жүруді, өрмелеуді және қайта өрмелеуді пайдалана отырып, кедергілер тізбегін еңсеріп өту. 2 км қашықтықты (қыздар), 3 км қашықтықты (ұлдар) дала жарысымен жүгіру

6) Ұлттық ойындар.Қазақтың ұлттық ойындары: «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Бес тас» (Бес асық), «Бұқа тартыс», «Арқан тартыс», «Итеріспек», «Білектесу» және басқалары.

Асық ату. "Асық ату" ойынының дамуы мен ерекшеліктері. Үлкен қашықтықтан дәлдікке ату. Ойындарға төрешілік ету. Асық ату кезіндегі қозғалыс әрекеті. Қаржу (қаршу) әдісі. Асықты иіріп тастағандағы, жатыстың бес түрлі атауларын білу. Ұзақ қашықтықтан дәлдікке ату. Бәйге. Өріс ойыны Омпы. Шік-бүк ойыны. Шыр. «Ханталапай» ойыны.

«Бес тас» (Бес асық). Ойынның ерекшеліктері. Төрешілік ережелері және ойындарды есептеу. Арттан тастау. Үндемес. Сарт-сұрт. Қаршу. Нәби. «Дарбаза» құру. Төрешілік ету. Ұпайларды санау.

«Тоғызқұмалақ». "Тоғызқұмалақ" ойынының даму тарихы. "Тоғызқұмалақ" ойын ережелерін қалыптастыру кезеңдері. Ойын стратегиясы. Құмалақ алу жолдары. Үстемдік ету мүмкіндігі. Ойын тактикасы: "Айырбасқа шақыру", "Байлап қойып ойынау". Комбинациясы бар ойын. Осал отауға шабуыл. "Тұздық" пайдалану тәсілдері және оны бағалау көрсеткіші. Тұздық жарыстары: "Арт-Көкмойын", "Тектұрмас-Атөтпес", "Атөтпес–белбасар". Ойындарды талдау 99-91, 99-89. Ойынның қысқаша жазбасы. Ойынды талдау. Ойынды жазу арқылы әділ ойынды бақылау. Ойын тактикасы. Комбинация арқылы "Тұздық" алу. Жоспарланған ойын. Тоғызқұмалақ этюдтері. Өздігімен есеп құру. Құмалақ санын азайту және тең нәтижеге арналған зерттеулер. Ойында төрешілік ету. Ойынды жазып отыру.

17. 9-сыныпқа арналған «Дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Дене шынықтырудың теориялық негіздері»: Әр түрлі тарихи дәуірлердің спорт және дене шынықтыру мен Олимпиада ойындарының дамуының әсері. Спорт ғылымы негізінде өзіндік дене дайындығын өлшеуі. Жеке дене дайындығын анықтау негізінде өзінің нәтижелерін талдау. Ағзаның функционалдық резервтерін өлшеу. Дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсілдің әсері. Қауіпті жағдайларда алғашқы көмек көрсетудің негізгі дағдылары, стратегиялары мен әдістері. Жергілікті сипаттағы төтенше жағдайлар. Дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының ұлт денсаулығын жақсартуға қосқан үлесі. Жаман әдеттер және олардың адам денсаулығына зиянды әсері. Қауіпсіздік ережелері. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде өзін-өзі бақылау және қауіпсіздік ережелірі. Жеке дене шынықтыру жаттығуларын орындау кезінде алғашқы көмек көрсету. Дене жүктемесі кезінде дене жүйелерін бақылаудың тиімді тәсілдері мен әдістері. Көрсеткіш нәтижелерін талдау және жаттығу процесін жақсартуда дене белсенділігін бақылау үшін АКТ мен ЖИ қолданудың тиімділігі.

2) Жеңіл атлетика. Жүгіру. Жоғарғы, төменгі сөре. Ауыспалы және жылдамдата жылдамдықта жүгіру. 60 м спринттік жүгіру. Қолжалғаулық жүгіру. 400 м жүгіру. Айналма бойынша жүгіру. 2000 м уақытқа, 3000 м уақытты есептемей жүгіру.

Секірулер. Бір орыннан ұзындыққа секірулер. «Аттап өту» әдісімен жүгіріп келіп, биіктікке секіру. «Аяқтарды бүгіп» әдісімен жүгіріп келіп, ұзындыққа секіру – әрбір қатысушының жеке жүгіру әдісін таңдап алу. Толық үйлесімдікте ұзындыққа және биіктікке секіруді орындау.

Лақтырулар. Кіші доптарды толық үйлесімдікте, жүгіріп келіп қашыққа лақтыру. Допты көлденең және тігінен нысаналарға лақтыру. Отырған қалпынан салмағы 1 кг құм толтырылған допты бастан асыра лақтыру.

3) Гимнастика. Саптық жаттығулар. Бір орында адымдаудан баған мен қатарда жүре адымдауға өту. Қозғалыста бір бағаннан екі, үш және төрт бағанға қайта сап түзеу.

Жалпы дамыту жаттығулары. Заттармен және заттарсыз жалпы дамыту жаттығуларының кешені. Жұптағы жалпы дамыту жаттығулары. Ырғақты

гимнастика кешендері. Гимнастика мен гимнастикалық жабдықтардың элементтерін пайдалануымен ойындар мен қолжалғаулар.

Акробатика. Ұлдар: тіреп отырудан күшпен бас пен қолдарда тұрыс; үш қадам жүгіріп келіп, алға ұзынынан аунау.

Қыздар: бір аяқта тепе-теңдік ұстау, алға қарай түсу және алға аунау.

Ұлдарға арналған акробатикалық амал-тәсіл: 2-3 қадам жүгіріп келіп, секіріп отырып тіреле, алға аунау; аяқтарды бүге, бас пен қолдарда күшпен тұрыс; тіреп отыруға түсе, артқа аунау және айнала бұрылып, бүгіле, жоғарыға секіру; жартылай отыру, қолдар артқа және алға ұзынынан аунау мен аяқтарды алшақ, бүгіле, жоғарыға секіру, және н.т.

Қыздарға арналған акробатикалық амал-тәсіл: сол аяқпен адымдай, тепе-теңдік; оң аяқпен түсе, қолдар жан-жаққа; отыра, бір аяқпен серпи, алға аунау, және алға еңкею; тіреп отыра, артқа аунау; айнала бұрылып, жоғарыға секіру.

Тіреп секіру. Ұлдар: биіктігі 115 см гимнастикалық кіші аттан аяқтарды бүге, тіреп секіру. Қыздар: көлденең биіктігі 110 см гимнастикалық кіші аттан бүйірлей жанымен секіру.

Асылулар мен тіректердегі жаттығулар.

Биік кермедегі жаттығулар (ұлдар). Орта кермеге аунай көтеріле шығудың, қайта сермеу мен бұрылулардың және бір аяқпен сыртқа (сыртқа асылып) техникасын жетілдіру. Биік кермеде тартылу және асылып тұрған тік аяқтарды көтеру, асылып тұрып қозғалыстар жасау.

Асылып тұрудан күшпен кермеге аунай көтеріле шығу және асылып тұруға жайлап түсу. Бір қолда асыла (сыртқа асылып), аяқтар алшақ, тіреп көтерілу (үстінен тіреп).

Оқу амал-тәсілі: кермеге күшпен аунай көтеріле шығудан тірей асылып; оң аяқпен тірей бұрылу, аяқтар оң (сол) аяқпен алшақ; артқа түсу және оң аяқпен (асыла) тірей, оң аяқпен алшақ; сол аяқты артқа қайта сермей, тіреле айналып, солға бұрылу; бүгіле асылып, артқа түсу және артқа сермей, секіріп түсу.

Параллель сырықтарда жаттығулар (ұлдар). Тіреле, шынтақтарда және қолдарда тіреп сермелудің, артқа сермей, секіріп түсудің, аяқтар алшақ отырудан алға аунаудың, шынтақтарда тіреле, аяқтарда алшақ отырып, артқа сермей көтерілудің жетілдіруі. Қолдарды сырықтарға тірей, қозғалыстар жасау, бұрылулар, қолдарды бүгу және жазу. Шынтақтарды тіреп сермелуден алшақ аяқтарда отыра, алға сермей көтерілу. Тіреп сермелу жасай, қолдарды бүгу және жазу.

Оқу амал-тәсілі: сырықтардың ұшында секіре тіреліп және біруақытта қолдармен серпи, бағандарға дейін алға жылжу; шынтақтарға тіреле төмен түсу және қайта сермелу; алшақ аяқтарға отыра, алға сермей көтерілу; алға қарай қолдармен қайта ұстай және алшақ аяқтармен отыра, алға аунау; ішке қарай қайта сермеу және артқа сермеу; алға сермеудің алдында қолдарды бүгу және сермеу аяғында жазу, артқа сермей, оңға (солға) бүгіле, секіріп түсу.

Әртүрлі биіктіктегі сырықтар (қыздар). Төменгі сырықта бір аяқпен серпи, екінші аяқпен тірей сермеле, кермеге аунай көтерілуді жетілдіру, қарапайым және аралас асылулер мен тіректерде ииле сермелулер. Гимнастикалық қабырғада жата асыла тартылулар мен тік және бүгілген аяқтарды көтеру.

Төменгі сырықта тірей отыра асылып, алға түсу. Жоғары сырықта және төменгі сырықта тіреп қайта аунай, төменгі сырықта тобықтармен тірей, бүгіле асылу.

Оқу амал-тәсілі: төменгі сырықта бетпен сырттай, бүгілген қолдарда асыла тұрып, жоғарғы сырықта бір аяқпен сермей, екінші аяқпен серпи, жоғарғы сырықта табандармен тіреп, төменгі сырықта бүгіле асылу; төменгі сырықта тірей қайта аунау; аяқтар алшақ, оң аяқпен тіреп, оңға қайта сермеу; ж/с оң қолмен қайта ұстай, төменгі сырықта жата асылып, оң жаққа қайта сермей, солға айналып бұрылу; сол жамбаста отыра, солға бұрылу, оң қолды жанына қарай; оң қолмен артынан ұстай, оңға айналып бұрыла, секіріп түсу.

Бөренеде тепе-теңдік жаттығулары (қыздар). Бұрын игерілген жаттығуларды жетілдіру. Өз тәсілдерін өздігінше құруға және орындауға арналған тапсырмалар.

Оқу амал-тәсілі:

Б.қ. – бөренеңің оң жақ шетінде ұзындық бойы тұрыс. Аяқ ұшына оң жаққа тіреп секіре, сол тізеде тұрып және жартылай шпагатта, солға тірей бұрылу, қолдар жан-жаққа; оң аяқпен адымдай, соған тепе-теңдік ұстау; тіктеліп, сол аяқты тақай, жартылай отыру, қолдар артқа, алға-жан-жаққа бүгіле, секіріп түсу.

Өрмелеу. Аяқтардың көмегінсіз арқанмен өрмелеу (ұлдар).

4) Спорттық ойындар. Баскетбол. Допты меңгерудің жеке техникасын (допты алып жүру, доп беру, тастаулар) жетілдіру. Секіріп, бір және екі қолмен допты тастау. Шабуылдау мен қорғаныстағы жеке және топтық іс-әрекеттер. Қорғаныстың жеке жүйесі. Еркін шабуылдау тактикасы, позициялық шабуылдау. Үш ойыншының өзара іс-әрекеттері (үштік және кіші сегіздік). Ойындық тәсілдер. Оқу ойыны.

Волейбол. Допты меңгерудің жеке техникасын жетілдіру. Допты тордан асыра, секіре беру. Әріптеске арқамен тұрып, допты беру. Допты жұдырықпен тордан асыра қайтару. Тордан қайтқан допты қабылдап алу. Құлап бара жатып, жоғарғы доп беру. Шабуылдық соққылар, тосқауыл қою бөліктері, сақтандыру. Жеке тактикалық іс-әрекеттер. Техникалық-тактикалық топтық және командалық іс-әрекеттер. Ойындық амал-тәсілдер. Оқу ойыны.

Футбол/шағын-футбол/футзал. Допты меңгеру, алаңда орын ауыстыру техникасын бекіту мен жетілдіруге бағытталған арнайы жаттығулар. Тобықтың ішкі жағымен және ортаңғы бөлігімен ұшып келе жатқан допты тебу. Шабуыл мен қорғаныстағы ойын тактикасының бөліктері. Ойыншының шабуыл мен қорғаныстағы жеке іс-әрекеттері. Қақпашының ойыны. Ойындық тәсілдер. Футбол мен кіші футболдың оқу ойыны.

Гандбол. Допты меңгеру, алаңда орын ауыстыру техникасының игерілген бөліктері бойынша амал-тәсілдер. Дененің ауытқуымен, тіректік қалыптан доп тастаулар. Қозғалыста жұппен және үштікпен параллель ауыса отырып, допты қағып алу және беру. Қорғаушы мен қақпашының өзара іс-әрекеттері. Алдамшы қозғалыстарға үйрету. Ойыншылардың қорғаныстағы және шабуылдағы жеке, топтық және командалық техникалық-тактикалық іс-әрекеттері. Оқу ойыны.

7) Шаңғы дайындығы. Ауыспалы төрт адымды жүріс. Жүрістен жүріске ауысу. Шыршалай, сырғанау қадамдарымен көтерілулер. Жоғарғы тұрыста ылдилай түсулер. Шаңғылармен табиғи кедергілерден еңсеріп өту.

Тіреле, бүйірлей сырғанай тежелулер. Конькилік жүріс. Шаңғы жарысы тактикасының бөліктері: қашықтық бойынша күштерді бөлу, көшбасшылық, басып озу, мәрелеу. Шаңғы жүрістерімен алмастыра оқу қашықтықтарын өту. 3 км қашықтықты уақытқа, 5 км қашықтықты уақытсыз өту.

Дала жарысы (қарсыз аймақтарда шаңғы дайындығының орнына). Арнайы дене және техникалық дайындықтың жаттығулары. Алдыңғы сыныптарда өтілген материалдарды қайталау. Ойлы-қырлы жерлерде жүгіру, дала жарысын, секірулерді, жүруді, өрмелеуді және қайта өрмелеуді пайдалана отырып, кедергілер тізбегін еңсеріп өту. 2 км қашықтықты (қыздар), 3 км қашықтықты (ұлдар) дала жарысымен жүгіру. Дала жарысы бойынша жарыстар тактикасының бөліктері: қашықтық бойынша күштерді бөлу, көшбасшылық, басып озу, мәрелеу.

8) Ұлттық ойындар.«Итеріспек», «Аударыспақ», «Білектесу», «Арқан тарту», «Тұмақ ұру», «Жаяу көкпар», «Жамбы ату», «Бәйге» және басқалар.

«Асық ату» Ойынның заманауи дамуы. Ойын түрлері бойынша төрелік ету. Жарыстарды ұйымдастыру ережелері.

«Бес асық» қазіргі кезеңде дамыту. Ойын түрлері бойынша соттау. Жарыстарды ұйымдастыру ережелері.

«Тоғызқұмалақ» «Тоғызқұмалақ» ойынының даму тарихы. Қазіргі заманғы «Тоғызқұмалақ» ойынын дамыту бағыттары. Төрелік ету ережелерінің талдауы. Ойын мақсатын ажырату және болжау. Ойын тактикасы. Комбинация арқылы «Тұздық» алу. Жоспарлы ойын. «Тұздық» жарыстары: «Атсыратар-қандықақпан», «Белбасар-қандықақпан». 99-12, 66-87 ойындарын талдау. Тәуелсіз есеп дайындау. Ойынның этюдтері. Құмалақ санын азайту мен тең ойын нәтижелеріне арналған этюдтер.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

18. Оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарының жүйесімен қамтамасыз етіледі.

19. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:
1-бөлім «Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері»:

Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
1.1. Дене шынықтыр, спорт және Олимпиада ойындарының тарихы мен дамуы туралы білімді қалыптастыру	7.1.1.1. дене шынықтыру, спорт және олимпиада ойындарының даму кезеңдерін түсіндіру	8.1.1.1. дене шынықтыру, спорт және олимпиада ойындарының пайда болуы мен даму тарихын зерттеу	9.1.1.1. әр түрлі тарихи дәуірлердің спорт пен дене шынықтыру және олимпиада ойындарының дамуын түсіндіру.
1.2. Дене шынықтыру мен спорттық	7.1.2.1. дене дайындығы және	8.1.2.1. дене дайындығы және спорттық	9.1.2.1. спорт ғылымы негізінде

көрсеткіштерді жақсарту үшін спорт ғылымының маңызы	спорттық көрсеткіштерді жақсарту үшін спорт ғылымының принциптерін қолдану	көрсеткіштерді жақсарту үшін спорт ғылымының рөлін түсіндіру	жеке дене дайындығын өлшеу
1.3.Жеке гигиена ережелері және ағзаны шынықтыру шаралары	7.1.3.1. жеке гигиена ережелерін және ағзаны шынықтыру шараларын сақтау	8.1.3.1. өз мысалында дене гигиенасы мен шынықтыру шараларының пайдасын түсіндіру	9.1.3.1. өзінің жеке гигиена ережелері мен ағзаны шынықтыру әдістерін жасау
1.4. Дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсілдің маңыздылығын түсіну қтары	7.1.4.1. дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсіл туралы айту ау	8.1.4.1. дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсілдің маңыздылығын анықтау	9.3.8.1. дене шынықтыру мен спорттағы инклюзивті тәсілдің әсерін талдау
Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
2.1. Қабілеттер үйлесімін дамыту	7.2.1.1. қабілеттер үйлесімін дамыту үшін қимыл - қозғалыс дағдыларын қолдану	8.2.1.1. қабілеттер үйлесімін дамыту үшін қимыл - қозғалыс дағдыларын қолдану	9.2.1.1. қабілеттер үйлесімін дамыту үшін қимыл-қозғалыс дағдыларын талдау
2.2. Дене дайына ықпал ететін әртүрлі дене жаттығуларын игеру және орындау	7.2.2.1. дене қасиеттерін дамытуға ықпал ететін дене жаттығуларының дұрыс техникасын орындау	8.2.2.1. дене қасиеттерін дамытуға ықпал ететін тұрақты дене жаттығуларының тиімділігін түсіндіру	9.2.2.1. дене қасиеттерін дамытуға ықпал ететін жаттығулар кешенін талдау
2.3. Жаттығуларды орындау техникасының негіздері және олардың реттілігін сақтау	7.2.3.1. жаттығулардың ережелері мен техникасын және олардың реттілігін сақтай отырып орындау	8.2.3.1. жаттығулардың реттілігін сақтай отырып, спорттық жаттығулар мен қозғалыстарды өз қалауынша түрлендіру;	9.2.3.1. жаттығуларды орындау техникасын және олардың реттілігін сақтау, алдында және кейін жүрек соғуын өлшеп, нәтижені салыстыру арқылы ағзаның реакциясын бағалау.
2.4. Дененің денсаулығы мен жалпы дамуы үшін жалпы даму жаттығуларын игеру және орындау	7.2.4.1. дене дамуына ықпал ететін жаттығулардың дұрыс техникасын көрсету	8.2.4.1. денсаулықпен және жалпы ағзаның дамуы үшін жалпы дамыту жаттығуларының техникасын түсіндіру	9.2.4.1. денсаулық пен жалпы ағзаның дамуы үшін жалпы даму жаттығуларының

			кешендерін құрастыру
2.5. Қозғалыс дағдылары мен білуін бағалау	7.2.4.1 ғылыми білімге сүйене отырып, қозғалыс дағдыларын саналы, дәлелді түрде меңгеруіне мүмкіндік жасау;	8.2.5.1. ғылыми білімге сүйене отырып, қозғалыс дағдылар мен білу техникасын орындауын бағалау;	9.2.5.1. ғылыми білімге сүйене отырып, қозғалыс әрекеттерін бағалау дағдыларын талқылау
2.6. Жаттығуларды орындау кезінде туындайтын қиындықтар мен тәуекелдерді жеңу дағдыларын қалыптастыру	7.2.6.1. жаттығу кезінде туындайтын қиындықтар мен тәуекелдерді жеңу дағдыларын көрсету	8.2.6.1. жаттығу кезінде қиындықтар мен төзімділік пен табандылықты дамыту;	9.2.6.1. жаттығу кезінде қиындықтар мен төзімділік пен табандылық дағдыларын қарастыру
Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
3.1.Ойын жағдайларында тактикалық әдістерді қолдану	7.3.1.1. негізгі дағдыларды көрсету ойын жағдайындағы тактикалық әдістерді білу	8.3.1.1. ойын жағдайында тактикалық әдістерді қолдану	9.3.1.1. ойын жағдайындағы тактикалық әдістерді салыстыру
3.2. Топтық жұмыста көшбасшылық дағдыларды дамыту және қолдану	7.3.2.1. топтық жұмыста көшбасшылық дағдыларды көрсету	8.3.2.1. топтық жұмыста көшбасшылық дағдыларды көрсету	9.3.2.1. көшбасшылық дағдыларды пайдалана отырып, топтық жұмысты құру
3.3. Командада адал бәсекелестік пен өзара іс-қимыл дағдыларын дамыту	7.3.3.1. командалық жұмыста адал бәсекелестік пен өзара әрекеттесу мінез-құлқын қолдану	8.3.3.1. топтық жұмыс пен адал бәсекелестікті стрессті жеңу және эмоцияларды реттеу жолдарын меңгеру	9.3.3.1.топтық жұмыс пен адал бәсекелестікті стрессті жеңу және эмоцияларды реттеу жолдарын көрсету
3.4. Қашықтықты өту кезіндегі тактикалық әрекеттер	7.3.4.1. қашықтықты өту кезіндегі тактикалық әрекеттерді көрсету	8.3.4.1. қашықтықтан өту кезінде тактикалық әрекеттерді қарастыру	9.3.4.1. қашықтықтан өту кезінде тактикалық әрекеттердің тиімділігін талқылау
3.5. Шығармашылықты бағалай білу және балама шешімдерді ұсына білу	7.3.5.1. шығармашылық қабілетін көрсету және балама шешімдерді ұсыну	8.3.5.1. шығармашылық қабілеттерді салыстыру және балама шешімдерді ұсыну	9.3.5.1. шығармашылық қабілеттерін пайдалану және балама шешімдерді ұсыну

3.6. Негізгі спорт түрлері мен төрешілік ережелерін білу	7.3.6.1. бәсекелестік қызмет ережелерін және төрешілік ережелерін сақтау	8.3.6.1. бәсекелестік қызметте төрешілік ережелерін көрсету	9.3.6.1. бәсекелестік қызметте ойын және төрешілік ережелерін қолдану
3.7. Мәдени дәстүрлерді сақтау үшін Ұлттық ойындардың маңызы	7.3.7.1. ұлттық ойындардың ережелерін сақтау арқылы мәдени дәстүрлердің сақтау маңыздылығын түсіну	8.3.7.1. ұлттық спорт түрлерінен жарыстарға қатысу арқылы мәдениет пен дәстүрді сақтау	9.3.7.1. ұлттық ойындардың маңыздылығын талдау үшін мәдени дәстүрлерді сақтау
3.8. Ойын қызметіндегі функционалдық міндеттерді түсіну	7.3.8.1. командадағы ойыншының функционалдық міндеттерін көрсету	8.3.8.1. командадағы ойыншылардың функционалдық міндеттерін бөлу қабілетін қолдану	9.3.8.1. командадағы функционалдық міндеттерді орындау кезінде ойыншылардың әрекеттерін талдау
Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып
	Utilisation de la langue	9.6.1.1 utiliser une grande variété de noms. 9.6.3.1 utiliser les nuances de l'expression: du doute et de la certitude, de la cause, du but, de la conséquence, de l'appréciation, de la condition et de la restriction, de l'opposition, de la quantité, de l'hypothèse, de l'antériorité, de la postériorité et de la simultanéité. 9.6.8.1 utiliser le subjonctif présent.

		9.6.8.2 utiliser le conditionnel : les nuances et les temps. 9.6.8.3 utiliser la concordance des temps : les modes et les nuances.
2 trimestre: 23 heures		
3. Les emplois contemporains 3.1 Les emplois du 21e siècle 3.2 Les compétences du 21e siècle	Contenu	9.1.3.1 respecter les différents points de vue 9.1.6.1 organiser et présenter clairement les informations aux autres 9.1.9.1 utiliser son imagination pour exprimer ses pensées, ses idées, ses expériences et ses sentiments
	Compréhension orale	9.2.2.1 comprendre les questions d'inférence et d'évaluation 9.2.5.1 suivre le plan d'une conférence ou d'un exposé, à condition que le sujet soit familier
	Production orale	9.3.2.1 poser des questions qui relient les idées de plusieurs intervenants et répondre aux idées des autres et des commentaires inattendus 9.3.3.1 fournir des raisons et des explications pour justifier ses points de vue, en utilisant des preuves provenant de diverses sources 9.3.5.1 présenter son propre travail (par exemple, présentation numérique, projet) en utilisant des dispositifs cohérents pour relier les idées principales et les détails spécifiques à l'appui provenant de sources crédibles sur des sujets pédagogiques
	Compréhension écrite	9.4.2.1 mettre en corrélation l'attitude et/ou l'opinion de l'auteur, en identifiant tous les détails pertinents à l'appui 9.4.4.1 déduire le sens de textes détaillés sur des sujets curriculaires en utilisant la prédiction, l'inférence, des indices contextuels, l'analyse de mots, l'écrémage et l'analyse
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un corps d'introduction et une conclusion claire en utilisant une variété de dispositifs cohérents 9.5.4.1 utiliser un large éventail de vocabulaire sur des sujets pédagogiques, y compris une variété de formes de mots
	Utilisation de la langue:	9.6.10.1 utiliser le subjonctif passé. 9.6.10.2 utiliser le conditionnel: les nuances et les temps. 9.6.10.3 utiliser la concordance des temps: les modes et les nuances.
4. Les problèmes écologiques 4.1 Les problèmes de	Contenu	9.1.5.1 utiliser les commentaires pour définir des objectifs d'apprentissage personnels 9.1.6.1 organiser et présenter clairement les

l'environnement 4.2 Les festivals écologiques		informations aux autres 9.1.8.1 développer la conscience interculturelle par la lecture et la discussion 9.1.9.1 utiliser son imagination pour exprimer ses pensées, ses idées, ses expériences et ses sentiments 9.1.10.1 utiliser la parole ou l'écriture comme moyen de réfléchir et d'explorer une gamme de perspectives sur le monde
	Compréhension orale	9.2.2.1 comprendre les questions d'inférence et d'évaluation 9.2.5.1 suivre le plan d'une conférence ou d'un exposé, à condition que le sujet soit familier 9.2.6.1 extrapôler le sens de mots inconnus à partir du contexte et en déduire le sens d'une phrase
	Production orale	9.3.1.1 utiliser un large éventail de vocabulaire sur des sujets curriculaires, y compris des mots académiques pour analyser, montrer les causes et les effets et résoudre des problèmes 9.3.2.1 poser des questions qui relient les idées de plusieurs intervenants et répondre aux idées des autres et des commentaires inattendus 9.3.3.1 fournir des raisons et des explications pour justifier ses points de vue, en utilisant des preuves provenant de diverses sources 9.3.5.1 présenter son propre travail (par exemple, présentation numérique, projet) en utilisant des dispositifs cohérents pour relier les idées principales et les détails spécifiques à l'appui provenant de sources crédibles sur des sujets pédagogiques
	Compréhension écrite	9.4.1.1 reconnaître une gamme croissante de vocabulaire sur des sujets curriculaires, y compris des mots académiques et des mots à significations multiples 9.4.3.1 trouver des informations spécifiques dans différents types de correspondance, notamment des blogs, des articles, des graphiques, des diagrammes, des diagrammes à barres, etc. sur des sujets moins familiers avec l'aide de dictionnaires et de références
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un corps d'introduction et une conclusion claire en utilisant une variété de dispositifs cohérents 9.5.4.1 utiliser un large éventail de vocabulaire sur des sujets pédagogiques, y compris une variété de formes de mots

	Utilisation de la langue:	9.6.3.1 utiliser les nuances de l'expression: du doute et de la certitude, de la cause, du but, de la conséquence, de l'appréciation, de la condition et de la restriction, de l'opposition, de la quantité, de l'hypothèse, de l'antériorité, de la postériorité et de la simultanéité 9.6.7.1 utiliser les différents verbes modaux. 9.6.8.4 utiliser le discours rapporté au présent.
3 trimestre: 33 heures		
5. La santé et la médecine 5.1 La sécurité sociale et médicale 5.2 La télésanté et la surveillance à distance des patients	Contenu	9.1.3.1 respecter les différents points de vue 9.1.4.1 évaluer et répondre de manière constructive aux commentaires des autres 9.1.6.1 organiser et présenter clairement les informations aux autres
	Compréhension orale	9.2.2.1 comprendre les questions d'inférence et d'évaluation 9.2.3.1 suivre des instructions, des directions et des annonces publiques complexes sur un large éventail de sujets curriculaires 9.2.6.1 extrapôler le sens de mots inconnus à partir du contexte et en déduire le sens d'une phrase
	Production orale	9.3.1.1 utiliser un large éventail de vocabulaire sur des sujets curriculaires, y compris des mots académiques pour analyser, montrer les causes et les effets et résoudre des problèmes 9.3.2.1 poser des questions qui relient les idées de plusieurs intervenants et répondre aux idées des autres et des commentaires inattendus 9.3.3.1 fournir des raisons et des explications pour justifier ses points de vue, en utilisant des preuves provenant de diverses sources 9.3.4.1 entretenir les interactions en binôme, en groupe et en classe entière, élaborer ou négocier
	Compréhension écrite	9.4.4.1 déduire le sens de textes détaillés sur des sujets curriculaires en utilisant la prédiction, l'inférence, des indices contextuels, l'analyse de mots, l'écrémage et l'analyse
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un corps d'introduction et une conclusion claire en utilisant une variété de dispositifs cohérents
	Utilisation de la langue	9.6.6.1 utiliser une variété de prépositions. 9.6.10.4 utiliser les accords du participe passé. 9.6.10.5 utiliser le discours rapporté au passé
6. L'épanouissement personnel 6.1 Les moyens d'expression	Contenu	9.1.3.1 respecter les différents points de vue 9.1.8.1 développer la conscience interculturelle par la lecture et la discussion 9.1.10.1 utiliser la parole ou l'écriture comme

personnelle 6.2 Les aptitudes personnelles à développer au 21e siècle		moyen de réfléchir et d'explorer une gamme de perspectives sur le monde
	Compréhension orale	9.2.4.1 identifier le but et les idées princcipales en détails liés par es dispositifs cohérents dans un expos prolongé sur un large éventail de sujets 9.2.5.1 suivre le plan d'une conférence ou d'un exposé, à condition que le sujet soit familier
	Production orale	9.3.2.1 poser des questions qui relient les idées de plusieurs intervenants et répondre aux idées des autres et des commentaires inattendus 9.3.3.1 fournir des raisons et des explications pour justifier ses points de vue, en utilisant des preuves provenant de diverses sources 9.3.5.1 résenter son propre travail (par exemple, présentation numérique, projet) en utilisant des dispositifs cohérents pour relier les idées principales et les détails spécifiques à l'appui provenant de sources crédibles sur des sujets pédagogiques
	Compréhension écrite	9.4.1.1 reconnaître une gamme croissante de vocabulaire sur des sujets curriculaires, y compris des mots académiques et des mots à significations multiples 9.4.3.1 trouver des informations spécifiques dans différents types de correspondance, notamment des blogs, des articles, des graphiques, des diagrammes, des diagrammes à barres, etc. sur des sujets moins familiers avec l'aide de dictionnaires et de références
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un corps d'introduction et une conclusion clairs en utilisant une variété de dispositifs cohérents
	Utilisation de la langue	9.6.9.1 utiliser une variété des temps du futur. 9.6.11.1 utiliser les subordinations : les conjonctions. 9.6.11.2 utiliser les connecteurs logiques.
7. L'héritage littéraire mondial 7.1 La littérature au Kazakhstan 7.2 La littérature francophone	Contenu	9.1.1.1 utiliser les compétences d'expression orale et d'écoute pour résoudre des problèmes de manière créative et coopérative en groupe 9.1.6.1 organiser et présenter clairement les informations aux autres 9.1.8.1 développer la conscience interculturelle par la lecture et la discussion
	Compréhension orale	9.2.4.1 identifier le but et les idées princcipales en détails liés par es dispositifs cohérents dans un expos prolongé sur un large éventail de sujets 9.2.5.1 suivre le plan d'une conférence ou d'un exposé, à condition que le sujet soit familier

	Production orale	9.3.3.1 fournir des raisons et des explications pour justifier ses points de vue, en utilisant des preuves provenant de diverses sources 9.3.6.1 décrire et analyser les principaux événements avec un peu de réflexion
	Compréhension écrite	9.4.2.1 mettre en corrélation l'attitude et/ou l'opinion de l'auteur, en identifiant tous les détails pertinents à l'appui 9.4.4.1 déduire le sens de textes détaillés sur des sujets curriculaires en utilisant la prédiction, l'inférence, des indices contextuels, l'analyse de mots, l'écrémage et l'analyse 9.4.5.1 trouver de manière indépendante des informations spécifiques et détaillées dans des textes de fiction et de non-fiction tels que des récits, des guides, des films, des poèmes et des articles de magazines
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un corps d'introduction et une conclusion claire en utilisant une variété de dispositifs cohérents
	Utilisation de la langue	9.6.9.1 utiliser une variété des temps du futur. 9.6.12.1 utiliser la voix active et la voix passive : les structures, les particularités.
4 trimestre: 23 heures		
8. L'héritage culturel 8.1 Les musées nationaux 8.2 Les chefs-d'œuvre de la culture mondiale	Contenu	9.1.4.1 évaluer et répondre de manière constructive aux commentaires des autres 9.1.7.1 interpréter et présenter par écrit les tendances générales et les détails à l'aide de dictionnaires et d'autres références 9.1.10.1 utiliser la parole ou l'écriture comme moyen de réfléchir et d'explorer une gamme de perspectives sur le monde
	Compréhension orale	9.2.3.1 suivre des instructions, des directions et des annonces publiques complexes sur un large éventail de sujets curriculaires 9.2.5.1 suivre le plan d'une conférence ou d'un exposé, à condition que le sujet soit familier
	Production orale	9.3.4.1 entretenir les interactions en binôme, en groupe et en classe entière, élaborer ou négocier 9.3.5.1 présenter son propre travail (par exemple, présentation numérique, projet) en utilisant des dispositifs cohérents pour relier les idées principales et les détails spécifiques à l'appui provenant de sources crédibles sur des sujets pédagogiques
	Compréhension écrite	9.4.4.1 déduire le sens de textes détaillés sur des sujets curriculaires en utilisant la prédiction, l'inférence, des indices contextuels, l'analyse de

		mots, l'écrémage et l'analyse 9.4.5.1 trouver de manière indépendante des informations spécifiques et détaillées dans des textes de fiction et de non-fiction tels que des récits, des guides, des films, des poèmes et des articles de magazines
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un corps d'introduction et une conclusion claire en utilisant une variété de dispositifs cohérents
	Utilisation de la langue	9.6.10.2 utiliser le conditionnel : les nuances et les temps. 9.6.10.3 utiliser la concordance des temps : les modes et les nuances 9.6.10.4 utiliser les accords du participe passé.
9. Le système éducatif et nous 9.1 L'éducation au Kazakhstan. 9.2 L'éducation en France	Contentu	9.1.7.1 interpréter et présenter par écrit les tendances générales et les détails à l'aide de dictionnaires et d'autres références 9.1.9.1 utiliser son imagination pour exprimer ses pensées, ses idées, ses expériences et ses sentiments
	Compréhension orale	9.2.4.1 identifier le but et les idées princcipales en détails liés par es dispositifs cohérents dans un expos prolongé sur un large éventail de sujets 9.2.5.1 suivre le plan d'une conférence ou d'un exposé, à condition que le sujet soit familier 9.2.6.1 extrapôler le sens de mots inconnus à partir du contexte et en déduire le sens d'une phrase
	Production orale	9.3.1.1 utiliser un large éventail de vocabulaire sur des sujets curriculaires, y compris des mots académiques pour analyser, montrer les causes et les effets et résoudre des problèmes 9.3.5.1 présenter son propre travail (par exemple, présentation numérique, projet) en utilisant des dispositifs cohérents pour relier les idées principales et les détails spécifiques à l'appui provenant de sources crédibles sur des sujets pédagogiques 9.3.6.1 décrire et analyser les principaux événements avec un peu de réflexion
	Compréhension écrite	9.4.4.1 déduire le sens de textes détaillés sur des sujets curriculaires en utilisant la prédiction, l'inférence, des indices contextuels, l'analyse de mots, l'écrémage et l'analyse
	Production écrite	9.5.2.1 planifier, rédiger, éditer et relire des écrits personnels, descriptifs et discursifs /argumentatifs avec des affirmations, des raisons et des preuves, en utilisant une mise en page appropriée 9.5.3.1 développer des arguments cohérents, un

		corps d'introduction et une conclusion claire en utilisant une variété de dispositifs cohérents 9.5.4.1 utiliser un large éventail de vocabulaire sur des sujets pédagogiques, y compris une variété de formes de mots
	Utilisation de la langue	9.6.3.1 utiliser les nuances de l'expression: du doute et de la certitude, de la cause, du but, de la conséquence, de l'appréciation, de la condition et de la restriction, de l'opposition, de la quantité, de l'hypothèse, de l'antériorité, de la postériorité et de la simultanéité 9.6.11.1 utiliser les subordinations : les conjonctions. 9.6.11.2 utiliser les connecteurs logiques.

7-9-сыныптарға арналған «Жоғары математика элементтері» таңдау пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі. Бағдарлама жеке адамдарға, қоғамға әсер ететін тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторларды зерттеу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға, деректермен, күрделі ақпаратпен жұмыс жасап, талдай білуге бағытталған.

Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Жоғары математика элементтері» курсы негізгі орта білім беру деңгейіндегі оқушылардың математикалық ойлауын, формальды-логикалық қабілеттерін, дәлелдеуге және модельдеуге негізделген танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарлама жалпы білім беретін мектептерге арналған және оқушыларды болашақта инженерия, IT, экономика, жаратылыстану салаларында бағдарлауға мүмкіндік береді.

Курстың мақсаты: Оқушылардың логикалық-математикалық мәдениетін дамыту, жоғары математиканың элементтерімен таныстыру арқылы ғылыми танымға бейімдеу және кәсіби бағдар беру.

Міндеттері:

1) Математикалық анализ, логика, жиындар теориясы, тізбектер мен шектер туралы алғашқы түсінік беру;

2) Модельдеу және есептерді талдау арқылы оқушылардың ойлау дағдысын дамыту;

3) Инженерлік, ғылыми есептерді шешуге бағытталған практикалық іскерліктер мен біліктіліктерді қалыптастыру;

4) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, зерттеу, жобалау жұмыстарын жүргізуге үйрету.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Жоғары математика элементтері» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

1) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

3) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4. «Жоғары математика элементтері» пәнінің оқу мазмұны студенттерге математикалық анализ, алгебра және геометрияның негізгі ұғымдарын меңгертуге бағытталған. Бұл пән математикалық аппаратты түсіну мен қолданудың негізгі деңгейін қамтамасыз етеді.

7-сыныпқа арналған «Жоғары математика элементтері» таңдау пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1. Сан ұғымын кеңейту

Теріс сандар және модуль түсінігі

Рационал және иррационал сандар

Сан аралықтары, координаталық түзудегі кескіндеме

Стандарт түрдегі сандар және шамалармен жұмыс

2. Алгебралық өрнектер және олардың түрлендірулері

Өрнектерді түрлендіру ережелері

Дәреже, түбір, бөлшек көрсеткішті өрнектер

Екі өрнектің көбейтіндісі мен бөліндісі, формулалар қолдану

Теңбе-тең түрлендірулер

3. Теңдеулер мен теңсіздіктер

Бір айнымалысы бар сызықтық және квадрат теңдеулер

Құрама теңдеулер мен теңсіздіктер

Теңдеулер жүйесі (екі айнымалысы бар сызықтық жүйелер)

Теңсіздіктерді сандық және графикалық әдістермен шешу

4. Функция және график

Функция ұғымы, анықталу және мәндер облысы

Функцияны кесте, формула және график арқылы беру

Сызықтық, кері және квадрат функциялар

График салу және график бойынша есептер шығару

5. Геометрия элементтері

Негізгі фигуралар: нүкте, түзу, бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер

Геометриялық шамалар: ұзындық, аудан, периметр

Координаталық жазықтық, координаталар арқылы фигураларды кескіндеу
Геометриялық есептерді алгебралық әдіспен шешу

8-сыныпқа арналған «Жоғары математика элементтері» таңдау пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1. Нақты сандар және олардың қасиеттері
Нақты сандар жиыны, оның құрылымы
Сандарды координаталық түзуде кескіндеу
Иррационал сандар мен түбірлік өрнектер
Стандарт түрдегі сандар және жуық мәндермен амалдар
2. Алгебралық өрнектер мен функциялар
Көбейткіштерге жіктеу әдістері
Рационал бөлшектер және олармен амалдар
Функция ұғымын тереңдету: анықталу облысы, қасиеттері
Квадрат функция және оның графигі
3. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері
Квадрат және бөлшек теңдеулер
Квадрат теңсіздіктер мен олардың графиктік шешімі
Бір айнымалысы бар иррационал теңдеулер
Екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесі
4. Прогрессиялар элементтері
Арифметикалық және геометриялық прогрессия ұғымы
n-ші мүшесін табу формулалары
Қосынды формулалары
Прогрессияны қолдану есептерін шешу
5. Күрделі геометриялық есептер
Үшбұрыштар мен төртбұрыштардың қасиеттерін қолдану
Пифагор теоремасын қолдану
Шеңберге байланысты есептер
Геометриялық шамаларды табу (аудан, периметр, көлем)
6. Координаталық геометрия негіздері
Нүктелер арасындағы қашықтық
Қиылысу нүктесін табу
Түзу мен парабола теңдеулері
Геометриялық есептерді координаталық әдіспен шығару
7. Элементтер мен математикалық модельдеу
Қолданбалы есептерді теңдеу арқылы шешу
Функциялар көмегімен модельдер құру
Есептерді кесте, график арқылы сипаттау
Модельдеу нәтижелерін интерпретациялау

9-сыныпқа арналған «Жоғары математика элементтері» таңдау пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1. Нақты сандар және олардың қасиеттерін қолдану
Нақты сандардың жіктелуі және орналасуы
Сандық өрнектерді ықшамдау және түрлендіру
Иррационал сандармен амалдар

Логарифм ұғымының кіріспесі (таңдау ретінде)

2. Алгебралық өрнектер және функциялар

Полиномдар, жоғары дәрежелі өрнектер

Рационал және иррационал өрнектер

Функциялар типтері: сызықтық, квадрат, түбірлі, модульдік

Функция графигін салу және түрлендіру (жылжу, созылу, айналық бейнелеу)

3. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері

Жоғары дәрежелі теңдеулер (толымды квадрат, биквадрат түрі)

Модульмен берілген теңдеулер мен теңсіздіктер

Иррационал және логарифмдік теңдеулерге кіріспе

Графиктік және аналитикалық шешу тәсілдері

4. Теңдеулер жүйесі

Сызықтық және квадрат теңдеулер жүйесі

Графиктік және алгебралық шешу тәсілдері

Екі және үш айнымалысы бар теңдеулер жүйесі

Қолданбалы есептерге математикалық модель құру

5. Прогрессиялар және тізбектер

Арифметикалық және геометриялық прогрессияларды қайталау және қолдану

Шексіз тізбектер ұғымына кіріспе

Қосынды формулаларын қолдану

Экономикалық мазмұнды есептермен байланысы

6. Векторлық алгебра және координаталық әдістер

Векторлардың қосындысы мен скаляр көбейтіндісі

Вектор арқылы геометриялық есептер шығару

Вектор координаталары және векторлық тәсілдер

Геометриялық фигуралардың координаталық қасиеттері

7. Математикалық модельдеу және қолданбалы есептер

Нақты өмірлік жағдаяттардан математикалық модель құру

Графиктер мен формулалар арқылы сипаттау

Есептер шешу процесінде модельдеу нәтижелерін интерпретациялау

Экономикалық және физикалық мазмұндағы есептер

5. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Оқушылар жоғары математикаға қатысты базалық ұғымдармен танысады	Қоғамға пайдалы болуға ұмтылыс пен кәсіби бағдар алғы шарттары қалыптасады.	Цифрлық сауаттылығы артады
Ғылым	Оқушылар инженерлік және ғылыми зерттеу бағыттарына қызығушылық танытады.	Ғылыми ізденіске қызығушылығы, логикалық дәлелмен жұмыс істеу қабілеті артады;	ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу білігі артады

Шығармашылық	Формалды логикалық ойлау қабілеті мен аналитикалық пайымдауы дамиды;	Математикалық модельдеу және есептерді шешудің түрлі әдістерін меңгереді;	Сыни көзқарас қалыптасады

7–9-сыныптарға арналған «Бағдарламалау» таңдау пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамалық қағидаттарына сүйеніп әзірленген, мазмұны тереңдетілген оқу моделі болып табылады. Бұл бағдарлама Қазақ ұлттық білім беру компонентін жүйелі түрде біріктіру арқылы білім алушылардың пәнаралық интеграцияны түсінуін, сыни тұрғыдан ойлауын және жеке білім беру траекториясын қалыптастыруын қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаның тұжырымдамасы білім алушылардың Абайдың рухани-мәдени мұрасын терең меңгеруін, оны жеке тұлғалық және кәсіби даму жолында бағдаршам ретінде пайдалануын көздейді. Сонымен қатар, бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды меңгерген, тарихи танымы орныққан және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары азаматтық тұлға қалыптастыруды мақсат етеді.

«Бағдарламалау» курсы білім алушылардың программалық және жүйелік ойлау қабілеттерін, цифрлық сауаттылығын, сондай-ақ шығармашылық және практикалық машықтарын жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны Python бағдарламалау тіліне негізделген және білім алушыларды құрылымдалған, модульдік және объектіге бағытталған бағдарламалау қағидаларын меңгеруге жетелейді. Бағдарлама аясында білім алушылар Python тілінің көмегімен деректер құрылымдарымен (тізімдер, сөздіктер, жиындар), файлдық жүйелермен, сондай-ақ NumPy, Pandas және Matplotlib секілді заманауи кітапханалармен жұмыс істеу машықтарын игереді. Бұл курс білім алушыларды болашақта IT-индустрия, инженерия, деректерді талдау, жасанды интеллект жүйелерін жобалау, автоматтандыру және робототехника салаларында кәсіби бағдар алуына мүмкіндік беретін іргелі білім мен тәжірибе негіздерімен қамтамасыз етеді.

Курстың мақсаты:

Python бағдарламалау тіліне басымдық бере отырып, білім алушылардың алгоритмдік ойлауын, цифрлық сауаттылығын және деректермен жұмыс істеу, бағдарламалық жобалау машықтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Білім алушыларды алгоритмдік және жүйелік ойлау, мәліметтер құрылымдары (тізімдер, сөздіктер, жиындар) және құрылымдалған бағдарламалау негіздерімен таныстыру.
2. Python бағдарламалау тілінде код жазу дағдыларын дамыту, соның ішінде функциялар, модульдер, файлдық жүйелер және объектіге бағытталған бағдарламалау элементтерін қолдану.
3. Практикалық жобалар арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілетін, зерттеушілік дағдыларын және деректермен жұмыс машықтарын қалыптастыру (мысалы, NumPy, Pandas, Matplotlib пайдалану).

4. Бағдарламалық өнімдер жасауда цифрлық қауіпсіздік, деректерді қорғау және этикалық нормаларды сақтау қағидаларын меңгерту.

5. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы дербес және топтық жобаларды жүзеге асыруға үйрету, Git және басқа заманауи құралдар арқылы командалық жұмыстың негіздерін меңгерту.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Бағдарламалау» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

7 сынып:

Бұл сыныпта білім алушылардың бағдарламалауға қызығушылығын арттыра отырып, алгоритмдік ойлау негіздерін қалыптастыруға және визуалды орта арқылы алғашқы бағдарламалық тәжірибе алуға басымдық беріледі.

1) Ақпарат және оның түрлері. Ақпараттық процестерді, ақпараттың қасиеттерін (дәлдік, толықтық, құндылық) және оның қоғам өміріндегі рөлін түсіндіру.

2) Алгоритм ұғымы және алгоритмдік құрылымдар. Сызықтық, тармақталу және циклдік құрылымдар негізінде алгоритмдер құру.

3) Scratch немесе Blockly визуалды бағдарламалау ортасы. Негізгі командалар, оқиғаларға жауап беру, графикалық интерфейстерді пайдалану арқылы қарапайым анимациялар мен интерактивті элементтер жасау.

4) Программа құрылымы және командалар. Бағдарлама блоктарының өзара байланысы, командалардың орындалу реті, отладка ұғымына кіріспе.

5) Цифрлық қауіпсіздік негіздері. Қауіпсіз құпиясөздер, желідегі этика, авторлық құқық негіздері.

6) Қарапайым жобалар әзірлеу. Ойын элементтері, анимация немесе бастапқы деңгейдегі есептеулерді жүзеге асыратын шағын жобалар дайындау.

8 сынып:

Бұл сыныпта білім алушылар Python тілін меңгеруге көшеді. Алгоритмдік конструкциялар код деңгейінде жүзеге асырылады, практикалық қолданбалар арқылы дағдылар бекітіледі.

1) Python бағдарламалау тіліне кіріспе. Python тілінің тарихы, ерекшеліктері және оны бағдарламалау әлемінде қолдану салалары.

2) Айнымалылар мен деректер типтері. Сандық және мәтіндік деректер типтері, логикалық типтер, түрлерді түрлендіру.

3) Шарт операторлары және циклдар. Шарттық конструкциялар (if, elif, else), циклдер (for, while) және оларды практикалық есептерде пайдалану.

4) Функциялар мен модульдер. Қайта пайдалануға болатын код құрылымдарын құру, стандартты модульдермен жұмыс.

5) Тізімдер, кортеждер және жолдармен жұмыс. Мәліметтер құрылымдарын өңдеу, итерация, енгізу және шығару операциялары

6) Қолданбалы жобалар. Есептерді автоматтандыруға арналған құралдар (мысалы, калькулятор жасау, мини-ойындар, мәтіндерді өңдеу).

9 сынып:

Бұл сыныпта білім алушыларды Python тілі негізінде күрделі бағдарламалық жобалар әзірлеу, командалық жұмыс элементтерін игеру және кәсіби дағдылар қалыптастыруға негізделеді.

1) Құрылымдалған және объектіге бағытталған бағдарламалау негіздері. Класс пен объект ұғымдары, инкапсуляция, мұрагерлік, полиморфизм.

2) Python тілінде күрделі жобалар әзірлеу. Мәліметтерді өңдеу жүйелері, графикалық интерфейс элементтері (мысалы, Tkinter).

3) Файлдық жүйемен жұмыс. Мәтіндік және CSV файлдарды оқу/жазу, мәліметтерді сақтау және қайта жүктеу.

4) Қателерді өңдеу және кодты тестілеу. try-except конструкциясы, тестілеудің базалық қағидалары.

5) Бағдарламалық жобалау процесі және командалық жұмыс. Git негізінде нұсқаларды басқару, код құжаттандыру, топтық жобаларды үйлестіру.

6) Ақпараттық жүйе құруға бағытталған жобалар. Қарапайым дерекқор қолданбасы, Flask көмегімен веб-қосымшаларға кіріспе, REST API ұғымына алғашқы қадамдар.

5. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Python бағдарламалау тілінің негізгі командаларын және құрылымдалған бағдарламалау қағидаларын меңгереді; топтық жобаларда код сапасын басқаруға қатысады	Цифрлық технологияларға қызығушылығы артады; топтық және командалық жұмыстарда белсенділік танытады	Цифрлық ортада командалық жұмысты ұйымдастыру, IT-құралдарды тиімді пайдалану арқылы цифрлық сауаттылығы мен медиамәдениеті дамиды
Ғылым	Python-да зерттеушілік есептерді шешуді үйренеді;	Логикалық, сыни және жүйелі ойлау қабілеті дамиды;	Ақпаратты зерделеу, талдау, салыстыру, интерпретациялау және визуализациялау

	мәліметтерді өңдеу, талдау және визуализациялау дағдыларын (NumPy, Pandas, Matplotlib) меңгереді	дәлелді шешім қабылдауға дағдыланады.	дағдылары қалыптасады
Шығармашылық	Алгоритмдер құрып, Python тілінде бағдарламалық өнімдер (ойын, қосымша, интерактивті модельдер) жасайды	Жаңа идеяларды жүзеге асыруға дағдыланады; цифрлық өнімдерді көрсету арқылы шығармашылық қабілеті дамиды	Жүйелі ойлау, модельдеу, дизайн-ойлау дағдылары артады

7-9 сыныптарға арналған «Инженерлік жобалау негіздері, виртуалды шындық және ғылыми таным негіздері» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген. Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі.

«Инженерлік жобалау негіздері, виртуалды шындық және ғылыми таным негіздері» курсының басты мақсаты:

Инженерлік жобалау, виртуалды шындық және ғылыми таным негіздері бойынша терең білім алу және дамыту; инженерлік ойлау және жобалау дағдыларын дамыту;

Міндеттері:

1) Білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;

2) Практикалық және зияткерлік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру және дамыту;

3) Болашақ мамандықты саналы таңдауға көмектесу;

4) Зерттеуші тұлғаны және инженерлік жұмыс пен жобалау дағдыларын дамыту;

5) Инженерлік технологиялардың, виртуалды шындық жобаларының кешенділігін және олардың эргономикасын сақтау.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Бағдарламалау» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4. Курстың мазмұны келесі тақырыптардан тұрады:

7-сынып. I Бөлім. Инженерлік ойлауға кіріспе.

1) Кіріспе. Инженерия дегеніміз не?

Курстың мақсаттары мен міндеттері; инженер мамандығының мәні; инженерлік бағыттармен танысу; инженерлер қоғамдағы қандай мәселелерді шешеді? Инженерлік ойлаудың алғашқы негіздері.

2) Жобалау негіздері және техникалық қиял.

Жоба деген не? Инженерлік жобалау кезеңдері; техникалық сурет салу, шартты белгілер, қарапайым сызбалар; кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту жаттығулары.

3) Материалдар және олардың қасиеттері.

Қарапайым материалдармен (қағаз, картон, ағаш, пластик) танысу; иілгіштік, беріктік, салмақ сияқты қасиеттерді зерттеу; макет жасауда материал таңдаудың маңызы.

4) Модельдеу және макет жасау.

Қарапайым макеттер жасау: үй, көпір, мұнара; қауіпсіздік ережелерімен танысу; қағаздан, картоннан макет жасау технологиясы.

5) Қарапайым технологиялармен танысу.

Жобада қолданылатын құралдар мен технологиялар: желімдеу, кесу, байланыстыру, бұрау; техникалық құралдардың қолданылу аймағы.

6) Мини-жоба: инженерлік тапсырма.

«Көпірді жобалау», «Жүктемеге төзімді мұнара» секілді қарапайым жобалар жасау; топта жұмыс істеу; нәтижені таныстыру және қорғау.

7) Қорытындылау.

Жасаған жобаларды таныстыру; қиындықтар мен жетістіктерді сараптау; өз жобасын қорғау және инженерлік бұрышқа ұсыну.

II Бөлім. Виртуалды шындық.

1) Виртуалды шындық (VR) анықтамасы; VR технологияларының даму тарихы.

Негізгі түсініктерді түсіну: виртуалды шындық деген не? VR-дің толықтырылған шындықтан (AR) және аралас шындықтан (MR) айырмашылығы, "Иммерсивті тәжірибе" (виртуалды ортаға ену) дегеніміз не? VR тарихы: VR жасауға алғашқы әрекеттер (мысалы, Sensorama, 1960-жылдар), технологиялардың дамуы: ірі құрылғылардан қазіргі заманғы шлемдерге дейін (Oculus, HTC Vive), VR-дегі қазіргі трендтер; VR қолдану салалары: білім беру (виртуалды экскурсиялар, тренажерлер), медицина (хирургтерді оқыту, фобияларды емдеу), ойын-сауық және ойындар (VR-квесттер, интерактивті әлемдер) мысалдары.

2) Виртуалды шындық технологиялары.

VR гарнитураларының түрлері: тәуелсіз (Meta Quest 2/3) және компьютерге қосылатын (HTC Vive), VR көзілдіріктері, контроллерлер, трекерлер мен қозғалыс датчиктерінің қызметі, бас пен қол қозғалысын бақылау.

3) Қарапайым VR жобасын жасау.

Тақырып таңдау және жобаны жоспарлау; VR көрініс идеясын ойластыру (экскурсия, бөлме, ойын), жоспар жасау; объектілерді, қозғалыс әрекеттерін таңдау; қарапайым 3D объектілерді импорттау (үй, ағаш, жиһаз), объектілерді сахнаға орналастыру, камера қосу (ойыншы көрінісі), қарапайым интерактивтілікті қосу: өту, батырма, бағыттау. Интерактивтілік жасау: шаблондар негізінде қарапайым скрипттер (мысалы, басқанда есікті ашу), ойыншыны сахнада қозғалтуды баптау.

4) VR жобасын тестілеу және бағалау.

Сахналарды тестілеу; кері байланыс жинау; рефлексия жасау.

III Бөлім. Ғылыми ізденіс негіздері.

1) Ғылыми ізденіс дегеніміз не? Ғылыми зерттеудің түрлері.

Ғылыми ізденістің негізгі ұғымдары, оның мәні, мақсаты және ғылым мен қоғамды дамытудағы рөлі. Ғылыми зерттеудің түрлері.

2) Ғылыми зерттеу жүргізу кезеңдері.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері: мәселені анықтау, мақсат пен міндеттерді анықтау, жұмыс барысын жоспарлау; ғылыми зерттеудің реттілігі мен кезеңдері.

3) Менің өзекті тақырыбым. Жетістікке жетудің мақсаты мен табыс критерийлері. Зерттеу тақырыбын өзектілігіне қарай таңдау, нақты мақсат қою және жетістік критерийлерін анықтау жолдары; болжам мен зерттеу сұрақтарын құрастыру негіздері.

4) Ғылыми зерттеуді іске асыру жоспары. Бағалау критерийлері.

Зерттеу жұмысын жоспарлау негіздері; жұмысты бағалау критерийлерімен және жұмыс жазу барысындағы кері байланыс қағидаларымен жұмыс.

5) Дереккөздермен жұмыс. Академиялық адалдық негіздері.

Дәлелді ақпарат көздерін іздеу, іріктеу және талдау дағдылары; академиялық адалдық қағидалары, соның ішінде дәйексөз келтіру ережелері мен авторлық құқықты бұзудың алдын алу мәселелері.

6) Атқарылған жұмыс бойынша өзіндік талдау.

Өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау дағдылары: атқарылған жұмысты талдау, алынған нәтижелерді түсіну, қиындықтар мен жетістіктерді саралау; жұмысқа түзетулер енгізе алу.

7) Ғылыми зерттеу жұмысын қорғау.

8-сынып. I Бөлім. Инженерлік шешімдерді әзірлеу.

1. Қайталау және жүйелеу. Инженерлік әдістеме.

7-сыныпта өткен ұғымдарды еске түсіру; инженерлік есепті жүйелі шешу жолдары; қоршаған ортаны жақсарту үшін инженерлік тәсілдермен танысу.

2. Сызба және жобалық құжаттама.

Сызба түрлері; техникалық құжаттармен жұмыс; сызбаны қағазда және цифрлық ортада орындау.

3. Конструкциялар және қарапайым механизмдер.

Механизмдермен танысу: рычаг, шкив, тісті доңғалақ; олар қалай жұмыс істейді және қайда қолданылады; қарапайым механизм моделін жасау.

4. Электр негіздері.

Қауіпсіздік ережелері; электр тізбектері: шам, батарея, қосқыштар; қарапайым жарық құрылғысын жасау.

5. Экологиялық инженерия.

Тұрақты даму және «жасыл» технологиялар; қайта өңделетін материалдар; «күн энергиясымен жұмыс істейтін құрылғы» жобасын жасау.

6. Жобалық жұмыс: «Мектепке арналған инженерлік шешім».

Жобаны жоспарлау, орындау, тестілеу және таныстыру; мысалы: жарық үнемдеу, зат сақтауға арналған құрылғы, шағын бақша макеті.

7. Қорытындылау және презентация.

Жобаларды қорғау; өзара баға беру; инженерлік қабілеттің дамуын талдау.

II Бөлім. Виртуалды шындық

1.VR-ға ену: тұжырымдамалар мен мүмкіндіктер.

Түсініктерді қайталау және тереңдету: VR, AR, MR, XR, иммерсивті және иммерсивті емес VR арасындағы айырмашылық, қазіргі заманғы трендтер: метавселеньдер, VR архитектурада, өндірісте, әскери дайындықта.

2.VR-дың техникалық негіздері.

VR жүйесінің құрылымы: трекингтің түрлері (сыртқы, ішкі), қазіргі заманғы гарнитураларға шолу (Meta Quest, HTC Vive, Pico және т.б.), GPU мен CPU-дың VR-дегі рөлі, VR жабдығын қосу; компьютер талаптары, latency (кідіріс), FPS және олардың ыңғайлылыққа әсері туралы түсінік.

3.Виртуалды ортаны жобалаудың негіздері.

VR үшін UX-дизайн принциптері: сахнаны ыңғайлы ету жолдары, сахна прототиптерін жасау: схемалар салу, кадрлау, VR-дегі кеңістік логикасы мен масштаб, қозғалу әдістері: телепортация, жүру, көзбен объектілерді таңдау.

4. Арнайы бағдарламада VR жобасын жасау.

3D объектілермен жұмыс: позиция, масштаб, бұрылыс; Asset Store-дан ассеттерді импорттау; VR шаблонын (XR Plugin Management) баптау.

5. Тестілеу, көрсету және рефлексия.

Ыңғайлылықты, қателерді, функционалдылықты, жобаның визуалды көрінісін (жарық, атмосфера, бөлшектер) тестілеу; презентация өткізу; VR жобасын қорғау, сыныптастардан кері байланыс алу.

III Бөлім. Ғылыми ізденіс негіздері.

1. Ғылыми білім және оның шекаралары: бақылаудан теорияға дейін.

Ғылыми білімнің қалыптасуы; бақылаудың рөлі; ғылыми болжаулар мысалдарын талдау.

2. Зерттеу сұрағы мен гипотеза.

Зерттеу сұрақтарының түрлері: фактілі, концептуальды, пікірталас; таңдалған тақырып негізінде зерттеу сұрағын құрастыру және болжам жасау.

3. Зерттеу әдістері: сапалық және сандық тәсілдер.

Әдістерді салыстыру: бақылау, сұқбат, сауалнама, эксперимент және т.б.; пәнаралық зерттеулерде әдістерді қолдану; ғылыми мақалалардағы зерттеу жұмыс үлгілерін талдау.

4. Академиялық адалдық және дереккөздермен жұмыс.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары; ғылыми дереккөздермен жұмыс жасау; таңдалған тақырып бойынша аннотацияланған библиография жасау.

5. Деректерді түсіндіру және визуализациялау: сандардан өнімге.

Диаграммалар, графиктер және кестелермен жұмыс; зерттеу барысында алынған деректерді талдау және жобалау.

6. Ғылыми жұмыс бойынша өзіндік талдау.

Рефлексия – даму құралы ретінде; зерттеуші күнделігін жүргізу.

7. Зерттеуді таныстыру және сөйлеу мәдениеті.

Зерттеу есебінің құрылымын жасау; жоба қорғау – сынып немесе топ алдында таныстыру.

9-сынып. I Бөлім. Инженерлік инновациялар және қоғам (кәсіби бағдарлау)

1. Кіріспе. Инженер болашағы және заманауи технологиялар.

Инженерлік мамандықтардың болашағы; стартаптар; қазақстандағы және әлемдегі инженерлік табыстар.

2. Компьютерлік жобалау.

3D модельдеу негіздері; бағдарламада модель жасау; макетті баспаға дайындау.

3. Инженерлік есептеулер.

Күш, салмақ, қысым, беріктікке қарапайым есептер; формулаларды қолдану; калькулятор немесе Excel арқылы қарапайым есептеу.

4. Робототехника және микроконтроллерлер.

Arduino негіздері; датчиктер мен қозғалтқыштармен жұмыс; қарапайым бағдарлама жазу.

5. Инклюзивті және әлеуметтік дизайн.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған құрылғылар; әлеуметтік мәселелерді шешу үшін инженерлік тәсіл; әлеуметтік жоба идеясы.

6. Финалдық жоба: «Қоғам үшін инженерлік шешім».

Қоғамға пайдалы өнім жасау; толық цикл: мәселені зерттеу → жоба жоспары → модель жасау → тестілеу → таныстыру.

7. Инженерлік көрме және рефлексия. Мектепішілік көрме; оқушының жеке прогресін бағалау; алдағы инженерлік бағыттарға қызығушылығын анықтау.

II Бөлім. «Виртуалды шындық».

1. Виртуалды шындықтың эволюциясы мен этикасы: VR технологияларының дамуындағы маңызды кезеңдерге шолу, этикалық мәселелер: тәуелділік, құпиялылық, психикаға әсері, VR ортасындағы «сандық жеке тұлға» ұғымы.

2. Жабдықтар мен платформалармен терең жұмыс: VR, AR және MR (Аралас шындық) арасындағы айырмашылықтар практикалық мысалдармен; SDK (Software Development Kit) шолуы: OpenXR, SteamVR, Oculus SDK; әртүрлі контроллерлерді, трекерлерді, room-scale жүйелерін баптау.

3. Виртуалды кеңістіктің жетілдірілген дизайны: VR үшін UX/UI: көп тапсырмалылық, интуитивті өзара әрекет, кері байланыс; кеңістік дыбысы мен жарығы қолданушыға әсер ету құралы ретінде; нарративті жобалау принциптері: VR-да оқиғаларды қалай жеткізу.

4. Бағдарламада VR жобасын әзірлеу.

Моделдеу және өзара әрекет; қолданушы 3D модельдерін интеграциялау; объектілер мен камералардың анимациясы.

5. Жобаны тестілеу, қорғау және жариялау.

Кері байланысты жинау және талдау: Google Forms, видео пікірлер, кликтер картасы және т.б.; техникалық және дизайнерлік шешімдерді негіздеп презентация жасау.

III Бөлім. Ғылыми ізденіс негіздері.

1. Ғылым мен қоғам арасындағы байланыс.

Ғылыми ізденістің мәні мен маңызы; ғылымның дүниетанымға әсері; мини-дебаттар.

2. Кешенді зерттеу өнімін әзірлеу.

Мәселені контексте қою; SMART/GRASPS модельдерін зерттеуде қолдану; өнім картасын жасау.

3. Деректерді дәл және жүйелі жинау мен талдау.

Репрезентативтілік ұғымы; цифрлық құралдарды қолдану (Excel, Google Forms және т.б.); Google Sheets платформасында деректерді жинау және талдау.

4. Ғылыми жазылым және есеп форматы.

Ғылыми есептің құрылымы; жазбаша коммуникация дағдылары, ақпаратты құрылымдау; зерттеу есебінің жазылуы.

5. Пікір білдіру және кері байланыс.

Кері байланыс беру; жұмыстарды бағалау критерийлеріне сәйкес өзара бағалау.

6. Мен және менің жетістіктерім; ғылыми зерттеуді қорғау.

Зерттеу жұмысын постер немесе ғылыми есеп форматында таныстыру; рефлексиялық форманы толтыру; мектеп көрмесіне қатысу.

5. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Инженерлік жобаларды бірлесіп орындау, рөлдерді бөлу, тиімді қарым-қатынас орнату	Болашақтағы инженерлік, IT, дизайн салаларына кәсіби бағдарлану	Жобалық жұмысты жоспарлау, мақсат қою, ресурстарды басқару
Ғылым	Инженерлік құралдар мен цифрлық технологияларды (VR/AR, CAD жүйелері) қолдану	Ғылыми пайым жасау, өлшеулерге сүйене отырып шешім қабылдау	Зерттеу жүргізу, бақылау жасау, гипотеза құру және тексеру
Шығармашылық	3D модельдер жасау, виртуалды нысандарды құру және визуализациялау	Виртуалды шындық құралдарын пайдалану арқылы шынайы процестерді имитациялау	Жаңа инженерлік шешімдер мен прототиптер ұсыну

7–9-сыныптарға арналған
«Арт-лаборатория» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген. Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі.

«Арт-лаборатория» курсы – оқушылардың креативті және сындарлы ойлау қабілеттерін дамытуға, көркемдік және технологиялық шығармашылықты ұштастыра отырып, өзіндік көркемдік жоба жасауға бағытталған пәнаралық курс.

Бұл курс жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде эстетикалық талғам мен тұлғалық жауапкершілікті қалыптастырып, шығармашылық зерттеу мен өнер саласына бағдар береді.

Мақсаты:

Көркемдік жобалау, визуалды өнер, цифрлық графика және кеңістіктік шығармашылық негіздерін игерту арқылы оқушылардың өнер, дизайн және технология салаларында көшбасшылық, ғылыми және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Өнер мен дизайн элементтерін меңгеру арқылы шығармашылық ойлауды қалыптастыру;
2. Өзіндік жоба жасау барысында зерттеу, байқау, талдау, салыстыру қабілеттерін дамыту;
3. Топтық жұмыс және пікір алмасу арқылы көшбасшылық дағдыларды қалыптастыру;
4. Сандық құралдар арқылы заманауи өнер формаларын жасау (цифрлық сурет, AR/VR арт);
5. Кәсіби бағдар беру: өнер, сәулет, медиа, графика бағыттарына қызығушылықты дамыту.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Арт-лаборатория» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

7-сынып. «Көркемдік ойлауға кіріспе»

1. Өнер мен дизайн негіздері: сызық, пішін, түс, композиция.
2. Қазақ халықтық өнер элементтерімен танысу.
3. Материалдар мен техника: бояу, қағаз, мата, саз.
4. Коллаж және микс-медиа әдістері.
5. Мини-жоба: «Менің әлемім» көркем композиция.
6. Шығармашылық көрме: жұмысты таныстыру, өз ойын жеткізу.

8-сынып. «Цифрлық шығармашылық және визуалды мәдениет»

1. Цифрлық өнерге кіріспе: графикалық планшет, компьютерлік бағдарлама.
2. Визуалды әңгіме және сторителлинг (бейне, коллаж, комикс).
3. AR/VR өнер элементтерімен танысу (мысалы, EyeJack қолданбасы).
4. Жобалық жұмыс: «Цифрлық образ» – жеке визуалды кейіпкер немесе орта жасау.
5. Жұмысты қорғау: цифрлық презентация, пікірталас.

9-сынып. «Арт-зертхана: идеядан прототипке дейін»

1. Креативті индустриялар және арт-кәсіпкерлікке кіріспе.
2. Эко-дизайн және қайта өңдеу материалдарымен жұмыс.
3. Қалалық орта үшін өнер: мурал, инсталляция жобалау.
4. Қорытынды жоба: «Қоғам үшін өнер» – әлеуметтік мәні бар арт-объект.
5. Мектепішілік арт-фестиваль: көрме, пікір алмасу, рефлексия.

Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Топтық жоба жасау, идея ұсыну, пікір алмасу	Арт-ортада өзін-өзі ұстау, шығармашылық пікір білдіру	Шығармашылық процесті басқару, мақсат қою
Ғылым	Түстер теориясы, перспектива, құрылымдық талдау	Көркемдік шешімді ғылыми негіздеу	Байқау, өлшеу, салыстыру, рефлексия
Шығармашылық	Жеке стиль қалыптастыру, түрлі техникада жұмыс істеу	Заманауи құралдарды пайдаланып өзіндік өнім жасау	Жобалау, эксперимент жасау, цифрлық өнермен жұмыс

7–9-сыныптарға арналған
«Музыка» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген. Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі.

Абай ұлттық мектебінің 7–9 сынып оқушыларына арналған «Музыка» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – музыкалық өнердің негіздерін терең түсіндіру, қазақтың музыкалық дәстүрлерін, Абай шығармашылығын зерттеу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сондай-ақ, музыка мен әдебиеттің пәнаралық байланысын орнату, ұлттық өнерге құрмет пен сүйіспеншілік қалыптастыру, оқушыларды музыкалық мәдениетке баулу және олардың музыкалық білім деңгейін арттыру.

Міндеттері:

1) Музыкалық білім мен дағдыларды меңгерту: Оқушыларға музыка теориясының негізгі қағидаларын, музыкалық аспаптар мен орындау өнерінің негіздерін үйрету.

2) Абай шығармашылығы мен музыкалық мұрасын зерттеу: Абайдың өлеңдері мен әндерін талдай отырып, оның музыкалық мұрасының маңыздылығын түсіндіру, оның шығармаларындағы музыкалық бейнелер мен эмоционалдық мазмұнды ұғындыру.

3) Ән айту және музыкалық шығармаларды орындау дағдыларын дамыту: Оқушыларды жеке және топпен ән айтуға, музыкалық шығармаларды орындауға үйрету, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру.

4) Қазақ халқының музыкалық дәстүрлерімен таныстыру: Қазақтың халық әндері мен күйлерінің ерекшеліктерін, ұлттық музыкалық мәдениеттің тарихын оқыту.

5) Пәнаралық байланысты орнату: Музыка мен әдебиет, тарих және мәдениет арасындағы байланысты көрсету арқылы, Абай шығармашылығының тереңдігін, ұлттық рухты түсінуді дамыту.

6) Шығармашылық жобалар мен зерттеулерді ұйымдастыру: Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, музыкалық шығармаларды талдап, түрлі жобаларды жасауға баулу.

7) Музыкалық талдау дағдыларын дамыту: Әндер мен музыкалық шығармаларды сараптап, олардың құрылымын, мәнін түсіну және талдау қабілеттерін жетілдіру.

Осы міндеттер арқылы оқушылардың музыкалық білім деңгейі мен шығармашылық қабілеттерін арттырып, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру көзделеді.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Музыка» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

7-сынып. Музыкалық мұраға кіріспе

Мақсаты: Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен Абай шығармашылығына алғашқы қадам.

Негізгі тақырыптар:

Музыка және эмоция – Музыканың адам көңіл-күйіне әсері. Тыңдау және талдау.

Абайдың ән әлемі – «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін тыңдау, талдау және орындау.

Дәстүрлі қазақ музыкасы – Күй өнері мен терме, жыраулық дәстүрге шолу. Қобыз, домбыра, сазсырнай аспаптарымен танысу.

Айтыс және суырып салмалық өнер – Мәтін мен әуен байланысы. Қара сөз және музыкалық импровизация.

Әлем музыкасына шолу – Қазақ фольклоры мен Бах, Бетховен, Моцарт шығармашылығы арасындағы үндестік.

Шығармашылық тапсырма – Қазақ әнінен шабыт алып, өз музыкалық композицияңды (вокал немесе аспаптық) жасау.

8-сынып. Музыка және тұлғалық даму

Мақсаты: Музыканы өзін-өзі тану, ұлттық мәдениет пен заманауи музыкалық үрдістерді біріктіру құралы ретінде түсіну.
Негізгі тақырыптар:

Абай және музыка философиясы – «Құлақтан кіріп бойды алар» ән өнері жайлы ойлары.

Көне мен қазіргі үн – Дәстүрлі ән мен заманауи өңдеулерді салыстыру. Remix, mashup талдау.

Ұлттық аспаптарда ойнау дағдылары – Домбыра, жетіген, қылқобыз.

Музыка және театр – Опера және мюзикл. Абай атындағы опера театрына шолу.

Музыкалық бейнелеу және драматургия – Әуен арқылы оқиға құру, музыкалық сахна құрастыру.

Жобалық жұмыс – Кішкентай ансамбль немесе хор құрып, Абай әніне заманауи өңдеу жасау.

9-сынып. Музыкалық шығармашылық және мәдени кеңістік

Мақсаты: Оқушыны өз музыкалық стилін іздеуге, мәдениетаралық диалог жүргізуге және шығармашылық жобаларға тарту. Негізгі тақырыптар:

Абайдың музыкалық мұрасы және композиторлар – Латиф Хамиди, Ахмет Жұбанов, Нұрғиса Тілендиев шығармаларындағы Абай рухы.

Музыка және қазіргі заман – Sound design, beatmaking, цифрлық музыка.

Әлем музыкасы және этномузыка – Африка, Латын Америкасы, Азия музыка мәдениеттері.

Музыкадағы әлеуметтік үн – Экологиялық, әлеуметтік тақырыптарға арналған музыкалық жобалар.

Медиа мен музыка – Фильм музыкасы, жарнамадағы дыбыс, TikTok және тренд музыка.

Финалдық жоба – Авторлық музыкалық жоба (ән, бейнебаян, подкаст түрінде). Мектептік концертте немесе көрмеде таныстыру.

Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық қасиеттер	Метапәндік құзыреттер
Көш басшылық	Әуен мен ырғақты ажырата білу. Хорда немесе ансамбльде солист болу қабілеті, орындаушылық шеберлікті жетілдіру	Өз ойын сенімді жеткізе білу. Музыка арқылы ішкі сезімін жеткізу. Басқаларды ынталандыру, топпен жұмыс істеу	Музыкалық туындыларға сыни көзқараспен қарау. Өз көзқарасын дәлелдеу. Әр түрлі музыкалық бағыттар бойынша идея ұсыну
Ғылыми	Музыканың шығу тарихын, даму заңдылықтарын зерттеу. Музыка теориясы негіздерін меңгеру (ноталық сауаттылық, ырғақ, лад т.б.) Ғылыми	Музыкалық жанрларды саралай білу. Тыңдалым мәдениетін қалыптастыру- Ақпаратпен жұмыс істей білу, талдау жасау.	Әртүрлі халықтардың музыкасын салыстыру. Мәдениетаралық түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыру. Жанрлар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау

	жобаларға музыкалық тақырыптарды енгізу		
Шығармашылық	Өз музыкалық туындыларын шығару (ән, әуен, ритм құрастыру). Музыкалық импровизация жасау. Музыкалық қойылымдарға сценарий жасау	Қазақтың дәстүрлі музыкасын құрметтеу- Ұлттық мұра мен тұлғаларды тану. Рухани-мәдени танымын арттыру	Музыканы әдебиет, тарих, бейнелеу өнерімен байланыстыра білу- Кешенді жобаларда өнер түрлерін біріктіру (интеграция). Өзіндік тұжырым жасау, шығармашылық шешім қабылдау

Бөлімі	7- сынып	8-сынып	9-сынып
1-бөлім: Музыкалық сауаттылық және орындаушылық	музыкалық терминдерді (ырғақ, темп, әуен, лад) ажыратып, музыкалық шығармаларда қолдану	музыкалық терминдер мен ұғымдарды күрделі шығармаларда қолдану арқылы талдау (ырғағы, темпі, метры, ладтық ерекшелігі).	күрделі музыкалық шығармалардың теориялық құрылымын (модуляция, гармониялық жүріс, фактура) талдау.
	қарапайым әуендерді жеке және топпен орындау барысында ырғақ пен интонацияны сақтау.	жеке және топпен көп дауысты әуендерді орындау кезінде интонациялық дәлдік пен үйлесімділікке қол жеткізу.	топтық орындауда полифониялық және контрастылық құрылымдарды ажыратып, интонациялық дәлдікпен орындау.
	музыкалық ұғымдарды (ырғақ, лад, әуен, форма) білу және оларды тыңдау/орындау барысында қолдану	музыкалық формаларды (шумақ-қайырма, үш бөлімді форма, вариациялық құрылым) ажыратып сипаттау.	музыкалық шығарма немесе композиторлық стиль бойынша шағын зерттеу жүргізу.
	тыңдалған музыкалық шығарманың құрылымын (бастама, дамуы, қайырма) анықтау.	ұлттық және әлемдік музыкалық аспаптарды салыстыра отырып, дыбысталу мен орындау ерекшеліктерін талдау.	авторлық және этно стильдегі музыкалық әуендер құрастыру (импровизация немесе нотамен).
	ұлттық аспаптарды (домбыра, қобыз, сыбызғы) танып, олардың дыбысталу ерекшелігін сипаттау	ұлттық аспаптарда (домбыра, қобыз) шағын пьесаларды немесе әуендер орындау арқылы техникалық дағдыларды жетілдіру.	аспаптық орындауда көркемдік бейнелеу құралдарын (динамика, артикуляция) қолдана отырып, көркем орындау.

	музыкалық аспапта қарапайым әуендерді орындау дағдыларын қолдану	ән орындауда көркемдік-эстетикалық элементтерді (динамика, штрих, нюанс) қолдана отырып, көркем бейне қалыптастыру.	әдеби және музыкалық тақырыптар негізінде шығармашылық жоба дайындау.
	жеке және топтық ән айту барысында интонация, ырғақ, дауыс қою ережелерін сақтау.	топпен сахналық орындауда актерлік элементтер мен сахна мәдениетін сақтау.	музыкалық туындыларды сыни тұрғыдан бағалап, эстетикалық көзқарас қалыптастыру.
	ән орындауда көркемдік сезім мен сахналық мәдениетті көрсету.	Абай әндерінің ұлттық музыкадағы жаңашылдығын дәлелдеу.	тыңдалған музыкалық шығармалар негізінде мазмұнды пікір айту, талдау жасау.
2-бөлім: Қазақ музыкасы және дәстүр	қазақ халық әндерінің құрылымын және мазмұнын түсіндіру.	қазақ халық әндерінің поэтикалық және музыкалық құрылымын терең талдау.	жеке ән орындауда вокал техникасын (демалу, артикуляция, дыбыс ауқымы) меңгеріп, көркем бейне қалыптастыру.
	күй және ән жанрларын салыстырып, айырмашылықтарын талдау.	күй мен ән жанрларының шығу тарихын, орындалу дәстүрін салыстырып, мәдени мәнін анықтау.	сахналық қойылымдарда музыкалық, драмалық, визуалды элементтерді біріктіріп көрсету.
	музыка тыңдау барысында шығарманың ұлттық сипатын анықтау.	шығарманың этно музыкалық сипатын (әуендік, ырғақтық, ладтық ерекшелік) анықтау және сипаттау.	қазақ халық музыкасы мен қазіргі эстрада арасындағы тарихи, стильдік сабақтастықты анықтау.
	қазақ халық әндері мен күйлерінің жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін сипаттау.	Қазақтың ұлттық музыкалық мұрасының заманауи музыкалық үдерістерге ықпалын түсіндіру.	ұлттық музыкалық мұраның қазіргі замандағы трансформациясын сыни тұрғыда талдау.
	тыңдалған шығармалар негізінде ұлттық музыкалық мұраның маңызын түсіндіру.	тыңдалған шығармалар негізінде ұлттық музыкалық мұраның маңызын терең түсіндіру.	тыңдалған музыкалық шығармалар негізінде мазмұнды

			пікір айту, талдау жасау..
3-бөлім:Абай шығармашылығы	Абай әндерінің поэтикалық мазмұнын музыкалық құрылыммен байланыстыру.	Абай әндеріндегі поэтикалық образдар мен музыкалық құрылым арасындағы үйлесімділікті талдау.	музыкалық туындыларды сыни тұрғыдан бағалап, эстетикалық көзқарас қалыптастыру
	Абай әндерін тыңдап, тақырыбы мен көңіл күйін анықтау.	Абай әндерінің тарихи-көркемдік мәнін ашып, көркемдік тілін сипаттау.	Абай әндерінің музыкалық интерпретацияларын (орындаушылар, стиль, аранжировка) салыстырып талдау.
	Абай шығармаларын әдеби және музыкалық тұрғыдан салыстыра талдау.	Абайдың музыкалық және әдеби мұрасын заманауи шығармалармен салыстырып, үндестігін анықтау.	Абай шығармаларының көркемдік құндылығы мен қазіргі қоғамдағы рөліне сыни баға беру.
	Абай шығармашылығы негізінде музыка, әдебиет және тарих арасындағы байланыстарды анықтау.	Абай шығармашылығының музыка, әдебиет және тарих пәндеріндегі рөлін жүйелі түрде түсіндіру.	музыкалық-әдеби жоба немесе көркемдік зерттеу жұмысын (эссе, мақала, подкаст, видео) жасау.
	музыкалық шығарма мазмұнын тарихи-мәдени контексте түсіндіру.	музыкалық шығарманы тарихи-мәдени контексте терең талдау (қоғам, дәуір, ұлттық сана тұрғысынан).	тыңдалған музыкалық шығармалар бойынша терең аналитикалық пікір қалыптастырып, дәлелдеу.
	музыкалық немесе әдеби тақырып бойынша шағын жоба, презентация немесе шығарма дайындау.	Абай тақырыбына немесе ұлттық музыкаға байланысты зерттеу жобасын әзірлеу және таныстыру.	жеке және топтық жобаларды музыка теориясымен ұштастырып қорғау.
	тыңдалған музыкалық шығарма негізінде өз көзқарасын шығармашылық түрде білдіру.	музыкалық шығарма тыңдау негізінде көркемдік сын мен өзіндік көзқарасты дәлелдеп жеткізу.	Абай шығармалары арқылы ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарды түсіндіру.
	музыкалық шығарманың құрылымын, жанрын	музыкалық шығарма құрылымы мен стильдік ерекшелігін	Абайдың музыкалық-поэтикалық

	және көркемдік ерекшеліктерін талдау.	салыстырмалы түрде талдау.	мұрасына қазіргі жастар көзқарасын талдау.
	тыңдалған шығармаға байланысты өз пікірін білдіру және оны дәлелдеу.	музыкалық және әдеби туындыларға талдау жасап, өз ой-пікірін дәлелдеу.	Абай шығармаларын қазіргі музыкалық мәдениетпен байланыстыру.

7–9-сыныптарға арналған
«Кинотану» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген. Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі.

«Кинотану» таңдау арқылы оқушылар кино өнерінің тарихымен, теориясымен және практикалық аспектілерімен танысады. Бағдарлама киноның алғашқы қадамдарынан бастап, қазіргі сандық технологияларға дейінгі кезеңдерді қамтиды.

Курс барысында оқушылар киноның көркемдік тілі, сценарий жазу, режиссура, операторлық жұмыс, монтаж және дыбыстау негіздерін меңгеріп, топтық шығармашылық жобалар арқылы практикалық дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, жаһандық және ұлттық кино тарихын зерттеп, мәдени құндылықтарды бейнелеу тәсілдерін үйренеді.

Бағдарлама оқушылардың креативті ойлау, сыни талдау, коммуникация және медиасауаттылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Курс нәтижесінде оқушылар қысқаметражды фильмдер түсіріп, шығармашылық жобаларды көпшілік алдында қорғау тәжірибесін жинақтайды.

Курстың мақсаты:

Оқушыларға кино өнерінің тарихы, теориясы және заманауи бағыттары туралы кешенді білім беру, кинотуындыларды терең талдауға, көркемдік құндылығын түсінуге және киноның мәдениеттегі рөлін бағалауға үйрету.

Курстың міндеттері:

1) Кино тарихы: Киноның пайда болуы, оның эволюциясы және әлемдік кино индустриясының қалыптасу кезеңдерімен таныстыру.

2) Кино жанрлары: Әртүрлі кино жанрлары мен стильдерінің ерекшеліктерін зерттеп, олардың көркемдік мәнін түсіну.

3) Киноның көркемдік тілі: Кадр құрамы, ракурс, монтаж, жарық және түс сияқты визуалды элементтердің маңызын меңгеру.

4) Сценарий жазу: Кино идеяларын құрылымдық сценарийге айналдыру, оқиғаны драмалық тұрғыда дамыту және кейіпкерлерді қалыптастыру тәсілдерін үйрету.

5) Шығармашылық топтың рөлі: Фильм түсіру үдерісіндегі әртүрлі мамандықтарды (режиссер, оператор, монтажер, дыбыс режиссері) және олардың жұмысын ұйымдастыруды түсіндіру.

6) Топтық жобалар: Бірлесіп жұмыс істеу, топтық фильмдер түсіру және шығармашылық ынтымақтастықты дамыту.

7) Монтаж және дыбыстау: Түсірілген материалдарды монтаждау, дыбыстау және арнайы эффектілерді қолдану дағдыларын жетілдіру.

8) Кинофестивальдер: Өз фильмдерін мектепішілік, қалалық кинофестивальдерге дайындау, шығармашылық жұмыстарды кәсіби түрде таныстыру және фильмдерді көрермендерге ұсыну тәжірибесін қалыптастыру.

9) Кино сыны және сараптама: Фильмдерді кәсіби тұрғыда талдау, сын жазу және кино шығармаларын бағалау тәсілдерін меңгеру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Кинотану» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

7-сынып. Кинотануға кіріспе

Мақсаты: Оқушылар кино өнерінің даму тарихымен, жанрларымен және кино тілімен танысады. Курс барысында бейнелі мазмұнды түсіну, киноны талдау және көркемдік ерекшеліктерін бағалау дағдыларын дамытады.

Тақырыптар:

Кино өнерінің тарихы. Кино деген не? Кинематографтың қысқаша тарихы. Киноның алғашқы қадамдары, үнсіз кинодан дыбысты киноға көшу, әлемдік кинематографтың қалыптасуы.

Киноның жанрлары және стильдері. Кино жанрларына шолу (драма, мелодрама, экшн, триллер, комедия, сатира, ғылыми фантастика, фэнтези, деректі фильмдер, хоррор және мистикалық жанр, т.б.)

Кино теориясы және фильмді түсірудің негізгі элементтері. Кадр, жоспар, монтаж. Кино тілінің алғашқы элементтері. Көркем бейненің құрылымы. Ракурс пен қозғалыс, визуалды қабылдау, монтаж реттілік, эстетикалық құнылылығы.

Кино өнерінің көркемдік тілі. Фильмдегі символизм және метафоралар. Киноның көркемдік тілі. Кино тілін талдау. Фильмдегі эмоция және ритм, көрерменнің сезімін басқару әдістері.

Ұлттық киноға көзқарас. Қазақ киносының бастау кезеңі: «Амангелді», «Қыз Жібек», «Транссібір экспресі". Ұлттық кинодағы ұлттық коларит, ұлттық код.

Абай бейнесі кинода. Абай туралы деректі және көркем фильмдерге шолу. Кино тілі мен көркемдігіне, ұлттық құндылығына, эстетикалық құндылығына баға беру.

Кино және әдебиет. Әдеби шығармалардың экрандалуы. Абай шығармаларының экран нұсқасы.

Кино және сын: фильмді талдау, көркемдік бағалау, кейіпкер бейнесін саралау, режиссерлік шешімді түсіну. Киноны көру және талдау мәдениеті. Көркем фильмнен кейін пікір айту, түсіну, сұрақ қою.

Шығармашылық жұмыс. «Менің алғашқы қысқаметражды идеям» сценарий құрылымын ойластыру.

8-сынып

Мақсаты: Оқушыларды кино тілін талдай білуге және визуалды сын тұрғысынан ойлауға үйрету. Кадр, ракурс, монтаж, дыбыс сынды кино тілі элементтерін түсініп, көркемдік құралдардың маңызын анықтайды. Сыни көзқараспен қарап, өз пікірін дәлелдеп жеткізу дағдыларын дамытады.

Тақырыптар:

Кино әлеміне кіріспе. Киноның алғашқы кезеңдері, үнсіз фильмдер дәуірі, алғашқы кинотүсірілімдер мен танымал кинематографистер. Қазақ киносының алтын қоры: Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықов.

Анимация және ұлттық мифология. Қазақ ертегілері негізіндегі анимациялық фильмдер, ұлттық таным, ұлттық құндылық және оларды түсіру ерекшелігі, монтаж, режиссерлік шешімдер.

Документалистика негіздердері. Шынайылық пен көркемдік арасындағы шекара. Көркемдік элементтермен көмкерілген шындық.

Психологиялық және әлеуметтік кинолар. Психологиялық кино: адамның ішкі әлемі. Психологиялық драма және оның ерекшеліктері. Әлеуметтік кинолар: қоғамның бейнесі. Мотивациялық фильмдер және олардың әсері. Тарихи және биографиялық кинолар. Этнографиялық фильмдер.

Кино тілі: кадр мен мағына. Түстер, жарық, ракурс. Көрерменге әсер ету құралдары.

Кино және музыка. Саундтрек, дыбыс пен эмоция байланысы, көңіл күйді жеткізу, көркемдік әсер, акустикалық шешімдер.

Кино және сценарий. Сценарий құрылымы. Киноидеяны қағазға түсіру. Диалогтар, кейіпкердер тілінің ерекшеліктері және олардың эмоционалдық әсері.

Кино талдау және кино сыны. Кино талдау: көркемдік, тақырып, идея, кейіпкер бейнесі, режиссерлік көзқарас, визуалды стиль, фильм құрылымы.

Фильм композициясы және оқиға желісін талдау. Кино сыны: негізгі қағидалар. Бір фильмді жан-жақты сараптау.

Шығармашылық жоба. «Менің кейіпкерім» – кейіпкер бейнесін жасау және таныстыру.

Практикалық тапсырмалар: Кино идеясын генерациялау және тұжырымдама әзірлеу; Әртүрлі жанрда қысқаметражды фильмдер түсіру; 3D, 5D және 7D форматтарында қысқа видеороликтер дайындау; Жасанды интеллект құралдарын пайдалану; Фильмдерді әлеуметтік желілерде насихаттау; Жобаларды қорғау.

9-сынып. Кино және қоғам: ой тілі мен экран тілі

Мақсаты: Киноның әлеуметтік, мәдени және тұлғалық маңызын түсіну, шығармашылық жобалар арқылы өзін-өзі таныту.

Тақырыптар:

Кино және қоғам. Экологиялық, әлеуметтік, гендерлік тақырыптар. Кино арқылы ой айту. Көркем туынды арқылы экосана қалыптастыру жолдары. Камера кадрындағы климат дабылы. Фильм арқылы қоғамның үн қатуы.

Абай идеясы және қазіргі қазақ киносы. «Абай жолы» және заманауи рухани ізденістер. Қазіргі қазақ киносында Абайдың адамгершілік, білім, әділет, еркін ой сынды терең идеялары жаңа интерпретацияда көрініс табуы. Тек тарихи кейіпкер ретінде емес, рухани-мәдени бағдаршы ретінде танытып, оның ойларын бүгінгі қоғаммен байланыстыра бейнелеу.

Қазіргі қазақ режиссерлерінің жетістіктері. Халықаралық кинофестиваль жеңімпаздары; тарихи шындықты шебер жеткізу әдістері; жаңа толқын режиссурасы; кинематографиядағы ұлттық өрлеу, әлеуметтік тақырыпты терең қозғау.

Кино тілі және медиа сауаттылық. Ақпаратты сыни бағалау, фейк жаңалықты ажырату, медиамәтінді талдай білу, саналы тұтынушылық мәдениеті.

Қысқаметражды фильм жасау негіздері. Түсірілім топтары, рөлдер, техника. Сценарий жазу, кадр жоспарлау, режиссура, техникалық құралдар, монтаждау, дыбыс өңдеу.

Цифрлық кино және жаңа технологиялар. Әртүрлі жанрда қысқаметражды фильмдер түсіру, сценарий жазу, 3D, 5D, 7D форматтарындағы фильмдерді түсіру тәжірибесі танысу, жасанды интеллект (AI) құралдарын қолдану және жобаларды қорғау.

Практикалық түсірілім және монтаж. Камераны басқару, кадр құру, жарық қою, дыбыс жазу және монтаж жасау. Әртүрлі ракурстар, кадр қозғалыстары, композициялық әдістерді пайдалана отырып, көріністерді түсіруді үйрену. Жарық қоюдың эмоционалдық әсері, фондық дыбыстардың рөлі және визуалды эффектілерді қолдану(Adobe Premiere, DaVinci Resolve, Final Cut Pro, After Effects сияқты кәсіби бағдарламаларда монтаждау әдістерін меңгеру)

Фильмді насихаттау және аудиториямен жұмыс. Қоғамдық экран: Әлеуметтік желілер. YouTube, киноплатформалар және заманауи көрермен форматы. Мақсатты аудиторияны анықтау, жарнама жүргізу, көрерменмен кері байланыс орнату.

Шығармашылық жобалар. Фильм трейлерлері мен тизерлерін жасау, постерлер құрастыру. Өздерінің қысқаметражды фильмдерін түсір және мектепішілік кинофестивальде ұсыну.

Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Түсірілім тобы ішінде рөлдерді үйлестіру, жауапкершілікті бөлісу	Көркем фильмдерді, деректі туындыларды талдау арқылы бейнелеу тілін түсіну және бағалау.	Қоғамдық пікір білдіру, кино арқылы өз ойын жеткізу, Фильм арқылы тарихи кезеңдерді, мәдени контекстті, әлеуметтік өзгерістерді сараптау.
Ғылым	Әлеуметтік зерттеу, дерек жинау, кино арқылы пайым жасау	Видеомонтаж, дыбыс жазу, қарапайым цифрлық құралдармен жұмыс	Кино арқылы қоғамдағы, адам бойындағы құндылықтарды тану: әділдік, жауапкершілік, сенім.
Шығармашылық	Сценарий жазу, визуалды идея ойлап табу	Кинотуындыларға жеке эстетикалық, этикалық тұрғыдан баға беріп, өз ойын дәлелдеп айту.	Кино саласы бойынша дерек жинау, ақпаратты сұрыптау және құрылымдау, дереккөздермен сауатты жұмыс істеу.

«Кинотану» курсы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Білімділік талаптар: Кино өнерінің негізгі түсініктері мен терминдерін білу (кадр, ракурс, монтаж, сценарий, режиссерлік шешімдер);

Әлем және қазақ киносының тарихы мен бағыттары туралы базалық ақпаратты меңгеру; Әртүрлі жанрлар мен стильдерді ажырата алу;

Кинотуындыларды көркемдік тұрғыдан талдау әдістерін қолдана білу.

Танымдық талаптар: Кинoның мәдениеттегі, өнердегі және қоғамдағы рөлін түсіну; Фильмдерді тарихи және әлеуметтік контексте талдай алу; Кино

шығармаларының көркемдік құндылығын анықтап, өз пікірін сауатты жеткізе білу; Оқылған материалдар мен көрілген фильмдер бойынша талдау жүргізу.

Шығармашылық талаптар: Өз идеяларын сценарий түрінде рәсімдеу; Қысқа метражды фильмдер түсіру негіздерін білу; Кино тілі элементтерін қолдану арқылы шығармашылық жобалар жасау; Топтық жұмыс пен шығармашылық процестерге белсенді қатысу.

Коммуникативтік талаптар: Фильмдерді талқылау барысында өз көзқарасын нақты және дәлелді жеткізу; Кино тақырыбы бойынша презентациялар дайындау және қорғау; Сыни пікірлерге дұрыс жауап беру және өз идеясын қорғау.

Техникалық талаптар: Базалық компьютерлік дағдылар (бейне өңдеу бағдарламалары, презентациялар жасау); Қарапайым түсірілім құралдарын пайдалану (камера, смартфон, микрофон); Монтаж жасауға қажетті бағдарламалармен жұмыс істеу негіздерін білу.

7–9-сыныптарға арналған
«Ат спорты» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі.

«Ат спорты» пәні оқушыларды ұлттық спорт түрлерімен таныстыру арқылы, оларда дене мәдениетін, тәртіптілік пен ерік-жігерді дамытуды, тарихи сана мен ұлттық рухты нығайтуды көздейді. Бағдарлама атпен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерінен бастап, ұлттық ат спорты түрлеріне дейінгі теориялық және практикалық мазмұнды қамтиды.

Бұл пән оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына, шыдамдылық, жауапкершілік, үйлесімділік дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ ұлттық дәстүр мен мәдениетті құрметтеуге ықпал етеді.

Курстың мақсаты:

Оқушыларды ұлттық ат спорты түрлерімен таныстыру, дене дайындығын жетілдіру, тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу және қазақ халқының мәдени мұрасын игерту.

Курстың міндеттері:

1) Атпен жұмыс істеу негіздерін меңгерту (күтім жасау, міну, түсу, атпен жүру техникасы).

2) Ат спортының ұлттық түрлерімен таныстыру: көкпар, теңге ілу, жамбы ату, бәйге.

3) Атпен серуендеу, баптау және күтім жасау дағдыларын қалыптастыру.

4) Ат спорты тарихы мен қазақ мәдениетіндегі орны туралы түсінік беру.

5) Ат спорты арқылы көшбасшылық, ерік-жігер, шыдамдылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту.

6) Ұжымдық әрекет пен спорттық бәсекеге қатысу мәдениетін қалыптастыру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Ат спорты» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, белсенділік, құзыреттілік, инклюзивті және дене мүмкіндіктеріне бейімделген тәсілдерді қамтиды.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық ұсынымдарға сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

7-сынып. Атпен танысу және алғашқы машықтар

Тақырыптар:

Аттың адам өміріндегі орны: мифология мен тарихтағы бейнесі.

Ат құрылымы, ат әбзелдерімен танысу.

Атқа міну және түсу техникасы.

Жүріс түрлері: аяң, желіс, шабыс.

Атпен жүру кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

Аттың күтімі мен азықтандыру ережелері.

Жаттығулар: тепе-теңдікті сақтау, серігімен әрекеттесу.

Шығармашылық жоба – «Менің ат досым» – эссе немесе бейнебаян.

8-сынып. Ұлттық ат спорты және шеберлікті дамыту

Мақсаты: Спорттық тәсілдерді меңгеру және ұлттық ат ойындарының ерекшеліктерін түсіну.

Тақырыптар:

Ат спорты түрлері: көкпар, теңге ілу, жамбы ату, қыз қуу.

Жарыс және ойын ережелерімен танысу.

Жамбы ату – дәлдік пен үйлесімділікті дамыту.

Теңге ілу –ептілік пен жылдамдықты шыңдау.

Спорттық жаттығулар – шабандоздық машықтар.

Атты баптау және дайындық кезеңдері.

Атқа арналған дәстүрлі киім мен жабдықтар.

Шығармашылық жоба – «Ұлттық ойын – менің көзқарасым».

9-сынып. Ат спорты және көшбасшылық

Мақсаты: Жарыс жағдайында өзін-өзі таныту, ұжыммен жұмыс және жауапкершілік.

Тақырыптар:

Ат жарыстары: бәйге, аламан бәйге.

Ат спорты мен көшбасшылық – шешім қабылдау, тактика.

Ат спорты және қазіргі заман – жарыстар, клубтар, спортшылар.

Атбегілік және кәсіп ретінде қарастыру.

Атпен кедергіден өту және маневр жасау машықтары.

Ат спортында әділеттілік және ережелер.

Қорытынды жоба – шағын жарыс ұйымдастыру және қатысу.

Мектепішілік ат спорт фестивалі – жобаны таныстыру.
4.Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Топта әрекеттесу, жарысқа қатысу, командалық жұмыс	Көшбасшылық, ынтымақтастықты қалыптастыру	Қарым-қатынас орнату, тәртіп сақтау, ережені ұстану
Ғылым	Атқа байланысты Ұлттық ойын түрлерін түсіну, ғылыми жоба жасау (ат әбзелдері)	Атқа міну мәдениетіне ғылыми көзқараспен қарау, зерттеулер жүргізу	Спорттық дәстүрлерді зерттеу, салыстыру
Шығармашылық	Жарыс түрлерін саралау, стратегия құру	Ойлау, бақылау, шешім қабылдау	Ақпаратты құрылымдау, талдау, бағалау

7–9-сыныптарға арналған
«PR өнері» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген. Бағдарлама Абай дүниетанымын меңгеріп, оны өмірлік бағдар ретінде қабылдаған, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тарихи саналы азамат қалыптастыруға көмектеседі.

Абайдың толық адам философиясының негізін құрайтын ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек концепциясы басшылыққа алынды.

Бұл бренд – рухани тереңдік пен заманауи медианы (әлеуметтік желі, Talks алаңдары, т.б) бойына ұштастырған және қазақи болмысын сақтап, әлемдік деңгейде ойлай алатын, өз ойын сенімді түрде жеткізе алатын парасатты жастардың PR мектебі.

IQ = терең ой,
SQ= жылы жүрек,
EQ= ыстық қайрат.

«PR өнері» курсының басты мақсаты: PR өнері дағдыларын терең меңгерту және дамыту, жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және өз қабылетін тануға тәрбиелеу.

«PR өнері» курсының басты міндеті:

1) білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;

2) практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;

3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;

4).PR-дағдыларын игере отырып, ұлттық құндылықтарды ілгерілетеді

5). PR-кампанияны жоспарлауын Абайдың толық адам концепциясы басшылыққа адаынады.

6). Мақсатты аудиторияны талдау: Қазақстан туралы әлемдік деңгейде қалай сөйлесу керек

7). Тайм-менеджмент және командалық жұмыс:ұлттық мерекелерге арналған компания жасау (CELTA)

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «PR өнері» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;
8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;
9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, белсенділік, құзыреттілік, инклюзивті және конструктивистік, коммуникативтік мүмкіндіктеріне бейімделген тәсілдерді қамтиды.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-педагогикалық ұсынымдарға сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4. 7-сынып. Коммуникацияға кіріспе және қоғаммен байланыс негіздері
Мақсаты: PR ұғымымен, оның қоғамдағы рөлімен және негізгі құралдарымен таныстыру.
Тақырыптар:

Қоғаммен байланыс дегеніміз не? – PR-дың тарихы және маңызы.
Қоғаммен байланыс пен жарнаманың айырмашылығы.
Коммуникация түрлері: вербалды, бейвербалды, визуалды.
Ақпарат көздері: ресми және бейресми дереккөздермен жұмыс.
Ауызша және жазбаша коммуникация мәдениеті.
Имидж және бедел – тұлғалық және ұйымдық деңгей.
Әлеуметтік желілер және қазіргі қоғаммен байланыс.
Шығармашылық жоба: «Мектеп шарасын жариялау жоспары».

5. 8-сынып. PR құралдары және медиа коммуникация
Мақсаты: PR науқандарын жоспарлау және медиа құралдармен жұмыс негіздерін меңгеру.
Тақырыптар:

PR құралдары: пресс-релиз, брифинг, медиа-контент.
Мақсатты аудитория: кім үшін және не үшін?
Жобалық ойлау: идеядан іске асыруға дейін.
Медиатекст және контент жасау: жаңалық жазу, инфографика.
Сөйлеу шеберлігі: аудитория алдында сөйлеу, дауыс және дикция.
Визуалды коммуникация: постер, баннер, бейнеролик әзірлеу.
Қоғамдық шаралар мен оқиғаларды ұйымдастыру.
Шығармашылық жоба: «Әлеуметтік маңызы бар акция үшін PR науқан».

6. 9-сынып. Стратегиялық PR және цифрлық ортадағы беделді қалыптастыру
Мақсаты: Жеке және ұйымдық имидж құру стратегиясын, онлайн-ортада PR тәсілдерін меңгерту.
Тақырыптар:

PR стратегиясы: мақсат қою, аудиторияны зерттеу, жоспарлау.
Брендинг: жеке тұлға және ұйымдық бренд ұғымы.
Антикризистік PR: сынға жауап беру мәдениеті.

Цифрлық PR: блог, TikTok, YouTube арқылы қоғамдық ықпал.

Желіде этика және жауапкершілік.

Ақпаратты визуализациялау: сторителлинг пен инфографика.

Кері байланыс пен қоғам пікірін талдау.

Финалдық жоба: «Мектептің беделін арттыруға бағытталған PR стратегиясы».

4.Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Ауызша және жазбаша түрде сауатты, сенімді сөйлеу, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізу, Қазақстанды әлемге танытуға бейімделуі;	Ақпаратты құрылымдау, мәтіндермен сауатты жұмыс істеу, аудиторияға бейімдеу, Шетелде ұлттық имиджді қалыптастыруға бейімделуі.	Әлеуметтік желілердегі өзін-өзі ұстау мәдениеті, онлайн беделді басқару, Қазақстан туралы digital-профиль құруға бейімделуі
Ғылым	Топпен жұмыс істеу, рөлдерді үйлестіру, жауапкершілік алу, күрделі жағдайларда ұлттық құндылықтарды қорғау, қазақы дүниетаным мен шешендікке негізделген ойлау қабілетін арттыру,	Жобаны жоспарлау, PR науқанын ұйымдастыру, қоғаммен байланыс формаларын тиімді пайдалану, әлеуметтік желідегі сынға иммунитет қалыптастыру,	Цифрлық құралдармен жұмыс (бейнеролик, пост, презентация), интернетте қауіпсіздік және этика сақтау, мәдени мұраны қорғау тарихы
Шығармашылық	PR ұғымын, оның түрлері мен құралдарын біледі; PR идея ойлап табу, имидждік материалдар жасау, визуалды және мәтіндік контент құру	Ақпаратты бағалау, фейк жаңалықтарды ажырату, сенімді дереккөздерді анықтау, жарнама мен PR айырмашылығын, этикасын ажырата алу	Медиа мәтіндерді сараптау, қоғам пікірін талдау, қоғамдық реакцияны болжау

ҚОРЫТЫНДЫ

«Abai Program» – Абай ұлттық мектебінің негізгі орта білім беру деңгейі (7–9-сыныптар) үшін арнайы әзірленген пәндік оқу бағдарламалар жүйесі. Бұл бағдарлама еліміздің жалпы білім беру стандартына сүйене отырып, ұлттық рухты, заманауи білім мазмұнын және оқушылардың тұлғалық дамуын үйлестіретін мазмұнмен толықты.

Бағдарлама аясында міндетті (инвариантты) пәндер бойынша білім мазмұны жүйеленіп, заманауи білім беру талаптарына бейімделді. Сонымен қатар, оқушылардың қызығушылығы мен қабілетін ескеретін, кәсіби бағдар мен шығармашылық дамуға жол ашатын таңдау пәндерінің кең желісі ұсынылды. Бұл пәндер қатарында «Кинотану», «Музыка», «Ат спорты», «PR өнері», «Арт-лаборатория» сияқты бірегей авторлық курстар бар.

«Abai Program» мазмұны келесі басты қағидаларға негізделді:

1) Ұлттық құндылықтар мен Абай ілімін кіріктіру – оқушылардың адамгершілік, эстетикалық және азаматтық сапаларын дамыту;

2) Білімнің сабақтастығы мен кіріктірілуі – пәндер арасындағы байланыстарды күшейтіп, тұтас дүниетаным қалыптастыру;

3) Заманауи педагогикалық тәсілдер – құзыреттілікке негізделген, оқушы белсенділігін арттыратын оқу форматтары;

4) Тұлғалық бағдар – оқушының даралығын, таңдау еркіндігін және өмірлік жолын анықтау қабілетін дамыту.

Бағдарлама мазмұны сараланып, білім беру процесін жаңғыртуға бағытталған. Оқушының пәндік біліммен қатар, өмірлік дағдыларды меңгеруіне, сыни ойлау, креативтілік және командада жұмыс істеу қабілеттерін дамытуына негіз қаланды.

Қорыта келгенде, «Abai Program» – бұл болашақ зияткер ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған жаңашыл, ұлттық және әмбебап бағдарлама. Ол оқушының толыққанды тұлға болып қалыптасуына, қоғамның белсенді мүшесіне айналуына және елдің тұрақты дамуына үлес қосуына мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1.Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

2.Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО–лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001093

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016013

5. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу–әдістемелік құрал. – 2014. – 54 б.

7. Педагогтің цифрлық құралдары интерактивті презентациялар мен оқушыларды бағалауға арналған сервистер. Қостанай қ., 2020

8. Полина А.З. Сравнительный анализ систем общего образования в зарубежных странах: обобщение опыта изучения//Интеллигенция и мир. – 2023. – № 1.– С. 97—123. DOI: 10.46725/IW.2023.1.5

10. Жетілдіру және ынталандыру. Монография / И.У. Сагиндиков, С.К. Жумажанова, А.Ж. Ауезханова, М.Ш. Тасбулатова – Астана, 2022. – 260 бет.

11. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2020. – 617 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 «Abai program» мазмұнының ерекшеліктері	5
2 7-9-сыныптарға арналған «Abai program»	9
Қорытынды	660
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	661